

# ДАЙДЖЕСТ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НОВАЦИЙ

Альманах научно-методических материалов

№ 5 апрель 2017

АЛМАТЫ  
2017

УДК 821.512.122

ББК 84 Каз - 44

Д 14

Рекомендовано к изданию  
Ученым советом факультета довузовского образования  
и РИСО КазНУ им. аль-Фараби

**Рецензенты:**

доктор филологических наук профессор *Г.К. Ихсангалиева*

кандидат филологических наук профессор *Л.Ф. Толмачева*

Под общей редакцией доктора филологических наук профессора *Ж.А. Нуршаиховой*

Д 14 «Дайджест педагогических новаций»: Альманах / сост. Ж. Нуршаихова. — Алматы, 2017. — №5 апрель 2017. — 236 с.

ISBN 978-601-04-2589-7

В пятом номере альманаха «Дайджест педагогических новаций» собраны научно-методические материалы ученых, работающих в области РКИ и КазКИ, а также лучшие поэтические и прозаические работы студентов и школьников, принявших участие в творческом конкурсе «Мир и человек» на получение ежегодной стипендии имени Народного писателя Азильхана Нуршаихова.

Кроме названных материалов альманах содержит следующие разделы: Культура слова. Поэтическая страничка. Страничка юмора. Раздел об авторах.

Тексты публикуются без изменения в авторской редакции.

УДК 821.512.122

ББК 84 Каз - 44

ISBN 978-601-04-2589-7

© Коллектив авторов, 2017

# ДАЙДЖЕСТ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НОВАЦИЙ

Альманах

## СОДЕРЖАНИЕ

Предисловие: Несколько слов об альманахе «Дайджест педагогических новаций»	5
<b>РАЗДЕЛ 1    ✎ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ</b>	<b>8</b>
✎ Часть 1 Материалы Республиканского Круглого стола «Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту: коммуникативтік-прагматикалық аспект»	
<b>Айтжанова С.С.</b> Мәтінмен жұмыс істеу тәсілдері	8
<b>Арапбаева Р.С.</b> Бастауыш сынып оқушыларымен мәтіндерді оқытуда жеке сөздермен жүргізілетін жұмыстар	10
<b>Байтилеуова Ғ., Бегалиева Л.</b> Қазақ тілін меңгертудегі жаңа технологиялар мен негізгі бағыттар	14
<b>Берденова К. А.</b> Қазақ тілін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері	17
<b>Заурбекова Г.</b> Қазақ тілі сабағында ойын технологиясын қолданудың мүмкіндіктері	20
<b>Диярова Г.Д.</b> Особенности диалога при обучении русскому языку	23
<b>Дүйсенбаева Р.И.</b> Тіл үйретудегі диалогтік және монологтік сөйлеуге арналған жаттығулар	26
<b>Ешимов М.П., Мұсаева Г.А.</b> Жазылым дағдысын қалыптастыру	29
<b>Ешмукамбетов А.О.</b> Билингвальды оқытудың ерекшелігі	31
<b>Жаманбаева Ә.С.</b> Өзге ұлт студенттеріне қазақ тілін оқыту әдістері	34
<b>Жумина Н.А.</b> Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудағы әдіс-тәсілдер	36
<b>Зейнулина А.Ф., Ибраева А.Т.</b> Кәсіби қазақ тілін оқытудың білімдік және әдістемелік құзыреттілігі	38
<b>Илесова К.А.</b> Жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімді жолдары	43
<b>Кәріпжанова А.О., Кәріпжанова Г.Т.</b> Тілді меңгертудегі ұлттық құндылықтар, халықтық игіліктер аспектілері	45
<b>Кильдюшова И.В., Машинбаева Г.Ә.</b> Оқу мәтіндері арқылы тілдік тұлға қалыптастыру	49
<b>Кутымбетова Э.Қ.</b> Қазақ тілін оқытудағы инновациялық әдістері	52
<b>Машинбаева Г.Ә.</b> Екінші тіл оқытудағы түсініп тыңдаудың орны	54
<b>Мұсаева М.Г., Ешимов М.П.</b> Қазақ тілін шетел азаматтарына оқыту	57
<b>Омаркулова Л.К.</b> Қазақ тілін оқытуға пайдаланылатын электрондық құралдар	61
<b>Саденова А.Е., Толмачева Д.С., Игнатова Е.Р.</b> Шетелдік студенттерге тіл меңгертуде фонетикалық жаттығулардың ерекшелігі	63
<b>Сапаева Г.Е., Тілеужанова Г.Т.</b> Болашақ маман иелерін кәсіби бағытта оқыту	66
<b>Тастемирова Г.А.</b> Қазақ тілін оқыту мәселелері	68

<b>Татиева С.С., Омурзакова А.К.</b> Техникалық жоо студенттерінің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың кейбір мәселелері	71
<b>Тилеужанова Г.Т., Тастемирова Г.А., Сапаева Г.Е.</b> Тыңдаушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру жолдары	74
<b>Турсунова Г.Т., Айтжанова С.С.</b> Өзге тілді дәрісханада мақал-мәтелдерді қолданудың тәрбиелік мәні	76
<b>Турсунова Г.Т., С.С. Татиева</b> Жеке тұлғаны қалыптастыруда ұлттық тәрбиенің рөлі	78
<b>РАЗДЕЛ 1</b> ✦ <b>НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ</b>	81
✦ Часть 2 Материалы Международной научно-методической виртуальной конференции «Полиязычное образование: опыт прошлого – взгляд в будущее»	
<b>Айтпаева А.С., Дюсетаева Р.К.</b> О работе с видеоматериалами на продвинутом этапе обучения РКИ	81
<b>Айтпаева А.С., Якубаева К.С.</b> Чтение в практике обучения русскому языку как иностранному	87
<b>Ахмедова А.К., Койшыбаева Г.С.</b> Виды определений	91
<b>Божко Н.М.</b> Формирование полифункциональной межкультурной компетенции – одна из целей современного образования	94
<b>Валеева У.К., Ахмедова А.К.</b> Динамика овладения письменной речью	98
<b>В.Г. Демьянова</b> Профессионально-педагогическое общение преподавателей с иностранными студентами в харьковском национальном автомобильно-дорожном университете	101
<b>Дюсетаева Р.К., Айтпаева А.С.</b> Использование мультимедийных средств в преподавании русского языка как иностранного	106
<b>Kisil L.M.</b> Situationality of professionally-oriented dialogical speech as a linguodidactic category	109
<b>Моргунова Н.С.</b> Невербальная коммуникация в аспекте языковой подготовки иностранных студентов	114
<b>Моргунова С.А.</b> Преодоление барьеров общения в процессе языковой подготовки иностранных студентов	119
<b>Нуршаихова Ж.А., Азнабакиева М.А.</b> Способы интенсификации обучения иностранцев русскому и казахскому языкам	125
<b>Приходько А.М.</b> Учебный подкаст как средство обучения иностранных студентов аудированию лекций по специальности	130
<b>Раимбекова А.А., Нуршаихова Ж.А.</b> Система уровневой дифференциации на занятиях РКИ	135
<b>Семененко И.Е.</b> Языковая подготовка как способ активизации познавательной деятельности иностранных студентов базовых факультетов	140
<b>Торохтий Л.С., Мацко И.В.</b> Особенности воспитательной работы с иностранными студентами	145
<b>Уварова Т.Ю.</b> Организационные формы внеаудиторной деятельности иностранных студентов с целью их успешной самореализации	148
<b>Цимбал Т.Н.</b> Современный учебник в языковой подготовке иностранных студентов технических вузов	153
<b>Чой Джин Су, Кильдюшова И.В.</b> Фразеологизмы как отражение национально-культурных различий корейского и русского языков	158
<b>Якубаева К.С., Айтпаева А.С.</b> Тестовые задания для проверки навыков аудирования на начальном этапе обучения	162

<b>РАЗДЕЛ 2</b>	<b>☞ ЛУЧШИЕ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ</b>	
<b>Нуршаихова Ж.А., Мусаева Г.А.</b>	Конкурс продолжается ...	166
<i>2016 жылы 1 қазан - 1 желтоқсан аралығында Қазақстанның Халық жазушысы</i>		
<i>Әзілхан Нұршайықовтың стипендиясы үшін жарияланған «Адам және әлем»</i>		
<i>әдеби шығармашылық байқауында үздік деп танылған шығармалар</i>		
<b>☞ КОНКУРСНЫЕ ПРОИЗВЕДЕНИЯ НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ</b>		168
<b>ПРОЗА:</b>		
<b>1 место</b>	Бакыткелді Думан	168
<b>2 место</b>	Анар Әжіғалиева	171
<b>3 место</b>	Айдархан Еңлік	173
<b>«ЖАС ҚАЛАМГЕР» НОМИНАЦИЯСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ:</b>		
	Әлхан Света	179
	Есімбай Әділхан	183
	Кабдрашидов Ерден	186
<b>ПОЭЗИЯ:</b>		
<b>1 место</b>	Әлия Іңкәрбек	189
<b>2 место</b>	Асыр Данагүл	198
<b>3 место</b>	Нұрбол Мұратбекұлы	206
<b>«ЖАС АҚЫН» НОМИНАЦИЯСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ:</b>		
	Жарас Салтанат	207
	Мақешова Адель	209
	Касымбекова Назира	210
	Тұрсінәлі Серікбол	211
	Әзілбек Гүлден	213
	Досмұхаммедова Амангүл	213
	Уәлибекова Ділда	216
	Шахабай Құрбанәлі	217
<b>☞ КОНКУРСНЫЕ ПРОИЗВЕДЕНИЯ НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ</b>		
<b>ПРОЗА:</b>		
<b>1 место</b>	Қайырлы Данагүл	220
<b>2 место</b>	Байбосынов Арман	223
<b>РАЗДЕЛ 3</b>	<b>☞ КУЛЬТУРА СЛОВА</b>	226
<b>Алтынбекова О.Б.</b>	Выдать диплом... Алие или Алии?	
<b>РАЗДЕЛ 4</b>	<b>☞ ПОЭТИЧЕСКАЯ СТРАНИЧКА</b>	228
<b>Нуршаихова Ж.А., Дюсетаева Р.К.</b>	Русско-французский билингвизм	
российских аристократов, шала-казахский язык и А.С. Пушкин		
<b>РАЗДЕЛ 5</b>	<b>☞ СТРАНИЧКА ЮМОРА</b>	
<b>Нуршаихова Ж.А.</b>	(из собрания студенческих перлов)	232
<b>Сапронова И.И.</b>	(из собрания студенческих перлов)	233
<b>РАЗДЕЛ 6</b>	<b>☞ ОБ АВТОРАХ</b>	235

## НЕСКОЛЬКО СЛОВ О ЖУРНАЛЕ «ДАЙДЖЕСТ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НОВАЦИЙ»

В феврале 2012 года кафедра языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев факультета довузовского образования Казахского национального университета им. аль-Фараби впервые в Казахстане провела Республиканский фестиваль педагогических идей «Диагностика технологий в преподавании языков». Фестиваль-2012 явился своеобразной платформой для дискуссий по актуальным проблемам обучения казахскому и русскому языкам как иностранным.

Основными задачами данного форума явились обсуждение современных научно-методических технологий в области преподавания языков, обмен передовыми методиками, знакомство с новыми разработками.

В резолюции Фестиваля-2012, принятой его участниками, была обозначена необходимость издания ежегодного республиканского научно-методического журнала, в котором были бы представлены педагогические новации казахстанских лингвистов. Этот журнал мы назвали «Дайджест педагогических новаций» и приступили к его созданию.

Традицию совместных научных диспутов и издание журнала поддержала республиканская вузовская общественность, которая была представлена учеными из ведущих университетов Казахстана (КазНУ им. аль-Фараби, КазНПУ им. Абая, КазУМОиМЯ им. Абылай хана, КазГосЖенПУ, КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова, КазНПТУ им. К.И. Сатпаева, университет менеджмента, ПГУ имени С. Торайғырова (Павлодар), ТГУ им. М.Х. Дулати).

В последние годы к нам активно присоединились ученые из Украины – Харьковский национальный автомобильно-дорожный университет (ХНАДУ). С их работами можно ознакомиться в последних номерах нашего журнала.

Радует также, что не остались равнодушными к вопросам преподавания языков и учителя казахстанских школ. Их ежегодное участие в наших конференциях, круглых столах показывает, что есть еще энтузиасты, неравнодушные учителя, которым небезразлично ЧТО и КАК они преподают, и они с удовольствием делятся своими разработками, методиками и технологиями.

Альманах состоит из нескольких разделов. Первый раздел этого номера называется «Научно-методические материалы». Он состоит из двух частей.

В первую часть вошли материалы республиканского Круглого стола «Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту: коммуникативтік-прагматикалық аспект», посвященного вопросам преподавания казахского языка как иностранного (КазКИ), который состоялся 24 февраля 2017 года.

Вторая часть состоит из материалов, присланных на Международную научно-методическую виртуальную конференцию «Полиязычное образование: опыт прошлого – взгляд в будущее», которая состоится 28 апреля 2017.

Статьи, опубликованные в разделе «Научно-методические материалы», посвящены проблемам преподавания языков в национальной и иностранной аудитории. Этот раздел актуален в том плане, что до настоящего времени не существовало периодических изданий,

посвященных комплексной дескрипции сущности преподавания второго языка во всем ее многообразии. С этой позиции переключка педагогических идей в преподавании языков становится той областью, которая способна заинтересовать не только преподавателей практического русского и казахского языков, но и ученых, занимающихся изучением когнитивных процессов в сознании инофонов, изучающих неродные языки.

Не вызывает сомнения и тот факт, что инновационные педагогические решения, описываемые авторами альманаха, могут быть применимы при разработке учебных пособий и презентаций по преподаванию языков.

Во втором разделе уже традиционно мы помещаем лучшие поэтические и прозаические работы студентов и школьников, принявших участие в творческом конкурсе «*Мир и человек*» на получение ежегодной стипендии имени Народного писателя РК Азильхана Нуршаихова.

Третий раздел «*Культура слова*» продолжает вести наш постоянный автор, доктор филологических наук профессор О.Б. Алтынбекова.

Поэтическая страничка представлена рассуждениями о билингвизме с цитированием великих строк А.С. Пушкина из «Евгения Онегина». Поэт и сейчас актуален, как никогда.

Студенческие языковые курьезы, допускаемые иностранными студентами в речи, получили отражение на *страничке юмора*.

Надеемся, что альманах «*Дайджест педагогических новаций*» станет научно-методической трибуной преподавателя-лингвиста, стимулирующей к новым интересным идеям.

*Успехов в творчестве,  
Ж.А. Нуршаихова!*

РАЗДЕЛ 1

НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ

Часть 1. Материалы Республиканского Круглого стола «ҚАЗАҚ ТІЛІН ШЕТ ТІЛІ РЕТІНДЕ ОҚЫТУ: КОММУНИКАТИВТІК-ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТ», 24 февраля 2017

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ТӘСІЛДЕРІ

Айтжанова С.С.  
ф.ғ.к. сениор-лектор

*Түйіндеме*

*Мақалада мәтінмен жұмыс істеу тәсілдері қарастырылады.*

*Аннотация*

*В данной статье рассматриваются методы работы с текстом.*

*Summary*

*This article discusses methods for working with text.*

Қазіргі таңда білім алушыларға тілді меңгерту өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Тілді меңгертудің түрлі әдіс-тәсілдерін қарастырып, тез меңгерту жолдарын қарастыруда. Соның бірі мәтінмен жұмыс істеу. Мәтін – сөйлеу үдерісінің жемісі. Оқытушы мәтінмен жұмыс жүргізу барысында алдына төмендегідей мақсаттар қойғаны дұрыс:

- 1) Білім алушыларға берілген мәтіндер бойынша қазақша тілдесуге үйрету;
- 2) Тілдік қатынасқа түсу үшін әртүрлі ситуациялар құру арқылы тілдік қатынастың қажеттілігін арттыру;
- 3) Дұрыс сөйлеу, жазу нормаларын үйрету.

Мәтіндер ғылыми тұрғыда сұрыпталынып алынады. Мәтінмен жүргізілетін жұмысты мынадай кезеңдерге бөліп қарастыруға болады: 1) мәтінмен жұмыстың алдыңғы кезеңі; 2) мәтінмен жұмыс кезеңі; 3) мәтін соңындағы жұмыс кезеңі.

Бірінші кезең бойынша, мәтінді оқығанға дейін, мәтінге байланысты немесе басқаша логикалық сұрақтар берілуі арқылы жасалады. Мәтінді оқымай тұрып, мәтіннің ішіндегі сөйлемдерге сұрақ қою дұрыс емес. Білім алушының алдында сабақтарына байланысты мәтін жатуы қажет. Мәтіннің ішінен таныс емес сөздерді теріп жазып алғаннан кейін, оқытушының көмегімен тілдерін дамыту мақсатында актив сөздер, сөз тіркестері бөлек сөздікке жазылады. Бұлай жазып алу сөздің дұрыс жазылуын, айтылуын тексеруге, өзін-өзі тексеруге, бірін-бірі тексеруге көмегі тиеді. Мәтінде берілетін сөздердің ішінде таныс емес сөздер мейлінше аз болғаны дұрыс. Өткен сабақта берілген сөздерді қатыстырып, байланыстырып отыру керек.

Мәтінмен жұмыс кезеңі. Бұл кезеңде мәтіннің тілдік материалы мен құрылымын трансформациялау жаттығулары орындалады. Сондай-ақ мәтін ішінен қажет мәліметті бөліп алу, айыра білуге машықтандыру жаттығуларын әр түрлі тәсілмен орындауға болады. Мәтінмен жұмыс кезеңі былайша ұйымдастырылады:

- шағын мәтінмен жеке-жеке сөйлемдердің сапасын саралап салыстыру;
- мәтіннің негізгі мәнін, мазмұнын түсіну; - мәтінге тақырып беру;
- мәтінді тақырыпшаларға бөлу;
- мәтіндегі басқы, ортаңғы, соңғы ойларды анықтау;
- мәтінге жоспар жасап, ол бойынша тараушаларды анықтау;
- мәтінді баяндай білу, басталар, аяқталар ойды дұрыс жеткізу;
- жоспар бойынша мәтін мазмұнын әңгімелеу;



– мәтіндегі сөздермен түрлі жұмыс жасап, сөздік қорды толықтыру. Осы әдіс-тәсілдердің бәрі оқыған мәтіннің мағынасын магистранттар толық түсінуіне арналған жұмыстар. Мәтін мағынасын толық түсіну дегеніміз не? Жалпы алғанда, магистранттар мәтіннің мазмұнын түсіну үшін оның ішіндегі өз мамандығына байланысты жеке сөздерді түсінуі керек. Бұл жеке сөздер түсінікті болса, тұтас мәтін де түсінікті болады деген жалпы пайымдау. Мәтінде әр түрлі (бейімделген, бейімделмеген) болады. Сөздің жеке тұрғандағы мағынасы кейде мәтін контекстіндегі мағынасымен бір бола бермейтінін жоғарыда айтып кеткенбіз. Сондықтан мәтіндегі ойды түсіну үшін онда берілген сөздердің тура мағынасымен қатар ауыспалы мағынасын да білу қажет [1, 45].

Келесі мәтін соңынан жүргізілетін жұмыс кезеңі. Бұл кезеңде мәтін мазмұнының негізгі элементтерін, танымдық құндылығын айқындауға, мәтінге түсініктеме беруді үйретуге (интерпретация) бағытталған жұмыстар жүргізіледі. Мәтінде берілген мамандығына байланысты мәліметті магистранттар болашаққа қызмет барысында қолдануы тиіс. Тілді оқытып үйрету талабы да – осы. Сондықтан бұл жаттығулар мәтінмен жұмыс барысында меңгерген кәсіби тілдік құрылымдарды тілдік құрылымдарды тілдік қатынаста магистранттардың еркін қолдану дағдысын қалыптастыруға бағытталады. Бірақ мәтінмен жұмыс осы кезеңдермен шектеліп қалмайды. Ол тілді оқытып үйретудің басқа тәсілдерімен бірлікте, тығыз байланыста ұштастыра жүргізілуі тиіс. Мәтінді меңгертуде осындай амал-тәсілдерді қолданғанда тиімділігін байқау қиын емес. Мұндай жағдайда магистранттарға төл сөздерімізді дұрыс айтуға дағдыландыру, сөздік қорын дамыту, сөздікпен жұмыс арқылы есте сақтау қабілетін дамыту, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ауызекі сұрақ-жауап жұмыстары арқылы тілін дамыту мәнерлеп оқытуды үйрету. Ерекше дыбыстар кездесетін сөздерден бастап үйретіп, біртіндеп күрделендіріп отыру принципі туып отыр. Мәтіндегі жаңа сөздерді жекелеп үйрету арқылы, оны дұрыс дыбыстау арқылы магистранттардың сөздік қорын дамытамыз. Неғұрлым көп сөз білсе соғұрлым сөйлеу дағдысы тез қалыптасып, тіл байлығы арта түседі. Сондықтан мәтінді меңгертуде жаңа сөздерді, сөз тіркесін алдын ала беріп отырған жөн [2, 54].

Білім алушылардың мәтін мазмұнын толық түсінуге сөздік жұмысының еш кедергісі болмайды. Яғни мәтінді меңгертуде сөздікпен жұмыс істеуге сол арқылы сөздік қорын молайтуға болатындығын ескергеніміз жөн. Сұраққа өзге ұлт өкілдерінен жауап алу күрделі мәселе. Сондықтан ол біртіндеп, қысқа-қысқа сұрақтарға жауап алу арқылы үйретіледі. Білім алушыларға мәтінді оқыту барысында қолданылатын тапсырмалардың түрлерімен танысып кетсек. 1. Мәтіннің тақырыптарына қарап, мәтіннің негізгі мазмұнын бағдарлау бағытындағы тапсырма: Тақырыпты оқып шығып, мәтіннің негізгі мағынасы не туралы екенін айтыңыздар. Мәтіндегі оқығаның қалай өрбитінін болжаңыздар. Тақырыптың аты мәтін мазмұнын бере ала ма деген сұрақтар төңірегінде өз ойларыңызды білдіріңіздер. 2. Мәтіннің мағыналық жағын ашатын негізгі сөздерді, сөз тіркестерін, т.б. бөліп көрсету мақсатындағы тапсырма: Мәтінді оқып шығып, ерекше көрсетілген сөздерге назар аударыңыздар. Ол сөздер сіздерге мәтін не туралы айтылатындығын анықтауға көмектеседі. Бөліп көрсетілген сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді оқыңыздар. Мәтіндегі қамтылатын негізгі мәселелерді анықтаңыздар. 3. Мәтінді санаулы уақыт аралығында игеру мақсатында жүргізілетін тапсырма: - «...» атты мәтінді ... минутта оқыңыздар. Мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуге тырысыңыздар. - Мәтінді уақытты үнемдей отырып, шапшаң оқып шығыңыздар. - Мәтінде не туралы айтылғандығын 2-3 атаулы сөйлем арқылы білдіріңіздер. Мәтінді игергеннен кейінгі кезеңнің алдына қойған міндеті – мәтін мазмұнын толықтай игеру.

Ал түсініп оқу – тіл үйренуде қажетті әдіс. Білім алушы сөзді, сөйлемді, тұтас мәтінді түсініп оқымаса, ол жай механикалық түрде іс болып, тыңдаушы сөз де, тіл де үйрене алмайды. Мәнерлеп оқу – дауыс екпінін дұрыс түсіріп, анық және түсініп оқу, яғни тыңдаушы әрбір сөзді анық айтып, тиісті тыныс белгілеріне тоқтап, басқа біреудің сөзін оқығанда дауысты өзгертіп, сөзді анық, бұрмаламай оқиды. Мәтінді оқығанда дұрыс, түсініп, жылдам, мәнерлеп оқу жеке-жеке қолданылатын әдістер емес, қайта олар бір - бірімен тығыз

байланыста, бірлікте болады. Мәтінді түсініп оқыған білім алушы дұрыс та, жылдам да, мәнерлеп те оқи алады. Кезекті жұмыс мәтін бойынша сұрақтарды қоя білу және сұрақтарға дұрыс жауап беруді игеруде де тыңдаушыға меңгертетіндей түрлі әдістер көп.

Мәтінмен байланысты тіл дамыту жұмыстарының бір саласы – жатқа айта білуге үйрету. Жатқа тек өлең ғана емес, сонымен бірге мәтіннің аты, оның ішіндегі жаңа сөздер, сөз тіркестері, кейбір сөйлемдер, жұмбақтар, мақал - мәтелдер, грамматикалық анықтамалар алынады. Мұғалім сабақ сайын қадағалап тыңдаушыға жатқа айтуға тапсырманы үнемі беріп отырады. Мысалы, білім алушыларға 1 семестрде төмендегі үлгіде шағын мәтіндер беріліп, жатқа айтуға дағдыландыру. «Менің университетім», «Менің факультетім», «Менің бос уақытым», «Менің досым», «Демалыс күні», «Алматы қаласы», «Жатақханада», «Менің тобым», «Саяхатта», «Менің Отаным – Қазақстан».

Қорыта келе, білім алушылардың құзырлығы коммуникативтік оқыту технологиясы арқылы дамиды. Оның ішінде мәтінмен жұмыс арқылы танымдылық қабілеттері, танымдық үдерістері дамып, сөздік қоры молаяды, оқытуда жағымды әрекет қалыптасады. Оқытушының басты мақсаты – білім алушының қазақ тілін меңгеріп, өз ойын қазақ тілінде еркін жеткізе алатындай деңгейге жеткізе білу.

### ӘДЕБИЕТ

1. Жапбаров А. Оқушылардың жазбаша тілін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. – Алматы, 2007. – 120 б.
2. Күзекова С. Екінші тіл ретіндегі қазақ тілі оқулығы теориясының лингвистикалық негіздері. – Алматы, 2005. – 45 б.
3. Бейсенбекова Г.Т. Оқылым процесі: Теориясы мен әдістемесі.

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫМЕН МӘТІНДЕРДІ ОҚЫТУДА ЖЕКЕ СӨЗДЕРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАР

*Арапбаева Р.С.*  
мұғалім

### *Түйіндеме*

*Бұл мақалада мектептегі бастауыш сыныптарындағы оқушылармен мәтінді оқыту сабақтарында жеке сөздермен жүргізілетін жұмыстардың мәселелері қарастырылады.*

### *Аннотация*

*В данной статье рассматриваются проблемы проводимых работ отдельными словами текста обучения на уроках в начальных классах*

### *Summary*

*This article deals with the problems of the work carried out by the individual words of the text of instruction at the lessons in the primary graders.*

Бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу – әрбір ұстаздың басты міндеті. Қайсы бір мұғалімдер сабақтың жаңа түрін пайдаланса, кейбіреуі жаңашыл мұғалімдердің тәжірибесін қолданады. Қай әдісті пайдаланса да, мақсат бағдарламадағы материалдардың мазмұнын шәкірт бойына сіңіру.

Білім негізі бастауышта болғандықтан, оның мұғалімі басты тұлға. Демек бастауыш мектептің әрбір мұғалімінен жаңаша жұмыс істеуді, батыл шығармашылық ізденісті талап етеді.

Бастауыш мектептің алдында тұрған негізгі мәселе - оқушыларды дамыта оқыту, яғни оқушыны оқу әрекетіне қалыптастыру, олардың оқуға ынтасын ояту, қызығушылығын арттыру.

Бастауыш сыныптарда оқылатын оқу сабағынан баланың сөйлеу тілін жетілдіруде және оның әрбір зат, табиғат, адам, қоғам туралы түсінігін кеңейтіп, қалыптастыруда атқаратын ролі зор.

Бастауыш сыныптарда баланың тілін, ойын жетілдіруде, қиялын өрістетуде, оның жан-жақты дамуына оқу тікелей ықпал етеді. Ал бұл айтылғандар бастауыш сыныптағы оқу үлгерімін арттыруға тікелей әсер етеді.

Ана тілі методикасын негізін салған К.Д. Ушинский: «Ана тілін толық меңгермеген бала тарихты, географияны, жаратылыс ғылымдарын және математиканы үйренген кезде, теореманы, немесе математикалық бір есепті өз сөзімен айтып бере алмайтын күйге ұшырайды. Ана тілі басқа пәндердің бәріне қатысы бар және олардың нәтижелерін өзіне жинастыратын басты өзекті пән екені түсінікті емес пе?» - деген болатын.

Бағдарлама бойынша өтілетін оқу сабағы, ондағы мәтінмен жүргізілетін жұмыстар, біріншіден, жоғарғы сыныптарда жүргізілетін әдеби шығармаларды талдаудың баспалдағы деп қаралады, яғни соның оңай түріне баланы 1-ші сыныптан-ақ үйрету көзделеді.

Екіншіден, оқушының әдеби тілді меңгеруіне жол ашу мақсат етіледі. Оқу сабағын, ондағы топпен жүргізілетін жұмысқа осылайша қарау мұғалімнің оқу сабағындағы жұмысын жауаптылықпен, ойланып жүргізуін керек етсе, оған қоса әдебиеттік оқу сабағын басқа пәндермен байланысты болуына және сыныптан тыс оқудың да дұрыс ұйымдастырылуын қадағалап отырылуына талапты арттырады.

Бірінші сыныптан бастап оқушылар мәтінді дұрыс, мәнерлеп оқуға, оны өздігінен түсіну дағдыларына жаттықтырылады.

Оқушыларға оқу дағдыларын меңгертуде әсіресе баланың өз оқығандарын саналы түрде түсінуін қамтамасыз ету жағына ерекше көңіл бөлінеді. Ол үшін оқушы әрбір жаңа сөздің, сөйлемнің мағынасын жете түсінуі қажет.

Мысалы: «Біздің Отан» өлеңіндегі нұрлы деген сөздің мағынасын ашу үшін әдемі, көрікті сияқты синоним сөздерді пайдалану орынды.

Сол сияқты кейде бірнеше сөз тіркестерін бір тұтас ұғым беруі мүмкін. Ондай сөз тіркестері түсініксіз болған жағдайда сол ұғымның баламасын бере алатын өздеріне түсінікті басқа сөздермен ауыстыруға болады.

Бірінші класта оқушыларға айналасын қоршаған дүниені үнемі байқатып бақылатып отыру керек.

Мысалы: «Туған жерге қыс келді» бөліміндегі «Алғашқы қар» деген шағын текстте ақша қар жаңа көтеріліп келе жатқан күнге шағылысып күмістей жалтырайды деген сөйлемді түсіндіргенде ақша қар деп жаңа жауған қарды айтатынымыз, бұл қардың басқа қардан өзгешелігін анықтап тұрған ақша деген сөз екені ескертіледі.

Сол сияқты күннің жаңа көтеріліп келе жатқанын, күн сәулесінің қарға түсіп, оны күмістей жалтырататынын оқушылардың қыста көрген білген, байқағандарына сүйене отырып түсіндірген орынды.

Түсіндірмелі оқу сабақтарында оқушыларды саналы түрде түсініп оқуға қатесіз және мәнерлеп оқуға жаттықтыру жұмысы жүргізілуге тиіс. Бұл талап оқу сабақтарында оқушыларға дауыстап және іштен оқыту; тексттің мазмұнына байланысты қойылған сұрақтарға толық және дұрыс жауап қайтару; әңгіменің бөліміне ат қойғызу; әңгіменің мазмұнын жоспар бойынша баяндату; оқылған текстен балаларға өздігінен табиғат суреттерін, еңбек көріністерін немесе басты кейіпкерлерді бейнелейтін үзінділерді тапқызып оқыту; орфографиялық сөздік жүргізуді үйрету т.б. сол сияқты жұмыстарды орындату арқылы іс жүзіне асырылады.

2-сыныпта оқушылар сөйлемді сазына келтіріп дұрыс оқуға жаттығады. 2-сынып оқушыларын дұрыс оқуға жаттықтыру, үйрету үшін алдымен мұғалім әр оқушының қалай

оқитынын, әрқайсысының оқу дағдысына қандай кемшіліктер барын алдын-ала біліп отыру керек. Сонда ғана мұғалім оқушыларын оқу дағдысын жетілдіріліп жүйелі жұмыстар жүргізе алады. Осымен қатар сөз екпінін дұрыс қойып оқи алмау, сөздегі буындарды қайталап, сөйлемдегі сөздердің басын қоса алмай оқу сияқты кемшіліктер де кездеседі.

Мұндай қателердің орын алуы төмендегідей себептерден болатын сияқты:

а) 2 сыныпқа келген балалардың көбі жазғы каникулда 1 сыныпта алған оқу дағдысын ұмытыңғырап қалады.

б) Оқушының оқу дағдысының әбден қалыптасып кетпегенінен болады.

в) Өзіне «жеңіл болу үшін» оқушы әдейі сөз, буын, әріп қалдырып оқиды.

Мұндай жағдайда көп буынды ұқсас сөздердің бірінші, екінші буынын көреді де, ар жағын өз ойынан қоса салады.

Мысалы: келіңкіремеді дегенді, келмеді, келіңкіреді деп оқиды.

Ойнау дегенді ойлау деп оқиды.

г) Мағына жағынан ұқсастығына қарай синоним сөздерді шатастырады. Мысалы: алып келді дегенді әкелді, алып барды дегенді апарады деп оқиды.

д) Ауызекі сөйлегенде, қате айтып дағдыланғандығынан болады.

е) Тым шапшаң оқу сөйлемнен сөз қалдырып кетуге немесе артық сөз қосып жіберуге әкеп соқтырады, т.б.

Оқу дағдысындағы осындай кемшіліктерді және олардың орындалу себебі анықталғаннан кейін, солардың түзету жолдарын қарастырған жөн. Оқушыны дұрыс оқуға үйрету, үшін мынадай жұмыстар жүргізу керек.

1. Оқушыны кітап оқуға көп жаттықтырып дағдыландыру. Мұндай жаттықтыру жұмысының түрлері әрқилы. Бірде оқулықтың өзінен әр оқушыға арнаулы тапсырмалар беріледі; бірде мұғалім балаларға арналған журналдардан, ертегілерден, балаларға арналған өлең кітапшалардан үлестірмелер жасалады да соларды әрқайсысына оқытып дағдыландырады. Әсіресе, жаттықтыру, дағдыландыру жұмысының бір түрі үлестірмелермен жұмыс, оқушыларды жалықтырмайды, оқуға деген ынтасын арттырып отырады. Өйткені үлестірмеде жеке оқушыға арналған әңгіме, өлеңдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер көбіне қысқа да тартымды болып келеді.

2. Осындай тапсырмаларды орындау үйгеде тапсырылады. Үйде бірнеше рет оқып жаттыққан оқушы сыныпта дұрыс оқиды, әрі мазмұнын өз сөзімен айтып береді.

3. Шапшаң оқудың түсініп оқумен байланыстылығын ескертіп отыру керек.

4. Қате оқыған сөздерді буынға кейде дыбысқа бөліп оқыту керек.

5. Қате оқыған сөздерді тақтаға жазып көрсетіп, дұрыс оқуды талап ету керек.

6. Қате оқыған сөйлемді де қайта оқыту керек.

7. Қате оқыған жерін сыныпта тыңдап оқушыларға түзеттіру керек. Мұндағы есте болатын жай: сол тыңдаушы оқушылар оқыған оқушының қатесін байқай сала өз орнынан, рұқсатсыз түзетпеуі керек. Тек мұғалімнің рұқсатымен, кітап оқушы белгілі бір сөйлемдерді абзацты оқып болғаннан кейін ғана түзетуге тиіс.

8. Жаңылтпаштар айтқызып жаттықтыру.

9. Орфоэфия заңын басшылыққа алып отыру.

Басқа тілдердегідей, қазақ тілінде де орфографиялық және орфоэфиялық заңдар бар. Ол заңдар оқушыларды дұрыс сөйлету мен дұрыс оқытуда басшылыққа алынады.

Дегенмен оқушыларға жаңа сөздің мағынасын түсіндіру үшін немесе дұрыс оқуды үйрету үшін сөздерді тақтаға жазып көрсету қажет болғанда, оларды тек орфографиялық ережеге сай жазу керек.

Егер мұғалім сөзді дұрыс оқытуға желеу етіп, оны орфоэфиялық ережесіне сай тақтаға жазса, ол сөзді оқушылар айтылуынша жазуға үйреніп кетеді.

Сондықтан 2 сыныпта сөздерді дұрыс оқу жұмысын айтып түсіндіру ауызша дағдыландыру арқылы іске асырылады.

Мысалы: «Әдебиеттік оқуда» бақбақ, құлыншақ деген сөздерді оқушыларға дұрыс оқытуды үйрету үшін алдымен оны текстен теріп алып тақтаға орфографиялық ережеге сай бақбақ, деп айтылытынын ескертеміз де солай дұрыс айтып оқуға дағдыландырымыз. Ал оларды мұғалім тақтаға бақбақ, құлыншақ деп жазуға тиіс емес.

Сөйтіп сөздерді дұрыс оқуға оқушыларды дағдыландырғанда, жаңа сөздерді немесе дұрыс оқи алмаған сөздерді орфоэпияның заңына сай айтқызып жаттықтыру керек. Қазақ тілі сабағында сол сөздерді қосып мысалдар келтіру артық болмайды. Оқулықта берілген оқу материалдарын өтудің алдында мұғалім шәкірт түсінігіне қиындық келтіретін жекелеген сөздерді немесе сөз тіркестерін мағынасын түсіндіруі қажет.

Ал мұндай жұмыс жүргізілмеген жағдайда материалдың мазмұны оқушыларға түсініксіз болып қалады. Осындай кемшіліктерді болдырмау мақсатында мынандай методикалық принциптерге сүйеніп жұмыс жүргізудің мәні бар:

1. Сөйлем құрамындағы кейбір сөйлемдер етістік сөздерді балаларға толық ажырата түсіндіру (тол, ор, аш, ас. т.б.).

2. Оқылған материалдағы кездескен кейбір сөздерді түсінгенімен оқушылар сол сөздердің негізгі мағыналарын әдеби тілмен айтып бере алмайтындықтан жергілікті сөйлеу тіліндегі сол аймаққа тән диалект сөздердің мағынасын айту.

3. Тексте сөздің толық мағынасы берілсе де оған тиісті қосымшалар жалғанғанда ол сөздердің қандай жаңа мәнге ие болғанын түсіндіру.

4. Әңгімеде кездескен сөздердің жеке мағынасын анық айтылсада, тұрақты сөз тіркесімен айтылғандағы мағыналарын түсіндіру.

Мысалы: жүзі жайнап –қуаныш белгісі, аузына құм құйылады- сөйлей алмау т.б.

5. Көркем шығармаларда, әсіресе ертегілерде жиі-жиі кездесетін кейбір сөздердің мағынасын ашу.

Сөздердің мағынасын түсіндіргенде оқушыларға алдын –ала белгілі оқиғаны бейнелейтін затты немесе оны көрнекі құралдарын көмегімен көрсетіп, қимыл-әрекетті бейнелейтін оқиғалы көріністерді өмірмен ауызша мысалдар келтіру жұмысын жүргізу тиімді. Өйткені материалдың ішіндегі өмірде сирек қолданатын заттық мағынаны білдіретін кейбір сөздерді балалардың тез ұмытып қалуы мүмкін. Сөйлем ішінде жалпы есіммен айтылса да, жалқы есімдік мағына беретін сөздер балалардың түсінуіне келтіреді. Мысалы: торғай, қарға, шыбын-шіркей, балық т.б

Оқулық материалдарының ішінен біртектес түбірлес сөздерде кездеседі. Бұл сөздерге қосымшалар жалғанғанда олардың мағынасы да өзгереді.

Сөйтіп оқушылар олардың арасындағы ерекшелікпен олардың мағыналық айырмашылықты жете түсіне алмайды.

Мысылы: жыра-жыра, бел-белес т.б.

Мұндай сөз тіркестерін оқушыларға ашып түсіндіргенде ең алдымен сол сөздің түбірі мен жұрнақтарын анықтап, сөздің толық мазмұны мен мағынасын түсіндірген абзал.

Тұрақты сөз тіркестерімен берілген сөздерді түсіндіруде сол сөздердің түпкі сөздердің ауыспалы тіркесі арқылы түсіндіру. Мысалы: жүрек жұтқан деген сөз тіркесіп батыр, сүттен ақ ешбір кінәсіз деген сияқты.

6. Қиын сөздердің мазмұны мен мағынасын оқушыларды жаппай қатыстырып сұрақ-жауап әдісін қолдану.

Мысалы: 3 сыныпта «Әдебиеттік оқу» оқулығындағы Тайыр Жароковтың «Күз» деген өлеңінде кездесетін інжу албырап, балбырап, маужырап, аймалап, бөгіп, мамырлап, дабылдап, алабы деген сөздердің мағынасын балалар біле бермейді. Осы себептен бұлардың қайсы қай сөздердің орындарына қолданылып, қандай мағына беріп тұрғанын айыра алмайды.

Оларды алдын ала түсіндіру әрбір ұстаздың міндеті.



Мысалы: - Инжу сөзін қалай түсінесіңдер - деп сыныпқа жалпы сұрақ қояды. Оқушылар ой жүгіртіп – өз пікірлерін айтуға тырысады. Алайда бұл сөздің мағынасын жете білмегендіктен аталған затты көрнекі құралдың немесе нақты өзін көрсетіп түсіндіреді.

Инжу-меруерт. Маржанның бір түрі көркемдік–сән үшін қолданылатын ақ, ақшыл, сары түсті қымбат (зат) бағалы асыл тас. Бұл затты келіншектер мен қыздар мойындарына әшекей үшін тағады. Екінші сөзді де солай сұрақ қойып анықтайды.

Албырап-қызарып, өте қызыл дегенді білдіртсе, балбырау–елжіреу балқу, жұмсап босау сөздерінің мағыналары да осылай анықталады.

Аймалай деген сөз- сүйіп құшу, иіскеу, құшақтау, еркелету.

Мамырлап - сөзі әзер, зорға, қозғалу

Дабылдау - хабарлау, жариялау деген мағына білдіретіндігі айтылады.

Сөйтіп, «Әдебиеттік оқу» пәнінде балалармен осындай жұмыстар жүргізілсе, сөздерді дұрыс оқуға дағдыландырады, баланың сөйлеу тілі жетіледі және оның әрбір зат, табиғат, адам, қоғам туралы түсінігі кеңейеді, ойы жетіледі, қиялы өрістейді, оның жан-жақты дамуына тікелей ықпал етеді.

### ӘДЕБИЕТ

1. Әбдікәрімова Т. Бастауыш сыныпта мәтін арқылы тіл дамытудың ғылыми негіздері мен оқыту әдістемесі. – Алматы, 2002.
2. Рахметова С., Әбдікәрімова Т., Базарбекова Р. Ана тілі. 4-сыныпқа арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2011.
3. Бозжанова К. Бастауыш мектепте оқушылардың оқу дағдасын қалыптастыру. – Алматы. 1989.
4. Львов М.Р., Рамзаева Т.Т., Светловская Н.Н. Методика обучения русскому языку в начальных классах. – Москва, 1987.

## ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕҢГЕРТУДЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР

*Байтөлеуова Ф.,  
Бегалиева Л.*

### *Түйіндеме*

*Мақала қазақ тілін оқытудың тиімділігін арттыруға қажетті инновациялық әдіс-тәсілдерді, жаңа бағыттарды іздестіру мәселелеріне арналған. Интербелсенді әдіске және этнотехнологияға, драмалық әдістерге екерше мән берілген.*

*Кілт сөздері: оқыту тиімділігі, инновация, жаңа бағыт, этнотехнология, драмалық әдіс.*

### *Аннотация*

*Данная статья посвящена проблемам поиска инновационных путей и средств, способствующих оптимизации обучения казахскому языку. Особое внимание уделено интерактивной методике и этнотехнологии, использованию драматизации.*

*Ключевые слова: инновационный, оптимизация обучения, интерактивная методика, этнотехнология.*

### *Summary*

*This article is devoted to problems of search of the innovative ways and means promoting optimization of training in Kazakh. Special attention is paid to an interactive technique and ethnotechnology, dramatization use.*

*Keywords: innovative, training optimization, interactive technique, ethnotechnology.*

Бүгінгі таңда жоғарғы оқу орнында қазақ тілін оқытуға қойылатын талаптардың бастысы - үштілді, коммуникативті күзiреттiлiкке ие тұлғаны қалыптастыру. Осыған орай бiз тiлдiк стратегияларға және түрлi тiлдiк жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу дағдыларын қалыптастыруға ерекше мән беремiз. Әрине, қазiргi әдiстеменiң дамуы жоғарғы оқу орындарында қазақ тiлiн үйретудiң тиiмдiлiгiн арттыру үшiн инновациялық тәсiлдер мен әдiстердi iздеудi, қолдануды қажет етедi. Тiлдi үйрену қызықты әрi жеңiл болу үшiн бiз оқу жұмыс бағдарламаларын үнемі толықтырып отыруға тырысамыз. Қазiргi уақытта тiлдi үйрету барысында бiздiң Университетiмiзде ұстанып отырған жаңа бағыттар – этнотехнология және театр/ драма технологиясы, яғни басқаша айтқанда, жағдаяттық тапсырмалардың ауқымын кеңейтiп, шығармалардан үзiндiлер алып, студенттермен, тiл үйренушiлермен бiрге қойылымдар дайындау, диалогке түсудi де драмалық үзiндiлердi қолдану арқылы үйрету. Сонымен қатар соңғы кездерi оқытушыларымыз ойлау дизайны (дизайн мышления) технологиясын да кеңiнен қолданып келедi.

Тақырыбымызға тереңдемей тұрып, *технология* сөзiне тоқталсақ. Технология сөзi грек тiлiнен алғанда “*techno*” - өнер, шебер, бiлгiр және “*logos*” – iлiм, ғылым деген мағынаны бiлдiредi. Оқыту процесiнде бұл терминнiң қолданылуын бiз тiлдi оқытуда пайдаланылатын әдiс-тәсiл жинағы және шеберлiк, бiлiктiлiк деп түсiнеміз. Бұл термин тiлдi оқыту әдiстемесiне алғаш ХХ ғасырдың 90-шы жылдары ағылшын-американдық әдiстемеден келген болатын.

Отандас ғалымымыз Ж. Манкееваның пiкiрi бойынша, “Тiл – этносты танушы құрал. Ол сол ұлт өкiлiнiң ұлттық жан дүниесiн, сезiмiн сипаттайды. Адамның рухани қызметi тек қоғамда дамиды, әрi рух арқылы адамзатқа берiледi» /1,76/ , демек халықтардың ұлттық ерекшелiгiнiң негiздерiн, дамуын айқындауға ерекше көңiл бөле отырып, тiлдi меңгеруге көмек беретiн , оған негiз болатын технологияларды дамыту керек, сондай жаңа бағыттың бiрi - этнотехнология. Тiлдi меңгеру барысында этностың мiнез-құлқы, көңiл-күйi, болмысы сияқты нәрселердi тiлдiк құрылымда беру күрделi болғандықтан, оны жеңiлдетiп, қонымды тәсiлмен үйрету қажеттiлiгi туындайды.

Жоғарыда аталған мәселе бүгiнгi күннiң жаңа бағыты болғанымен, этностың тiлi мен мәдениетiнiң ерекшелiктерi бұған дейiн де зерттелiп, этнопедагогика, этнолингвистика, этнопсихология т.б. пәндердiң негiзiнде қарастырылған. ХIХ ғасырда неміс ғалымы Х.Штейнталь тiлдi мәдениетпен және халық шығармашылығымен тығыз байланыста оқыту керек деген болатын. Х.Штейнтальдiң пiкiрi бойынша, осындай көзқарас тiлдi меңгеруде халықтың болмысын терең тануға бiрден бiр ықпал ететiн технология. Бiр қызығы, этнотехнология дәл қазiр кеңiнен қолданыс тауып, интербелсендi әдiстеменiң, әсiресе, соңғы кезде ғана зерттелiп, қолданыла бастаған ойлау дизайнында көрiнiс тапқан инновациялық бағыт болып отыр. Бұл технология тiлдi үйрену барысында этномәдениеттi, этнолексиканы меңгертудiң тиiмдi механизмi, алгоритмi iспеттi. Бiз этнотехнологияны арнайы жинақталған, жүйеленген, қажеттi тiлдiк дағдыларды қалыптастыратын тиiмдi, оңтайлы әдiс деп танимыз. Этнотехнологияны тiлдi меңгертуде қолдану үш мiндеттi шешуге мүмкiндiк бередi: – 1) салт-дәстүрлердi насихаттауға; 2) тарихпен танысуға; 3) әлемдiк мәдениетке, өркениетке жол ашуға. Әрине, бұл жерде мақсатымыз – коммуникативтiк күзiреттiлiктi, соның iшiнде мәдениаралық күзiреттiлiктi дамыту болып табылады.

Тiл үйренушiлер мен студенттер бойында халқымыз, елiмiз туралы бiлiмi арқылы танымдық когнитивтi дағдылар қалыптасады, олардың тiлге, мәдениетiмiзге қызығушылығы артады. Бүгiнгi таңда этнотехнологияның тұжырымдамасы Алматы Менеджмент Университетiнiң «Ұлытау» жобасында практикалық қолданыс тауып отыр. Осы жоба

негізінде «Ұлытау» мәдени-лингвистикалық лагері ұйымдастырылып, осында 10 күн ішінде дендей оқыту әдісі арқылы тіл, салт-дәстүр, ұлттық тағамдар дайындау, ұлттық ойындар, қазақша әндер үйретіледі. Бұл жерде қазақ тілі тікелей мәдениетті, салт-дәстүрді, тарихты, халықты тануға негіз болып табылады.

Лагерь жұмысын бастаған алғашқы күннен- ақ киіз үй құру шеберлік мектебі өткізіліп, оған тіл үйренушілер мен студенттер өздері белсенді қатысып, осы процесс барысында лексикалық пластен таныса отырып, қаншама лексикалық бірлік үйренеді. Одан кейін мән беретініміз - киіз үйде отырып-тұру этикеті, бұл тақырыпты ашу кезінде де этнолексика көп қолданылады. Әрине, сахналау қағидасына сүйене отырып, отанасының, қыз баланың, ер азаматтың образдары көрсетіліп, олардың отбасындағы рөлі, шаңырақтағы өсіп келе жатқан қыз тәрбиесі, оған байланысты идиомалар және т.б. тақырыптар қамтылады. Этнотехнология бағытын қолдану арқылы арнайы этнолексикамен қатар фольклор тілі, афоризмдер, мақал-мәтелдер, фразеологизмдер беріледі. Францияда бұл бағыт «өркениет тілі» (*langue et civilisation*), Германияда – мәдениеттану (*Kulturkunde*), ал Америка Құрама Штаттарында - мәдени бағытталған әдіспен оқыту (*culture-oriented teaching of foreign languages*) деп аталады екен.

Этномәдени бағыт «Ұлытау» лагерінің бағдарламасында жақсы көрініс тапқан. «Ұлытауда» әдет- ғұрып, салт-дәстүр, фольклор туындыларын үйрете отырып, театрлық қойылымдарға ерекше рөл жүктеледі, бұл қойылымдарға мифтер мен аңыз-әңгімелерді, ертегілерді алуға тырысамыз, себебі олардың тілі жеңілдеу, сюжеті, мазмұндық мәні қызықтау болып келеді. «Ұлытауда» алғашқы қойылымның бірі ретінде Ыбырай Алтынсариннің «Мақта қыз бен мысық» ертегісі беріледі. Студенттер өздері сценарийін жазып, рөлдерді бөліп, автор сөзін беріп, қажетті атрибуттарды дайындап, қызықты көрініс дайындайды. Мақта қыз бен мысықтың арасындағы, одан кейін сюжет бойынша сиырмен, ағашпен сұқбат түрлері диалогқа түсу дағдысын қалыптастыруға қолайлы жағдай тудырады. Қойылым барысында студенттер диалогті, сұраққа жауаптарын өздері түрлендіріп, қолданып жатады. Мысалы, **Мақта қыз:**

- Мияуым менің, қайдасың?

- Тарғылым менің, келе ғой, мен саған мейіз беремін (мысық келмейді)

- Келмесең, келмей–ақ қой, өз обалың өзіңе,- деп (мейізді қыз жеп қояды). Осы жерде

Мақта қыздың «мияуым менің» қаратпа сөзі, «мысығым менің» деп қолданылса, өз обалың өзіңе – идиомасы қысқартылып, «обалың өзіңе» деп келеді». Мұндай интерпретацияға тоқтау жасамаймыз.

Студенттерге ұнаған әрі сахналауға қызықты, көлемді ертегінің бірі- «Газша бала». Ертегіні сахналауға дайындық барысында студенттер өз беттерінше лексикамен танысады, олардың мағынасын түсінуге тырысады, мәтінді қысқартып, тілдесімге жеңілдеу болу үшін синонимдер іздеп, жаңа тілдік оралымдар қосып жатады. Мысалы, «Газша балада» заттық-ұғымдық мағынада берілетін сөздер баршылық: *шал-кемпір, бес ешкі, құнан қой, енші, еншілес бала, асық жілік* және т.б. сөздер. Студенттер бұл сөздер мен сөз тіркестерін, оралымдарды сол қалпында беруге тырысады, себебі олар - тірек сөздер ретінде кейіпкерлердің болмысын сақтауға қажетті синтагмалық мағынаны сақтаушы бірліктер. Осылайша қазақ халқының ерекшеліктерін, қасиеттерін айқындайтын тіркестер, клишелер студенттердің тілінде біртіндеп қалыптасады. Кейбір сөздердің, атап айтқанда, мысалы, *еншілес, бөтен, жат* сияқты сөздердің қолданылу аясы кеңейеді, студенттердің тілге деген көзқарастары өзгереді.

Тілді үйрету барысында ең басты шешімін табуға тиіс мәселе әрі басты мақсат, әрине – қарым-қатынасқа түсе білу, ал театрализация технологиясы - қарым-қатынасқа түсудің қосымша әдісі. Біз сөйлесімді дамытуда тілдің араласу үшін қолданылуға тиіс құрал екенін үнемі алға тартамыз. Сондықтан студенттерді, тіл үйренушілерді қызықтыру үшін студенттердің өздеріне топқа бөлініп, ертегі, аңыздарды таңдап, сабақ үстінде



коммуникативті дағдыларын жетілдіріп, вербалды немесе вербалды емес қарым-қатынас түрлерін дамытуларына мүмкіндік жасаймыз.

Халықтың болмысы, рухы алдымен тілде, содан кейін салт-дәстүрінде, өнерінде, фольклорында көрініс беретінін студенттер осы этнотехнология, театрализация арқылы тез қабылдайды. Дегенмен, қазақ тілін этномәдени, этнотехнология тұрғысынан үйрету қазақ тілінің әдістемесінде жаңадан бастау алып жатқанымен, ол жаңа бағыт ретінде қалыптасып қалды деп ойлаймыз.

Кез келген этностың тіл байлығы күнделікті лексикадан басқа этнолексика, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, ертегілер, жұмбақтардан тұратыны белгілі, сол себепті этномәдени болмыс сол халықтың өзіне ғана тән ойлау ерекшелігін, ұлттық құндылықтарын, өмір сүру кескінін көрсетеді. Тіл үйренушілерде қарапайым мәтінді оқудан гөрі, тек грамматикалық тапсырмаларды талдаудан басқа, эмоциялық әсер беретін этнотехнологияның беретін нәтижесі мол.

Қорыта келгенде, осы мақаламызда тілді меңгертудегі жаңа бағыттарға қысқаша шолу жасай отырып, жаңа технологияларды сабақта орнымен жиі әрі түрлендіріп қолдануға болатынын айтқымыз келді.

### ӘДЕБИЕТ

1. Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 272 б

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

*Берденова К. А.*  
*мұғалім*

### *Түйіндеме*

*Мақалада қазақ тілін оқытудағы ғылыми-әдістемелік негіздердің ерекшеліктері және түрлі тәсілдері қарастырылады. Мақалада оқытудың түрлі кезеңдеріне сай келетін әдістемелік ұсыныстар берілген. Сөйлеудің тілдік тұлғасымен қатар мазмұндық жағы да қарастырылады.*

### *Аннотация*

*В статье рассматриваются особенности научно-методических основ и различных способов при обучении казахскому языку. В статье предложены разные методические рекомендации, соответствующие разным этапам обучения. Акцентируется внимание не только на языковой форме высказывания, но и на содержательной.*

### *Summary*

*The article discusses the features of scientific and methodological foundations and different ways while teaching the Kazakh language. This article provides various guidelines and related to different stages of training. The attention is focused not only on the linguistic form of expression, but also in content.*

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану – заман талабы. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының елбасы Н.Ә. Назарбаевтың кезекті Жолдауында қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, дамыту және жетілдіру мәселелері сөз болғаны баршамызға мәлім. Сондай-ақ, Елбасы: «Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз. Тілді заманға сай үйлестіріп, терминология мәселесінен консенсус іздеу керек. Сонымен қатар, әбден

орныққан халықаралық және шет тілінен енген сөздерді қазақ тіліне аудару мәселесін біржола шешу қажет. Бұл мәселе оқшауланған қайраткерлердің ортасында шешілмеуге тиіс. Үкімет мұны реттегені жөн» дегенді нақты тапсырған еді.

Бүгінгі күні қазақ тілінің оқу орындарындағы өзге тілді аудиторияларда оқытылуына арналған көптеген ғылыми-әдістемелік ізденістер жасалып, олардың нәтижелері оқыту үдерістеріне енгізіліп те жатыр. Олар қазақ тілін деңгейлеп және коммуникативтік бағытта, жаңаша жаңғыртып оқыту (Қ.Қадашева), қатысымдық тұрғыдан оқыту (Ф.Оразбаева), мамандықты ескеріп, кәсіби бағытта оқыту (Р.Шаханова) т.с.с. бағыттар бүгінгі күні айқындалып, қазақ тілін оқыту үдерісінде өздерінің кең қолданыстарын тауып отыр. Дегенмен де, қазақ тілін өзге тілді аудиторияларда оқыту әдістемесінде өзінің шешуін күтіп жатқан мәселелер де аз емес, соның ішінде екінші тілді оқытуда орталық проблема болып саналатын тілдік материалдың саналы жүйеленуінен шығатын тілдік білім мен сөйлеу білігінің коммуникативтік біліктерге сүйенуі принципіннің жоғары және орта арнаулы оқу орындарының қазақ тілі бойынша оқу-әдістемелік базасында әлі де болса толық көрініс таппай отырғаны. Бұл жерде тілдік материал деп отырғанымыз екінші тілді игеру үдерісінде оқытылуы тиіс фонемалар, әріптер, интонемалар, сөздер, сөз тіркестері, дайын айтылымдар, грамматикалық формалар мен құрылымдар және тағы да басқа қазақ тілін оқыту мазмұнының маңызды бөлігін құрушы тілдік бірліктер. Қазақ тілінің оқытылу тәжірибесін талдау барысында тілді игерудегі оқушылардың қазақша айту нормаларын сақтауда көптеген кедергілерге тап болатындарын аңғардық. Соның ішінде фонетикалық интерференция құбылыстарының орыс тілді оқушылар үшін көптеген қиындықтар туғызатыны анықталды.

Өзім қызмет жасайтын мектепте жаңа ақпараттық технологияларды қолдану кеңінен қарастырылған. Қазақ тілі кабинетінде интерактивті тақта орнатылған. Сондықтан, бұл тақтамен әр сабақты қызықты өткізуді ойластырып, жоспарлаймын, себебі қолда бар мүмкіндіктерді пайдалану арқылы оқушыларды жаңа заман технологиясымен жұмыс жасауға үйретеміз. Интерактивті тақтаның келуіне байланысты оқытудың жаңаша әдісі пайда болды. Мұғалімдер өз сабақтарында мейлінше интерактивті тақтаны пайдалана отырып, жан-жақты ізденіп, сабақтарын қызықты, әрі тартымды, нәтижелі өткізуге тырысуда. Интерактивті тақтаның мүмкіншілігі шексіз.

Оқушылардың жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып, коммуникативтік шығармашылық күзиретін дамыту. Оқушының тілдік қорын дамыту, іс жүзінде ауызша сөйлей білуге үйрету. Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдерімен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы мақсатты жүзеге асыруда ақпараттық технологияны пайдалану әдісі зор рөл атқарады. Мектеп пәндерін оқыту процесінде интерактивті тақтаны пайдалану мұғалім мен оқушы қарым-қатынасы жүйесін, олардың білімге деген қызығушылығының, ізденушілікке деген ынтасының, сезімінің өсуіне әсер етеді. Сондықтан білім берудегі барлық оңды өзгерістер педагогтың жаңаша ойлау тәсілімен, жаңа шығармашылық іс-әрекеттерімен, ізденушілігіне байланысты.

Сабақ үстінде оқушының жүйелі жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызу, сабақтың тақырыбына сай нақтылы міндет қоя білу – ол әрбір мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Өйткені, оқушыларды терең әрі жинақты біліммен қаруландыру, олардың шығармашылық қабілетін, қызығушылық талғамын дамыту, өз бетінше білімін толықтандыруға дағдыландыру сияқты күрделі жұмыстар сабақ барысында қалыптасады. Бұл әрбір мұғалімді ойландырып, жаңаша жұмыс істеуге, жаңа ізденістерге жетелейді. Әрбір мұғалімнің негізгі алға қойған міндеті – шәкірттерінің ой-өрісін кеңейтуге, биік адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.

Жаңа технологиялардың және интербелсенді ақпараттық телекоммуникациялардың дамуы, оқу ортасының өзгеруі қазақ тілін оқыту әдістемесі методологиясына жаңаша көзқарасты талап етеді. Қазіргі таңда жаңа технологиялар біздің жеке және кәсіби өмірімізде

күннен күнге маңызды болып келеді және қазақ тілін үйренудің сапасын өзгертуге теңдессіз үлес қосары хақ. Қазақ тілін Интернет арқылы оқытуды сөз қылмас бұрын қазақ тілі оқытушыларының компьютерлік сауаттылығы мен медиа сауаттылығы болуы жайында айтқан жөн болар. Өкінішке орай, көп мұғалімдер бұл жаңа заман талабының мәнін терең ұғына бермейді екенін тағы білеміз. Бұл факт жалпы оқу және оқыту парадигмасы қанша өзгергенімен, ұстаздың шәкірт алдында әрдайым “ұстаз” болуы қажет деген ұстанымды жоққа шығармайды. Мақалада қазақ тілін online арқылы оқытудың тиімділігі мен оның теориялық мәні сөз болады. Басты сөздер: қазақ тілін online оқыту әдістемесі, интербелсенді ақпараттық технологиялар, виртуалды оқыту, мультимедиа ресурстар, оқытудың жаңа парадигмасы.

Қазіргі таңда қазақ тілін екінші тіл ретінде орыс тілді аудиторияда оқыту әдістемесінде болсын, қазақ тілін шетел тілі ретінде оқыту әдістемесінде болсын оқылым, жазылым, тыңдалым және сөйлесім дағдыларын online арқылы дамытуды ғылыми-теориялық негізде зерттеу мәселесі аса маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Бұл қолданбалы ғылым болып табылатын әрі лингвистикадан басқа педагогика, психология, элеуметтану, әдебиет, философия, тарих, мәдениеттану сияқты корпоративті ғылымдар нәтижелерін басшылыққа алатын қазақ тілін оқыту әдістемесі теориясының қазіргі таңда электрондық технологиялар жетістіктерін ескеру қажеттігімен толықты. Оқытушыға қойылатын күрделі талап жан-жақты білімді мамандар қажет дегенді білдірсе керек. Мәселен, электронды кітаптар, CD, оқыту сипатындағы бейнематериалдар мен бейнебағдарламалар қазақ тілінің артикуляциялық техникалар үлгісін ұсынуымен құнды болмақ.

Осылардың барлығы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дәстүрлі әдістемеге қарағандағы артықшылықтарын пайдалану арқылы тіл үйренушінің білім сапасының артуына, қатысымдық құзіреттілігінің қалыптасуына ықпал етеді. Тілдік білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану тіл үйренушілерді әлемдік мәдени құндылықтарға, ақпараттық ресурстарға жақындатып алып келеді, шынайы мәдени аралық коммуникацияға жағдай жасайды. Бұл технологияның тіл үйретудегі мүмкіндіктері ғылыми-теориялық тұрғыдан жан-жақты дәлелденген, тек практикалық тұрғыдан жүзеге асыруға мамандардың дайындығы арта түсуі қажет. Алдағы уақытта жоғары талаптарға жауап беретін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың түрлері арта беретіні сөзсіз.

Сондықтан қазақ тілін оқыту-үйрету үдерісінде бұл технологияларды ұтымды қолдану үшін оқытушылардың өз кәсіби шеберліктерін, ақпараттық-технологиялық құзыреттілігін үнемі дамытып отыруы талап етіледі.

Оқушылардың көпшілігі естігенінің 5% және көргенін 20 % есте сақтайтыны белгілі. Аудио – және видеоақпаратты бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40-50 % дейін арттырады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесін әлемдік ақпараттық білім кеңістігінің деңгейіне көтерудің тиімді жолы – білім беру саласын толықтай ақпараттандыру. XXI ғасыр – жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Тәуелсіз Қазақстан да сол ғасырға нық қадам басты. Еліміздегі барлық білім ошақтары компьютер және интерактивті тақтамен жабдықталуда. Қазіргі заманғы, ғылыми-техникалық үдерістің қарқыны күннен-күнге өсуде. Сонымен қатар, білім беру жүйесінің алдына да жаңа міндеттер жүктелуде. Білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияны практикада меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа ақпараттық технологияны меңгеру мұғалімнің білімін шыңдап ғана қоймай, интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және тағы басқа көптеген адами келбетін қалыптастыруына ықпал жасайды.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Заурбекова Г.

### Түйіндеме

Бұл мақалада қазақ тілі сабағында студенттердің қатысымдық дағдыларын дамытуға бағытталған ойын тапсырмаларының кейбір түрлері қарастырылады.

Кілт сөздері: ойын, ойын тапсырмасы, қатысымдық ойын, ойын әрекеті, тіл үйренуші, қатысушы.

### Аннотация

В этой статье рассматриваются учебные игры используемые на занятиях практического казахского языка.

### Summary

This article considers academic plays, used at the lessons of the Kazakh practical language.

Ойын тапсырмалары – тілді оқыту процесінің ажырамас бөлігі. Тіл оқыту әдістемесі бойынша ойындар жалпы алып қарағанда тілдік және қатысымдық деп бөліп қарастырылады. Тілдік ойындарда дәлдік, нақтылық керек, мәселен, сөздің дұрыс тұлғасын, антонимін, синонимін, т.б. атау керек болады. Қатысымдық ойындар жемісті түрде ақпараттармен алмасуды көздейді. Мұнда тілдік жағы бұрынғысынша маңызды болғанымен, мақсатты түрде оны көздемейміз. Ойынның осы екі түрі арасында шекара шартты болғанымен, қатысымдық ойындарды жүзеге асыру үшін лексика мен грамматиканы орынды және дұрыс қолдану талап етіледі. Сондықтан қатысымдық ойындарды даярлау барысында қажетті тілдік материалдарды, бұл материалды студенттің меңгеру деңгейін анықтап алу қажет.

Тілдерді үйрету әдістемесімен шұғылданатын көптеген ғалымдар ойын әдісін қолданудың тиімділігіне назар аударып келеді. Ойын арқылы кез келген адамның, оның ішінде тіл үйренушінің қабілеттері толық және күтпеген жерден ашылуы мүмкіндігімен түсіндіріледі.

Ойын тапсырмаларының тілді үйретуде танымал болуы өте негізді. Олардың ең басты қызметтерін де атап шықсақ, олар: тілге деген қызығушылықты арттырады, оқу процесін жемісті етеді, студенттің осыған дейін жинақтаған білімін бекітеді, ақпараттарды жинақтап, қорытады, ойын барысында шынайы өмірдегі жағдаятқа жуықтатылған қарым-қатынас орнатылады, тіл үйренушінің қатысымдық әлеуеті барынша жүзеге асырылады, осылайша сөйлеп кетуіне тұсау болып келген «тілдік кедергі» сейіледі, бірлесе жұмыс істеу, топ ішінде өзін көрсете алу, тілдік әрекетінің көлемі ұлғаяды, қате жіберуден қорықпайтын болады, оқытушы топтарды аралап жүріп, бақылаушы рөлін атқарады, қателерді жазып алып, сосын оны қарастырып отырады, ойын тапсырмаларын беру арқылы оқытушы студенттердің білімін сараптай, бақылай алады. Сонымен ойын тапсырмалары өз кезегінде оқу процесінің диагностикалық өрісі де болады алады екен.

Біз сөзімізді сабақтай келе сабақ барысында қолданатын ойын тапсырмаларының кейбіріне тоқталайық.

**«Адасқан адамға көмектесу» ойыны.** Бір студент адасқан адамның рөлін ойнайды, ойын жүргізушісі «Мына кісі адасып қалыпты. Көмектесейік!» деп, үн тастайды. Әртүрлі жастағы адамдар немесе олардың жасы көрсетілген (сурет болса, тіпті жақсы) және ойыншының нөмірі көрсетілген теріс қаратылған карточкалар беріледі, әлгі адасқан адам рөліндегі студент оны бір-бірлеп алып, кейіпкердің образына кіреді, нөмірі сәйкес келген студент адамның жас ерекшелігіне қарай кеңес, көмек береді, адасқан бала болса, ол қатты бақырып жылауы мүмкін, оны жұбату қажет болады. Тапқырлық тапқан студенттер жеңіске жетеді.

**«Құпия нәрсе» ойыны.** Топтардың санына қарай бірнеше қысқаша мәтін беріледі және мәтіннің санына сәйкес бірнеше зат қорапшаға салынады. Ойынға қатысушылар алдымен мәтінді, содан кейін қораптың ішіне қарамай, бір ғана затты алып шығады да, осы зат пен мәтінді кіріктіреді, заттың мәтін мазмұнына сөзсіз қатысты екенін табады. Ең шебер кірістірген студент жеңімпаз болады.

**«Көңіл-күйімді неге ұқсатамын?» ойыны.** Ойынға қатысушылар шеңбер құрып отырады. Әркім өзінің көңіл-күйін дәл сол күнгі ауа райына, жыл маусымына, құбылыстарына ұқсатады. Ойын соңында көңіл-күйге қатысты айтылған сөйлемдер белгілі бір сөйлем құрылымы бойынша бірнеше рет қайталанып айтылуы мүмкін. Мысалы: Біреу «менің көңіл-күйім көтеріңкі, мен оны даладағы жауқазындарға ұқсатамын» десе, келесісі «менің көңіл-күйім жабырқау, мен оны күзгі жаңбырға ұқсатамын» деуі мүмкін. Студенттерден сөз шеберлігі талап етіледі.

**«Сыйлық беру» ойыны.** Ойын жетекшісі қораптың ішіне салынған нәрсені бір-бірден алады да, өзі қалаған адамға «Мен саған осы затты сыйлау себебім: сен ең жомарт адамсың!» деп айтып, сыйға тартуы тиісті екенін жеткізеді. Бұл жерде адамның жеке қасиеттеріне қатысты сөздер тілдесімге белсенді түрде қатыстырылады. Мысалы: «Мен саған осы затты сыйлау себебім, сен ең қызық адамсың! Мен сені кейде тіпті де түсінбей қаламын».

**«Дұрыс тап» жұмбақ жасыру ойыны.** Тауып көріңіз: а) бұл ойында шағын мәтіндер даярланады. Оның мазмұнын тыңдай отырып, әңгіме кім туралы болып жатқанын табу қажет болады. Мысалы: «Балдақсыз жүре алмайды. Үнемі аяғының ауыратын айтады. Тез шаршайды және өзін әлсіз сезінеді». Сонда бұл кейіпкер қандай адам және қанша жаста болуы мүмкін? ә) бұл ойынға тәж әзірлеу қажет, тәжді киген студент көзін жұмып отырады, оқытушы стикерге салынған тәжге спорттың эмблемасын (белгілі бір түрі) жапсырады, ортадағы студенттен басқаның бәрі оның спорттың қай түрімен айналысатынын біледі, сұрақ қоя отырып жолдастарының көмегі арқылы жауабын табуы керек. Мысалы, ортадағы студент «Мен жақсы жүгіре аламын ба?» деп сұрайды. Қалған студенттер оған жауап беруі тиіс, сұрақ қойып тұрған студент өзінің спорттың қай түрімен айналысатынын таба білуі тиіс. б) бұл жерде өлең шумақтары, бірнеше заттың суреттері мен дайын фразалар кеспесі даярланады, жауап беруші өлеңнің мазмұнына сәйкес сурет пен фраза кеспесін тауып, оны байланыстыра отырып, ой салатын сөйлем құрастырады, ойынға қатысушының сыңары оған лайықты жауап бере алуы тиіс. Мысалы:

Қорқытпа, менің баламды,

Гулей соққан, ақ боран!

Балам әже қойнында,

Келе алмайсың сен бұған. («Абай жолы» эпопеясынан)

Ойынға қатысушы бұл шумаққа бесіктің суреті мен «Жылама, бөпем, жылама» деген фразаны таңдап алады.

**«Мадақтау» ойыны.** Шеңбер құрып, қолұстасып тұра қалып, оң жақтағы көршісіне мадақсөз, қошеметтеу сөзін арнайды, көршісі өз кезегінде басын иіп, ризашылығын сөздер арқылы білдіреді. Егер тіл үйренуші бөгеліп, көршісін мадақтай алмай жатса, қолдау көрсетіп, жетектеу, демеу мағынасындағы сөздерін айтып көмектесіп жіберу қажет болады. Қайталауға болмайды.

**«Сәлемдесу» ойыны.** Топ ішінде «Сәлем! Қалайсың?» деген қарапайым сөздермен ойынды бастайсыз, жауап беретін студент кем дегенде екі сөйлеммен жауап береді.

**Фразеологиялық ойын тапсырмасы.** «Қақпа» – жақсы оқитын екі студент алға шығады, қолдарымен ұстасып, қақпа жасайды, қалғандары нақты бір тұрақты тіркесті пайдаланып сұрақ қояды, сұрақтың дұрыс қойылуына қарай қақпа ашылады және сондағы рұқсат карточкасын алып ары қарай өтеді, мысалы «5 қақпа ашылды», сұрақ түсініксіз және құрылымы жағынан дұрыс болмаса қатысушы сыртта қалып қояды. Бұл ойынды барлық тақырыпқа байланысты да, «бекеттер» бойынша ойнаған кезде бір бекеттен келесі бекетке



өту үшін де қолдануға болады. Мысалы: «Неліктен үйінде жіпсіз байланып отырсың?», «Неге жаның мұрныңның ұшында тұр?» және т.б.

**«Не жетіспей тұр?» ойын тапсырмасы.** Үстел бетіне студентке белгілі, өтілген тақырыпқа қатысты деректі заттардың суреті жайылады. Әр тақырыпқа үш сурет берілуі тиіс, бірақ бір сурет жасырын беріледі, ойынға қатысушы ол суретті қаншалықты қажетті екендігін, маңыздылығын айтып табуы тиіс. Егер жасырынған суреттердің атын көбірек тауып, дұрыс атаса, сол жеңіске жетеді.

**«Театр» ойын тапсырмасы.** Оның ұстанымдары: а) ешқандай дайындық жұмысының қажеті жоқ (сценарий, костюмдер және т.б.); ә) сахналау тікелей сабақ үстінде, 10-15 минутта өтеді; б) сахналау материалына студенттерге де, өзімізге де жақсы таныс ертегілер, олардың фрагменттері алынады. Театр ойынын сабақта қолдану өте тиімді, өйткені әрбір студент өзінің актерлік қабілеттерін де байқағысы келеді. Сабақтағы сахналық қойылым – тілді үйренуге қатты ынталандырады, олар табиғи жағдайға жуықтатылған айшықты ортаны жасауға көмектеседі. Студенттер тездетіп тілдесімдік құрылымдар мен қалыптарды меңгереді, содан кейін басқа қатысымдық міндеттерді орындауда оларды автоматты түрде қолданады.

**«Ортақ қасиеттері бар ма?» ойын тапсырмасы.** Өзара байланысы жоқ екі сөзді аламыз, мысалы кеме мен тәрелке. **Осы заттардың ұқсастығын көбірек табу керек, жауаптар осы нысандардың айтарлықтай немесе болмашы белгілерін қамтуы мүмкін, мысалы:** «ішкі жағы, тереңдігі», «сүйікті». Ұқсастығын көбірек топқан қатысушы жеңіске жетеді.

**«Айрықша қолданыс» ойын тапсырмасы.** Өте таныс зат мысалға алынады, оны қолдану тәсілдері барынша көп аталуы тиіс, мысалы: қолшатырды қолдану, жаңбырдан, күннен қорғану, жүргенде балдақ сияқты, тірек жасау үшін; сыйлық ретінде беру, бизнес құралы ретінде, тек зақымдауға байланысты әдістерді мысалға келтіруге болмайды. Қолшатырды қолданудың әдіс-тәсілін көбірек тауып айтқан студент жеңіске жетеді.

**«Себеп және салдар» ойын тапсырмасы.** Өзара байланысы жоқ оқиға алынады. Мысалы: «кішкентай қыз гүл құмырасын құлатып алды», «бір ықшамауданда жарық сөніп қалды». Бір оқиға келесімен байланысты болуы керек және керісінше. Бұл жағдайда мынадай сөйлемдерді келтіруге болады: «Гүл құмырасы терезенің астынан өтіп бара жатқан электріктің басына құлап кетті. Оны ауруханаға әкетті, ал оның алдында әлгі электрік желіні жөндеймін деп аудандағы жарықты сөндірген екен». Кері оқиға: «Кішкентай қыз гүлді суарғысы келді. Сол кезде жарық сөніп қалды. Қараңғыда байқамай құмыраны құлатып алды». Жақсы байланысқан, үйлесімді оқиға ойлап студент жеңімпаз болады.

**«Түйін сөздер» ойын тапсырмасы.** Бұл ойынның мақсаты: тыңдаған мәтіннің қысқаша аңдатпасын жасау, түйін сөздерін табу, сондай-ақ қатысымдық жағдаяттың түйіні болып табылатын нүктені табу. Оқытушы ерікті студентті ортаға шақырады, ол өз өмірінен қысқаша бір эпизодты айтып береді, бұл эпизодта қандайда бір проблеманың болғаны дұрыс және егер әңгімелеуші бұл проблеманы әлі де шеше алмай жүрсе, тіпті де жақсы болады, оқытушы студентті оның әңгімесі мұқият талқыланатыны туралы алдын ала ескертеді. Егер сөйлеп тұрған студент жаңылып қалса немесе тоқтап қалса демеп қою керек. Қалғандары мұқият тыңдайды. Әңгіме аяқталған соң оқытушы қатысушыларға әңгімені талдап, мәтін бойынша 7 түйін сөзді анықтауын сұрайды. Түйін сөз әңгіменің ең бір өзіне тән сәттерін, проблеманы көрсету үшін керек, мұнда сөз тіркестерін бір сөздің есебінде беруге болады. Қатысушылар 7 түйін сөзді анықтайды, артығы болса, елеп-екшеп алып тастайды. Кейбірін біріктіруге де болады. Бұл жерде әңгімелеуші бұл процеске қатыспайды, түйін сөздер тізімі дайын болғанда келесі әңгімешіге кезек келеді, осылай бірнеше мәрте қайталаған дұрыс. Тапсырма соңында талқылау болады, мұнда оқытушы қатысушылармен бірге әңгімелеушінің сөзіндегі түйін сөздерді анықтауға көмек беретін жағдаятты қарастырады. Ойын жүргізуші әрбір түйін сөз қандай да бір бағыт бойынша сұхбат құруды бастайтын нүкте екендігіне назар аудартып, көздерін жеткізеді. Мұнда кейде әңгімелеуші осы түйін сөздерді әдейі қолданса, кейде еріксіз қолданатынын байқауға болады.

**«Ғажап сөздер» ойын тапсырмасы.** Бұл ойын да қатысымдық дағдыларды дамытуды, сөздік қорды байытуды және әңгімелесу кезінде зейін қою дағдысын дамытуды көздейді. Оны орындауға шамамен 15-20 минуттай уақыт жеткілікті. Қатысушылардың санына шарт қоюдың қажеті жоқ, қанша студентіңіз болса да, қатыса беруіне болады. Қатысушылар шеңбер бойымен отырады, олардың бәріне таныс шығарма тақырып ретінде алынады және олардан осы шығарманың мазмұнын белгілі бір тәртіппен айтып беру талап етіледі, кезегі бойынша әр ойыншы шығарманың мазмұнын ашатын бір фразаны айтады, бұл фраза үш-төрт сөзден артық болмауы тиіс, және мұнда алынған әрбір сөз бірегей болуы тиіс, яғни тапсырма барысында екі мәрте қайталанбауы тиіс. Бұл ереже барлық сөз табына қатысты. Ережені бұзып, кімде кім екі-ақ сөзден тұратын қысқа фраза немесе өте ұзақ фраза айтатын болса, қайталаса, ойыннан шығады. Ортада ең соңына дейін жеткен ойыншы жеңімпаз атанады. Кейде осы тұста талас туындап жатады, мысалы «Сұлу», «сұлу емес» деген сияқты сөздер болса, «сұлу еместің» орнына, дұрысы, «көріксіз, ұсқынсыз» деп алған жөн болар еді, бірақ ойын төреші болсын десе, ойынды жалғастыра береді. Мысалы «сұлу, сұлулау, сұлуырақ, сұлуша» деп келетін сөздерді алдын ала келісіп алу керек. Егер топтың сөйлеу деңгейі төменірек болса, оны ескеру қажет.

Осы қарастырған бірнеше ойын түрлерін қарастыра келе, қазақ тілі сабағында әртүрлі әдістерді қолдану сабақтың мазмұнын ашуға да ықпал етеді, ойынның арқасында студент сөзді дұрыс айтуға ынталанады, лексикалық және грамматикалық материал белсенді түрде қолданысқа түседі, тыңдау, ауызекі сөйлеу дағдысы дамиды деген қорытындыға келеміз. Ойын барысында студенттің шығармашылығы, ойлау қабілеті дамиды, бір-бірімен өзара әрекеттесе отырып, жұмысты тең атқарады, қымсыну сезімін, тілдік кедергіні, шаршауды жеңудің жақсы жолы болып табылады. Сабақтың кез келген түріне ойын элементтерін енгізуге болады, ойын тілді үйрену кезіндегі ең күшті ынталандырушы болып табылады.

### ӘДЕБИЕТ

- 1 Пассов Е. И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению – М.: Просвещение, 1991. – С.67-85.
- 2 Тюкало О. Коммуникативные игры при обучении говорению. / О. Тюкало / Интернет-издание журнала для учителя иностранных языков, 2012. URL: <http://iyazyki.ru/2012/09/communication-govoration>
- 3 <http://vseuroki.pro/doc/400-igr-dlya-razvitiya-kommunikativnyh-navykov.html>
- 4 <http://trenerskaya.ru/article/view/uprazhneniya-na-kommunikativnye-navyki>
- 5 [https://www.psyoffice.ru/7/training/communication/key\\_words.html](https://www.psyoffice.ru/7/training/communication/key_words.html)

### ОСОБЕННОСТИ ДИАЛОГА ПРИ ОБУЧЕНИИ РУССКОМУ ЯЗЫКУ

*Диярова Г.Д.*  
учитель

*Түйіндеме*

*Мақалада диалогтық тілдесімнің ерекшелігі туралы сөз болады. Жылдам диалогтық тілдесім болу үшін диалогтың түрлері, диалогтың деңгейлік дамуы қарастырылады.*

*Summary*

*This article touch's upon the peculiarities of a dialogue in learning language.*

*Dialog will speak about the specifics of the communion. Quick dialog conversations to be considered in the development of the dialog level dialogue.*

Для человека самое главное – это общение. Язык обеспечивает эту потребность человека, то есть вербальную коммуникацию. Разговорная речь состоит из обмена высказываниями участников диалога, которые оказывают друг на друга определенное влияние.

Мы обучаем не только нормам иноязычного произношения, грамматическим правилам и лексике, но и использованию этих языковых единиц в разных жизненных ситуациях.

Основной задачей современного языкового образования является установление взаимопонимания между представителями разных культур. Реализация данной задачи связана с развитием у изучающих русский язык качественных характеристик вторичной языковой личности, делающих их способными быть эффективными участниками межкультурной коммуникации. Становление вторичной языковой личности неразрывно связано с формированием у обучаемых коммуникативной компетенции- способности организовать свое речевое и неречевое поведение адекватно задачам общения.

«Общение – это взаимодействие двух или более людей, состояние в обмене между ними информацией познавательного или аффективного – оценочного характера» [1: 288]. Таким образом, речь идет о речевом взаимодействии участников коммуникации. Нам представляется достаточно актуальным рассматривать такой вид общения, как общение, имитирующее реальное. «Осуществляя данный тип общения учащиеся воспроизводят готовые акты речи, т.е. они не выражают собственные мысли, а сообщают чужие... В учебном процессе имитирующее общение необходимо, поскольку оно готовит к свободному общению, давая образцы реализации наиболее распространенных коммуникативных намерений в речевых актах» [2: 3]. Имитирующее общение знакомит обучающихся с речевым и неречевым поведением носителей языка в определенных коммуникативных ситуациях, а также с языковыми средствами, которые отражены в речевых актах. Имитирующее общение, является основой овладения реальным общением. Наиболее распространенной формой реального общения является диалогическая.

Диалогическое общение находит свое отражение в диалогическом тексте. Особенностью диалогического общения является контактность обучающихся. Это подразумевает учет речевого и неречевого поведения партнера, знание обстоятельств и возможно собеседника. Поэтому для диалогического текста характерны эллиптичность предложений, недоговоренность, которые восполняются в реальном общении жестами, мимикой.

Диалогическое общение является ситуативным, т.е. его содержание может быть понятно с учетом той ситуации, в которой оно осуществляется. Диалогический текст также является ситуативным, но может быть и контекстуальным, если содержание текста полностью определяется лингвистическим контекстом.

Особенностью диалогического текста является его эмоциональная окрашенность. В реальном общении люди выражают свои переживания, чувства, отношение друг к другу. Выражением их чувств, настроений являются реплики удивления, восхищения, согласия, несогласия и т.д. По степени эмоциональной окрашенности диалогический текст может быть нейтральным, умеренно эмоциональным или повышенно эмоциональным. В процессе обучения уместно вести речь об общении, которое является нейтральным и умеренно эмоциональным.

Диалогический текст состоит из реплик, которые структурно – функционально и семантически объединяются в диалогические единства.

Речевая компетентность является определяющей, т.к. ее формирование отвечает личностным потребностям обучающегося русскому языку, создавая для него в будущем перспективы профессионального роста.



Участники процесса создания и восприятия диалога должны приобрести и умения раскрывать свою индивидуальность, вступая в общение, и ограничивать свою индивидуальность, чтобы вступить в общение.

Языковая коммуникация не ограничивается задачей простого сообщения, в нее входит задача передать это сообщение так, чтобы оно воздействовало на слушателя – на его разум, чувства, волю. Всякая речевая деятельность имеет активный целенаправленный характер. Цель коммуникативного акта состоит в том, чтобы слушающий понял не только что мы говорим, но также и почему мы это говорим, то есть нам нужно, чтобы наша речь выполняла некоторую особую функцию. Назначение данной функции заключается в том, чтобы в результате понимания нашего сообщения слушающий был побужден либо к изменению своих представлений об окружающем мире, либо к осуществлению в этом мире нужных вам изменений (просьба или приказание), либо к ожиданию каких-то событий или действий в будущем (обещание, предупреждение) и т.д.

Развитие речи учащихся – одна из главных задач в усвоении языка. Речь отдельного человека – один из важнейших показателей уровня его общей культуры, общей грамотности в самом широком смысле слова. Речь учащихся непрерывно развивается под влиянием различных условий (языковая среда, активность или пассивность учащихся в жизни, чтение книг и т.п.) Задача состоит в том, чтобы сделать этот процесс организованным, целенаправленным.

Работа по развитию речи может и должна найти место не только на специально отведенных программой часах, но и на уроках грамматики (морфологии и синтаксиса), фонетики, орфографии, пунктуации. Речь учащихся должна быть содержательной.

Для усвоения ритмической организации речи эффективно использование текстов – диалогов. Эти диалоги написаны на бытовые темы, связанные со студенческой жизнью (учеба, свободное время, отдых, отношения с товарищами и т.д.). Для лучшего понимания содержания диалогов и их интонационного оформления необходимо ясное представление, в какой ситуации они применимы. Для этого в одних случаях надо дать словесное объяснение ситуации, в других – проигрывает сценку перед студентами, что позволяет не только полнее и ярче вообразить ситуацию, но и легче запомнить, что и как надо говорить.

Главное достоинство диалогической речи, помимо ее общей простой структуры. Кроме того, диалогическая речь в большой степени ситуативна. Она связана с обстановкой, в которой происходит разговор, и контекстом. Диалогическая речь произвольна, реактивна: чаще всего реплики в ней представляют собой непосредственную речевую реакцию на речевой стимул или высказывание, содержание которого навязано предшествующим высказыванием.

Диалогическая речь течет сама по себе, каждое новое высказывание в ней обусловлено ситуацией и предшествующими высказываниями (контекстом); огромную роль играют разного рода клише и шаблоны, привычные сочетания слов, привычные реплики и т.д.

Речь не бывает вне ситуации. В диалоге именно ситуация определяет мотив говорения, который, в свою очередь, является источником порождения речи.

Ситуативность как одна из характерных черт диалога предполагает, что успешность диалогического общения на занятии во многом зависит от заданной ситуации и понимания учащимися речевой задачи общения.

При обучении русскому языку, чтобы достичь быстрого диалогического высказыванию необходимо раскрыть многообразие диалога, уровневое развитие диалога.

### ЛИТЕРАТУРА

1. Психологический словарь. – М.: Просвещение, 1983.

2. Елухина Н.В. Устное общение на уроке, средства и приемы его организации // Иностранные языки в школе. – 1995. – №4.

## ТІЛ ҮЙРЕТУДЕГІ ДИАЛОГТІК ЖӘНЕ МОНОЛОГТІК СӨЙЛЕУГЕ АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР

*Дүйсенбаева Р.И.*  
*аға оқытушы*

### *Түйіндеме*

*Бұл мақалада қазақ тілін шет тілі ретінде үйрету үдерісінде сөйлеуге арналған диалогтік және монологтік жаттығулардың өзектілігі айтылады.*

### *Аннотация*

*В этой статье рассматриваются актуальность диалогической и монологической упражнений в процессе обучения казахского языка как иностранного.*

### *Summary*

*This article discusses the relevance of dialogue and monologue exercises concerning the learning of Kazakh as a foreign language.*

Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда бүкіл оқу үдерісін анықтайтын негізгі және жетекші мақсат - коммуникативтік мақсат екені белгілі. Тілдік қатынастың негізгі формаларының бірі - диалогтік сөйлеу. Өзіміз күнделікті сабақта пайдаланып жүрген тілдік үлгілердің сан алуандығының, ауызекі сөйлесудің нәтижелеріне қарап диалогтік сөйлеудің монологтік сөйлеуге қарағанда күрделі екенін байқаймыз. Себебі диалогтік сөйлеуден кейін монологтік сөйлеуде пайдаланатын жекеленген тілдік үлгілердің бәрі осы диалог арқылы меңгеріледі, тіл үйренушінің есінде сақталады. Сондықтан да қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту кезеңдерінде диалогтік сөйлеуге арналған жаттығулардың жүйелілігіне баса назар аударылады.

Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың бастапқы кезеңінде диалогтік сөйлеу бен монологтік сөйлеуді оқыту мәселелері осы әдістеменің ең басты мәселелерінің бірі болып табылады.

Тілдесудің диалогтік формасы- тілдің коммуникативтік қызметінің негізгі көрінісі. Алғаш диалогтік тілдесімде тіл үйренушілер бір бірімен сәлемдесуді, сәлемге жауап бере білуді көздейді.

Біздің мақсатымыз – тіл үйренушіден айтылым арқылы тілдесудің берілген жағдаятын құрғыза отырып сөйлеудің өнімді процесіне жету. Бұл әрине күрделі әдістемелік міндет. Оқытушы мен тіл үйренушілер үшін көптеген қиындықтар туғызады, көп уақыт пен күш-жігерді талап етеді. Сол себепті тілдік қызметті қалыптастыруға арналған мотивациялық деңгей мен сапалы база талап етіледі.

Жалпы диалогтік бірлік, диалогтік құрылымдық-мазмұндық типтері немесе бастапқы сөйлеу әрекетімен диалогті байланыстыру сызбасы бойынша хабар-хабарға әрекет; сұраныс ақпараты - оған әрекет; іздену – ізденуге әрекет; эмоционалды-экспрессивтік екенін білеміз. Белгілі бір тақырып бойынша диалогті әлеуетті байланыстыру сызбасын пайдалану тәжірибесі қазіргі таңда қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесінде де мазмұнды диалог жүргізудің біліктілігін қалыптастыруға, жетілдіруге оңды нәтижелерін беруде.

Әңгімелесуші пікірін бағалау, қарым-қатынасты қолдау, байланыстыра сөйлеу сияқты толық ой айту біліктерін дамытуға арналған түрлі тапсырмалар қосымша мақсат бола алады. Берілетін диалогтік жаттығулар ішінде оқиғаға сәйкес сөйлеу интенцияларын

калыптастыруға арналған сөйлеу жаттығулары, тыңдау және оқу негізінде сөйлеу жаттығулары, бағалау, құптау, келісу, келіспеу, қарсы болу сияқты сөйлеу міндеттерінен тұратын сөйлеу жаттығулары бар. Біз сабақтарымызда логикалық, жеке-коммуникативтік жаттығулармен бірге, әңгімелесушімен байланыс орнату, оны қолдау, сөйлеу әдебінің негізгі түрлерін қолдану, күнделікті тұрмыстағы, оқу үдерісіндегі жағдаяттар мен мәдениетанымдық тақырыптарды қамту, әңгімелесушімен пікір алмасу, оқылған, тыңдалған хабарламаларға өз пікірін білдіріп, өз көзқарасын дәлелдеу біліктері қалыптастырылып, жетілдіріледі. Сабақ диспут-сабақ, конференция-сабақ, дөңгелек үстел кездесу сабағы т.б. түрлерімен беріліп, оқытушы тіл үйренушілердің жеке ойын түзетеді, ынталандырады, талқылап, бағалап, түзетеді.

Диалогтік сөйлеу арқылы тіл үйренушілерге сұрақтарды, өтінішті, таңдануды, бұйыруды қолданып, бір-бірімен әңгімелесе білуге, мәліметтерді нақтылауды сұрауға, келіспеушілік, толықтыру, тілдік материал көлемінде өзара пікір алыса білуге дағдыландырамыз. Әртүрлі типтегі кішігірім диалогтар құрастыруды тапсырамыз. Біліктіліктерді жетілдіру мен дамытуда тіл үйренушілердің еркіндігін сақтау қажеттілігі туады. Диалогтік сөйлеу тек қана топтық әрекетке ғана тартылмай, тіл үйренушінің ойлау қабілетінің өсуіне, тіл байлығы мен қабілетінің дамуына ықпалын тигізеді. Диалогтік сөйлеу кезінде топ арасында талқылау жүзеге асады. Әр топ өз пікірін айтып, дәлелдеме жасайды. Ғылыми зерттеулер талқылаудың пікірталастық, топтық, зерттеушілік әңгіме деп үш түрін көрсетеді. Біздің тәжірибемізде базалық деңгейде талқылаудың екі түрі өз тиімділігін көрсетеді. Жоғары деңгейлі топтарда бірінші екінші үшінші түрі де іске асып жатад. Сабақтағы әңгімелесу әдісі - оқытушы үшін тіл үйренушінің тіл үйренуге деген ынтасын арттыратын қолайлы әдіс.

Ғалым Ф.Ш. Оразбаева сабақта тілдік қатынас үш түрлі жолмен немесе қалыппен іске асырылады деп, олардың түрлерін атап көрсеткен. Олар жұптық, топтық, ұжымдық. Осы диалог түрлерімен жұптық жұмысқа түседі. Диалогтің өзі сабақ өту кезінде әр түрлі әдіс арқылы жүзеге асады. Мысалы: сұрақ-жауап, рөлдік, тапсырманы орындату, жұптық жұмыс, диалогтік мәтінді оқу.

Әрбір сабақта қолдануға түсетін сұрақ — жауап әдісі — тіл үйренушілердің ынтасын арттырады, қызығушылығын оятады. Әрбір жаңа сабақты бастамас бұрын жаңа тақырыпқа байланысты дайындалған кіріспе сұрақ жауап, өткен сабақтағы лексиканы, грамматиканы қайталауға, бекітуге пәрмен болады.

Ал рөлдік ойындар - сабақ үдерісін жандандырып, тілді үйренуге деген қызығушылықты арттырады. Рөлдік ойындардың басты қызметі шынайы, дайындықсыз сөйлеуге қажетті ахуалды туғызу. Тіл үйренушілер сөйлеу жағдаятына ене отырып, тілді қатынас құралы ретінде пайдалануға ұмтылады. Ойынды өткізу үшін тіл үйренушілердің психологиялық дайындығын қалыптастыру маңызды компонент болып табылады. Тіл үйренушілер жағдаятты толық қабылдап, өзін еркін сезінуі қажет. Сондықтан тақырыптарға байланысты күнделікті сабақтарымызда тіл үйренушілерге рөлдік ойын тапсырмалары дайындалады. Тіл үйренушілер өздеріне таныс күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарды құлшына орындайды, сөйлеуге қызыға кіріседі. Үйренетін тілде сөйлеуге деген қажеттілік болмаса, сөйлеудің қаншама жолдарын меңгергенімен, ол жасанды рөл атқарады да, бірте-бірте өзінің өміршеңдігін жояды. Сөйлесімге деген қажеттілік оқытушы тарапынан да, тіл үйренуші тарапынан да бірдей болу қажет. Сөйлеуге үйретуде қоршаған орта мен жағдайдың әсерін ескеру оқу үдерісін тікелей өмірмен жалғастыратынын жоғарыда да айтып өттік. Сол себепті жағдаяттық көрініс өмірде болып жатқан құбылыстарды бірден түсініп, ауызша тіл арқылы жеткізіп беруге жол ашады. Сабақта сөйлеудің барлық формалары (монолог, диалог т.б.) сөйлеушілердің ыңғайына қарай атқарыла береді. Диалог жүргізуге арналған тірек схеманы пайдалану барысында тіл үйренушілер білімдерін тереңдетіп, жалпы ой-өрістерін дамытып қана қоймай, сонымен қатар коммуникативтік іскерліктері мен дағдылары жетіледі. Әр сабақта тақырыпқа байланысты диалог түрлерін өзгертіп отыруға да болады.

Ал мәтінді қысқаша мазмұндау – қарым-қатынас үдерісінде монологтік сөйлеуді дамытудың ерекше жолы. Тіл үйренушілерге сөйлеудің бұл түрі біршама қиындықтар туғызатыны да белгілі. Монологтік сөйлеудің бұл түрінің мақсаты – мағынасы аяқталған, бірізді, логикалық ой туғызу білігін дамыту. Сондықтан бұл кезеңде бір сөйлем деңгейінде тақырып бойынша бір ой түйю, бір аяқталған ойды айту, бір қыстырма сөз шеңберінде сөйлемдерді логикалық байланыстыра білу, бірнеше сөйлеу міндеттерін екі-үш және көп сөйлемдермен жеткізе білу біліктері қалыптасады. Осыған орай тіл үйренушілерге шартты сөйлеу, сөздік, коммуникативті жаттығулар молынан беріледі. Тіл үйренушілерге айту, оқу, тыңдау, жазу дағдыларының мәтінді түсініп тыңдау, мәтін құрылымын талдау, мәтінді қайта құру, монологтік сөйлеу біліктері ұсынылады. Сондықтан оқылған немесе тыңдалған мәтінді айту, берілген сөйлеу тақырыбы бойынша хабарлама жасау, радио немесе телеарнадан тыңдалған хабарламалар мазмұнын жеткізу, көрген фильм мазмұнын жеткізу, монолог-талқылау, монолог-сипаттау түріндегі жеке ойын айту дағдылары қалыптастырылады.

Жалпы монолог – бір немесе өзара әңгімелесуші-тыңдаушы тобына, кейде адамның өз-өзіне бағытталаған сөйлеу түрі екенін білеміз, сондықтан ол қабылдауға негізделген тілдік әрекеттің белсенді түрі. Монолог ауқымдылығымен, өзара байланыстылығы, логикалығы, дәлелділігі, ойдың толық аяқталғандығы, грамматикалық нақтылығы және кең таралған құрылымының болуымен сипатталады.

Монологтік сөйлеуге үйретудің мақсаты – тілдік монологтік білікті қалыптастыру:

- мәтінді әңгімелеу, суреттеу дайындау, берілген тақырыпқа шағын мәтін, әңгіме құрастыру;
- берілген тақырыпты логикалық бірізділікпен ашу;
- өз сөзіне пікір білдіру, дәлелдемелер келтіруді қоса отырып, өз пайымдауының дұрыстығын дәлелдеу.

Тіл үйрету мақсатында монологтік сөйлеудің түрін анықтау сөйлеу мазмұнына байланысты. Яғни суреттеу, хабарлау, баяндау, екінші дербестік дәрежесіне: жаттағанды қайта жаңғырту, әңгімелеу, жеке пікір білдіру; үшінші: даярлық деңгейіне (дайындалған, жартылай дайындалған және дайындалмаған сөз сияқты сөйлеу мазмұнын қолдану ләзім.

Қазақ тілін шет тілі ретінде меңгертудегі негізгі әрекет – қарым-қатынас үрдісі, сөйлеу қатынасы екендігі бүгінгі күні ақиқат екендігі белгілі. Сол себепті де мемлекеттік тілімізді басқа ұлт өкілдеріне, шет елдік тіл үйренушілеріне меңгертуде дүние жүзінің әдістеме ғылымында үлкен жетістіктерге қол жеткізіп жүрген қатысымдық бағытты ұстану бүгінгі күннің аса өзекті мәселелерінің бірі.

### ӘДЕБИЕТ

1. А. Байтұрсынов. Қай әдіс жақсы? // Жаңа мектеп. – 1928. – №4.
2. М. Балақаев. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. – Алматы: Мектеп, 1975.
3. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2000.
4. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. – 2 изд. – М.: Просвещение, 1991.

## ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПАСТЫРУ

**Ешимов М.П.**

*ф.ғ.к. доцент,*

**Мұсаева М.Г.**

*ф.ғ.к. доцент*

### *Түйіндеме*

*Мақалада қазақ тілін оқытудағы сөйлесім әрекетінің бір түрі жазылымның тіл дамытудағы рөлі туралы айтылады. Жазылым дағдысын дамытуда қолданылатын диктант түрлері және оқылым мәтіндері мен ондағы тапсырмалар жиынтығы да қарастырылады.*

### *Аннотация*

*В статье говорится о роли развития видов речевой деятельности в процессе обучения казахского языка. Кроме того, в связи с учетом требований, предъявляемых к обучению языков, важно владеть техникой чтения и понимания текстов. В статье рассматриваются различные виды заданий, применяемые с целью развития навыков чтения и понимания.*

### *Summary*

*In the article it is told about importance of speech activities development, such as reading and writing in teaching Kazakh as foreign. Technologies of reading and understanding of texts have analyzed in some examples.*

Сөйлесім әрекеті – әртүрлі ғылым өкілдерін қызықтырған күрделі мәселе. Ғалымдар сөйлесім әрекеті деген терминге қандай да бір ақпаратты, ойды баяндау және де екінші бір адамға жеткізу деген түсінік беріп жүр. Сөйлесім әрекетінің ғалымдар бекітіп, жіктеп көрсеткен бірнеше түрі де бар. Олар: оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім. Осы саралап көрсетілген сөйлесім түрлерінің бәріне ортақ көрсеткіш – ол ойды, хабарды, ақпаратты түсіну, екінші бір адамға дұрыс жеткізе білу болып табылады.

Біз мақаламызда осы сөйлесім әрекетінің бір түрі – жазылым әрекеті туралы сөз қозғамапқыз. Жазылым әрекетін қазақ тіл білімінде зерттеп, оның тіл үйренуде маңызды әрекеттердің бірі ретінде көрсетіп, ғылыми мақалалар мен құнды пікір білдірген ғалымдар да баршылық. Қазақ тіл білімінде Ф. Оразбаева тілдік қатынастың теориясын мен практикасын (оның ішінде сөйлеу әрекеттерін), Ф.Ж. Абдразақова қазақ тілін шетелдік студенттерге жазылым әрекеті арқылы үйрету әдістемесін, А.М. Мұратбекова қазақ тілінің кәсіби бағытталған лексикасын жазылым әрекеті арқылы оқыту әдістемесін арнайы зерттеген.

Қандай да бір шет тілін үйренуде жазылым әрекетінсіз ешқандай тілді меңгере алмаймыз. Онда міндетті түрде жазылым әрекеті болатыны белгілі. Ондай болмаған жағдайда әрбір адамның тіл үйренемін деген әрекеті сәтсіз болады деген сөз. Яғни жазылым әрекетін қолданбаған тіл үйренушінің сөйлеуінде, құрастырған сөз орамдарында әртүрлі қателер және жасандылық байқалып тұрады. Мұндай жағдайда меңгеруге бел буған шет тілінің ауызша сөйлеу мен жазба тілін толық түсіну әрекеті туралы сөз қозғаудың өзі артық.

Жазылым әрекеті сөйлеу әрекетінің ішінде тіл үйренушінің алған білімін, нәтижесін көрсете алатын түрі болып табылады. Тіл үйренушілердің тілді, грамматикалық материалды т.б. қабылдауы әртүрлі болады. Кейбір тіл меңгерушілер жаңа тақырыпты тез түсініп, соны қолдануда ешбір қате жібермей, ойын дәл әрі нақты көрсетіп, сол алған білімін сөйлесім әрекетінің барлық түрінде нақты жеткізе алып жататындары да кездеседі. Ал кейбір тіл үйренушілер грамматикалық материалды баяу қабылдап, айтылым, оқылым әрекеттерінде ойын дәл әрі нақты жеткізе алмауы да мүмкін. Ал жазылым әрекеті сол қателіктердің орнын толтыратын, тіл үйренушінің өз ойын, айтайын деген хабарды, қандай да жағдайға негізделген шығарманы асықпай ойланып, ой елегінен өткізіп отырып орындайтын дағдының бірі. Яғни сөйлесім әрекеттерінің басқа түрлерінде ойын сылбыр, баяу әрі өзіне



сенімсіздеу дәрежеде жеткізетіндер үшін жазылым әрекеті тіл үйренушілерге лайықты әрекеттердің бірі деген пікірлер де айтылып жүр.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да қазақ және орыс тілдерін шет тілі ретінде оқытуда 30 жылдан астам тарихы шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасында да аталмыш сөйлесім әрекеттерінің барлық түрлері, негізінен, жеке аспектілік пән ретінде оқу жоспарына енгізілген. Олар: оқылым, айтылым, жазылым, тыңдалым. Бұл әрекеттер грамматикадан алған білімдерін толықтырып, оны практикалық тұрғыдан дұрыс қолдана алу, сонымен қатар тыңдаған ақпаратын қабылдау, ести білу, және де ойын қағаз бетіне түсіре алу, мәтін құрастырып жаза білу, бұған қоса екінші бір адаммен қарым-қатынасты жалғастыра алу т.б. мәселелердің шешімін табуға ықпал етеді.

Жазылым әрекетінде жазуға тапсырылған жазбаша жұмыстың сәтті әрі көңілге қонымды дәрежеде болуы ең алдымен тіл үйренушінің сөздік қорының, тіл үйрену барысында жаттап, есіне сақтаған сөздік бірліктерінің мол болуына тікелей қатысты. Ал сөздік қор, сөздік бірліктер оқылым арқылы келетін әрекет. Сондықтан да қандай да бір тақырыпқа байланысты оқуға берілген мәтіндер және диалогтармен жұмыс жасауда, алдымен жаңа сөзді тіл үйренушінің есінде қаларлық дәрежеде түсіндіріп берген абзал. Сонымен бірге мәтіннен кейінгі жазба жұмыстарында мәтінде кездескен жаңа сөздерді қатыстыра отырып, жаттығу түрлерін берсе, тіл үйренушінің жаңа сөзді, сонымен қоса мәтінді, мәтіндегі ойды қабылдауы жеңіл әрі тиімді болады.

Шетелдік аудиторияда жазылым әрекеті тіл үйренушілерге қазақ тіліндегі 42 әріпті жазып үйретумен басталады. Шетелдік тіл үйренуші әріптің кітапта таңбалануы мен жазбаша түрін жиі шатастырып, кітапта таңбаланған күйінде жазатындары да болады. Сондықтан 42 әріптің жазбаша таңбалануын алғашқы сабақтарда меңгерте бастаймыз (оның ішіне әріпті дұрыс жазу, көркем жазу, үлкен және кіші әріптерді жаза білу т.б. кіреді). Әріптерді жазуды үйренген соң, дыбыстарды бір-бірінен ажырата жаза білуге, арналған жаттығулар, яғни осы сынды жазба жұмыстары жүзеге асырылады. Осы сияқты жазбаша тапсырмалар орындалып, әрі қарай сөйлем, шағын мәтін, диалог жазуға машықтанады.

Жазылым тіл үйренушіге қиын да күрделі жұмыс. Жазба жұмысының барысында тіл үйренушілердің білімдері бекіп, өз беттерімен жұмыс жасау дағдылары қалыптасады, яғни зейін қойып тыңдап, сұрақ қоя білуге, қажетті деректерді теріп алуға, сөздікпен жұмыс істей алуға үйренеді. Жалпы алғанда, оқылым мен жазылым әрекеті бір-бірімен тығыз байланысты әрі бір-бірін толықтырып тұрады. Екі әрекеттің ара-жігін ажыратып жату қажет емес деп есептейміз. Себебі оқылым әрекетінде жинақталған ақпаратты, грамматикалық және лексикалық білімді жазылым әрекетінде кең түрде пайдалануға болады. Бұл тіл меңгерушінің білімін, сөздік қорын дамытып қана қоймай, сөз тіркестері мен сөйлемді дұрыс құрастыра алу дағдысын да қалыптастырады. Мысалы, оқылым әрекетінде «Бос уақыт», «Атақты тұлғалар», «Түлкі мен ешкі» т.б. осы сынды мәтіндерді оқығаннан кейін тіл үйренушілерге оқылымда кездескен жаңа сөздер мен сөз тіркестерін, сонымен бірге грамматикалық категорияларды дұрыс және орынды қолдана алу үшін үй тапсырмасы немесе дәрісте орындалатын тапсырма ретінде «Бос уақытыңызды қалай өткізесіз?», «Сіздің елдегі атақты тұлғалар», «Ертегілер елінде» сияқты тақырыптардан тұратын мәтіндер жазу тапсырылады. Берілген тапсырманы орындау барысында тіл үйренуші лексика-грамматика курсы мен оқылым әрекетінде алған біліміне жүгінеді, оқыған, түйгенін жүзеге асырады.

Жазылым әрекетінде көркем шығармадан және елтанымдық мәтіндерден алынған үзінді беріп, сөйлемдерді толықтыру, аяқтау, сонымен қатар жарнама, хабарландыру, ойды аяқтауға және де мақала мазмұнын анықтайтын жаттығулар жиынтығын да беруге болады. Бұл тіл үйренушінің әртүрлі тақырыпта жазылған мәтінді және мәтіндегі ойды түсінуіне септігін тигізеді. Мұндай тапсырмаларды жазылым мен оқылым әрекетін тығыз байланыстыра құрастыра білгенде ғана ұтымды шығады деуге болады. Және де оқылымда оқыған мәтінін нақты әрі дәл түсінуіне көмектеседі. Соны нақтылай түседі. Жоғарыда

айтылған ойымызды түйіндей келе, жазылым әрекетінде мынадай тапсырмалар жиынтығын беруге болады:

- 1) Сөйлемді толықтыру;
- 2) Ойды аяқтау;
- 3) Берілген үзіндідегі мәтіннің мазмұнын анықтау;
- 4) Мәтін бойынша сұрақтар жазу;
- 5) Диалогты мәтінге айналдыру / мәтінді диалогқа айналдыру;
- 6) Мәтінге жоспар құру;
- 7) Мәтінді мағыналы бөліктерге бөлу, әр бөлімге ат қою;
- 8) Берілген мәтінді оқып, мәтін бойынша кестені толтырыңыз;
- 9) Берілген тақырып бойынша шығарма жазу, т.с.с.

Жазылым әрекетінде жоғарыда аталған жаттығу жиынтығы мен мәтіндерден бөлек жазылым дағдысын дамытатын қалыптасқан, қазақ тілін зерттеуші, әдіскер-ғалымдардың ұсынған әртүрлі жазба жұмыстарын жүргізуге болады. Солардың бірі – диктант. Диктант – тіл үйренушінің сауаттылығын тексере алатын жазба жұмыстарының түрі. Жазу жұмыстарының ішінде диктанттардың маңызы зор. Олардың мынадай түрлері қолданылады:

- 1) үйрету диктанты;
- 2) әріп диктанты;
- 3) буын диктанты;
- 4) сөздік диктант;
- 5) өздік диктант;
- 6) терме диктант;
- 7) бақылау диктанты, т.б.

Диктант көлемі жөнінде қазақ тілін шет тілі ретінде оқитын тіл үйренушілерге:

Бастауыш топ үшін (А1-А2) 10-20-50 сөз;

Жалғастырушы топ үшін (В1) 20-60-100 сөз.

Жазылым дағдысы тіл үйренушілердің тілдік қорын байытып, қарым-қатынасқа еркін түсуіне көмектеседі, сонымен қоса қарым-қатынасты жетілдіреді, білімін арттырады, ішкі ой-санасын байытады.

Тіл үйретуде сөйлесім әрекеттерінің жетістігі әрі тиімділігі көп болып отыр. Сөйлесім әрекеттерінің ішіндегі жазылым әрекетінің тіл үйретуде маңыздылығы, жазылым дағдысын арттыру үшін ұсынылатын тапсырмалар жиынтығы туралы мәселелерді жіктеп көрсетуге, нақты әрі дәлелді пікірлер білдіруге тырыстық. Бұл әрине, жазылымда берілетін тапсырмалар жиынтығын оқытушының тапқырлығына, мол тәжірибесіне де байланысты түрлендіріп отыруға да болады.

### ӘДЕБИЕТ

1. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2000. – 208 б.
2. Абдразахова Ф.Ж. Қазақ тілін шетелдік студенттерге жазылым әрекеті арқылы үйрету әдістемесі (жоғары оқу орындарының филология факультетіне арналған): пед. ғыл. канд. автореф... – Алматы, 2003. – 29 б.

### БИЛИНГВАЛЬДЫ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

*Ешмукамбетов А.О.  
мұғалім*

*Түйіндеме*

*Бұл мақалада билингвальды оқытудың ерекшеліктері дәріптелген. Сонымен қатар билингвальды оқыту әдісінің тиімді жолдары қарастырылған. Билингвалды оқытуда - қазақ*

тілі тек қана пән ретінде емес, кейбір пәндерді қазақ тілінде оқыту құралы ретінде қолдануының маңыздылығы көрсетілген. Сондай-ақ, билингвизм ұғымының мағынасы мен түрлері ашылып дәйектелген.

Кілт сөздері: билингвальды оқыту, билингвизм, әдіс, репродуктивті, продуктивті креативтік.

### Аннотация

В данной статье излагаются особенности билингвального обучения. А также рассматриваются эффективные пути методов билингвального обучения. Билингвальное обучение - используется не только как предмет обучения казахского языка, но и в качестве средства обучения, подчеркивается важность применения некоторых дисциплин на казахском языке. Раскрывается виды и смысл понятия "билингвизм".

Ключевые слова: билингвального обучения, билингвизм, метод, репродуктивный, продуктивный билингвизм, креативный.

### Summary

This article deals with the peculiarities of bilingual education. At the same time the effective ways of bilingual education methods are considered. The Kazakh language is used not only as a subject in bilingual education, but the importance of teaching some subjects in the Kazak language as a tool is described in the article. As well as the meaning of the concept "bilingualism" and its types are analyzed and proved.

Keywords: bilingual education, bilingualism, method, reproductive, productive bilingualism.

Н.Ә. Назарбаевтің Қазақстан халқына арналған Жолдауында айтылған білім беруге қатысты мәселелері, оның ішінде жас ұрпақтың болашақта өзінің қалаған және қоғамға пайда әкелер мақсатында ерікті түрде іс-әрекет жасай алатын тұлға болып қалыптасуы дәріптелген. Яғни, қоғамымыздың қарқынды әлеуметтік дамуы белсенді, жасампаз тұлғаны қалыптастыруға жоғары талап қояды. Әсіресе, білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру, үздіксіз білім берудің бірыңғай жүйесін құру, оқу мен тәрбие үрдісінің сапасын жоғарылату мен білім беру үрдісінде оқушылардың көп тілде сөйлеуін дамытуда байқалады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан халқының әл - ауқатын арттыру мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты жолдауында «Тілдердің үштұғырлылығы» мәдени жобасын жүзеге асыруына байланысты бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқыту сапасын арттыру қажеттілігіне ерекше зер салады. Сондай-ақ, кейбір пәндерді мектепте оқыту барысы қазақ тілінде де, орыс тілінде де, жүргізілуі туралы дәріптей отырып, білім беру жүйесі үшін жаңа міндет екендігін ерекше атап өтеді [1]. Сондықтан да мақала тақырыбы билингвальды оқытудың ерекшелігіне түйінделеді.

Билингвальды оқыту мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеретін әр оқушы мен мұғалім үшін оңтайлы әдіс. Сабақ үрдісінде мұғалім ұйымдастыру кезеңін екі тілде немесе ана тілінде бастап, үй тапсырмасын екі тілде сұрай алады. Демек, қандай пән болсын ондағы термин сөздердің қазақша баламасын кез-келген оқушы түсініп ұғып отырады. Бұл өз кезегінде оқушының білімін арттыра түседі.

Сонымен қатар «Билингвальды оқыту» жаңаша оқыту арқылы мұғалімдер оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын жоғарылатып, өз-өзін еркін ұстауға, тілін, ой ұшқырлығын жоғарылатуға, қарым-қатынас жасауын қалыптастыра отырып, қазақ тілін өз ана тіліндей меңгерте алады.

Билингвалды оқытуда - қазақ тілі тек қана пән ретінде емес кейбір пәндерді қазақ тілінде оқыту құралы ретінде қолданылады, яғни осы әдіс бойынша оқытуда әрі оқу мазмұнын меңгеруде 2 тілді қатар қолдану болып табылады [2]. Билингвальды оқыту - екі тілде оқыту қолданатын мақсатқа бағытталған жүйе. Билингвальды оқыту - оқу мазмұнын меңгеруде екі тілді қолдана оқыту. Билингвалды оқытудың ерекшелігін аша отырып,



билингвизмнің мазмұнына да зер салайық. Өйткені билингвизмнің мағынасын толық түсінбей билингвальды оқыту әдісін қолдану мүмкін емес.

«Билингвизм» сөзі *bi* – екі тілдік, екі жақты және *lingua* – тіл деген екі латын сөзінен құралады. Осылайша, билингвизм бұл екі тілді меңгере алу қабілеті. Осыдан, екі және одан да көп тілде сөйлей алатын адамды «билингв» деп атайды. Бірақ екіден көп тілді білуді, көп тілділікке немесе басқа сөзбен айтқанда полилингвизмге жатқызуға болады. Полилингвизмнің ерекшелігі оның екі түрлі болуында, **ұлттық** (белгілі бір әлеуметтік ортада бірнеше тілдерді қолдану) және **жеке** (индивидуумның белгілі бір қарым-қатынас жағдайына байланысты бірнеше тілдерді қолдану).

Билингвизмнің екі түрін ажыратады:

- 1) табиғи (тұрмыстық);
- 2) жасанды (оқыту арқылы).

**Табиғи билингвизм** өзіне кенеттен сөйлеу тәжірибесі кезіндегі радио және теледидеиені қосатын, арнайы әлеуметтік ортада туындайды. Тілдік жүйенің спецификасын түсіну болмауы да мүмкін. **Жасанды билингвизм** оқыту ортасында меңгеріледі, ол кезде ерік күш-жігерін және әдіс-тәсілдерді қолдану қажет.

Жіктеудің негізіне жататын критериилерге байланысты билингвизмнің бірнеше типтерін ажыратады:

1. Жас ерекшелігі бойынша, билингвизмді меңгеру жасына байланысты, билингвизмді ерте және кеш деп ажыратады. *Ерте билингвизм* балалық кезінен екі тілді мәдениет ортасында өмір сүруімен шартталған. *Кеш билингвизм* екінші тілді меңгеру ересек жасында болады, бір тілді меңгергеннен кейін.

2. Орындалған іс-әрекеттер санына байланысты, адам шет тілде сөйлемейді және жазбайды, тек жай ғана шет тілін түсінеді. Ондай жағдайда оқылған немесе естілгенді айтуды және шет тілді мәтінді қабылдауды ғана өзіне қосатын, **репродуктивті (шығаратын) билингвизмді** ажыратады. **Продуктивті билингвизм** – шет тілді мәтіндерді түсіну және шығару, сонымен қатар өзіне оларды айта алу қабілеті. Басқа сөзбен айтқанда, продуктивті билингвизм кезінде сөздерді, сөз тіркестерін және сөйлемдерді ауызша және жазбаша да құрастыра алады.

Е. М. Верещагин билингвизм топтастырылуының төрт түрін ажыратады:

Билингвизм келтірілген білік негізінде орындалатын әрекеттер саны бойынша бағаланады. Бұл критерийге жататындар:

- *Рецептивті билингвизм*, билингв екінші тілдік жүйеге жататын, сөйлеу шығармаларын түсінуі. Билингвизмнің бұндай түрі өлі тілдерді оқыған кезде болуы мүмкін.

- *репродуктивті билингвизм*, билингв оқылған және естілгенді айта алу қабілеті. Репродуктивті билингвизмге мысал ретінде, өзге тілді ақпарат алу құралы ретінде өздігінен оқу. Ол кезде мәтін түсінеді, бірақ дұрыс емес айтылады.

- *продуктивті билингвизм*, билингвтің екінші тілдік жүйеге жататын сөйлеу шығармаларын түсінуін және айта алуын айтады.

Билингвизм топтастырылуын екінші критерий болып, екі сөйлеу тетіктерінің бір-бірімен сәйкестілігі, екі тілдік жүйенің бір-бірінен тәуелсіз немесе сөйлеу актісі кезінде өзара байланысты болып қызмет етуі.

- *таза билингвизм* мысал ретінде, үйде бір тілді ғана қолданып, ал жұмыста, дүкенде, көлікте қарым-қатынас тілі екінші тіл болып табылады.

- *аралас билингвизм*, тілдер бірін-бірі еркін алмастырғанда, екі түрлі сөйлеу механизмдері арасында байланыстың пайда болуы [3].

Екі тілді меңгеру ойлаудың дамуына, түсіне алуына, тілдің көріністерін талдауға және талқылауға, реакцияның, математикалық дағдыларына және логиканың жылдамдығына жағымды әсер етеді деп саналады. Толыққанды дамып жатқан билингвтер әдетте жақсы оқиды және басқаларға қарағанда абстрактілі ғылымдарды, әдебиет және басқа шетел тілдерін жақсырақ меңгереді.

Сонымен билингвалды оқытуды кез-келген сыныптан бастап оқытуға болады. Маңыздысы бір жүйеде мақсатты түрде болуы қажет. Бұл жүйеде оқыған оқушылардың ерекшелігі қазақ тілін тез үйреніп, тіпті қазақ тілінде оқытылатын өз құрдастарымен салыстырғанда оза шабуға, бәсекелестікке де дайын болады. Билингвалды және көптілді білім - жан-жақты мәдениетті, креативтік, рухани байлығы жоғары, парасатты, дүниетанымы жоғары дамыған тұлғаны қалыптастырудың негізі болып табылады. Сондықтан да билингвалды оқыту қазіргі кезеңде өте тиімді, әр оқушының білімін арттыруға үлкен жол болып табылады. Алайда, билингвалды оқытуды үйлесімді қолдану қажеттілігін ұмытпаған жөн. Ана тілін сақтай отырып, мемлекеттік тіл - қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі - орыс тілін білу және шет тілдерінен бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтіп, шығармашылығы дамыған, ұлтаралық қатынас мәдениеті қалыптасқан тұлға болып дамуына мүмкіндік береді [4].

### ӘДЕБИЕТ

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2008. – 7 ақпан.
2. Нуралиев Б.У., Урманов Т.Х., Алметов Н.Ш. Мектептің оқу-тәрбие үрдісіне көптілді және билингвалды білім берудің бейімдендірілген моделін ендіру. – Шымкент: Нұрлы-бейне, 2010.
3. Тұрғынбаева. Б. А. Ұстаздық шығармашылық. – Алматы, 2007.
4. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2000.

### ӨЗГЕ ҰЛТ СТУДЕНТТЕРІНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

*Жаманбаева Ә.С.  
аға оқытушы*

#### *Түйіндеме*

*Шетелдік студенттерге қазақ тілін үйретуде қолданылатын әдіс-тәсілдер қарастырылады.*

*Кілт сөздері: студент, технология, әдіс, оқыту.*

#### *Аннотация*

*В статье рассматриваются методические приемы обучения иностранных студентов казахскому языку.*

#### *Summary*

*The article discusses the methodological techniques of training of foreign students in the Kazakh language.*

*Keywords: student, technology, method, training.*

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Білім мен ғылымды өз дәрежесінде меңгерген елдер ғана әлемдік дамудың алдында болады. Ендеше біз халыққа білім беру және ғылымды дамыту, оларды реформалау ісін барынша қарқынды жолға қоюымыз керек»- деп көрсеткен мақсатты бағдары біздің білім беру мазмұнын жаңартудағы басты бағытымызды айқындап берді [1: 3].

Қазіргі таңда, білім беру жүйесінде үлкен өзгерістер орын алғандықтан менің ойымша, білім берудің мақсаты - берілген бағдарламаны қарапайым түрде игеруге бағытталмай, керісінше білім алушылар алған білімдерін тәжірибеде қолдана білуіне,

олармен белсенді диалог құра отыра, жауабын табу арқылы өз бетінше әлемді тануына бағытталуы тиіс. Ғылым мен техниканың дамуына байланысты өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету, оқыту бойынша түрлі интерактивті әдістер қолданылады.

Сабақ барысында бір ғана тәсілмен шектелмей, өз сабағымда инновациялық технологияларды студенттердің тіл білу деңгейіне қарай таңдап қолданамын. Атап айтсақ, модульдік технология, сын тұрғысынан ойлау, тірек сызба, дамыта оқыту.

Мен үшін әрбір сабақта озық технологияларды, жаңа әдістерді қолдану үлкен жетістікке жетелейді. Өзге ұлт студенттеріне қазақ тілі пәнін оқытуда жаңа технологиялардың элементтерін қолдана отырып, деңгейлеп оқыту технологиясына ерекше көңіл бөлемін. Өйткені бұл технология студенттердің жеке мүмкіндіктеріне бағытталған. Деңгейлеп-саралап оқытудың ерекшелігі – студенттердің өз бетімен ізденуі, шығармашылық икемділіктерін қалыптастыруы. Әрбір сабақта мәтін, мәтінге қатысты сөздер, грамматикалық тұлғаларға түсініктеме, ойтүрткі сұрақтар, лексикалық түсініктеме, мәтінге дейінгі, мәтіннен кейінгі тапсырмалар, диалог, мәтінге қатысты түсініктерді тексеруге арналған сұрақтар, мәтіндегі грамматикалық тұлғаларды табу жұмыстары, лексика-грамматикалық тест, тапсырмалар, сөзжұмбақтар, афоризм, нақыл сөздер, салыстыру тапсырмалары, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар жүйелі түрде “қарапайымнан күрделіге” ұстанымы негізінде құрастырылған. «Қарапайымнан күрделіге» ұстанымы арқылы берілген тапсырмаларды орындай отыра, ол тапсырмаларды түсініп орындайды және пәнге, тілді үйренуге деген құлшынысы артады. Бірте-бірте тапсырмаларды күрделендіре беру арқылы студенттердің қазақ тілін үйрену, сөйлеу, сауатты жазу дағдыларын қалыптастыруға болады.

Жоғары оқу орнында орыс тілді аудиторияның студенттері «Қазақ тілі-1» пәнін оқу барысында тілді білу ерекшеліктеріне қарай екі топқа бөлінеді: бастауыш топ және жалғастырушы топ. Бастауыш топта белгілі бір тақырыпта диалог құру, сөздер мен сөз тіркестері арқылы сөйлем құру, сөздердің орын тәртібін дұрыс қою арқылы сөйлем құру, жаңа сөздердің мағынасын ашып, синонимін тауып, орыс тіліне аудару, жаңа сөзді орыс тіліне аудару сияқты түрлі сөйлеуге, қазақ тілінде сауатты жазуға, дұрыс сөйлем құруға бағытталған тапсырмаларды орындайды. Өзге ұлт студенттеріне бұл тәсілдерді қолдану, сауатты жүргізу студенттердің тілін ұстартып, сөйлеу дағдысын жетілдіре түседі.

«Қазақ тілі-2» пәнінде барлығы жалғастырушы топ болып, тапсырмалар күрделенеді. Студенттер ғылыми стильде мәтіндер құрып, әдеби тіл нормаларын сақтай білуге үйренеді. Мәтінмен жұмыс, жазбаша жұмыс жүргізеді, өзіндік жұмыстарды орындайды.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы мынадай нәтиже алуға болады:

- қызығушылығы оянады;
- мағынаны түсінеді;
- шығармашылық қабілеті қалыптасады.

Студенттердің жұппен, топпен жұмыс жасау әдісі де қолданылады. Бұл әдістің нәтижесінде орыс тілді аудитория студенттері өз ойларын еркін жеткізуге, тілді үйренуге талпынады.

Өзге ұлт студенттерін қазақ тілінде сауатты сөйлеуге, жазуға үйрету үшін төмендегілерді ескерген жөн:

- дәрістің ауызекі сөйлеуге бағыттылығы, бұл талап бойынша сөйлеу дағдысы қалыптасады;

- қазақ тілін оқыту барысында грамматиканы басым материал ретінде пайдаланудан бас тарту, яғни лексикалық тақырыптармен көбірек жұмыс жасау арқылы тілін дамытамыз;

- дәстүрлі қалыптасқан ауызекі сөйлеу тақырыптары мен тың тақырыптарды орынды таңдау және сабақ барысында пайдалану, яғни бастауыш топта «Мен таңдаған мамандық», «Менің отбасым», «Қазақ тілі - мемлекеттік тіл», т.б. тақырыптарды таңдаған жөн;

- ауызекі дұрыс сөйлеумен қатар сауатты жазу дағдысын да қалыптастыруды естен шығармау, демек сабақты кешенді түрде өткізу керек.

Интерактивті оқыту әдістерінің ішінде мынадай әдістерді, яғни топтармен жұмыс, рөлдік ойын, дискуссия әдісі, жаттығу әдісі, тест әдісі, оқыту дифференциясы, ұжымдық әдіс, ми шабуылы қолданған тиімді. Аталған әдістердің барлығы өзге ұлт студенттеріне қазақ тілін оқытуда оң нәтиже береді. Бұл әдістер студенттердің танымдық деңгейін, яғни жадының алуан сапасы мен түрлерін (есту, көру, байқау, қобалжу т.б.). ойлауды, ынтаны, қызығушылық қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық процестер арқылы одан әрі дамытуға, сонымен бірге тұлғаның өзін-өзі таныту, қарым-қатынас, ойын, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін өз бетінше қанағаттандыруға, сөздік қорын, тіл байлығын белсенді дамытуға бағытталған. Сондықтан студенттерге білімді меңгерту танымдық, ізденімпаздық, шығармашылық әрекетке құрылғанда ғана талай нәтижелі істерге қол жеткізуімізге болады.

### ӘДЕБИЕТ

1. Әбжанов Х.А., Кенжебаев Г.А. Тәуелсіз Қазақстан: жоғары білім, ғылым, саясат. – Алматы: Баспалар үйі, 2009. – Б. 3-4.

### ҚАЗАҚ ТІЛІН ШЕТ ТІЛІ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДАҒЫ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

**Жумина Н. А.**  
*мұғалім*

#### *Түйіндеме*

*Мақалада қазақ тілін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері қарастырылады.  
Кілт сөздері: қатысымдық, сөйлесу, әңгімелесу, түсінігін айтқызу, сөйлесу жаттығулары.*

#### *Аннотация*

*В статье рассматриваются эффективные методы обучения казахскому языку.*

#### *Summary*

*In this article are devoted effective methods of training of the Kazakh language.*

Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту сабағының білімдік дәрежесі бүтіндей басқа. Өйткені, қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың әдісі де, оған қойылатын талаптары да өзгеше. Басты мақсаты – өзге тілді оқушыларды қазақша сөйлей білуге үйрету болады да, сол сөздерден сөйлем құрау үшін грамматикалық ережелер, анықтамалар сөз үйретудің техникасы ретінде қарастырылады. Жалпы, қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың негізгі мақсатын төмендегідей жіктеуге болады: қатысымдық мақсат, тәжірибелік мақсат, тәрбиелік мақсат, білімділік мақсат.

Қатысымдық мақсат оқушының қатысымдық біліктілігін қалыптастырып, сөйлеу қабілетін дамытуды көздейді. Тәжірибелік мақсат оқушыға заттар мен құбылыстарды қабылдаудың жаңа жолдары мен құралдарын үйретуге негізделеді. Тақырыпты басты нысан ретінде ала отырып, сол тақырып төңірегінде әңгімелесу оқушыға оған қатысты өмірлік жағдайларды меңгеруге көмек береді. Әрі нақтылы нәрсе жайлы не туралы айту керектігін аңғартса, әрі қалай айту керек, қандай сөздерді игеру керектігіне назар аудартады. Бұл ретте тақырыппен қатар сөздік, грамматика, дыбыстардың айтылуы, тілдік ережелер мен заңдылықтар кешенді түрде бірге жүргізіледі. Сөйтіп, тәжірибелік мақсатта сөйлесу ерекшелігін меңгерген оқушы өз ойын ауызша және жазбаша түрде іске асырады.

Тілді үйретудің білімділік мақсатында оқушы өз ана тілінен басқа екінші тілді үйрене келе ойды жеткізудің жаңа тілдік амалдарын меңгереді. Екінші тілде сөйлесу арқылы ол

жаңа мағыналармен, ұғымдармен танысады. Сонымен қатар, ойлау жүйесі дамиды, таным аясы кеңейеді. Жаңа грамматикалық заңдылықтарды, ережелерді есте сақтап, оларды іс жүзінде қолданады. Тілдік тұлғалардың байланысу түрлерін меңгеріп, сөйлеу кезінде пайдаланады.

Оқушы ана тілінен басқа тілде сөйлесу арқылы оқығанын жинақтауға, талдауға, салыстыруға жаттығады. Сол арқылы оның ойлау жүйесі жаңа біліммен толығады.

Тіл үйретуде аталған мақсаттардың ішінде тәрбиелік мақсаттың да орны ерекше. Оқушыға тілді үйрете отырып, оған адамдармен қандай қарым-қатынаста болу қажеттілігі де үйретіледі. Адамдардың өзара тіл табысуын, түсінісуін қамтамасыз етеді. Демек, басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту тек қазақша сөйлеуге, қазақша сөйлеуді түсініп оқу, жазуға үйренумен ғана шектеліп қоймайды. Сонымен қатар, қазақ мәдениеті мен салт-санасы, тарихы, әдебиеті, дәстүрінен белгілі дәрежеде білім беріледі.

Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда өзіне таныс емес тілдің дыбыстық құрамын, дыбыстардың айтылу нормасын, дыбыстық заңдылықтарын, оның грамматикалық құрылысын игеруге, ойын еркін жеткізуге, басқаның сөйлеуін түсінуге, жеткілікті дәрежеде сөздік қорын меңгеруге тиісті және қазақша сөйлеуге жаттығып, қазақ тілінде қарым-қатынас жасай алуы қажет.

Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту жоғарыда тоқталған мақсаттармен қатар өзіндік әдіс-тәсілдерді қажет етеді. Солардың негізгілеріне тоқталып өтсек.

Шын мәнінде тілді үйретудің алғашқы кезеңінде нақтылы затты атап, одан кейін қайталатып үйреткен жөн. Оқушының есту, көру қабілеттері арқылы ақпарат тез қабылданып, жылдам ұғынылады. Бұл – күнделікті тәжірибеде өз жемісін беріп жүрген жайт.

Қазақ тілі сөз жасау жағынан жалғанбалы тілдер тобына жататыны бәрімізге мәлім. Сол себептен де қазақ тілінде жұрнақ түрлері көптеп саналады, сонымен қатар төрт түрлі жалғаудың беретін өзіндік мағынасы, сөзге жалғану кезіндегі варианттары да жеткілікті. Қазақ тілін оқытуда жақсы нәтижелерге жету үшін мынадай басты бағыттарда жұмыс түрлерін жүргізген тиімді. Ең бастысы, оқушылардың қазақ тілінен тілдік қорын молайту. Ол үшін сөздік жұмыстарын үнемі жүргізу. Қазақ тіліндегі сөздер көп мағыналы және синонимдер мен омонимдерге бай. Сөйлемде осындай сөздердің мағынасын ажырата білуге, оларды тиімді қолдана білуге үйрету, оқушының тілдік қорын байыту оң нәтижелер береді.

Сөздік қорды байытудың мынадай жолдарын пайдалануға болады: мәтін бойынша сөздік қорды байыту. Сөздікпен жұмыс грамматикалық анықтамалар, жаттығу жұмыстарын, суретпен жұмыстар, өлең, жұмбақ түсіндіргенде, сұрақтарға жауап бергенде де жүргізіліп отырады. Сөздік қорды дамыту жұмыстары мынадай әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асады. Ол – сұрақ-жауап, сөйлесу, әңгімелесу, әңгіме, түсінігін айтқызу, көрнекілік, аударма, кітаппен жұмыс, мәтінмен жұмыс әдістері. Әр сабақ сайын тақырыпқа сай көрнекі құралдар, түрлі суреттер, кестелер, видео касеталар, тақырыптар бойынша электронды оқулықтар мен сабақты көркемдеп отырса, оқушылардың сөздік қоры біршама толығады деп ойлаймыз.

Әрбір сабақта ұсынылатын тапсырмалардың түрлері қайталанбауы тиіс, қазіргі талаптарға сәйкес оқу үдерісіне байланысты құрылуы керек. Мысалы, қазақ тілінің грамматикасын үйрету сабағында оқушыларды топтарға бөлеміз. Бірінші топ лексикалық жаттығулар дайындалған орынға отырады, екінші топ мәтін дайындалған орынға отырады, үшінші топ грамматикалық қағидалар дайындалған орынға отырады. Тапсырманың орындалуына белгілі бір уақыт берілетіні ескертіледі. Белгіленген уақыттан кейін топтар орындарын ауыстырып, сол орындағы тапсырмамен жұмыс жасайды. Аз уақыттың ішінде үш топтың оқушылары лексикалық, грамматикалық және мәтінге берілген тапсырманы оқып шығады. Топтағы жұмыс аяқталған соң тапсырманы орындаудың нәтижесін баяндау үшін топ өкілдеріне сөз беріледі. Тапсырма барысында плакаттар, кестелер, суреттер және басқа да көрнекі құралдарды қолданған топтарды қошаметтеп, сабаққа деген ынтасын арттырып отыру керек. Сабақтың келесі сатысында пікірталас, дискуссия болады. Мұнда топтар бір-біріне сұрақ қойып, өздерінің пікірлерін, ойларын ортаға салып белгілі бір келісімге келіп



отырады. Сабақтың соңында оқушылар өз білім деңгейін, топтың білім деңгейін бағалатып, қорытынды шығарылады.

Сонымен, қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда түрлі әдістерді қолдану маңызды болып табылады, сабақтың барысында оқуға және қоғам жұмысына деген белсенділік күшейіп, білім сапасы жақсарып, өмірлік жағдаятты модельдеу, диалог барысында рөлдік қатынасқа түсу, бірге мәселені шешу, сондай-ақ, қауіптену, күмәндану, өз-өзіне сенбеу дәрежесі төмендеп, ғылыми зерттеулер мен шығармашылық ізденіске қызығушылығы артып көптеген нәтижелерге қол жеткізіледі.

Қорыта келгенде, осындай икемділіктері мен дағдылары қалыптасқан, тілдік қатынасқа қабілетті оқушы қалыптастыра аламыз. Сонымен қатар, жоғарыда талданған әдіс-тәсілдерді кешенді түрде жүзеге асыру арқылы оқушылардың мынадай қатысымдық міндеттерді шешу мүмкіндіктерін дамыта аламыз:

- қарым-қатынасқа түсе алу, танысу, басқа біреуді таныстыру, амандасу, қоштасу, өтініш білдіру, алғыс айту, ризашылық білдіру;

- зат, оқиға, құбылысқа т.б. қатысты сұрақтар қою, тұлғалар мен заттардың бар немесе жоқ екендігі жайлы сұрай білу, олардың сапасы, белгісін сипаттай білу; оқиғалар мен әрекеттердің уақыты, орны, себебі жайлы мәлімдеу;

- тілек, өтініш, ұсыныс жасай білу немесе осыларға келісу, келіспеу;

- адамға, затқа, оқиға мен әрекетке баға беру, өз пікірін білдіру.

Сонымен, тіл үйрену мен оқыту жүйесінің ең басты мақсаты – тілдік қарым-қатынасқа бағынуын талап ете келіп, сабақ беру жолдарының әрқайсысы ортақ бір жүйе болатын қағидаға сүйенуді қажет етеді. Әр сабақта өтілетін тақырыптар, сөйлесу жаттығулары мен тапсырмалар т.б. – бәрі сөйлесім арқылы жүзеге асырылатын шешімге келіп тірелуі қажет.

### ӘДЕБИЕТ

1. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2000. – 208 б.
2. Оралбаева Н., Жақсылықова Қ. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 1996. – 186 б.
3. Оралбаева Н., Жақсылықова Қ. Қазақ тілі сабағында қолданылатын ойындар және оларды ұйымдастыру жолдары. – Алматы, 1996. – 202 б.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы. 1992.

### КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ БІЛІМДІК ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

*Зейнулина А.Ф.  
ф.ғ.к. профессор,  
Ибраева А.Т.  
магистрант*

#### *Түйіндеме*

*Аталмыш мақалада кәсіби қазақ тілін оқытудың білім мазмұны мен оны жетілдірудің тиімді әдістемесі қарастырылады. Кәсіби құзіреттілікті дамытудағы психолінгвистикалық аспектілерге талдау жасалынады.*

#### *Аннотация*

*Изучение профессионального казахского языка приобретает исключительную значимость и является обязательным и неотъемлемым компонентом комплексной общей*

*профессиональной подготовки специалистов, в основе которой закладываются психолингвистические основы восприятия полиязычия.*

*Ключевые слова: профессиональный казахский язык, компетентность, речевой этикет, профессиональный компонент, профессиональное образование.*

### *Summary*

*This article considers some problems of methods and contents of teaching the state language*  
*Keywords: professional Kazakh language, competence, speech etiquette, professional component, professional education*

Кәсіби қазақ тілін игеру міндеті – болашақ мамандардың күнделікті ғылыми, саяси, қоғамдық, мәдени, ең басты таңдалып алынған мамандық салалары бойынша мемлекеттік тілде еркін сөйлеудің жолын жетілдіруін көздеуден туындайды.

Мамандық тілі – кәсіби шеберлікке жету тәсілі болып саналады. Мамандық тіліндегі материал негізінде сөз тіркесін, сөйлем, мәтін құру ерекшеліктерін тану жұмыстың алғышарты болып табылады. Сол сияқты аударманың түрлері мен тәсілдері туралы түсінік қалыптастырады. Ғылыми-техникалық аударманың күрделілігіне назар салады, нәтижесінде білім ұштайды. Шартты қысқартулар жүйесін меңгеру де (тілсіз қатысым) болашақ маманға көмек болады. Түпнұсқа тілі мен аударма тілдің стилистикалық бірлігін сақтау және сөз тіркестерін аударуда мағыналық бірізділікті сақтау білігі, олардың кәсіби тілдік білім дағдысын жетілдіруге ұмтылдырады.

Қазақ тілі бойынша негізгі оқу кезеңдерінде алған білімдерін салғастыру әдісімен кеңейту және жүйелеу, яғни тілдік материалдарды тұтастай зерделеу дағдыларын дамыту, әсіресе оқытылатын мамандық бойынша терминологиялық корпусты оқып үйрену жұмысы ең маңызды кәсіби қазақ тілі педтехнологиясы болып табылады.

Кәсіби қарым-қатынас үшін негізгі техникалық терминологиялық лексика минимумын меңгеру ең қадағалау керек жұмыстардың бірі деп санаймыз. Қазақ тілінде аударма білігі мен дағдыларын қалыптастыру осындай лексикалық минимум нәтижесінде ғана пайдалы болады.

Қазақ тілінде сөйлеу қызметінің әртүрлі дағдылары мен біліктерін жетілдіру: айтылым (ауызша аударудың түрлері, сөйлеушінің өз пікірін негіздеуі, тақырыптық диалог), жазылым (толық аударма, мәтіннің құрылымдық бөліктерін рәсімдеу), аудару үдерісінде іздеу, танысу түріндегі оқу, түсіну (мамандық мәтінінің фоножазбасынан негізгі және анықтаушы ақпаратты таба білу) кәсіби бағдар арқылы оқытудың ерекше бөлігі болып табылады.

Кәсіби сипаттағы мәтіндерді қарап шығу, іздеу, зерттеу мақсатында оқи алуы, жалпы ғылыми және нақты кәсіби тақырыптағы мәтіндердің мағыналық, құрылымдық және коммуникативтік ерекшеліктерін ескере отырып, оқып, түсінуін; мәтіннің тақырыбын, көтерген мәселесін, қорытындысын анықтай алуы, мәтіннің логикалық сұлбасын ұсына білуі студенттің нақты тәжірибе жинақтай бастағанын көрсетеді.

Мәтіннің мағыналық (себеп-салдарлық, мезгілдік, шарттық) бөліктері мен объективтік ақпаратын ажырата білуі, мәтіннің басты, қосымша ақпаратын бөліп, оларды бағалай білуін, мағыналық блоктардағы негізгі, қосымша және қайталанатын ақпаратты бөліп көрсете білуі, өз мамандығы шеңберінде кәсіби терминдерді игеруі өз мәнінде толыққанды, жүйелі жүргізілсе, ұйымдастырылса сапа жоғарылайды.

Қоғам дамуының қазіргі кезінде оқу орындарында оқыту үрдісін жетілдіруде, болашақ мамандардың ізденімпаздығын қалыптастыруда, шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдіруде, рухани дүниесін дамытуда кәсіби лексиканы тілдесім әрекеті арқылы оқытудың маңызы ерекше.

Білікті маман ғана қоғамды дамытады, экономиканы өркендетеді. Маманның біліктілігі мен кәсіби деңгейінің жоғары болуы оқытуды дұрыс ұйымдастыра білумен байланысты.

Кәсіби лексиканы тілдесім әрекеті арқылы оқыту үшін бүгінгі таңдағы мамандыққа қатысты оқытуға арналған әдістемелік зерттеулер мен еңбектер біршама.

Қазіргі кезде жаңа инновациялық технологиялармен білім берудің негізгі мақсаты – қоғамның талаптарына сай жеке тұлғаны қалыптастыру. Осы бағытта соңғы жылдары қазақ тілін оқыту әдістемесінде оқыту технологияларының жаңа үлгілері, заман талабына сай әдістемелік амал-тәсілдердің көптеп қолданылып жүргенін білеміз. Сондықтан да оқу орындарында кәсіби қазақ тілін оқыту барысында студенттерді болашақ өз мамандықтарына сай, қазақша кәсіби сөйлеуге үйретуде жүйелілік пен сабақтастық, бірізділікті қалыптастырудың маңызы ерекше деуге болады. Әрине, мамандыққа қатысты тілді меңгеру арнайы алынған бір мәтінді оқыту және аудартумен ғана шектеліп қалмай, мәтіндегі тақырыптық сәйкестіктің алынып отырған мамандыққа сай мазмұн түсініктілігін қалыптастырып, мәтінге лексикалық және грамматикалық материалдардың сәйкестілігін басшылыққа алу керек.

Кәсіби тілді меңгеруде мамандыққа қатысты мәтіндермен, кәсіби терминдермен, сөздіктермен жұмыс түрлері жүргізіледі. Мамандықтарына байланысты шағын мәтіндер, сұхбаттар құрастыруға болады. Әр тақырыпқа сай сөздік және лексикалық минимум, сұрақтар беріледі. Әр сабақтан соң мазмұнына сай сұрақтар мен тапсырмалар беріліп, қорытындылау мақсатында түрлі рөлдік ойындар мен жағдаяттық тапсырмалар беріледі.

Сөйлесім әрекеттері арқылы оқыту мәселесі Ф.Оразбаеваның «Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі» атты еңбегінде «Хабардың қай түрі болса да шындыққа құралу керек, сонда ғана тілдік қатысым өз бетінше дамиды және сөйлеу (информацияны қабылдау, оған жауап қайтару, қайта жауап алу) қатысымдық құбылыстың мәнін ашады, адамдар арасындағы әлеуметтік көпір бола алады», - деп көрсетіліп, сөйлесім әрекетінің бес түрін (оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім) анықтайды [1: 52].

Мамандыққа байланысты мәтіндерді меңгерту арқылы студентті болашақ мамандығымен кеңірек таныстыруға мүмкіндік туады.

Ол тапсырмалар студенттердің қазақша сөйлеу тілін дамытуға бағытталады. Олар:

- мәтіндегі сөздердің түсінікті, түсініксіз екендігін сұрау;
- мәтіндегі сөздерді лексикалық жақтан түсіндіру;
- мәтіндегі сөздердің түбір тұлғасын анықтау;
- мәтіндегі сөздерді сөз таптарына сай талдау;
- мәтіндегі сөз тіркестерінің түрлерін ажырату;
- мәтіндегі жай сөйлемнің түрлері мен тыныс белгілерін ажырату;
- мәтіндегі құрмалас сөйлемдердің жолдары мен компоненттерін талдау;
- мәтіндегі сөздердің орын тәртібі мен байланысу жолдарын ажырату;
- мәтіндегі қиындау сөздер мен сөйлемдерді қайталатып оқыту;
- мәтіндегі қате оқылған объектілерді тыңдап отырған студенттерге түзеттіру;
- мәтіннің қысқаша мазмұнын айтқызу;
- мәтінді дұрыс оқуға пайдасы тиетін жаңалық хабарларды оқыту және т.б.

Қорыта айтқанда, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында» тұлғаның қалыптасуына жағдай жасау арқылы еліміздің ертеңіне жауапты мамандарды тәрбиелеу жолдарының бірі ретінде «... дүниеге жауапкершілікпен қарайтын, инновациялық, шығармашылық ойлауға дағдыланған, дүниетанымдық мәдениеті жетілген, адамгершілігі мол және білікті мамандардың жаңа ұрпағын қалыптастыру» міндеті қойылған [2: 12]. Қазақ елінің «Мәңгі ел» мұратындағы үштұғырлы тіл саясатын ұстанып отырған Тәуелсіз еліміздің болашақ мамандарының мемлекеттік тілде еркін сөйлеп, оны өзі қызмет ететін салада қолдана алуы олардың кәсіби әлеуетін арттырумен қатар ұлтжандылық қасиеттерін де қалыптастырудың басты шарты болып табылатынын танытады.



Білікті маман тәрбиелеу ісінде мемлекеттік тілдің, қазақ әдеби тілінің атқарар рөлі ерекше. Қазақ әдеби тілінің танымдық әрі коммуникативтік қызметінің сан-қырлылығын көрсететін де осы сала.

Қазақ тілінде атаулық және әрекеттік мәндегі терминдер де, сөз тіркестері де, фразеологизмдер де, мақал-мәтелдер де қалыптасып орныққаны белгілі. Бүгінде барлық оқу орындарында оқытылып отырған пәндердің жаңа заман талабына лайық меңгертілуі Қазақстан Республикасы өз алдына егеменді ел болуымен байланысты оның әлеуметтік экономикасының қайта құрылуы, мәдени байлығының күннен-күнге алға басуы нәтижесінде мемлекеттік тілдің кең өркендеуіне жаңа мүмкіндіктердің кеңеюімен тығыз ұштасып жатыр. Сол себепті жоғары білім жүйесінде мемлекеттік тілді әрбір мамандықтың ерекшеліктері мен тілдік жүйесін ескере отырып үйрету күн тәртібіне өткір қойылып отыр. Бұл өзекті мәселе «Қазақстан Республикасының Конституциясында», ҚР «Білім туралы» Заңында, «Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасында» және Елбасының «Қазақстан халқына Жолдауларында» және т.б. мемлекеттік деңгейдегі маңызды құжаттарда қазақ тілінің өрісін кеңейту елдік тұрғыда көтеріліп отырған жаңа кезеңде мемлекеттік тілді әлеуметтік тұрғыда қоғамның барлық саласында қолдану мақсатына сай меңгерудің басым бағыттарын айқындаумен байланысты шешіледі.

Кәсіби бағдар бере отырып оқыту қазақ тілінде сөйлеу тілін қалыптастыру мен дамытудың ең маңызды факторы болып табылады. Кәсіби бағдарлық дегеніміз – оқыту үрдісінде болашақ маманды қалыптастыру үшін тиімді жағдай туғызу, тіл үйренушілерді мамандығына сәйкес оқыту, мамандықтарына қатысты лексикалық минимумды игерту. Мамандардың пікірінше, кәсіби бағытты ескере отырып оқыту студенттердің таңдаған мамандықтарына қажетті білімді толық игерген, кәсіби мүмкіндігі мол маман иесі даярланады екен. Студенттерді мамандықтарына қатысты оқыту болашақ мамандардың кәсіби даярлығы мен дағдыларын қалыптастыруда атқаратын рөлі ерекше. Өзінің мамандығы бойынша білім ала отырып, студент кәсіби – жеке тұлғаға тән ерекшеліктерді сезініп, моральдық-психологиялық жағдаятты түсіне бастайды. Өзінің болашақ мамандығына тән барлық аспектілермен жете танысып, игерген теориялық білімдерін тиянақтап, мамандығына деген өз көзқарастары қалыптасады. Кәсіби іскерліктерді жетілдіру жұмыстары кәсіби қызығудың пайда болуымен тығыз байланысты. Ал кәсіби қызығушылық дегеніміз – студенттердің болашақ мамандықтарына жетелейтін, олардың іс-әрекеттерін белсендіретін қызмет.

Қазіргі таңда тілді оқытудың ең басты бағыты – қатысымдық бағыт. Тілді қатысымдық тұрғыдан меңгертуге тілшілер де, әдіскер-ғалымдар да, ұстаздар да ерекше назар аударып отыр. Себебі, қатысымдық бағыт бүгінгі уақыт сұранысынан туып отырған заман талабына жауап бере алады. Қатысымдық оқытудың нәтижесі – тілдік қатынас. Тілдік қатынас дегеніміз адамдардың бір-бірімен тілдесуі, сөйлесуі, тіл арқылы тілдік қатынас жасауы деген сөз. Осы тілдік қатынас бойынша зерттеу жүргізіп, оның тілдерді оқытудағы тиімділігін көрсеткен, тілдік қатынастың тұжырымын жасаған ғалым Ф. Оразбаеваның сөзімен алсақ, тілдік қатынас – сөйлеу тілі арқылы ұғынысу, түсінісу дегенді нақтылай келіп, жай ғана қарым-қатынас дегеннен гөрі тамыры тереңге кеткен, өмірде өзіндік орны бар, қоғамның дамуы үшін ең қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алмасуы, адамдар қатынасының түп қазығы дегенді білдіреді [1:8]. Берілген анықтамадан көріп отырғанымыздай, тілдік қатынас – тек сөйлеу тілі арқылы тілдесу ғана емес, сондай-ақ, ол жалпы адамзатқа, қоғамға қызмет ететін, оны қоғамның өзі тудырған, оның әлеуметтік қажеттігін өтейтін күрделі құбылыс.

Тілдік қатынасқа түсушілердің ең басты қызметі – қатысымдық қызмет. Қатысымдық қызмет бойынша хабар таратушы мен хабар қабылдаушылар тілдік қарым-қатынастың барлық түрлерін іс жүзіне асыра отырып, хабар арқылы бір-бірімен қарым-қатынастық қызмет атқарады.

Қатысымдық әдісін зерттеушілер В.Т. Костоморов пен О.Д. Митрофановалардың “қатысым әдісінсіз жаңа әдістеменің болуы мүмкін емес” деген тұжырымдары өте орынды айтылған [3: 7]. Себебі, тілді үйретуде қатысым әдісінсіз тілді жылдам әрі сапалы меңгертуге, оны кәсіби ортада еркін тілдік қатынасқа түсе алатын дәрежеге жеткізу мүмкін емес.

Қатысымдық әдіс туралы А.Р. Артюнов: “қатысым әдісі дегеніміз – ерекше ұйымдастырылған тілдік әрекет, оның мәні тіл үйренушілердің өзара түсінісіп, әрекет етулері үшін ақпаратпен алмасуларынан тұрады”,-деген пікір айтады [4: 23]. Бұл айтылғандардан, қатысым әдісі оқу үрдісін қатысымдық үрдіске айналдырумен теңестіріледі деген қорытынды жасауға болады. Себебі, оқыту үрдісі қатысым үрдісінің моделі болған жағдайда қатысым әдісінің негізі қаланады.

Қатысымдық тілдерді оқытып үйретудегі негізгі бағыт болып табылады. Өйткені, тілдерді сапалы меңгертуге қойылатын негізгі талаптардың бірі – үйренетін тілде қарым-қатынас жасай білу.

Профессор Ф.Ш. Оразбаева қатысым әдісін жеке қарастырған әдіскер Е.И. Пассовтың қатысымдық әдістің негізгі мәні оның ұстанымдарын айқындаумен байланысты деген тұжырымын талдай келе, қазақ тілін оқыту барысында қолданылатын қатысым әдісінің алты түрлі ұстанымының ішіндегі ең басты ұстанымы – тікілей байланыс ұстанымы деп көрсетеді.

Қатысымдық әдіс – ақпарат алмасу үрдісі, тіл үйренушілердің алға қойған мақсатқа жетуіне бағытталған белсенді тілдік қатынас үрдісі. Белсенді тілдік қатынастың өзі – тіке байланыс арқылы жүзеге асатын үрдіс. Тіке байланыс – тек қатысымдық әдіске ғана тән ерекшелік. Тіке байланыс арқылы студенттер бір-біріне өз ойларын жеткізеді, өз көзқарастарын білдіреді. Бір-бірінен алған мәліметтерді, ақпараттарды қабылдайды. Сол арқылы жаңа хабарлар мен ұғымдарды меңгереді, ой қорытындылайды. Тіке байланыс арқылы студенттердің өз беттерімен жұмыс істеулеріне жол ашылады. Тілдік қатынастың ары қарай өрбуі үшін әрекет етіп, өзіндік жұмыс атқарады. Сонымен бірге, оқыту үрдісіне қойылатын жаңа талапты – студенттердің өз беттерімен білім алуға жағдай тудыру керек деген талапты – ескерсек, қатысымдық әдістің осы талапты іс жүзіне асыратын бірден-бір әдіс екендігіне дау жоқ. Сондай-ақ, қазіргі заман талабына сай студент объект емес, субъект болуы тиіс деген қағида ұсталады. Аталған қағиданы іске асыруда да қатысымдық әдістің орны ерекше. Өйткені қатысымдық әдіс – субъект-субъектінің бірлескен әрекеті.

Тілдік қатынасқа түсушілер бір-бірінен білімі, көзқарасы, белсенділігі арқылы ажыратыла отырып, бірде субъектінің рөлінен объектінің рөліне ауысса, келесі мезетте объектіден субъектінің рөліне ауысады. Бұл, қатысымдық әдістің екінші ерекшелігі. Қатысымдық әдістің үшінші бір ерекшелігі – тілдік қатынастың проблемалық жағдайға сай құрылуы. Бұл жердегі проблемалық дегеніміз – тілдік қатынасты жүзеге асыруға бағытталған жағдайлар. «...любой речевой поступок должен совершаться только в условиях соответствующей речевой ситуаций»,-деп көрсетеді Е.И. Пассов [5:119]. Яғни, қазақ тілін үйретуде үйренетін тілде тілдік қатынасты іске асыру үшін тілдік қатынас міндетті түрде болатын проблемаға тап болуы тиіс. Сонда ғана тіл үйренушінің тілді жылдам әрі сапалы меңгеруіне жол ашылады. Студенттің тіл үйренуге деген қызығушылығы оянып, белсенділігі артады. Себебі, қатысымдық әдіс – тілдік қатынасқа түсушілер арасында белгілі бір проблеманы шешуге негізделген үрдіс. Ол проблемалар студент мамандығына сай құрылады. Проблемалық жағдай туғызуда мынадай ережеге сүйену керек:

1. Проблемалық сұрақтарды студенттердің білмеуі;
2. Проблемалық сұрақтарды шешуде студенттердің бұрынғы қалыптасқан білімін пайдалану, ол жетіспеген жағдайда жаңа ұғымдарды іздестіру.

П.И. Пидкасистый проблемалық жағдай туғызу мен оны шешудің 5 кезеңін былай деп көрсетеді:

1. Проблемалық жағдай туғызу.
2. Проблеманы шешу және оған өз тұжырымын беруге әрекет ету.

3. Қиындық тудырған мәселе бойынша талдау жасау, өз ойларын білдіре білу.
4. Ол жауабының дұрыстығын дәлелдеу.
5. Проблемалық жағдайды толық шешу, оған көз жеткізу.

Проблемалық оқыту әдісінің осы бес кезеңін іске асыру барысында студент міндетті түрде белсенді тілдік қатынасқа түседі. Өйткені ол белгілі бір мәселені шешу бойынша ой бөліседі, өз көзқарастарын білдіреді, оны дәлелдейді. Бұның бәрі тілдік қатынасқа түсудің бірден-бір жолы және студенттің өзіндік жұмыс істеуіне мүмкіндік туады. Яғни, проблемалық оқыту дегеніміз – оқытушы мен студенттердің бірлескен оқу және іздену әрекеті.

Проблемалық жағдайларды шеше отырып, студенттердің өз беттерінше саралау, түсіну, игеру, талдау, баға беруі болып табылады.

Проблемалық оқыту әдісі арқылы қазақ тілі сабағын ұйымдастырғанда оқу қызметінің бес түрін де (тыңдалым, тілдесім, оқылым, жазылым, айтылым) жетілдіруге болады. Бұл әдісті сабақ барысында қолданғанда студенттердің шығармашылық белсенділіктерін жетілдіреді, пәнге деген қызығушылықтары артып, пәннен терең білімділіктерін дамытады.

Тілді қатысымдық тұрғыдан меңгерудің негізгі ерекшеліктеріне, қатысымдық оқыту үнемі тілдік қатынастың кәсіби бағытта жүргізілуін қамтамасыз ету, сабақтың барлық кезеңінде, тәжірибе жүзінде, студенттердің бір-бірімен тілдесе отырып, тілдік материалды меңгерулері болып табылады. Сонымен қатар студенттің жеке қасиеті де ескеріледі.

Топтағы кез келген адамдар бір-бірінен өздерінің сөйлеу, ойлау қабілеті, қызығушылығы т.б. қасиеттері арқылы ажыратылады. Қатысымдық тұрғыдан оқыту осы жеке қасиеттердің барлығын ескере отырып, әр студенттің танымына, қызығушылығына, қабілетіне сай ұйымдастырылады. Студенттер алдына мамандықтарына сай мәселе қойылады. Ол мәселелерді шешуді студенттердің өздері іске асырады. Берілген мәселені шешу барысында студенттер өз пікірлерін білдіреді, көзқарастарын, ойларын жеткізе отырып, кәсіби тілдік қорын молайтуға мүмкіндік болады.

### ӘДЕБИЕТ

1. Оразбаева Ф. Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы: РБК, 2000. – 207 б.; Ф.Ш. Оразбаева. Тілдік қатынас. – Алматы: Сөздік, 2005.
2. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың бағдарламасы
3. Дьяченко В.К. Сотрудничество в обучении. – М.: Просвещение, 1971. – 191 с.
4. Артюнов А.Р. Коммуникативный интенсивный курс РКИ для заданного контингента учащихся (мет. пособие). – М., 1989. – 97 с.
5. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. – М.: Просвещение, 1985. – 208 с.
6. Зейнулина А.Ф., Балпанов Н.М. «Іскери-кәсіби қазақ тілі». – Павлодар, 2007.

### ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

**Илесова К.А.**  
лектор

#### Түйіндеме

Мақалада орыс аудиториясында мемлекеттік тілді оқытуда кейбір әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімді жолдары қарастырылады. Жоғары оқу орындары оқытушылары қолданып жүрген алдыңғы қатарлы және заманауи инновациялық әдістерге талдау жасалған. Кілт сөздері: оқыту, инновация, ақпараттық технологиялар, студент, әдістер.

### Аннотация

*В данной статье рассматривается эффективное использование некоторых методов при изучении государственного языка в русской аудитории. Проведен анализ передового и современного инновационного инструментария, который используется преподавателями вузов. Ключевые слова: обучение, инновация, информационные технологии, студент, методы.*

### Summary

*This article discusses the effective use of certain methods in teaching the state language to the Russian audience. The analysis of front-rank and modern innovative tool that is used by the teachers of Institutions of higher education is conducted.*

*Key words: training, innovation, information technology, student, methods.*

Республика Президенті Н.Ә. Назарбаев қазақстандықтарға арналған Жолдауында оқу-тәрбие үрдісін ақпараттық технологиялармен барынша қамтамасыз ету міндетін білім беру жүйесінің басты мақсатының бірі және оның болашағы үшін маңызды фактор екенін атап көрсеткен болатын. Жолдауда техникалық және кәсіптік білімінің рөліне, қазақша кәсіптік техника тілін қалыптастырып, дамыту мәселесіне де басты назар аударылғаны белгілі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 8-тарауында көрсетілгендей, білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, халықаралық байланысқа шығу, білім беруді ақпараттандыру болып табылады. Бүгінгі таңда жаңа білім беру технологиялары кең тарала бастады. Бұл технологиялар қоғамдық сұраныстарды жоғары деңгейде қанағаттандыруға бағытталған.

Айталық, мысалға қазақ тілін оқыту барысында туған тілінің қыр-сырын, табиғатын таныта отырып, ертеңгі өмірден орын таба алатын, өзіне сенімді нағыз ұлтжанды, парасатты ұрпақ тәрбиелеу үшін педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен пайдаланып, тәжірибені өсіре түсуіміз қажет.

Қазіргі заманғы оқыту технологияларын меңгеру - өте күрделі де ұзақ үрдіс. Кейде оқытушыдан оқытудың үйреншікті әдіс-тәсілдерінен арылуды талап етеді.

Мәселен, қазіргі кезде білім беру үрдісінде 50-ден астам жаңа технология қолданады. Солардың бірі – деңгейлеп оқыту технологиясы.

Деңгейлеп оқытудың ерекшелігі студенттердің сабақ барысында бірнеше жұмыс алатындығында. Деңгейлеп бөліп оқыту кезінде студенттердің тәжірибелік-теориялық дайындығын, оқуға деген ынтасы, дара қасиетін, әлеуметтік-психологиялық танымын, сұранымын ескеру талап етіледі. Студенттерге деңгейлік тапсырмалар беру арқылы сан түрлі жұмыстар жүргізіледі. Алған білімі жүзеге асатындығы ескеріледі. Өз бетімен жұмыс орындауға бейімділігі бақылауға алынады. Нәтижесінде студенттің белсенділігінен іскерлігі артып, ғылыми ізденістерге ұмтылады, біліктілікке жетеді. Қойылатын талаптардың әр түрлілігі арқылы студенттердің қызығушылығы арта түседі.

Дұрыс таңдаған технология студент пен оқытушыға бірдей қолайлы жағдай туғызады.

Сонымен қатар жоғары оқу орындарында мамандар дайындауда ерекше оқу ортасы ретінде зерттеушілер әр түрлі оқу технологияларын ұсынады:

- ойын технологиясы (В.Г. Денисова, М.С. Каган және т.б.);
- тапсырмалар технологиясы (В.И. Андреев, Я.А. Пономарев, А.Ф. Эсаулов және т.б.);
- программалық оқыту технологиясы (Е.А. Машбиц, И.В. Роберт және т.б.);
- моделдеу технологиясы (В.П. Беспалько, Б.С. Гершунский және т.б.);
- жобалап оқыту технологиясы (Г.Л. Ильин, Е.А. Крюкова, Н.Ю. Пахомова және т.б.);
- проблемалық оқыту технологиясы (А.М. Матюшкин, М.И. Махмутов және т.б.);

Осылардың ішінен техникалық жоғары оқу орындарының студенттерінің жобалау күзiреттiлiгiн қалыптастыру үшiн қолданылатын оқыту технологиясын iрiктеудiң басты

критерийі, ғалым М.А. Смирнованың пікірінше, студенттердің өз бетімен білім алуы болып табылады.

Егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше мән берілуде.

Бүгінде Қазақстанда Ж. Қараевтың, Ә. Жүнісбектің және тағы басқа да ғалымдардың оқыту технологиялары кеңінен танымал. Осы әдістердің ішінде қазақ тілі сабақтарында қолданып, қолдау тауып жүрген әдістердің бірі – модульдік әдіс болып табылады. Бұл әдіс студенттердің теориялық білімін аз уақытта меңгеріп, шығармашылық жұмыстарға баулуға мүмкіндік береді.

Ал сын тұрғысынан ойлау, студенттерді қазақ тілінде еркін сөйлеуге, пікір таластыруға, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып қиындықты жеңуге көмектесетін технология.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасын терең түсініп, әдістерін өте тиімді пайдаланған кездегі жеткен жетістіктермен бағаланады.

- студенттер өз бетінше ізденуге үйренеді;
- мәселенің негізгі түйінін шешуге машықтанады;
- ақпаратты жүйелеуге дағдыланады, шығармашылық деңгейі жоғарылайды.

Демек, сын тұрғысынан ойлау технологиясының тәсілдері студенттерді ізденімпаздыққа баулиды. Яғни студенттің еркін ойлануына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады.

Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңгі ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ұлттың ойлау қабілеті мен біліміне, іскерлігіне байланысты.

Бүгінгі таңда талап етіліп отырған үрдіс – жаңа оқыту технологиялар негізінде инновациялық іс-әрекеттерді тиімді пайдалану. Жаңа технология әдістері өз бетімен оқып үйренуге, қорытынды жасай алуына ықпал етеді, яғни білім сапасын арттырады.

Демек, оқыту технологияларын сабақта тиімді қолдану студенттердің білім сапасын арттырып қана қоймайды, оларды жеке тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді. Сондықтан да жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана білсек, студентке білім беруде үлкен жетістікке жетеріміз анық.

## ӘДЕБИЕТ

1. «Қос және көптілдік жағдайында тілдерді үйретудің өзекті мәселелері: Инновациялар, болжамдар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары.

## ТІЛДІ МЕҢГЕРТУДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР, ХАЛЫҚТЫҚ ИГІЛІКТЕР АСПЕКТІЛЕРІ

*Кәріпжанова Г.Т.*  
*ф.ғ.к. профессор,*  
*Кәріпжанова А.О.*  
*ф.ғ.к. асс.профессор*

### *Түйіндеме*

*Аталмыш мақалада көпмәдениетті білім, көпмәдениетті қоғамдағы көптілді тұлға, көптілділік ішіндегі қазақ тілін оқыту, меңгерту мәселелері қарастырылады. Қазақ тілін меңгертудегі ұлттық құндылықтар аспектілерінің орны айтылады. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде өзге ұлт өкілдеріне оқытып үйретудегі лингвоелтану саласының рөлі сөз болады. Сонымен қатар жеке тұлғаны ұлттық құндылықтар арқылы оқыту-*



тәрбиелеуде қолданылатын ұстанымдар беріледі. Тақырыптардың түрлі блоктарға бөлініп, оқытылуы ұсынылады.

### Аннотация

*В данной статье рассматриваются вопросы поликультурного образования, поликультурной полиязычной личности в обществе, обучение казахскому языку в полиязычий. Говорится место аспектов национальных ценностей обучению казахскому языку. Анализируется роль лингвострановедении в обучении казахского языка представителям других национальностей. А также даются принципы, применяемые в учебно-воспитальном процессе.*

*Ключевые слова: полиязычие, культурное пространство, национальные ценности, казахский язык, подход.*

### Summary

*The questions of multicultural education are examined in this article, to multicultural polylingual personality in society, educating to Kazakh in polylingual. The place of aspects of national values is told to educating to Kazakh. The role of linguistics is analysed in educating of Kazakh to the representatives of other nationalities. And also principles applied are given in an educational process.*

*Keywords: multilingualism, cultural space, national values, Kazakh, approach.*

Бүгінгі білім берудегі қоғам қойып отырған талаптарының бастыларының бірі – көптілділік. Көптілділік – кез келген қоғам үшін интеграцияны негізгі ұстаным етіп алған бағытты айқындайтын жол деп танылған.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Қазақстан халқы Ассамблеясы мәдениетте үндесуінің бірегей еуразиялық үлгісі болғандығын, Қазақстанның жаһандық конфессияаралық үнқатысу орталығына айналып отырғандығын» атап көрсетеді [1]. Олай болса, этникалық, мәдени және тілдік әралуандыққа қарамастан, жастарды көпмәдениеттілікке тәрбиелеу, Қазақстандық азаматтық қоғамдағы заманауи әлеуметтік-мәдени жағдайдың, оның мәдени кеңістігінің, әлеуметтік-экономикалық және саяси саласының, әлемдегі этносаралық шиеленістің ерекшелігін ескерсек, көпмәдени білім беруге арналған білім ортасын құру, көптілді тұлғаны қалыптастыру, басқа мәдениеттің өкілдеріне деген ынтымақтық қатынаста болуға тәрбиелеу мәселесі алдыға қойылып отыр.

Тілдің ерекшелігін және оның басқа қоғамдық құбылыстармен арақатынасын түсіну, ең алдымен, халық өміріндегі тілдің жұмсалымдық рөліне негізделеді. Тілдің ойлау және қатынас құралы ретінде қолданылуы адам қызметінің барлық саласының ажырамас бөлігі болуының да негізі.

Ұлттық-мәдени компонент ұлттық мәдениет контексінде тіл үйретуді көздейді, халық мәдениеті мен тарихы ерекшеліктерін, салт-дәстүрлерін игерумен байланысты білімқалыптастыруға ықпал етеді, демек, бұлар өте маңызды болып саналады. Себебі, зерттеушілердің пікірінше, өзінің ұлттық мәдениеті негіздерін білмейінше, басқа халықтың мәдениетін түсіну, көпмәдениетті қоғамдағы өзара түсіністік пен толерантты әрекеттің кілтін табу мүмкін емес.

Қазіргі филологиялық, психология-педагогикалық, әлеуметтанымдық зерттеулер көпмәдени білім беру аспектілерін, көптілділікті қалыптастырудағы білім алушылардың оқу жұмысының психологиялық-педагогикалық механизмдері мен ерекшеліктерін; кәсіби білім үрдісіндегі құзыреттілік пен құзыреттілікті дамыту мәселелерін зерделеу аспектілерін анықтауға мүмкіндік береді.

Көпмәдени білім алу ұғымымен көпұлтты әлеуметтегі білім алудың философиялық және мәдени мәселелері, мәдениет мағынасының адам өмір сүруінің феномені ретінде

анықталуы, ымыралық, диалог және ынтымақтастық қағидасы; көпмәдени әлеуметтегі білім субъектілеріне берілетін сипаттама тығыз байланысты.

Көпмәдени білім ұғымының мазмұнына адамзаттың мәдени, дүниетанымдық, діни, мәдениет типтерінің көптүрлілігі туралы көпұлтты ортада және әлеуметтік-мәдени өзгерістердің қарқындылығы жағдайында білім алуы; басқа мәдениеттің өзіндік ерекшеліктерін түсіну; түрлі ұлт өкілдерімен қарым-қатынас жасау, белсенді ынтымақтастықта болу қабілеті туралы білім кешені енеді. Көпмәдени білім көпмәдени қоғамның барлық мүшелерінің, олардың этникалық, мәдени, әлеуметтік және діни қатыстылығына қарамай, бүкіл қажеттіліктеріне жауап беруге негізделеді.

Бірақ осы жаһандану процесінде әр ұлттың өзіндік ерекшелігі, салт дәстүрлері, тілі мен дінінің сақталып қалуы басқа мәдениеттер тоғысында өз орнын жоғалтып алмауы өзекті. Қазақстанның да осы бағытта дамуындағы, өзіндік бет-бейнесін сақтап қалудағы басты жолдардың бірі – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтарымызды сақтап және білімді де саналы жас ұрпақ тәрбиелеу.

Әрине, білім жүйесіне қандай жаңашылдықтар енгізіліп жатса да, Елбасымыз бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру қажеттілігіне ерекше назар аударады. Сондықтан, қазақ тілін тереңдетіп оқыту мен көптілділікті меңгеруді жолға қою – бүгінгі таңдағы білім жүйесінде педагогикалық үрдістің негізгі бағыттарының бірі болып отыр.

Мемлекеттік тіл конституция бойынша мемлекеттің қамқорлығында болып, оны меңгеру – сол елде тұрып жатқан әр азаматтың борышы саналады. Мемлекеттік тіл мектепке дейінгі білім мекемесінен бастап орта, арнаулы және жоғары білім беретін оқу орындарында, елдің қоғамдық-әлеуметтік, саяси, экономикалық т.б. басқа аяларында кеңінен қолданыста болу керек. Осы тұрғыда тағы да Елбасымыздың сөзіне жүгінейік: «Қазақ тілі – ғажап тіл... Қазақ тілі үш тілдің бірі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» [2]. Демек, қазақ тілі – Қазақстан Республикасында тұрып жатқан әрбір азаматтың тілі.

Қазақта «Өзіңдегіңді қастерлемесең, қадіріңнен айрыларсың» деген сөз бар. Біздің ең негізгі қастерлеу керек нәрсеміз – ол тіліміз, ұлттық құндылықтарымыз және халықтық игіліктеріміз.

Бүгінгі таңдағы өркениетті елдерді этнос ретінде түбегейлі танытатын тілінде қалыптасқан деректері арқылы тіл мен мәдениет, тіл мен ұлтсабақтастығында жүргізілетін лингвомәдениеттанымдық зерттеулердің өзектілігі ерекше. Осы орайда тілдік мұра арқылы ұлтты, ел мәдениетін барынша толық танытудың негізгі бір тетігі – ұлттық әлемнің тілдік үлгісін жасау, ұлттық мәдениеттің кілтін ашу. Оның мәні тілдің тек коммуникативтік қана емес, мұрагерлік те, танымдық та, танытушылық та қызметімен байланысты.

Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде өзге ұлт өкілдеріне оқытып үйретуде де көптеген мәселелердің шешімін табуы лингвоелтану саласымен ұштастыру да өте өзекті деп санаймыз. Себебі қазақ тілі:

- түпкі түрін сақтаған түркі туыстас байырғы тіл;
- ежелден жазба мәдениеті бар тіл;
- әдеби тіл, жергілікті тіл (диалекті), сөйлеу тілі, қарапайым сөйлеу тілі тәрізді формалары бар;
- демографиялық тірегі мықты ұлттық тіл;
- құрылым-құрылысы кемелденген тіл;
- егеменді Қазақстан Республикасы өз қамқорлығына алған мемлекеттік тіл.

Осы орайда тілдік мұра арқылы ұлтты, ел мәдениетін барынша толық танытудың негізгі бір тетігі – ұлттық әлемнің тілдік үлгісін жасау, ұлттық мәдениеттің кілтін ашу. Оның мәні тілдің тек коммуникативтік қана емес, мұрагерлік те, танымдық та, танытушылық та қызметімен байланысты. Сол себепті де қазақ тілін оқытуда ұлттық құндылықтардың

маңызы зор екендігіне тағы да көз жеткіземіз. Сабақ беру барысында қолданылатын материалдарды блогтарға бөліп қарастырған жөн деп санаймыз. Атап айтар болсақ:

- «Ана уыз» блогы («Бата», «Наурыз бата», «Бата өлеңдер», «Алғыс, тілектер», «Мақал-мәтелдер»);

- «Атамекен» блогы (Ақмешіт; Алатау; Алматы; Алтай; Баянауыл; Бурабай; Бұланты; Қазығұрт; Қаратау; Қарқаралы; Отырар; Сайрам; Сарайшық; Сауран; Семей; Сығанак);

- «Атамұра» блогы («Құран», «Күлтегін», «Қожа Ахмет Иассауи кесенесі», «Арыстан баб кесенесі», Айша бибі кесенесі», «Бегазы – Дәндібай мәдениеті», «Бекет ата ескерткіш ғимараттары», «Байтерек», «Тарихи – и – рашиди», «Жамиғ ат – Тауарих», «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қозы Көрпеш – баян сұлу», «Қыз Жібек», «Ер Төстік», «Алтын сақа», «Аяз би»);

- «Ататек» болгы (Шежіре; Жүз; Жүздердің кестесі; Хандар кестесі; Қарға тамырлы қазақ);

- «Аташаңырақ» блогы (Шаңырақ; Киіз үй; Бесік; Дастархан; Отан – алтын бесік; Ана; Әке; Дос; Ұстаз; Қонақ; Туған жер; Төрт түлік);

- «Баба дәстүр» блогы (Салт-дәстүрдің түрлері; Қазақтың төл мейрамы; Салт-дәстүрлер мен ырымдар; Тыйым сөздер; Қазақ халқының ұлттық киімдері);

- «Бойтұмар» блогы (Қазақ сөзінің шығуы жөнінде; Қазақстан; Қазақ тілі; Қазақ жазуы; Елтаңба; Өнұран; Ту; Астана);

- «Тұлға» блогы (Асан қайғы, Домалақ ана, Өз Жәнібек, Керей хан, Қазтуған жырау, Шалкиіз жырау, Қасым хан, Хақназар хан, Тәуекел хан, Есім хан, Салқам Жәңгір хан, Тәуке хан, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Есет батыр, Бұқар жырау, Бөгенбай батыр, Әйтеке би, Қабанбай батыр, Кейкі батыр, Әбілқайыр хан, Жәнібек Тархан, Райымбек, Абылай хан, Кенесары, Махамбет Өтемісұлы, Құрманғазы Сағырбайұлы, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Ақан сері Қорамсаұлы, Абай, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Қажымұқан Мұңайтпасов, Міржақып Дулатов, Жанша Досмұхамедұлы, Әміре Қашаубаев, Оспан батыр. Мұстафа Шоқай, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Әбілхан Қастеев, Әлкей Марғұлан, Жұмабек Тәшенов, Бауыржан Момышұлы, Қасым Аманжолов, Дінмұхаммед Қонаев, Күләш Байсейітова сияқты ұлы тұлғалар).

Осы аталғандардың барлығы біздің ұлттық құндылықтарымыз болып табылады. Оларды өз межесінде ұлықтасақ қана ұлттық тілімізге деген көзқарас өзгертін сияқты. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану секілді мәселелерді анықтап алу, білім беру жүйесіндегі басты ұстаным ретінде әркімнің өзінің білім алуға деген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамытуды қамтамасыз ету қажет.

Ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан ұрпақтарды сусындатып, ұлтжандалылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығару.

Жеке тұлғаны ұлттық құндылықтар арқылы оқу-тәрбиелеуде қолданылатын ұстанымдар:

- өз халқы оның мәдениеті мен дәстүрлерін мақтаныш тұтатын Қазақстан азаматын тәрбиелеу;

- жалпы адамзаттық негіздер мен құндылықтарды құрайтын саналы көзқарастары мен қағида ұстанымдарын тәрбиелеу;

- өзінің төл мәдениетін саналы, сыни тұрғыдан игеру нәтижесінде білім алушыларды мәдениетаралық толеранттылыққа тәрбиелеу;

- Қазақстан Республикасының азаматын тәрбиелеудің үлгісіне сәйкес этнопедагогика, этнопсихология, этномәдениет негізінде тәрбие үрдісін ұйымдастыру.

«Дін мен ділді, тілді тең ұстап жүрегімізге иман ұялата білсек, қазақ үшін қой үстіне бозторғай жұмыртқалар заман болуы мүмкін, тек ондай заманның салтанат құруы қазақтың өзіне ғана байланысты», – дейді Мәшһүр Жүсіп [3: 246]. Расымен де, тіл жоғалса, тұтас ұлттың да жоғалуы ғажап емес. Сондықтан да бұл мәселеге немқұрайлы қарамаған жөн.

Тілді үйрету арқылы ана тілін, төл мәдениеті мен ұлттық құндылықтарын, жалпыадамзаттық мәдени қазынаны игерте отырып, олардың мәдениетаралық ұлттық сана-сезімі мен этномәдени сәйкестілігін қалыптастырып, төзімділігін тәрбиелеуге бағытталған білім беру әдіснамасы қажет. Бұл әдіснама мәдениеттанушылық, аксиологиялық, өркениеттілік, тұлғалық-ықпалдылық, жүйелілік, әлеуметтік тұрғыдан жан-жақты қарастырылып, құрастырылуы қажет деп ойлаймыз.

### ӘДЕБИЕТ

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана: Ақорда, 2012.
2. Егеменді Қазақстан. – 07.05.2015.
3. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: ЭКО, 2008. – 5 т. – 425.

### ОҚУ МӘТІНДЕРІ АРҚЫЛЫ ТІЛДІК ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Кильдюшова И.В.*

*аға оқытушы,*

*Машинбаева Г.Ә.*

*ф.ғ.к. доцент*

#### *Түйіндеме*

*Мақалада шетелдік студенттердің тілдік тұлғасын қалыптастырудағы оқу мәтіндерінің рөлі жөнінде сөз болады.*

#### *Аннотация*

*В статье идет речь о роли учебного текста в формировании языковой личности иностранного студента.*

#### *Summary*

*The article discusses the role of educational texts in the formation of linguistic identity of the foreign student.*

Тілдік тұлға деп біз сөйлеу шығармаларын (мәтіндер) тудыратын және оны қабылдауға жағдай жасайтын, тілдік-құрылымдық жағынан күрделі, терең және нақты шындыққа ие белгілі бір мақсаты бар адам мінезі мен қабілеттерінің жиынтығын айтамыз [2, С.104]. Бұл Ю.И. Карауловтың адам қабілеті мен оны тудырған мәтінінің ерекшеліктерін біріктіретін және тілдік тұлғаның үш деңгейлі вербалды-семантикалық, когнитивтік, прагматикалық моделін сипаттаған анықтамасы.

Бірінші деңгейде оқып отырған тілдің құрылымдық-жүйелік байланыстарын меңгеру қажет және ол коммуникативтік-қызметтік міндеттерді шешуге бағытталады. Екінші деңгей – лингвокогнитивті; оның бірліктері әрбір тілдік тұлғаның әлем картасында жинақталған ұғымдары, идеялары болып табылады. Үшінші мотивациялық деңгей, тұлғаның коммуникативтік қызмет қажеттіліктерінде пайда болады.

Студенттерге екінші тіл оқытуда, айталық шетелдік студенттерге орыс тілін оқытуды студенттерде «екінші» тілдік тұлға қалыптастыру деп айтамыз. Қысқаша айтқанда, екінші тілдік тұлға белгілі бір тілді оқығанда тілдік тұлғаның оқып отырған өзге тілдегі тілдің мағыналық және прагматикалық сипаттарын тереңірек, кеңінен түсінгенде «туады», бұл құбылыс жүзеге асқанда адам мәдениетаралық қарым-қатынасқа еркін түсе алып, жаңа тілдік, білімді және әлеуметтік мәдени ортада дамуы тиіс.

Тілдік тұлға тілде көрініс табатын әр түрлі деңгейдегі қоғамдық сананың формасында мәдениет кеңістігінде белгілі мінез-құлық стереотиптері мен нормаларында көрінді. Мәдениеттің базалық топтары түрлі мағыналық концептілерден тұратын ұлттық құндылықтар болады.

Тілдік тұлғаның психология-педагогикалық механизмдерінің оқу-танымдық қызмет құралдарымен қалыптасуы дегеніміз студенттер оқу мәтіндерімен таныса отырып олардағы мағыналарды кейде тура сол қалпында өзгертпей қабылдаса, кейде оларды мүлдем өзінше түсініп алуында. Мәтін материалын интерпретациялау үдерісінде және өз мәтінін тудырғанда берілген мәтін «мазмұндық қалып» ретінде қызмет етеді. Яғни студент бірінші берілген мәтінді талдайды, түсінеді де нәтижесінде сол қалыпты негізінде өз ойын мәтін етіп айтады немесе жазып шығады.

«Екінші» тілдік тұлға қалыптастыруда «басқарушы» мен «стихиялы» арасындағы қатынаста өзара мәселе туындайды. Әртүрлі мазмұндағы мәтіндермен жұмыс істеу басқаруға тұратын үдеріс болып табылады. Қарапайым түрде түсіндіретін болсақ, тілдік қарым-қатынас жасау дегеніміз мәтін алмасу деп айтуға болады. Яғни, сөйлеуге үйрету – мәтінді тудыруды және оны қабылдауға үйрету деп түсінуге болады.

Студенттерді бөтен мәтінді дұрыс, нақты, толық қабылдауға және мәтін негізінде өз мәтіндерін құрастыруды үйрету қажет. Басқаша айтқанда мәтінді қабылдау қабілеттерін жетілдіріп, мәтін құрастыру қабілеттерінің қалыптасуына жағдай жасаймыз.

Мәтін аяқталған, байланыстырылған, бүтін, ішкі құрылымы жағынан синтаксистік құрылымы бар, белгілі бір мақсатты көздейтін, шығармашылық және логикалық сипаты бар, прагматикалық нұсқауы бар тақырып пен ойдың бірлігі болып табылады. Мәтінді қабылдау тілдік бірліктер арқылы емес, сонымен қатар оның пәндік мазмұнын құратын фондық білімі арқылы да жүзеге асады.

Мәтін – коммуникативтік мақсаттардың кешенінен тұратын сөйлеу қызметінің есепке алынған өнімі. Тіл оқып отырған шетелдік студенттің белгілі бір мәтінді тудыруы оның сол тілді меңгеруінің көрінісі болып табылады.

Біз тілдік тұлғаның қалыптасуы туралы айтқанда адамның тілдік санасының ғылыми, діни, құқықтық және эстетикалық жақтарын естен шығармауымыз керек. Әрине, олардың әрқайсысы жеке өмір сүрмейтіні белгілі, олар бір-бірімен байланысты, бір-біріне кірігіп кеткен кешен деп білуіміз қажет.

Орыс тілін шет тіл ретінде оқытуда аутентикалық, бейімделген мәтіндердегі жұмыстың барлық түрлері өз мәтіндерін тудыруға кілт элементтер болып табылады. Орыс тілін шет тіл ретінде оқытуда мәтін ақпарат көзі және оқыту материалы болып табылады.

Мәтінмен жұмыста: мәтінге мәтіналды жаттығуларын, мәтінмен жұмыс жаттығуларын енгізіп, сөйлеуге шығару керек. Қорытынды кезеңде өздерінің мәтіндерін құрастырады. Алғашқы екі кезең туралы айтпай-ақ сөйлеуге шығатын қорытынды кезеңге тоқталайық. «Дорога в Россию» орыс тілі оқу құралында 2-б, 4-сабақ студенттерді суретшілер, актерлер, жазушылар туралы ақпараттармен таныстырады. Мысалы, А.А. Ахматова туралы мәтін арқылы студенттермен ақын өмір сүрген кезең туралы, ондағы тарихи оқиғалар туралы сөйлесуге мүмкіндік береді. Мәтін орыс өнерінің түрлі жанрлары туралы (живопись, икон жазулары, поэзия), жеке тұлғалар туралы (А. Ахматова, Н. Гумилев, А. Модильяни), жер аудару сияқты құбылыстар туралы мәліметтерге бай. Мұнда өнімді қызықты әңгіме өрбу үшін топтың белгілі бір дәрежеде дайындығы болуы қажет. Ауғанстан Ислам Республикасынан азаматтарынан тұратын тарихшы, физик, химиктер бар болашақ магистранттар тобында (1-жыл оқитындар) мұндай әңгіме жақсы өрбіді. Біріншіден, 20 ғасырдың бірінші жартысында Ресейде болған тарихи оқиғаларға, кеңес өкіметі жылдары орыс интеллигенциясының жою мен репрессия туралы мәліметтерге аса көңіл бөлінді. Ауғандарға азамат соғысы тақырыбы жақынырақ болғандықтан олар бұл оқиғаны өздерінің елдеріндегі жағдаймен салыстырып, қызыға әңгімелеуге тырысты. Екіншіден, студенттердің икон жазуларына деген қызығушылықтарын оятты. Олар



православты соборда болып көргендіктен бұл жанрмен таныс болды. Олар үшін икононың тылсым күші бар екендігі жаңалық болды. Дегенмен, олар мұсылман дінін ұстанушылар ретінде барлық шынайы сенім ғажайып құбылыстар жасайды дегенді айтты. Иконопистер туралы айта отырып, А.Тарковскийдің «Страсти по Андрею» фильмін көруді ұсынамыз.

Қазақ тілін шет тіл ретінде оқыту сабақтарында қазақ халқының ұғымындағы киелі сандарды оқытуға қатысты мәтіндерді оқытқанда шетелдіктерді тіліміздегі адамың туған кезінен бастап қайтыс болғанға дейінгі өмірінде айтылатын тіркестер: тоғыз ай, он күн көтеру, 40 күннен кейінгі қырқынан шығару, немесе қайтыс болғанда үшін немесе жетісін беру, қырқын беру, жылын беру сияқты салт-дәстүрлерді білдіретіндігін сан есімді тіркестермен таныстырамыз. Тілдегі осы қасиетті сандармен келетін мақалдар бар мәтінді оқытамыз:

1. Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді;
2. Жеті рет өлшеп, бір рет кес.
3. Бір жылы сөз – бір күнге азық;
4. Екі жақсы қас болмас, екі дұшпан дос болмас;
5. Бес саусақ бірдей емес;
6. Жеті жұрттың тілін біл, жеті елдің сырын біл;
7. Жеті атасын білмеген – жетесіз.

Аталған қасиетті сандар туралы тақырып студенттердің ерекше қызығушылықтарын тудырады. Студенттер өз тілдеріндегі қасиетті сандарды тізіп жазып, олардың неге қасиетті екендіктерін дәлелдейді, осы қасиетті сандарды қазақ тіліндегі қасиетті сандармен салыстыра отырып өздерінің шағын мәтіндерін құрастырып шығады. Сонымен қатар сан есімдер қосылып айтылатын мақалдарын қазақшаға аударады. Олар өз елдеріндегі 8 санының қасиетті сан екендігін, және 13 санының әлемнің көп елдерінде сәтсіз сан екендігін айтып өтеді.

Бір сабақта қытайлық студенттер 4 санының жол болмаушылықты білдіретіндігін, сондықтан телефон нөмірін алғанда 4 саны бар не сол 4 санына аяқталатын нөмір алмауға тырысатындықтары жөнінде ақпараттар айтып, оны мәтіндерінде жан-жақты сипаттап жазып шықты. Мұндай тапсырмалар бергенде студенттер өзі оқып отырған тілдегі наным-сенім туралы біле алады және оны өз еліндегі көзқараспен салыстыра алады. Осындай нақты фактілермен студенттің толық мәліметке бай мәтін тудыруына себепші болады және оны басқа студенттер тыңдағанда олардың тарапынан сұрақтар тудып, оларды өзара пікірталасуға итермелейді.

Нақты осындай жолмен әртүрлі елдің адамдарының тарихы, мәдениеті, ұлттық ерекшелігі арасына көпір орнайды. Мұнда студенттің жағымды көзқарасын қалыптастырып, оны жетілдіру маңызды болып табылады. Біз бұл арада «бөтен» және «өзімдікі» деген шектеуді жоямыз. Бұл жерде оқытушының рөліне баға беру қиындау. Әрине, оқытушы тұлғалық жағынан дамыған болуы қажет. Яғни, оның белсенділік көрсетіп, қызығушылықпен қарауы тілдік сананың бөлігі болып табылатын студенттің өзіндік «менін» қалыптастырады. Мәтінмен жұмыс орыс тілін шет тіл ретінде оқытудың барлық кезеңдерінде негізгі компоненттердің бірі болып табылады.

Мәтінмен жұмыс істеуде негізгі құрал сөйлесім қарым-қатынасы болып табылады, мұнда мәтінді қабылдап қана қоймайды, сонымен қатар ол мәтінді ойдан құрастырып айта алады, тілді сезінеді, есте сақтаулары шығармашылық тұрғыда дамиды, тіл үйренушілер үйреніп жатқан тіл өкілдерінің мәдениетін танып біледі және тұлға ретінде дамиды.

### ӘДЕБИЕТ

1. Антонова В.Е., Нахабина М.М., Толстых А.А. Дорога в Россию: учебник русского языка (базовый уровень). – 5-е изд., испр. – М.: ЦМО МГУ им. М.В. Ломоносова; СПб.: Златоуст, 2011. – 256 с.

2. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Наука, 1987. – 261 с.  
3. Мұсаева Г.Ә. Қазақ тілі – шет тіл ретінде. Базалық деңгей: Оқу құралы. 1-кітап. – Астана: Ш. Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2015. – 242 б.

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

*Кутымбетова Э.Қ.*

*Түйіндеме*

*Мақала қазақ тілін үйрету үдерісінде инновациялық технологияларды пайдалану мәселелеріне арналған.*

*Аннотация*

*Данная статья посвящена вопросам использования инновационных технологий в процессе обучения казахскому языку.*

*Ключевые слова: методика, прагматика, инновационные методы, результат*

Қазіргі уақытта елімізде барлық қызметтік салаларда әсіресе кәсіби қызметте мемлекеттік тілдің мәртебесі мен қажеттілігін арттыруда көптеген жұмыстар атқарылуда. Оған айқын дәлел ретінде елбасымыздың Қазақстан халқының Ассамблеясының XII сессиясында Н.Ә.Назарбаев мемлекеттік тілдің жоғары біріктірушілік рөлі, жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында тіліміздің мемлекетіміздегі қажеттілігін жоғарылату туралы сөйлеген сөзі дәлел болады. 2010-2020 жылдары мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге бағытталды. Елбасымыз 2015 жылғы жолдауында білім салаларында инновациялық технологияларды пайдаланудың қажеттілігін атап көрсетті.

Қазақ тілін оқытудың негізгі мақсаты – оқытудың жоғарғы нәтижесіне жету, мемлекеттік тілді оқытуда оқу-әдістемелік материалдарын мен инновациялық оқыту әдістемесін жетілдіру. Қазақ тілін оқытудың негізгі прагматикасы – тілді меңгерушілерге қазақ тіліде өз ойларын еркін жеткізу дәрежесіне жету болып табылады. Осыған байланысты әлемдік тәжірибеде тілді меңгертетін шетелдік мектептер мен орталықтарда деңгейлік әдістемесі көп тараған. Оңайдан қиынға бағытталаған принципі бойынша құрастырылған сабақтар мен оқу материалдары әдістемені тиімді және қолайлы етеді. Қазақ тілін оқытудағы тиімді әдістеме – бұл инновациялық әдістер, рольдік ойындар сияқты түрлері оқушыларға түрлі тілдік ситуацияларда: бір-бірімен қарым-қатынас, күнделікті тақырыптардағы диалогтар, телефонмен сөйлесулерде, электронды жазбаларда машықтануларына қажетті тәжірибе болып табылады. Қазақ тілін оқытатын оқытушының негізгі мақсаты – тілді меңгерушілерге қазіргі заман талабына сай оқу бағдарламаларын жасау.

Соның быр көрінісі ретінде басқа тілді аудиторияларға арналған инновациялық әдістерді пайдалана отырып жасалған, сабақтың үлгісін ұсынамыз.

### ОЗТ ПАЙДАЛАНЫП ӨТКІЗІЛЕТІН АШЫҚ САБАҚТЫҢ СЦЕНАРИЙІ

Сабақтың тақырыбы

Лексикалық тақырып: Қазақ заңдарының түп-төркіні

Сабақтың мақсаты

Грамматикалық тақырып: Мақсат бағыныңқы сабақтас Білімгерлерге заңдар, қазақ хандығының заңнамалары, «Тәуке ханның жеті жарғысы» туралы мәлімет бере отырып, заңның мемлекет басқарудағы маңызын айқындау. Мақсат бағыныңқы сабақтастың жасалу жолдарын меңгерту.

## Дайджест педагогических новаций

№ р/с	Оқу фрагментінің атауы Оқу фрагментінің мазмұны	Интеракция	Инновациялық толықтырулар	Студенттердің білімін бағалау	Оқу фрагментінің мақсаты	Уақы-ты
1	1.	2	3	4	5	6
1	Үй тапсырмасын сұрау. 2. «Қазақстан тарихы сыр шертеді» тақырыбында жазып келген эсселерін оқыту. 3. Қазақ хандарының хронологиясын интерактивті тақтадағы кесте арқылы толтыру.	Оқытушы ↔Білімгер	Интерактивті тақта	Білімгердің өз бетінше ақпаратты толық жеткізе білуін бақылау.	Білімгерлердің сөздік қорларын байыту	10мин.
2	Қазақ хандығы дәуіріндегі заңнамалар туралы білетін ақпараттарын БҮҮ кестесіне толтыру.	Оқытушы ↔Білімгер ↔ Оқытушы	БҮҮ стратегиясы	Сұрақ-жауап	Білімдерін шыңдау	7 мин.
3	1. «Қазақ хандығының заңнамалары» атты бейнефильм көрсету. 2. Бейнефильмге арқау болған тақырыпты ашу.	Оқытушы ↔Білімгер	Бейнефильм интерактивті тақта	Білімгерлердің ақпараттарды толық жеткізе білуін бақылау	Білімдерін шыңдау	7 мин.
4	Мәтін тарату. 1. «Қасым ханның есі жолы», «Тәуке ханның жеті жарғысы» туралы мәлімет. 2. Мәтінді оқып болған соң, алған ақпараттары негізінде кестенің екінші бөлімін толтыру.	Оқытушы ↔Білімгер	Интерактивті тақта БҮҮ стратегиясы	Тапсырмаларды орындау, меңгерген мәліметтерін толық жеткізе алу	Меңгерген мәліметтерін жүйелі жеткізе білуге жетелеу	10мин.
5	Детальдарды қосу әдісі негізінде берілген сөйлемдерді толықтыру	Оқытушы ↔Білімгер ↔ Оқытушы	Интерактивті тақта Пазл	Практикалық тапсырмаларды орындау	Грамматикалық білімдерін толықтыру, тереңдету	5мин.
6	Мақсат бағыныңқы сабақтас құрмаластың жасалу жолдарын түсіндіру.	Оқытушы ↔Білімгер ↔ Оқытушы	Интерактивті тақта	Практикалық тапсырмаларды орындау	Танымдық білімдерін толықтыру	5мин.
7	Грамматикалық тапсырма. 1. «Сөйлемдер банкі» әдісі негізінде берілген сөйлемдер ішінен мақсат бағыныңқы сабақтасты табу. 2. Сөйлем түрлерін ажырату	Оқытушы ↔Білімгер ↔тақта	Интерактивті тақта	Практикалық тапсырмаларды орындау	Грамматикалық білімдерін шыңдау.	5мин.
8	«Академиялық дау-дамай» стратегиясы негізінде «Өлім жазасын тағайындау дұры па?» деген тақырыпта пірталас.	Оқытушы ↔Білімгер	«Академиялық дау-дамай» стратегиясы	Ойларын дәлелдеу	Тіл байлықтарын дамыту, өз ойларын жүйелі де көркем тілмен жеткізуге дағдыландыру.	10мин.
9	1. «Үзінді - пікір» стратегиясы арқылы «Жеті жарғыдағы» өзі қолдануға дұрыс деп тапқан жарғыны тандай отырып, өз пірлерін жазуу 2. Жазған пікірлерінің ішінде кем дегенде 2мақсат бағыныңқы сабақтас сөйлем болуы тиіс.	Оқытушы ↔Білімгер	«Үзінді-пікір» стратегиясы	Практикалық тапсырмаларды орындау.	Грамматикалық білімін толықтыру.	10мин.
10	Картамен жұмыс.	Білімгер	Интерактивті тақта	Тапсырмаларды орындау	Білімдерін бақылау	5мин.
1	Үйге тапсырма.					

ӘДЕБИЕТ

1. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар. – Тараз, 2003.
2. Орта білім берудің мазмұны: Дәстүрлер мен өзгерістері халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция мақалаларының жинағы. – Астана, 2012.
3. Көпдеңгейлік бірыңғай стандарттық оқыту жүйесі және қазақ тілін үйретудің әдістемесі. – Астана: Келешек-пресс, 2006.

ЕКІНШІ ТІЛ ОҚЫТУДАҒЫ ТҮСІНІП ТЫҢДАУДЫҢ ОРНЫ

**Машинбаева Г.Ә.**

*ф.ғ.к. доцент*

*Түйіндеме*

*Мақалада қазақ тілін шет тіл ретінде оқытудағы түсініп тыңдаудың рөлі туралы айтылады. Авторлар түсініп тыңдауға іріктелініп алынатын материалдарды қалай дұрыс таңдау керектігін айта отырып, жалпы тіл оқытуда түсініп тыңдауға, ол үшін қолданатын материалдарға қойылатын талаптарды бөліп көрсетіп береді.*

*Аннотация*

*В статье рассматривается роль аудирования в обучении казахскому языку как иностранному. Авторы показывают особенности выбора материалов для подготовки занятий по аудированию.*

*Summary*

*In this article the role of Listening lessons in the teaching of the Kazakh language as a foreign language is examined. The authors indicate the features of the choice of materials for the preparation on Listening lessons.*

Қазақ тілін шет тіл ретінде оқытуда түсініп тыңдау мықты құрал ретінде қызмет етеді деп айтсақ артық болмайды. Ол оқып отырған тілдің дыбыстық жағын, оның фонемалық құрамын, дауыс екпінінің заңдылықтарын, сол тілдің өзіне тән ырғағы мен әуенін меңгеруге мүмкіндік тудырады. Түсініп тыңдау арқылы оқып отырған тілдің лексикалық құрамы мен грамматикалық құрылымымен танысу жүзеге асырылады.

Сондай-ақ түсініп тыңдау сөйлесім, оқылым, жазылымды жеңілдетеді. Айталық, егер адам түсінсе, ол өзіне қойылатын сұрақтарға дұрыс, нақты жауап бере алады, мағынасын түсінетін сөзді дұрыс оқи алады және ойын нақты сауатты етіп мәтін түрінде, диалог түрінде жазып бере алады.

Түсініп тыңдау тапсырмаларын орындағанда сөйлеуші мынадай қабілеттерін көрсете білуі тиіс:

1. Басқа адамдар не туралы айтатыны жөнінде алдын-ала білу.
2. Таныс емес сөздер мен пікірлердің мағынасын дабыра қылмай болжай білу.
3. Өзінің алдын-ала алған білімін түсіну үшін қолдана білу.
4. Сөйлесім тақырыбына сөйлесушінің қатынасын түсіне білу.
5. Тыңдап отырғанда керектіні жазып отыру. Екпін мен дауыс ырғағын түсіне білу.
6. Сөйлесімнің этикалық жағын білуі керек, сөзталқыға түсудің ережелерін, басқа да сөзталастыратын жанрларды дұрыс меңгеруі тиіс.

Түсініп тыңдау адамның есте сақтау қабілетімен тығыз байланысты. Есте сақтаудың өзін бірнеше топқа бөлуге болады. Қысқа мерзімді – естіген нәрсені белгілі аз ғана уақытта есте сақтау, оперативті – берілген ақпаратты алдын-ала белгіленген мерзім бойы есте сақтау, ұзақ мерзімді – берілген ақпаратты есте сақтау мерзімі шексіз болады. Оны қолдануда ойлау мен ерік күші жиі қатысады (сондықтан оның қолданылуы шексіз болып табылады). Көру

арқылы есте сақтау қабілеті көзге көрінген нәрселерді көру қабілеті арқылы қабылдаумен байланысты. Есту арқылы есте сақтауда түрлі естіген дыбыстар, музыкаларды қабылдау жүзеге асырылады. Түсініп тыңдауда бұл маңызды, себебі студент ең алдымен естіген дыбыстарды дұрыс тыңдау арқылы жеткізуге тырысады; эмоционалды есте сақтау – мұнда адамның есте сақтауы оның көңіл-күйімен байланысты болады. Мұндай есте сақтау ұзақ және сапалы болады. Жоғарыда көрсетілген есте сақтаудың түрлері түсініп тыңдаудың сәтті болуы үшін жұмыла қатыстырылады, олар іске қосылмаған жағдайда тілді меңгеру, сөйлеуді жүзеге асыру мүмкін емес. Бұл жерден дәрісханада адамның негізгі психикалық үдерістері болып табылатын ес, қиял, ойлау, қабылдаудың түсініп тыңдауды жүзеге асыру үшін қызмет ететінін, қатыстырылатынын көре аламыз. Осындай жолмен біз адамның психикасын дамыта отырып, екінші жағынан адамды жеке адам ретінде дамытып отырамыз. Осыдан кейін түсініп тыңдауды оқытудың ең негізгі ажырамас бөлігі деген қорытынды жасауға болады.

Түсініп тыңдауды меңгеру тәрбиелік, білім беру, дамытушылық мақсаттарды жүзеге асыруға септігін тигізеді. Ол оқушыларға өзгенің дыбысталып отырған сөйлеуін мұқият тыңдауға үйретеді және оның мағыналық жағын да тек шет тілінде емес өз тілінде де жете түсініп тыңдауға дағдыланады.

Түсініп тыңдау сабақтарында қандай материалдарды қолдануымыз керек дегенге тоқталып өтейік. Түсініп тыңдау сабақтарындағы берілетін материалдар аутентикалық болуы тиіс. Түсініп тыңдау сабақтарында ұсынылатын материалдар нағыз аутентикалық және оқу үдерісіне қажетті болған соң, оқытушының өзі тақырыпқа, сабақ мақсатына қарай өзі жасағандықтан оқу-аутентикалық болып бөлінеді.

Аутентикалық материалдар дегеніміз шынайы өмірден алынған аудиоматериалдар мен бейнематериалдар жазбасы. Ондағы қолданылған диалогтар мен монологтар нағыз шынайы жандаяттан алынған, оның лексикасы мен грамматикалық құрылымы шынайы, ешқандай түзетілмей сол күйінде жазылып алынған.

Оқу-аутентикалық материалдар – олар арнайы түсініп тыңдау сабақтарындағы талаптарға сай жасалынған, олар нақты бір оқу міндеттерін шешу үшін жасалынады.

Түсініп тыңдауға берілетін материалдар келесі талаптарға жауап беруі тиіс:

1. Түсініп тыңдауға арналған материалдар тіл үйренушілердің жас ерекшеліктеріне сай іріктелуі және олардың ана тілі мен шет тіліндегі сөйлеу тәжірибиесіне лайықталып алынғаны жөн.

2. Материал мазмұны студенттер үшін жаңа және қызықты ақпараттардан тұруы тиіс.

3. Онда сөйлеудің түрлі формалары қатыстырылуы тиіс.

4. Ондағы берілген жағдаяттар және оған қатыстырылған кейіпкерлер шынайы өмірден алынған болуы тиіс.

5. Алынған материал оқушыға белгілі бір көңіл күй тудыруы тиіс, сонда ол оған жауап ала алады.

6. Мүмкіндігінше тәрбиелік мәні болуы тиіс.

Қазіргі кезде шет тілін оқытуда шынайы түрде, заманауи шет тілін оқыту үшін ең бір ескеретін нәрсе ондағы қолданылатын материалдар барлық ұлттық сана ерекшеліктері қатыстырылған сол ұлт өкілдерінің өміріне алынған, ұлттық ерекшеліктері көрінетін, барлық тілдік нормалар сақталып құрылған, шынайы материалдарды қолданған дұрыс. Мұндай шынайы аутентикалық материалдар мен арнайы мақсатпен құрылған оқу-аутентикалық материалдарды шынайы тілдік шығармалар деп атауға болады және олар түсініп тыңдауға үйретуде өте жақсы нәтиже әкеледі, олар арқылы сабақта шынайы сөйлесімдік орта жасауға болады.

Бастауыш деңгейде түсініп тыңдауға алынатын мәтіндерге қандай талаптар қойылады дегенге тоқталатын болсақ, олар төмендегідей деп атап көрсете аламыз:

1. Түсініп тыңдауға алынған материал мәтіні таныс тілдік материалдан тұруы тиіс, тек 3% ғана таныс емес сөздер бола алады.



2. Түсініп тыңдауға алынған материал құрамындағы таныс емес сөздер негізгі ақпаратты емес, тек қосымша ақпарат беру үшін қолданылулары тиіс.

3. Олар мәтіннің барлық бөлігіне біркелкі бөлінуі тиіс.

4. Түсініп тыңдауға дайындалатын материалдарды іріктегенде олар тек оқылған таныс грамматикалардың ғана қатысуымен құрылуы тиіс екендігін естен шығармауымыз керек, олардың ішінде ілуде бір таныс емес грамматика болса, оның мағынасын контекст арқылы анықтай алатындай болуы керек.

5. Аудиомәтін шынайы сөйлесім жылдамдығына сай болуы тиіс және ол төменгі нормативтік норма шеңберінен аспауы тиіс. Шамамен секундына 3-4 сөз болуы тиіс.

6. Аудиомәтін дұрыс дауыс ырғағымен дыбысталуы керек.

7. Мәтін логикасы дұрыс құрылған болуы тиіс, кілт ақпараттар мәтіннің басында, аяғында, соңында кездесуі тиіс.

8. Мәтінді оқыған дикторлар ауысып тұруы тиіс, сонда оқушылар әртүрлі дауысты тыңдау мүмкіндігіне ие бола алады.

9. Түсініп тыңдау үшін арнайы бейімделіп құрастырылған, мұғалімнің дауысымен жазылған аудиотаспалар, ауызша ақпараттар қолданылады.

Қиындықтар туралы айтқанда олардың біріншілері тілдік аспектілермен байланысты болса, екіншілері сөйлеудің өзіне тән ерекшеліктеріне қатысты болып келеді.

Тілдік аспектілермен байланысты қиындықтар үш топқа бөлінеді:

**1. Фонетикалық қиындықтар.** Бұл қиындықтар сөйлесу легінде, сөздер құрамында кездесетін дыбыстар арасындағы қақтығысынан сөздерді дұрыс ести алмағанда және сөз бен сөз арасында және қазақ тіліндегі дыбыс үндестігінен, ілгерінді, кейінгі ықпалдың әсерінен жазу мен сөзді дыбыстағанда болатын өзгешеліктің әсеріне туындайды. Адам өз тілінде практика жүзінде ол дыбыстарды сөздерді сан рет айтатындықтан жазу мен айтылым арасындағы алшақтықты жақсы біледі. Ал өзге тілде осындай түсінетін жағдайға жету үшін ол көп рет тыңдап, жаттығуы тиіс. Әсіресе шетелдік студенттер қазақ тіліндегі дауысты **О** мен **У** дыбыстарын, **Ө** мен **Ү** дыбыстарын тыңдағанда көп айыра алмай жатады және қатаң **Қ**, **П** дыбыстарының соңынан дауыстылар келгенде **Ғ**, **Б** болып өзгеруіне қатысты қиындықтарға тап болады.

**2. Грамматикалық қиындықтар.** Грамматикалық құрылымдар бойынша кездесетін қиындықтар қазақ тілін де айналып өтпейді. Қазақ тілінде жіктік жалғау қосымшаларының сұрақтың құрамында келгенде түсіп қалуы, табыс септігі жалғауының жасырын тұруы сияқты грамматикалық категорияларға қатысты кездеседі. Сондықтан грамматикалық сабақтарда осындай тұстарға аса қатты көңіл бөлген дұрыс.

**3. Лексикалық қиындықтар.** Мәтінде көптеген таныс емес сөздердің болуы мәтінді түсінбеуге соқтырады. Сондықтан таныс емес сөздерді мәтінге қатыстырмау қажет.

Аудиоматериалдармен жұмыс істегенде тіл үйренушілердің бір мерзімде бірнеше бірнеше тілдік шеберлікпен жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

Тыңдалым материалдарымен жұмыс істеудегі аудиомәтіндермен жұмыс жаттығуларын бернеше топқа бөліп көрсетуге болады:

1. Мәтіналды жаттығулары

2. Тыңдау кезінде орындалатын жаттығулар

3. Мәтіннен кейінгі жаттығулар.

Мәтіналдындағы жаттығулар тыңдалымға дейін орындалады, олар кейінгі тыңдалымды толық түсінуді қамтамасыз ету үшін орындалады.

Бұл кейін тыңдалатын мәтінге қатысты суреттер, диаграммалар және тақырыбына қатысты материалдар болуы мүмкін. Бұл жаттығулар арқылы студенттердің тақырыпқа қатысты лексикасы белсенді бола бастайды, сондай-ақ олардың әлеуметтік мәдени білімдері мен фондық білімдері өзекті бола бастайды.

Түсініп тыңдау – тіл үйренушінің басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсуінің негізі болып табылады, ол арқылы ауызша сөйлесу басталады деп айтуға болады. Түсініп

тыңдауды меңгеру арқылы студент өзіне не хабарланғанын біле алады және оған өзінің жауабын дұрыс бере алып диалогтық сөйлесімнің негізін қалайды. Бұл жерде тыңдалымның сөйлеу мәдениетін меңгертетінін басып айтқымыз келеді. Мұнда тіл үйренуші сөйлесіп тұрған адамның сөзін толық тыңдап, естіген ақпаратқа қатысты оның не айтқысы келетінін қорытып, тек қана оқып отырған тілде емес, өз тілінде де көзқарас қалыптастырады. Сондай-ақ, тыңдалым шет тілін оқу үдерісінде дыбыстарды үйретуде ең маңызды құрал болып табылады. Оқытушы айқан дыбыстарды студенттер бірнеше рет дәл солай қайталап айта алулары тиіс.

Түсініп тыңдау сөйлесім қызметінің түрі ретінде оқытудың барлық кезеңдерінде басты рөл атқарады, оны оқытушы оқу үдерісінің барлық сатысына тіл оқытудың барлық деңгейлеріне лайықтап енгізіп отыруы тиіс.

### ӘДЕБИЕТ

1. Конишева А.В. Организация самостоятельной работы учащихся по иностранному языку «Каро» Санкт-Петербург, “Четыре четверти”. – Минск, 2005.
2. Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранным языкам. Пособие для учителя АРКТИ. – Москва, 2004.

### ҚАЗАҚ ТІЛІН ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫНА ОҚИТУ

**Мұсаева М.Г.**

*ф.ғ.к. доцент,*

**Ешимов М.П.**

*ф.ғ.к. доцент*

#### *Түйіндеме*

*Мақалада әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЖОО дейінгі білім беру факультетінде шетел азаматтарына қазақ тілін шет тілі ретінде оқытатын ұстаздардың ғылыми әдістемелік жұмыстары мен олар оқу үдерісінде қолданатын инновациялық технологияларына шолу жасалып, көпжылдық ғылыми ізденіс пен тәжірибеге ұласқан еңбектері нәтижесінде жарыққа шыққан оқу құралдары туралы сөз болады. Кілт сөздері: қазақ тілі шет тілі ретінде, әдістеме, жаңа технология, оқу құралы*

#### *Аннотация*

*В статье представлен обзор научно-методической работы преподавателей казахского языка как иностранного факультета довузовского образования КазНУ имени аль-Фараби и используемые ими в учебном процессе инновационные технологии. Также описываются многолетние научные изыскания в области КазКИ, их практическое использование при создании учебных пособий. Ключевые слова: казахский язык как иностранный (КазКИ), методика, новые технологии, учебное пособие.*

#### *Summary*

*The article presents a review of scientific and methodical work of teachers of the Kazakh language as a foreign of the Department of Pre-College Education (Department of International Education) of KazNU named after al-Farabi and used in educational process of innovative technologies. Also describes years of research in the area of Kazakh language as a foreign, their practical use in the creation of training manuals. Key words: Kazakh as a foreign language (KFL), method, new technology, tutorial.*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ЖОО дейінгі білім беру факультеті шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасында 1991-1992 оқу жылдарынан бастап қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесін жасауды қолға алды. Аталған факультетке алғаш қазақ тілін үйрену үшін келген шетел азаматтары үшін арнайы топтар ашылып, оларға қазақ тілін үйретудің жаңа бір бағыты бастау алды.

Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасы құрылғанынан бастап, ұжымының ғылыми-практикалық еңбектері, орыс тілін шет тілі ретінде және қазақ тілін шет тілі ретінде меңгеру теориясының ғылыми негізін қалыптастырып, өзге тілді оқыту практикасын дамытып, өзіндік платформа жасай бастады.

1985 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін қазақстандық лингвистикадағы орыс тілін шет тілі ретінде және 1991 жылдан бастап қазақ тілін шет тілі ретінде меңгерудің қолданбалы бағытының даму кезеңі деп атауға болады. Оны XX ғасырдың соңы мен XI ғасырдың басындағы Республика өміріндегі саяси, экономикалық, мәдени өзгерістерімен байланысты экстралингвистикалық факторлармен қатысты қос және көптілділік жағдайында дамыту қажет болды. Қазір кафедрада өзге тілді меңгеру мәселелерін зерттеу бойынша теориялық қағидалары дәрісханалық жұмыс жасауда толығымен қолданыс тапқан, өзіндік ғылыми-әдістемелік мектеп пайда болғанын сенімділікпен айтуға болады.

Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту қазақ тілін үйренушінің тілдік қарым-қатынас құзыретінің қалыптасуын қамтамасыз ететін, тиісті тілдік материалдарды меңгерудегі және оқу технологиялық сипаттағы біліктілік пен дағдылардың қалыптасуына бағытталған көп деңгейлі, көп қырлы күрделі үрдіс болып табылады.

Шетел азаматтары оқитын факультетте қазақ тілін оқытудың стратегиялық мақсаты – қазақ тілін мәдениетаралық коммуникацияның әртүрлі салаларында қарым-қатынас құралы ретінде меңгерген тілдік тұлғаның негізін қалыптастыру.

Кафедрада тіл меңгерудің жалпыеуропалық, ресейлік қалыптарына негізделген қазақ тілін шетел азаматтарына оқытудың көп деңгейлік жүйесінің моделі жасалған. Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың әрбір деңгейі нақты практикалық мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған. Ол – тілді алдымен элементарлық меңгеруді, кейіннен еркін меңгеруді қалыптастыру. Қарапайым деңгей (A1) – шектелген, бірақ коммуникативті жеткілікті деңгей. Бұл кезеңде қолданушы бағдарламада қамтылған қарым-қатынас жағдаяттары мен тақырыптар, лексикалық және грамматикалық минимумдар төңірегінде мазмұны жағынан күрделі емес тілдік айтылымдарға қатыса алады. Оқытудың базалық деңгейі (A2) тіл үйренушінің тілдік қарым-қатынас құзыретінің келесі деңгейін көрсетіп, қарым-қатынастың тұрмыстық, жалпымәдени, оқу салаларындағы негізгі коммуникативтік қажеттілікті қамтамасыз етеді. Тіл меңгерудің бұл деңгейі еуропалық елдерде азаматтық алуға құқық береді. Қазақ тілін оқытудың орта деңгейі (B1) – инофонның осы тілде сөйлейтін адамдармен қарым-қатынастағы негізгі коммуникативтік қажеттілігін қанағаттандыра алатын деңгей. Тіл меңгерудің бұл деңгейі ЖОО түсуге құқық береді.

Қазақ тілін оқытудың әр деңгейінде сөйлеу, айту, интонациялық, лексикалық, грамматикалық дағдылардың қалыптасуына сандық және сапалық талаптар қойылады. Тіл меңгерудің қарапайым, негізгі және жалғастырушы деңгейлері коммуникативті жеткілікті, аутентикалық сөйлеумен және тілдік материалдармен қамтамасыз етілген.

Шет тілін үйрету тіл үйренушілердің мәдениетаралық қарым-қатынасқа жеке және тең дәрежеде қатыса алатындай би/полимәдениеттік тілдік тұлға мінезін қалыптастыруға бағыттталып отыр. Үйреніп отырған тілді мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде меңгеру тек мазмұны шынайы қарым-қатынасқа негізделген жағдайда ғана үйрене алады. Бұл ұстаным бір-бірімен тығыз байланысқан түсініп-тыңдау, ауызша сөйлеу мен оқу және жазу әрекеттеріне тікелей қатысты. Сондақтан да қазақ тілі оқытушылары өздерінің ғылыми, оқыту-әдістемелік жұмыстарын тіл меңгерудегі сөйлеу әрекеттерінің түрлерін: *тыңдалым, жазылым, оқылым, айтылым (диалогтық, монологтық)* шынға арнайды. Қазақ тілін оқыту үдерісінде жоғарыда айтылған әр деңгейдің сапасын бақылау мақсатында сөйлеу

әрекеттерінің әр түріне арналған арнайы тестілік тексеру жүйесі жасалынған. Сондықтан қазақ тілін үйрену үшін келген әрбір азамат өзінің тілді меңгеру деңгейін арнайы тест арқылы бақылап көре алады және сөйлеу әрекеттерінің қай түрі қалыс болса, сол бағытта көбірек жұмыс істеуіне мүмкіндік ала алады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ЖОО дейінгі білім беру факультеті шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының оқытушылары шетелдіктерге тілді оқыту әдістемесі бойынша бай материал және үлкен жұмыс тәжірибесін жинады. Мұның бәрі оқытушыларға өз оқулықтарын және оқу құралдарын құрастыруға, өздерінің бірегей әдістемелерін жетілдіруге көмектесіп отыр.

ЖОО дейінгі білім беру факультетінің шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасында Қазақстанның жетекші университеттерінен білім алған, шетелдік студенттермен жұмыс істеуде үлкен тәжірибелері бар, жоғары маманданған қазақ тілі оқытушылары жұмыс істейді: филология ғылымдарының докторы, доцент А. Саденова, филология ғылымдарының кандидаты, доценттер Г. Мұсаева, М. Ешимов, Г. Машинбаева, аға оқытушылар Р. Дүйсенбаева, С. Нұртілеуова.

Бүгінгі таңда кафедрада қазақ тілін шет тілі ретінде меңгеруді зерттеудің ғылыми-әдістемелік мектебінің қалыптасқанын сенімді түрде айта аламыз. Осы бағытта бірнеше кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды.

*Кандидаттық диссертациялар:*

1. Ым семантикасы: ұлттық және универсалды табиғаты – *М.П. Ешимов*, 2004 (ғылыми кеңесші – филология ғылымдарының докторы, профессор Г.Б. Мадиева);

2. Қазақ тіліндегі жай сөйлемдерді виртуализациялау (меңгеру мақсатында) – *Г.А. Мұсаева*, 2006 (ғылыми кеңесші – филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Ә. Нұршайықова);

3. Теледидар тілінің лингвопрагматикалық аспектілері – *Г.Ә. Машинбаева*, 2007 (ғылыми кеңесші – филология ғылымдарының докторы, профессор Б. Момынова).

*Докторлық диссертация:*

1. Диалогтық дискурс: қазақ тілін деңгейлік меңгеру динамикасы – *А.Е. Саденова*, 2010 (ғылыми кеңесші – филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Ә. Нұршайықова).

Аталған еңбектер қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгерудің ғылыми-әдістемелік негізі деп атауға болады. Диссертациялық жұмыстардағы қаралған инновациялық технологиялар тек осы оқу орнында ғана емес, Қазақстанның басқа да жоғары оқу орындарында және шетелдерде де қазақ тілін оқытуда қолданылып келеді.

Жоғарыда аталған ғылыми зерттеулердің нәтижесінде жасалған, сонымен қатар әртүрлі елдер ғалымдарының зерттелген және қайта өңделген жаңалықтары, оқытудың жаңа технологиялары соңғы жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ЖОО дейінгі білім беру факультетінің оқу үдерісіне енгізілді.

Кафедраның қазақ тілі мамандары өздерінің зерттеу жұмыстарының нәтижелерімен ТМД елдерінде, шетелдерде өтетін халықаралық конференцияларға және симпозиумдарға, семинарларға және дөңгелек үстелдерге қатысып отырады.

Кафедра ұжымы қолынан жарыққа шыққан оқулықтар мен оқу құралдары оқу үдерісіндегі барлық пәндерді қамтамасыз етіп отыр.

1997 жылы "Сорос-Қазақстан" қоры Қазақстан Республикасының Білім министрлігімен бірлесе отырып "Гуманитарлық білім беруді жаңғырту" бағдарламасы негізінде қазақ тілінен басқа тіл топтарына арналған қазақ тілі оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарына байқау жариялаған еді. Осы байқауда "Қазақша сөйлегіңіз келе ме?" кешенді оқу құралы жеңімпаз атанған оқулықтардың бірі.

**«Қазақша сөйлегіңіз келе ме?»** оқу кешені үш кітаптан тұрады:

Г.Ә. Мұсаева, Ә.Ә. Құрышжанова, Ж.Ш. Ахмедова, Л.В. Екшембеева. **«Алғашқы қадам»** (Алматы: Балауса, 1998. – 208 б.).

А.С. Бұлдыбаев, Л.В. Екшембеева «Сөйлей білсең – ұтасың» (Алматы: Балауса, 1998).

Ф.Е. Ағманова, Ә.Е. Ағманова, Л.В. Екшембеева «Тілді білсеңіз – елді білесіз» (Алматы: Балауса, 1998).

Факультетке келген шетел азаматтары өз қалаулары бойынша орыс тілін немесе қазақ тілін таңдайды. Орыс тілін таңдаған тыңдаушылар үшін аптасына екі сағат қазақ тіліне кіріспе курсы оқытылады. Осы курсқа арналған оқу құралы бірнеше рет толықтырылып қайта басылды.

Нұршайықова Ж.Ә., Мұсаева Г.Ә. «Бастау» (Алматы: Қазақ университеті, 2005. (екінші басылым), – 108 б.).

Нұршайықова Ж.Ә., Мұсаева Г.Ә. «Қазақ тілі» – алғаш бастаушыларға арналған оқу құралы (Мәдениет және ақпарат министрлігі. Тіл комитеті. – 2-басылым. Астана: «1С-Сервис» ЖШС, 2009. – 114 б.). Бұл оқу құралдары профессор Ж.Ә. Нұршайықова мен Г.Ә. Мұсаеваның синтаксисті алгоритмдеу арқылы беруге арналған докторлық, кандидаттық диссертацияларының негізінде жазылған. Бұл еңбекті орыс тілді дәрісханаларға қазақ тілін қысқа мерзімде оқыту үшін де қолдануға болады. Қазақ тілін алғаш бастаушыларға арналған бұл оқу құралы 2009 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің қазақ тілі оқулықтары арасында жарияланған байқауында «жаңа технологияны» қолданғаны үшін ынталандыру сыйлығына ие болды.

Машинбаева Г.Ә., Нұртілеуова С.Р. «БАҚ тілімен танысайық!» (Алматы: Қазақ университеті). Пәннің мақсаты студенттердің тілдік бірліктердің ақпарат құралдарында қолданылу ерекшеліктерімен таныстыру және студенттерге публицистикалық стильді меңгерту. Бұл пән жалғастырушы топтарда жүргізіледі.

Мұсаева Г.Ә., Ешимов М.П. «Қазақ әдебиетімен танысайық! оқу құралы (бастаушы топтар үшін). (Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 116 б.).

Ешимов М.П. «Қазақ әдебиеті мен мәдениеті» оқу құралы (жалғастырушы топтар үшін). (Алматы: Қазақ университеті). Оқу құралдарының мақсаты – біріншіден, шетел азаматтарын қазақ ауыз әдебиетімен, қазақ әдебиетінің ірі тұлғаларымен, олардың шығармашылығымен таныстыру; екіншіден, оқушы мен сөйлеушінің коммуникативтік құзыретін арттыру.

Мұсаева Г.Ә. «Қазақ тілі: аудиовизуалды курс» (Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 70 б.). Оқу құралымен жұмыс істеу барысында тіл үйренушілер коммуникативтік құзыреттілігін дамытып қана қоймай, өздері үйреніп жатқан елдің әдет-ғұрып, тұрмысы, мәдениетімен де жете танысып, оқып білгендерін шынайы ортада мәдениетаралық қарым-қатынаста белсенді қолдануға дағдыланады.

Дүйсенбаева Р.И. «Іскерлік қазақ тілі» оқу құралы. (Алматы: Қазақ университеті, – 116 б.). Оқу құралының мақсаты – қазақ тілін үйренушілерді іскерлік салаға қатысты сөздермен таныстыра отырып, сөздерден сөз тіркестерін, сөйлем құрастыруды үйретіп, сол арқылы өз ойларын жетік жеткізе білуге жетелеу, яғни іскери жағдаяттарға қатысты мәтін құрастыру деңгейіне жеткізу.

Мұсаева Г.Ә. (Қазақ тілі – шет тілі ретінде (Базалық деңгей) 1-кітап оқу құралы. (Астана, Ш. Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2015. – 242 бет, «Полиграфкомбинат» ЖШС).

Мұсаева Г.Ә. Қазақ тілі – шет тілі ретінде (Жалғастырушы деңгей) 2-кітап. Оқу құралы (Астана, Ш. Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2015. – 140 бет, «Полиграфкомбинат» ЖШС). Бұл оқу құралы қазақ тілін жалпы меңгеруге арналған, яғни базалық білім мен жалғастырушы деңгейді қамтитын оқу құралы. Қазіргі таңда біздің оқу үдерісімізде қолданылып жүрген негізгі оқу құралы болып табылады.

Қазіргі таңда да бұл кафедра ұжымы үнемі ізденісте, оқу материалын берудің жаңа әрі әрқашан қызықты, тиімді тәсілдерін тауып тіл үйренушілермен жұмыс істеуді мақсат етуде.



## ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУҒЫ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰРАЛДАР

*Омаркулова Л.К.*  
аға оқытушы

### *Түйіндеме*

*Мақалада қазақ тілін үйретуде электронды оқу құралдарын жазу мен пайдалану мәселелері қарастырылады.*

### *Аннотация*

*Данная статья посвящена вопросам создания и использования электронных учебных изданий в процессе обучения казахскому языку. Ключевые слова: Технология, процесс, метод, электронный учебник.*

### *Summary*

*This article is about the making and usage of electronic textbooks in the process of Kazakh language. Keywords: technology, process, method, electronic textbook.*

Қазіргі уақытта оқытушылар мен басқа мамандарға педагогикалық қызметте түрлі білім беру технологияларын қолдану студенттердің білімге деген ынтасын, сабақтың кәсіби-тәжірибелік бағдарлылығын арттырып, өздерінің кәсіби-тәжірибелік жұмысында жоспарлы кепілдемелі нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді.

Білім беруді ақпараттандыру екі стратегиялық мақсаттағы жетістіктерді қалыптастырады. Біріншісі – ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану негізінде білім беру жұмысының барлық түрлерінің тиімділігін арттыру. Екіншісі – ойланудың жаңаша типі арқылы ақпараттық қоғам талаптарына сай мамандарды дайындаудың сапасын жоғарылату.

Білім берудің электрондық дидактикалық құралдары мен басқа да ресурстарды қолданудың негізгі дидактикалық мақсаты - мәліметті хабарлау, білімді қалыптастыру мен бекіту, шеберлік пен дағдыны жетілдіру, білімге деген ынтаны арттыру, байланыс пен меңгеруді бақылау. Орыс топтарындағы студенттерге қазақ тілін оқытудың мақсаты – мемлекеттік тілді үйрету.

Біздің мақсатқа жетуімізде электрондық дидактикалық материалдарды жасау және қолдану - үлкен рөл атқарады. Электрондық оқыту құралдарының бірнеше артықшылықтары бар: мультимедиа ретінде олардың құрамына магнитофон, теледидар, бейне магнитофонды кірігізе алады. ЭОҚ жылдам кері байланыс орнатып, қажетті ақпаратты тез табуға, студенттің білімін шапшаң тексеруге мүмкіндік береді. Студент ЭОҚ-мен жұмыс істей отыра оқыту материалын оңай басқару мүмкіндігі болады: оны бөлшектеп немесе толықтай электрондық құралдарға көшіріп, онымен қашан қалай ыңғайлы болса, жұмыс істеп, Ғамалтор желісінің көмегімен жаңа ақпараттармен толықтыруға болады.

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде қазақ тілін оқыту бағдарламасы ақпараттық технологиялар арқылы: оқу бейне фильмі, электрондық оқыту құралы, презентация, флипчаттар (интерактивті тақта арқылы), оқу жұмыс бағдарламасы тақырыптары бойынша сабақтың мультимедиялық пакеттері сияқты түрлі дидактикалық материалды пайдалануға мүмкіндік береді.

Университетіміздің «Жаңа ақпараттық технологиялар орталығы» бөлімінің көмегімен Қазақ және орыс тілдері кафедрасының оқытушылары «Тілді оқыту үдерісінде ақпараттық технологияларды ендіру» атты жоба көлемінде: «Қазақ тілі 1» (грамматикалық және лексикалық курс) және «Қазақ тілі 2» (ғылыми стиль) сияқты электрондық құралдар жасады. Қазақстан ЖОО-лары 3 курс студенттерінің оқу жоспарына «Кәсіби қазақ тілі» пәндерінің қосылуымен біздің жобамыз кеңейтілді. Нәтижесінде 2016-2017 оқу жылында «Кәсіби қызметтің түрлі салаларында өзекті мәселелерді қазақ тілі арқылы шешуге қабілетті

маманның кәсіби және коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыру және дамыту үдерісіне инновациялық технологияларды енгізу» атты мемлекеттік бюджет тақырыбы бойынша «Кәсіби қазақ тілі» пәнінен «Электроэнергетика» және «Есептеу техникасы және бағдарламалау», «Информатика», «Математика» мамандықтары бойынша электронды оқу құралы дайындалды.

Біз оқытудың электрондық-дидактикалық құралдармен жұмыс кезінде бірнеше компьютерлік бағдарламаларды пайдаландық: ActivInspire, Power Point, Abode Premiere Pro, max Flash, 3D Studio Max, Movie Maker. Бұл бағдарламалар ішінде ActivInspire, Activstudio бағдарламасымен жұмыс жасау ретін 2008-2010 жылға дейін университет көлемінде барлық оқытушыларға «Жаңа ақпараттық технологиялар орталығы» бөлімі тарапынан оқыту курстары жүрізілген. 2009 жылдан бастап кафедра мен факультет тарапынан арнайы және орта мектептері мен колледж ұстаздарына арнап тәжірибелік-оқыту курстарын өткізудеміз.

Кафедрада оқу бейнефильмдерін жасауға ерекше назар аударылған. Біздің университеттің жаңа ақпараттық технологиялар жанында оқу фильмдері мен бейнероликтер, электрондық құралдарын жасайтын, оқытушыларға өз идеяларын оқу құралдарына айналдыруға мүмкіндік беретін сектор бар. Орыс топтарындағы студенттерге қазақ тілін үйрету курсы жұмыс бағдарламасының ауызша тақырыптары бойынша: «Студент сахнасы» (ТарМУ-дің студенттік театры туралы), «Қаза киносы» (қазақ киноматографиясының тарихы туралы), «Тараздың қазіргі ескерткіштері», «Ұлттық театр тарихы», «Замандас ақын-жазушылар», «Жамбыл Жабаев» секілді оқу бейнефильмдер мен бейнероликтер жасалған.

Activstudio, ActivInspire бағдарламалық құралдары арқылы, кафедрада осы уақытқа дейін өткізген ашық сабақтарымыздың барлығына дерлік мультимедиалық пакет дайындалған. Ол ашық сабақтар «Қазақ тілі-1» (бастауыш) пәнінен 5 сабақтан, «Қазақ тілі-1» (жалғастырушы) пәнінен 12 сабақтан, «Қазақ тілі-2» пәнінен 7 сабақтан мультимедиалық пакет жасалған. Университетте 90 жуық аудитория интерактивті тақтамен қамтамасыз етілгендіктен, өз жұмыстарымызды оқу процесінде еркін пайдалана аламыз. Университеттегі ашық сабақтар, электронды құралдарды, аудио-видеоөнімдерді жалпы оқу процесіндегі пайдаланатын заманауи технологияларды бақылап, реттейтін «Инновация технологиялар бөлімі» жұмыс атқаруда.

«Қазақ тілі-1» электрондық оқу құралы жеке тематикалық сабақ түрінде құрылған. Әрқайсысына жаңа материалға түсініктеме беретін мәтінмен, грамматикалық тапсырмалармен, сөздікпен, бейнесюжетпен жұмыстар енгізілген. Электрондық құрал келесі бөлімдерден тұрады. Олар: «Авторлар», «Мазмұны», «Тестер», «СӨЖ-ге арналған тапсырмалар», «Жазбаша жұмыстар», «Демалыс бөлмесі». Біздің алғашқы беттегі оқытушымыз сізге қажетті бетті табуға көмектесіп, қай бөлімде не орналасқаны жайында баяндайды.

ЭОҚ-ның тақырыптары иллюстративті материалдармен толықтырылған, олардың біразын құрал авторлары жасаған. Бұл оқу бейнефильмдері, презентациялар, аудиоматериалдар. Жеке жұмысқа арналған тапсырмалар орындау үлгісімен, жазбаша жұмыстар аудиотүсіндірмелермен қатар берілген. «Мазмұны» бөлімінде жұмыс істей отырып, студент лексикалық, грамматикалық материалмен танысады. Гиперсілтеме көмегімен өзіне қажетті бөлімдерге ауысу арқылы мәтіндер мен тапсырмалардың аудиожазбаларын тыңдап, сөздік жұмысты орындайды. «Тестер» бөлімінде студенттер өз білімдерін тексеріп, емтиханға дайындала алады. «Демалу бөлмесінде» біз студенттерге қазақ әндерінің қазіргі бейнеклиптерін көруді ұсынамыз.

Электрондық оқыту құралдарын ендіру нәтижелері қазақ тілін оқыту үрдісінің жаңа сападағы көрінісімен, студенттердің шығармашылық жұмысын белсендірумен ерекшеленетініне көзіміз жетті.

ӘДЕБИЕТ

1. Бидайбеков Е.Ы., Григорьев С.Г., Гриншкун В.В. Создание и использование образовательных электронных изданий и ресурсов.// Учебно – методическое пособие. – Алматы, 2006. - 136 с.
2. Буторина Т.С., Ширшов Е.В. Дидактические основы использования информационно – педагогических технологий в подготовке электронного учебника // Открытое образование. – 2001. – №4. –16 с.
3. Павлова Т.В., Туманова А.Б. О применении новых технологий в обучении русскому языку студентов неязыковых вузов // Учебник третьего тысячелетия: создание, издание, распространение. – Алматы, 2003. – С. 340-345.
4. Роберт И.В. Современные информационные технологии в обучении: дидактические проблемы, перспективы использования. – М., 1994. – 50 с.

### ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕРГЕ ТІЛ МЕНГЕРТУДЕ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

**Саденова А.Е.**  
ф.ғ.д. доцент,  
**Толмачева Д.С.**  
ф.ғ.к. доцент,  
**Игнатова Е.Р.**  
ф.ғ.к. доцент

#### Аннотация

*В статье рассматриваются приёмы формирования фонетических навыков речи при обучении русскому и казахскому языкам у иностраннных студентов.*

*В статье предложены разные методические рекомендации, соответствующие разным этапам обучения. Для обучения формированию фонетических навыков речи предлагаются интерактивные формы. Система упражнений, представленная в статье, способствует развитию устного общения.*

#### Summary

*This article discusses methods of forming phonetic speech skills at training to Russian and Kazakh languages in foreign students.*

*This article provides various guidelines, corresponding to different stages of training. For the formation of phonetic speech training skills offered interactive forms. The system of exercises presented in this article contributes to the development of oral communication.*

Тіл - тілдесу құралы ретінде пайда болып, сонымен қатар дыбыстық тіл болып табылады және оның дыбыстық құрылымын игеру (оны дыбыстау дағдысы) тілдесудің кез келген түрінде міндетті шарты болып табылады. Сөйлеу дыбыстары сөздің мағынасын және морфологиялық формаларын анықтайды, синтаксистік құрылымға және сөйлеу стиліне әсер етеді. Сондықтан тілдесудің ең маңызды бір алғышарты естігенді дыбыстау дағдысын дамыту болып табылады, яғни естілген дыбысты өзіне қатысты мағынасымен дұрыс дыбыстау қабілеті және өз кезегінде мағынасына сай дыбысты шығара алу.

Оқытудың бастапқы кезеңінен бастап шетелдік студенттердің барлық сөйлеу қызметін қалыптастыру негізі болып табылатын есту және айтылу дағдыларын дамыту керек. Дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету жұмысы тілге үйретудің бастауыш деңгейінде тоқтап қалады деп ойлауға болмайды. Дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету жұмысын барлық оқыту үдерісінде жалғастыру керек: шетелдік студенттің тілді қай деңгейде меңгеріп жатқанына қарамай тұрақты түзетіп отыру керек. Орысша, қазақша дыбыстарды еркін түрде дыбыстай алу – қиын орындалатын міндет екенін ескеру керек. Осыған байланысты мақсатты түрде тіл

үйренушілермен ерекше мәні бар қазақ, орыс фонетикасымен жұмыс істеу керек. Алайда, сөйлеудің барлық түріне оқытқанда, соның кез келген түрінде дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету жұмысы қолданылады. Сөйлеудің фонетикалық жағы мақсатты түрде оқытылып қана қоймай, ол сөйлеудің міндеті мен қажеттілігіне байланысты лексикалық және грамматикалық дағдыларды қалыптастырумен бірге тыңдалымға, айтылымға, оқылымға, жазылымға оқытумен тығыз байланыста дамиды.

Дыбыстарды дұрыс айтуға оқыту барысында дыбыстар, екпін, интонация меңгеріледі, нәтижесінде практикалық мақсатта орыс, қазақ тілдерінің фонетикалық жүйесі игеріледі.

«Произносительный навык – способность осуществлять синтезированное действие, совершающееся в навыковых параметрах и обеспечивающее адекватное звуковое оформление звуковой единицы. Он состоит из двух операций: операции артикулирования и операции интонирования» [5,163].

Сөйлеудің есту-айту дағдысы деп айтылымдағы берілген барлық дыбыстарды дұрыс айту, өзге адамның сөйлеуін тыңдағанда барлық дыбыстарды тани білу дағдысын түсінеміз. Ал ритмикалық-интонациялық дағды деп интонациялық және ритмикалық дұрыс сөйлеу, басқа адамның сөзін түсіну дағдысын айтамыз. Сонымен қатар, сөзге екпінді дұрыс түсіріп айта білу дағдысы да маңызды болып табылады. Осы үш дыбыстау дағдысын олардың тығыз байланысында қалыптастыру - дыбыстауға үйретудің негізгі міндеті болып табылады.

Тағы бір міндет - бүтін бір сөйлемдегі, сөз тіркесіндегі, сөздегі дыбыстарды тани алуын қалыптастыру. Тағы бір үшінші міндет - студенттер үшін өзекті болып табылатын өзін бақылау дағдысын және өзінің жолдастарын бақылауды қалыптастыру. Төртінші міндет – сөздің жазылуынан оны дыбыстауға өту ережелерін игеру. Дыбыстарды дұрыс айтуға оқыту барысында міндеттердің қатарын ұлғайтуға болады. Сонымен қазақ, орыс дыбыстарын дұрыс дыбыстаудан бөлек тағы да сөйлеу барысында дыбыстардың тіркесуін білу керек. Екпінді дұрыс қоя білу керек.

Дыбыстарды дұрыс айтуға оқыту дыбыстарды игеру негізінде құрылады. Студенттік аудиторияда дыбыстардың айтылу ережелері түсіндіріледі. Оқытушы түсіндіру кезінде артикуляциялық схеманы, көмекші дыбыстарды қолданады. Дыбыстарды дұрыс айтуды сезіну сәттері болады – бұл дыбыстау мүшелері арқылы сезу, кей жағдайда көру. Оған еріннің, тілдің қимылы, ерін мен тістің бірігуі, барлық мүшенің қозғалысы, ауа арқылы дыбыстың шығуы, күші жатады.

Артикуляциямен жұмыс жасау қиын болғанда көмекші-дыбыстарды қолданады. Мысалы: орыс тілінің жуан [Ш], [Ж] дыбыстарын үйреткенде, [К], [Г], [Х], [О], [Ц] - көмекші-дыбыстары КШО, КШУ, ОШО, УШУ, ГЖУ, ОЖО, УЖУ тіркестерімен келеді ж.т.б.

Жұмыс нәтижелі болу үшін бұл көмекші-дыбыстарды ұзақ және көбірек айтқызу керек.

Дауысты дыбыстарды айтқызыған кезде дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке дауыссыз дыбыстармен тіркесін және дауысты дыбыстың фонетикалық сөздегі орнын (егер көмекші есімдерге, шылауларға, есімдіктерге екпін түскен жағдайда) есепке алу керек. Дауыссыз дыбыстарды айтқызыған кезде фонемалардың тіркесуіне, қасында тұрған дауысты дыбыстың сипатына, сонымен бірге сөздегі дауыссыз дыбыстың орнына назар аудару керек.

Сабақ үстіндегі фонетикамен жұмыс барысы үш негізгі кезеңнен тұрады: дыбысты, сөзді, сөйлемді дұрыс айтқызуға үйрету. Дыбысты дұрыс айтқызуға үйретудегі негізгі жұмыс сөйлеммен жұмыс жасау барысында болады. Есту-айту дағдыларын дамытуға бағытталған жаттығулар екі топқа бөлінеді: тыңдауға арналған жаттығулар және айтқызуға арналған жаттығулар. Мақсатты тыңдату сөзді қабылдау мен түсіну қабілеттілігін дамытады. Тіл үйренушілер алдымен дыбыстарды, одан кейін сөз тіркестерін, одан кейін интонациялық құрылымдарды, соңында сөйлемдерді игереді.

Алдымен студенттер дыбыстарды дұрыс айтуға оқытудың бір кезеңін дыбыссыз үйренуі мүмкін. Бұл кезеңде тіл үйренушілер дыбыстарды үндерін шығармай іштерінен

айтады. Фонетикалық дыбыстарды студенттердің бәрі бірге хормен айтуға болады, ол кезде уақыт үнемделеді, дыбысталуы көрінеді және студенттің қорқынышы жойылады. Тілдік (даярлық) және сөйлеу (коммуникативтік) жаттығуларын қолдануға болады.

Фонетикалық жаттығулардың мақсаты – оқыту кезеңінің фонетика бөлімінде фонетиканың белгілі бір түрлеріне жаттықтыра отырып, үйрету немесе түзету жүргізу. Фонетикалық жаттықтыру жұмыстары тек қана фонетика сабағында ғана жүрмейді, сондай-ақ, грамматика сабағында да жүргізіледі. Алайда, тек қана фонетикалық жаттығуларды тек қана фонетикамен жұмыс барысында ғана қолданып қоюға болмайды. Фонетика-грамматикалық жаттығу түрлерін қолданудағы мақсат – кешенді түрде фонетикалық және грамматикалық формаларды меңгерту. Мұндай жаттығулардың тілдік немесе сөйлеу материалдарын жақсы меңгеруге көп көмегі тиеді. Фонетикалық мақсат – сөйлеу немесе грамматикалық материалын фонетикалық тұрғыдан игеру. Басқа лексика-грамматикалық және сөйлеу жаттығулары фонетикалық жаттығуға және түзетуге арнайы бағытталған материал болуы керек.

Жаттығуларды топтарға бөлуге болады – тіл үйренушінің фонематикалық естуін дамытушы және жаттықтырушы жаттығулар:

а) тыңдаңыздар; б) тыңдаңыздар және берілген дыбысты табыңыздар, бақылау түрі (мәтіннен сызыңыз, осы дыбысы бар кестені көтеріңіздер, сөйлем соңына нүкте немесе сұрау белгісін қойыңыздар ж.т.б.);

Дыбыстарды дұрыс айтуға және екпінді дұрыс қоюға арналған жаттығулар үшін келесі тапсырмалар беріледі: а) тыңдаңыздар және іштей қайталаңыздар; б) тыңдаңыздар және оқытушымен бірге қайталаңыздар; в) оқи отырып тыңдаңыздар; г) тыңдаңыздар және оқи отырып қайталаңыздар; д) тыңдаңыздар, қайталаңыздар, диктофонға жазыңыздар; өздеріңіздің дыбысты қалай дұрыс айтқандарыңызды оқытушының айтуымен салыстырыңыздар; е) тыңдаңыздар, жазыңыздар; ж) тыңдаңыздар және транскрипциясын жазыңыздар; жазбаны оқыңыздар; өздеріңіздің дыбысты қалай дұрыс айтқандарыңызды оқытушының айтуымен салыстырыңыздар; з) транскрипциядан оқыңыздар, өздеріңіздің дыбысты қалай дұрыс айтқандарыңызды диктофонға жазыңыздар; и) оқи отырып тыңдаңыздар; екпінді қойыңыздар; к) оқи отырып тыңдаңыздар; л) интонациялық транскрипциядағы мәтінді оқыңыздар; мәтінді диктофонға жазыңыздар.

Коммуникативтік тұрғыдағы жаттығулар жоғарғы деңгейде орындалады және келесі тапсырмалар берілуі мүмкін: а) бір нәрсе туралы сұраңыз; б) бір нәрсені сұраңыз; в) біреуге қарсылық білдіріңіз; г) біреумен келісіңіз; д) біреумен келіспеңіз; ж) біреумен мақтаныңыз.

Дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету жұмысы оқытудың барлық кезеңінде жалғасады, бірақ оқытудың әр деңгейіне байланысты әр түрлі мақсаттар жүзеге асады және материалды беру формалары өзгеріп отырады. Оқытудың бастапқы деңгейіндегі негізгі мақсат – шағын лексика-грамматикалық материал бойынша есту-айту дағдыларын дамыту. Бұл мақсат кіріспе-фонетикалық курсының екі түрінде жүзеге асады: а) студенттің ана тіліндегі және орыс, қазақ тілдеріндегі фонетикалық жүйенің ерекшелігін ескере отырып құрылған курс; б) тек қана қазақ, орыс тілдерінің фонетикалық жүйесінің ерекшелігін көрсететін курс.

Кіріспе-фонетикалық курс тек қана кіріспе деп атауға болады, яғни онда шағын лексиканы, қарапайым синтаксистік құрылымдарды, сөйлеудің және тыңдалымның, оқылымның, жазылымның қарапайым түрін игергенін көрсетеді. Осындай кіріспе курсы аясында студент фонетика жүйесін, орыс және қазақ тілдеріндегі дыбыстардың дыбысталуын, екпіннің ерекшелігін және оның түрлі сөздерде келуін, интонациялық құрылымдардың негізгі түрлерін меңгереді. Сонымен бірге кіріспе курсына лексиканы және грамматикалық құрылымдарды тандау дыбыстауға оқыту міндеттеріне байланысты болады. Кіріспе-фонетикалық курсының қысқа мерзімінде есту-айту дағдысын қалыптастыру мүмкін емес, сондықтан дыбыстарды дұрыс айтуға арналған жұмысты қазақ және орыс тілдерін оқытудың барлық кезеңдерінде жалғастыру керек.



Кіріспе-фонетикалық курсынан бөлек фонетиканың ілеспе курсы бар. Бұл практикалық орыс және қазақ тілдерінің әдеттегі сабақтарының бір бөлігі (бес минуттан он бес минут уақыт аралығында өтеді) болып табылады. Бұл сабақ түрі студенттерге лексика мен грамматиканы меңгеруді жеңілдетеді. Оқытушы әр сабақтың фонетикалық қиындықтарын белгілейді және онымен әр сабақтың басында жұмыс жасайды. Бұл жұмыс фонетикалық жаттығу деп аталады. Оның мақсаты - фонетикалық естуді дамыту, фонетикалық қиындықтарды жою, студенттердің өзін бақылауын жақсарту. Сабақ құрылымына дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету үшін және сөйлеу кезіндегі белгілі бір фонетикалық бірліктердің айтылуына жаттығу үшін арнайы фонетикалық жаттығулар кіреді.

Дыбыстауға оқытудың бастапқы деңгейінен негізгісіне өту кезеңін келесі кезеңдерімен көрсетуге болады: 1) орыс тілі базасы арқылы дыбыстауға үйрену; 2) фонологиядан фонетикаға өту (буын, сөз, сөз тіркесі); 3) жеке дыбыстарды үйренуден тез сөйлеуге өту; 4) қазақ және орыс тілдеріндегі ритмико-интонациялық бірліктерімен алғашқы танысудан коммуникативтік, стилистикалық және эмоционалды-экспрессивті жоспардағы ритмико-интонациялық жүйені меңгеруге өту; 5) бір-екі айтылымнан көп және күрделі айтылымдарға өту; 6) фонетикалық мәтінді оқудан күрделі мәтіндерді тез әрі түсінікті етіп оқуға өту.

Фонетикалық курстың тағы бір үшінші түрі бар – түзетуші. Бұрын басқа жерде орыс және қазақ тілдерін оқыған студенттер келетін болса, солардың білімін одан ары дамыту үшін, ары қарай тіл меңгеруді жалғастыру үшін қажет болады.

Сонымен, оқытушы студенттің дыбыстарды дұрыс айтуына назар аударып, жаттығуларды орындау барысында және мәтін оқудағы қателерін түзетіп отырса, сөйлеудегі қателерін жөндесе, онда студенттер қате жібермеуге тырысады және орысша, қазақша фонетикалық қатесіз сөйлеуге тырысады. Өзін бақылауды қалыптастыру студенттің сөзін жазуға, оқытушының сөзін жазуға, қайталап оқуға, аудиторияда мәтіннен түсінгенін айтуға, қате сөйлеген сөздерді өздері түзетуіне көмектеседі.

### ӘДЕБИЕТ

1. Гиржева Г.Н. Фонетика современного русского языка. – Москва, изд-во «Наука». – С. 191.
2. Рогачева Е.Н., Чудинина В.В. Практическая фонетика. – Москва, изд-во «Флинта», 2015. – С. 117.
3. Гальскова Н.Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам (лингводидактика и методика) – Москва «Академия», 2007. – С. 333.
- 4) Капитонова П.И., Московкин Л.В. Методика обучения русскому языку как иностранному (на этапе предвузовской подготовки). – С-Пб «Златоуст», 2006. – С. 271.
- 5) Пассов Е.И. Основы коммуникативной методики обучения иноязычному общению. – Москва, 1989. – 265 с.

### БОЛАШАҚ МАМАН ИЕЛЕРІН КӘСІБИ БАҒЫТТА ОҚИТУ

**Сапаева Г.Е.**

*аға оқытушы*

**Тілеужанова Г.Т.**

*аға оқытушы*

*Түйіндеме*

*Мақалада өзге тілді дәрісханаларда қазақ тілін мамандыққа байланысты терминдер негізінде меңгерту мәселесі қарастырылады. Кілт сөздері: мемлекеттік тіл; кәсіби бағыт; тілдік құрал; мамандық, мемлекет кепілі; ғылым дамуы.*

### Аннотация

*В статье рассматриваются вопросы обучения студентов (слушателей) профессиональной терминологии на уроках казахского языка в иностранной аудитории. А также рассматриваются пути формирования профессиональной направленности в процессе обучения казахскому языку.*

### Summary

*The article reveals the goals and principles in teaching of Kazakh language. The author offers the ways of carrying out them. The problems of teaching of professional terminology at Kazakh lessons.*

Елбасы жүргізіп отырған парасатты саясаттың арқасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі де елімен бірге өзінің қайта өрлеуінің әрбір күні ғасыр жүгін арқалаған ауыр болса да – абыройлы, күрделі кезеңін жүріп өтті. Ендігі мақсат тәуелсіз Қазақстанның өсіп келе жатқан жас ұрпағын өз Отанының мемлекеттігінің кепілі – мемлекеттік тілді құрметтеуге баулу, оны оқып үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру болмақ.

Қазақ тілін оқыту қиын да қызықты жұмыс. Қазіргі кезде қазақ тілін оқытатын ұстаздарға қойылатын басты талап – жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, жас ұрпаққа саналы әрі сапалы білім беру. Олардың ойлау, есте сақтау, көру және есту қабілеттерін жетілдіру және танымдық күшін қалыптастыруға жағдай жасау, оқытушының оқу әрекетін, өтетін тақырып мазмұнын аша білу. Білім негізінен пән арқылы берілгендіктен, әр пәнді заман талабына сай өз деңгейінде игерту, қай кезде болмасын, ең қолайлылығы, оқулық деңгейімен шектеліп қана қоймай түрлі әдістерді пайдалану. Қазіргі ғылым мен техниканың дамуы әрбір оқытушыға сапалы әрі терең білім беруіне барлық жағдайды жасап отыр. Ұстаз баяндайды, әңгімелейді, түсіндіреді, ал бала тыңдайды, қабылдайды, ойлайды т.б танымдық әрекеттер жасайды.

«Жүз рет естігеннен, бір рет көрген артық» деген сөзді ескере отырып, сабақта мүмкіншілігінше мультимедиялық проекторды пайдалану да өз септігін тигізеді. Бірақ оларды да тиімді және жүйелі түрде қолдану ұстаз шеберлігіне байланысты. Қазақ тілі сабақтарын қызықты өткізуге слайдтарды пайдалануға болады, ол арқылы баланың немесе шетелдік тыңдаушының қызығушылығын тудырамыз.

Практикалық қазақ тілі сабағының мақсаты – студенттерді тек ауызша сөйлеп, айнала қоршаған ортанмен қатынас жасауға үйрету ғана емес, сонымен бірге оларға келешек маман ретінде қарап, мемлекеттік тілді кәсіби бағытта үйрету. Осыған орай, студенттер мен шетелдік тыңдаушыларды мамандыққа байланысты тілдік материалдармен практика жүзінде таныстыру, кәсіби бағытта оқыту – бүгінгі күннің талабы болып отыр. Міне, осы тұста, әсіресе кафедрамызда білім алып жатқан ауған мен оралман тыңдаушыларына өз мамандығы бойынша терминдермен таныстырып, үйретуге болады. Студенттердің сөздік қорын дамыту, мамандығына қатысты терминдерді және сөздерді жетілдіру жолдарын оқытудың белсенді әдістері арқылы жүргізу қажет. Қазақ тілін үйретудің мақсаты – қатысымдық білгірлікті меңгерту, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін жоғары көтеріп, оның қолданылу аясын кеңейтуді, қатынас деңгейін көтеруді мақсат тұтады.

Мемлекеттік тіл мәселесі – жоғары дәрежедегі рухани мәселе, өйткені, ол ресми қарым-қатынас қызметін атқарушы емес, мемлекеттік азаматтарын ортақ мүдделер төңірегінде біріктіретін ұйытқы.

Сонымен бірге тілдік құралдарды есте сақтап, оларды қолдану заңдылықтарын меңгертеді. Тілдерді үйрету әдісі үнемі талабына, уақыт ағымына қарай өзгеріп, дамып, жетіліп отырады. Негізінен бір тілде өзге ұлтқа үйретудегі негізгі әрекет қарым-қатынас үрдісі, сөйлеу қатынасы екендігі бүгінгі күні дәлелденіп отыр. Сол себепті де мемлекеттік тілімізді басқа ұлт өкілдеріне меңгертуде дүние жүзінің әдістеме ғылымында үлкен жетістіктерге қол жеткізіп жүрген қатысымдық бағытты ұстану – бүгінгі күннің аса өзекті

мәселелерінің бірі. Сабақ үстінде тіл үйренушіге, қажеті аз, олар өмірде қолданбайтын ақпараттардан гөрі, олардың әрқайсысының жеке өмірі мен болашақ мамандығына тығыз байланысты мәселелерді талқылау, студенттің қызығушылығын арттырып, қажеттілік туғызады. Соған сәйкес қатынас та белсенді болып, сабақ та қызық өтеді.

Тілді оқыту барысында қарым- қатынас орнату, сөйлеу жағдаяттарын қалыптастыру тіл үйренушілердің өзара немесе оқытушымен сөйлесуіне, сұрақтарға жауап ізеуіне құлшынысын арттыратыны сөзсіз. Сондықтан тілді оқытудың қатысымдық әдісі – қазақ тілін меігертуде тиімді әдіске жатады. Бұл жерде диалог түріндегі және ойындық әдістері басым қолданылады. Яғни, тыңдаушының сөйлеу мәдениетін игеруі, өз ойын жалғастыра алуы, белгілі адамдар туралы сөйлесе алуы, айтылған әңгіме, кино немесе мәтін туралы өз пікірін айта алуы болып табылады.

Терминдерді оқыту – болашақ маман үшін қазақ тілімен қатар, мамандыққа байланысты сөздерді қазақ тілінде үйреніп шығады, сөйтіп сөздік қорын байытады. Оны болашақта қызмет барысында қолдану – олардың білімді де іскер, жан- жақты, өз мамандығын жетік меңгерген терең білімді маман болуына аса қажет. Әр сабақта, тілдік және сөйлеуге қатысты материалдармен қоса, студенттердің мамандығына байланысты нақты жұмыс түрлерін молынан жүргізіп, әдіс-амалдарын түрлендіріп отыру қажет деп ойлаймын.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы білім саласындағы мәселелерді шешіп, жоспарға үкімет тарапынан кең қолдау көрсететін жолдарды айқын бағыттап берді. Әрбір Жолдауында жастарды таса қалдырмайтын Елбасымыз, бұл жолы да жастар үмітін жандандырып, ертеңге деген сенімін нығайтты.

### ӘДЕБИЕТ

1. Әлісжанов С. Қазақ терминологиясы: теория және тәжірибе - Астана, 2005-112 б.
2. Ақаев С.Т. Терминнің тілдік және танымдық сипаты. ДД. Алматы, 2002.
3. К.Жақсылықова Мәтінмен жұмысты ұйымдастыру. Қазақ тілі мен әдебиеті. №5-1999.
4. Қайдар Ә. Ғылым тілі және әдеби тіл статусы // Терминдер мен олардың аудармалары. -Алматы, 1990.- 216 б.
5. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас -Алматы, 1993-43б.

### ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Тастемирова Г.А.*  
аға оқытушы

#### *Түйіндеме*

*Мақалада қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудағы дидактикалық ойындардың рөлі туралы сөз болады.*

#### *Аннотация*

*В данной статье речь идет о роли дидактических игр в обучении казахскому языку как иностранному.*

#### *Summary*

*This article is about role of the didactic games in training to Kazakh language as a foreign language.*

Кеңестік жүйе кезінде де қазақ тілін орыс тілді дәрісханаларда екінші тіл ретінде оқытып келді. Осы саясаттың негізінде біздің елімізде орыстандыру ұстанымы жүргізілді. Қазақ тілі Кеңестік қазақстан Социалистік Республикасында орыс тілді, өзге ұлттық тілді мектептерде оқытылды деген аты ғана болды. Атына сай заты болған жоқ десек те болады.

Бұл – сол кездегі тілдік саясаттың салдарынан да және жеке адамдардың қазақ тілінің болашағы жоқ деген ұстанымнан да туындаған болатын. Қазақ халқының қажырлы күресінің арқасында 1991 жылы қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесі берілді. Дегенмен де елімізде қалыптасқан тілдік ахуал бірден түзеліп кеткен жоқ. Өзге тілді дәрісханада қазақ тілі сабақтары өз дәрежесіне сай жүргізілмеді. Жаңа заман жаңа ізденістерді қажет етті. Әрине отандық лингвист ғалымдар осы салада тынбай ізденіп, қарымды еңбек етуде. Елбасының саясатымен Қазақстан халқының татулығымен де еліміз татулық пен халықаралық достықтың тұрақты мекені ретінде әлемге танымал болып отыр. Сонымен қатар «Азия барысы» атанған Қазақстан Республикасының экономикасының, білімі мен ғылымының қарқынды дамуы өзге жұрттың назарын өзімізге аударып отыр. Әлем халықтарынан тарапынан біздің тәуелсіз де жас әрі бай мемлекетімізге қызығушылықты артуы- параллельді түрде қазақ тіліне деген жатжұрттықтардың да сұранысты пайда болуына ықпал етуі заңды құбылыс. XX ғасырдың соңғы кезінен, 2000 жылдардан бастап қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту үдерісі отандық білім беру саласында дами бастады. Білім беру саласындағы кенже қалған әрі жаңа бағыт болғандықтан өзге тілді дәрісханада қазақ тілін оқытатын ұстаздардың терең ізденісін, қажырлы да тынбай еңбек етуді талап етеді.

Қазіргі таңда әлемдік және отандық тіл оқытудың үздік те тиімді әдіс-тәсілдерін зерттеп талдай отыра қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесінің отандық инновациялық жаңа мазмұндысын жүйесін қалыптасыру бойынша әртүрлі теориялық ілімдер мен практикалық тәжірибелерді басшылыққа ала отырып, сабақты ұйымдастыру дұрыс деп есептейміз. Әлемдік білім беру нарығында өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленетін Кембридж университетінің тілдік мектептерінде тіл үйретуде тиімді тәсілдің бірі ретінде Пиаже теориясын ұсынады. Пиаже теориясы жаңа сөзді мекендік ұғыммен байланыстыра отырып тілді меңгеруді – жаңа сөзді үйренуді ұсынады. Мысалы, алма сөзін жаттау немесе ұмытпай есте сақтау үшін – алманың үстелдің үстінде, ыдыстың ішінде жатқанын, тіпті диванның үстінде, тіпті үстелдің астында жатқанын елестете отырып есте сақтау болады және осындай тәсіл арқылы адам бір күнде отыз жаңа сөзді жаттай алады дейді. Әрине, бұл әдіс - тіл үйренудің алғашқы кезінде тиімді тәсіл. Алайда әр адамның есте ұстау қабілетінің әртүрлі және әртүрлі деңгей болатындығын ескере отырып, сонымен қатар қазақ тілін үйренушінің ұлттық ерекшеліктерін де басты назарда ұстауымыз керек. Тіл үйренушінің тұлғалық ерекшеліктеріне бейімдей отыра тіл үйретуді, қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту үдерісін бағыттап жүргізу қажет. Мысалы, түркі тілдес ұлт өкілдеріне: түрік, өзбек, қырғыз, татар, балқар, т.б. ұлт азаматтарына қазақ тілі – түркі тілінің бір тармағы болғандықтан меңгеру оңай болады. Ал корей азаматтарына қазақ тілін үйрету барысында корей тілінің қазақ тілі секілді жалғамалы тіл болғандықтан, грамматикалық құрылымының ұқсастығы оларға қазақ тілін тез үйренуге себепші болады. Қазір біздің факультетте Ауғанстан Ислам Республикасынан келген шетелдік азаматтардың басым көпшілігі мемлекеттік тілде білім алуда. Ауғанстан мемлекетінен келген азаматтар көбінесе полиглот немесе билингвист болып келеді. Олардың осындай тұлғалық ерекшеліктері қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту үдерісін қарқынды түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ауғанстандық азаматтардың бәрі ұлттарына қарамастан мемлекеттік тілдерінде (екі тілде: пушту, дари тілдерінде) – соның ішінде дари тілінде еркін сөйлейтіндігіне қазақ тілі мамандары басты назар аударамыз. Қазақ- парсы тілдерінде 1 мың немесе 1 жарым мыңдай (барлығы 3 мыңдай сөз) ортақ сөздер белсенді тілдік қолданыста жүреді. «Араб, иран тілдерінен сөз ену орта ғасырлар деп шамаланады. Қазақ тіліне араб-иран сөздері тәжік, өзбек тілдері арқылы мынадай жолдармен енді: 1) шаруашылық, сауда қатынастары арқылы енген сөздер: айна, таға, базар, таба, ормал, перде, таразы, мақта, т.б.; 2) мәдени және ғылыми қарым-қатынастар арқылы, әсіресе, Фердоуси, Науаи, Омар Хаям, Хафиз шығармаларымен бірге енді. Мәселен: мектеп, мереке, емтихан, ғылым, ғалым, пән, медресе, қағаз, қалам, мағлұмат, т.б.; 3) дінмен байланысты сөздер: шарифат, ораза, намаз, аруақ, ақырет, т.б. [1, 10].

Қазақ тіліне енген парсы сөздерінің парсы тіліне енген түркі сөздерінің ортақ тілдік қатынастағы қатысым аясын, олардың аспектісін айқындау барысында отандық шығыстанушы, парсытанушы ғалымдардың еңбегіне жүгінеміз. Себебі, дари тілі - парсы тілімен туыстас тіл. «Әрине, бұл ретте парсы сөздері және сөз формалары қазақ тіліне қалай енген? деген сұрақ тууы мүмкін. Қазақ тіліне парсыдан енген сөздерге зер салып үңіле қараған адамға мұндай сұраққа жауап беру соншалықты қиынға соқпайды. Ол, біріншіден, тіл ерекшеліктерінен, екіншіден, халқымыздың басынан кешірген тарихи жағдайларына тығыз байланысты. Ишан, намаз, ораза, пайғамбар, құдай сияқты кейбір діни сөздер болмаса, қазақ тіліне енген парсы сөздері көбінесе шаруашылыққа, әсіресе, егін, су шаруашылығына, бау-бақшаға, сауда-саттық, құрылыс істеріне, тұрмыстық салт-сана, әдебиет пен өнерге байланысты болып келеді» [2, 4-5]. Бірақ бұл ортақ сөздердің екі тілдегі функциольдық-семантикалық қызметі бірдей емес. Сондықтан да біздің, тіл мамандары, тарапынан тіл үйренушілерге қазақ тілін үйрету барысында ең әуелі қазақ әріпнамасын үйретумен бірге параллельді түрде ортақ сөздермен қатар, меңгеруге жеңіл, ұғымға тез қонатын жаңа сөздер легін және күнкөрістік тілге өте қажет құрылымы оңай диалогтер ұсынылады. Амандасу мен коштасудың қазақша әдебін және танысу диалогінен бастаймыз. Содан соң қажеттілік модальдігін үйретуге, оны қажет болса – сұрай алуға, жөн сұрауға үйретеміз. Күнделікті қарым-қатынасқа өте қажетті және сауда-саттық жасауға керек диалогтерді меңгертуге бағыттап сабақтарды ұйымдастырамын. Күнкөрістік тіл деңгейін үйрету барысында рөлдік ойындарды ұйымдастырамын. Рөлдік ойын сабақтары тіл үйренуші шетелдік азаматтарға дәрісханада алған теориялық білімін практикада тиімді пайдалануға көмектеседі. Алғашқы деңгейде тілдің тек коммуникативтік функциясына бас назар аударылып, қарқынды курс осы бағытта ұйымдастырылады. Ал негізгі курста қазақ тілі сабағын ұйымдастыру барысында тіл үйренушінің білімге деген рухани талаптары мен сұраныстарын қанағаттандыруға және олардың жеке тұлғалық қабілеттеріне бейімдей отыра, қазақ тілін – қарым-қатынастың құралы ретіндегі қызметін басқа пәндермен интеграциялық жүйеде ұштастыра жүргізіледі. Шетелдік білім алушылардың еліміз бен дәстүрлі мәдениетімізге құрметін қалыптастыру мақсатында халқымыздың ұлттық құндылықтарын – бай әдебиеті мен әдеп-ғұрпын таныстыруға негіздей оқыту талабы ұстанылады. Әрине, өзге тілді дәрісханадағы қазақ тілі пәнінің басты мақсаты – шетелдік тыңдаушыға қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, теориялық білімін практикада бекіту болып табылады. Ал дағдының сапалы болуы – ұстаздың білім деңгейіне және педагогикалық шеберлігіне байланысты үдеріс.

Қорыта айтқанда, тәжірибелі ұстаздың біліктілікпен, әртүрлі әдістемемен тиімді де тартымды ұйымдастыра білген әрбір сабағы білім алушының белсенділігі мен тілге деген қызығушылығын, икемділік дағдысын, алғырлығын, шығармашылық қабілетін арттыра түсеріне кәміл сенеміз.

### ӘДЕБИЕТ

1. Бектұров Ш.К. Қазақ тілі. – Алматы: Атамұра, 2006. – Б. – 10 б.
2. Оңдасынов Н. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы, 1974. – Б. 4-5.



**ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Татиева С.С.**

гум.ғ. магистрі,

лектор,

**Омурзакова А.К.**

ф.ғ.к. сениор-лектор

*Аннотация*

*В статье рассматривается проблема формирования культуры общения студентов вуза. А также определены цели, направления и средства воспитательной работы, описана структура работы.*

*Ключевые слова: культура, образование, этика, развитие, отношения.*

*Summary*

*The article considers the problem of formation of culture of students of communication. As well as define the objectives, directions and means of educational work, described the structure of the work.*

*Keywords: culture, education, ethics, development, relations.*

Елбасы Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткендей: «Елімізге бойына ата-бабамыздың ел мен жерге деген сүйіспеншілік қасиеті дарыған, егеменді елімізге аянбай қызмет ететін ой-өрісі кең, алғыр да жүректі, сауатты да салауатты азаматтары қажет. Ендеше, Тәуелсіз Қазақстанымыздың гүлденуі мен көркеюі үшін білімді де білікті жастарды тәрбиелей берейік» [1].

Бүгінгі қоғамда болып жатқан түбегейлі өзгерістер құндылықтарға жаңа баға қоюмен тығыз байланысты. Көптеген жылдар бойы адамның төлғума мәдениеттен, ұлттық тамырдан, дәстүрлер мен құндылықтардан жат болып қалғаны көрінді. Осыған орай бірталай әлеуметтік зерттеулердің нәтижесі көрсеткендей, студенттердің басым көпшілігі рухани-мәдени құндылықтарға емес, материалдық игілікке назар аударатынын, соның нәтижесінде мәдени қарым-қатынастан мүлдем алшақтанғаны таңқалдыратын жәйт емес. Тіпті, кейбір студенттерде рухани-мәдени қарым-қатынас құндылықтары мүлдем қалыптаспаған. Сол үшін қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үшін қандай жағдай жасау керек?

Аталған мәселені өз дәрежесінде дұрыс шешу үшін «қарым-қатынас», «мәдениеттілік» ұғымдарының мәнін ашуды дұрыс деп есептейміз.

«Қарым-қатынас – біріккен іс-әрекет қажеттілігін туғызатын, адамдар арасындағы байланыстың дамуын орнататын күрделі көп жоспарлы процесс. Адамдардың танымдық хабарлар алмасуы, өзара түсінісуі, бір-бірін қабылдауы...» [2: 127]. Ал, «Мәдениеттілік – әдептіліктің, имандылықтың, ізеттіліктің көрінісі. Ұлттық мәдениетті қастерлеу – мәдениеттілік белгісі. Әдеп сақтау, әдеппен сөйлеу, көргендік белгісі, жан тазалығы, тән тазалығы – мәдениеттілік болып табылады» [2: 140]. Олай болса, қарым-қатынас мәдениеті – бұл студенттерді рухани адамгершілік құндылықтарға, дүниеге көзқарасын, әдептіліктің, имандылықтың, ізеттілік, сыпайылықтың негізінде баулуға мақсатқа бағытталған педагогикалық үрдіс деп есептейміз. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз-мәдениетті адам. Ал, мінез-құлықтың дұрыс болуы, қарым-қатынастың әдептілік, мәдениеттілік негізінде қалыптасуы жастай тәрбиеленбесе кейін оның оңалуы мүмкін емес. Егеменді еліміздің тірегі - білімді, еңбекқор, мәдениетті, талапты ұрпақ. Сусыз, құрғақ, таса көлеңке жерге дән ексең өнбейтіні сияқты, жас ұрпақтарымызды қарым-қатынаста мәдениетті болуға тәрбиелемесек өспейді, өнбейді. Қазіргі ЖОО оқытушылары яғни біздің алдымызда тұрған басты міндет – студенттердің қарым-қатынас мәдениетін, шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру. Осы орайда, болашақтың басты тізгінін ұстайтын маман иелері

болғандықтан студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Жастар ертеңгі елдің иесі, олардың болашақ қызметін ойдағыдай орындау үшін ақыл-ойы мен тәрбиесін үйлестіре білуінің айрықша маңызы бар.

Біздің заманымыз - іскер, белсенді, өздігінен жол таба білуге бейім адамдар заманы. Белсенділік, қиыннан жол таба білетін іскерлік-адамды көздеген мақсатына жеткізеді. Бұл орайда адамның өз қабілет деңгейін жан-жақты көрсете алуының бір негізі - оның білімділігімен қатар ортамен іскерлік қарым-қатынас жасау сырын, ондағы өзін ұстай білу, сөйлеу этикасын меңгеруіне де байланысты. Әрине, сөйлей білу – үлкен өнер. Ол арымай–талмай, шешендік сырын зерттеуді, жаттығуды, мол білімді, ой өрісі мен қиял кеңістігін қажет етеді. Абай: “Тіл өнері – дертпен тең” , - деп, өткеннің сабағы, өз басынан кешкеннен шығарып айтып отыр. Әсем сөйлеуге көп тыңдап, көп оқып, қалықтың ауыз әдебиетін, әсіресе, айтқыштық пен терең ойдың інжу-маржандары – мақал, мәтелдерді жетік біліп, сырына үңілу, кітапты көп оқу арқылы жалығып, төселеді. Халықтың “Ақылды адам сөзді нақылсыз айтпайды, бір айтпаса нақылды – ақылсыз айтпайды” деген тұжырымы содан шыққан. “Жүздің көркі – сақал, сөздің көркі –мақал” деген де соған мегзейді. Сондықтан, жас кездерінен бастап өлең – жырлар жаттап, шешендің үлгілілерді, неше түрлі тәмсіл сөздерді жаттап өсуі, өзінің де тақпақ, өлең жазуға талпынып, үй ішінде, жиындарында тартынбай сөйлеп, ойын түсінікті, бейнелі етіп айтып жеткізуге машықтануға тәрбиелеуіміз қажет. Бұл ретте студенттерге сөз ойындарын ойнату аса пайдалы болмақ. Сөйлеудегі ең жақсы қасиет – ой-пікірін қысқа әрі дәл айтып жеткізушілік. Алтын, күміс, гауһардың қымбат санаулы – олардың аздығы, тазалығы десек, қысқа, қоспассыз, ұғымды сөз де қадірлі. Орыстың аса шебер жазушысы

А.П. Чеховтың “Қысқалық – таланттың сыңары” деуі де сондықтан. Ғұламалар “Көп нәрсенің қадірі болмайды” дегенді айтады. Мұның сөйлеуге де тікелей қатысы бар. Бұрынғының даналарынан “Қанша көп сөйлесең, сонша аз айтасың” деген нақыл қалған. “Жақсы байқап сөйлейді, жаман шайқап сөйлейді” деген нақылдардың да маңызы зор.

Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру оқытушы оқыту үрдісінде барлық тәрбие түрлерін қамтуды талап етеді. Себебі қарым-қатынас мәдениеті тұлғаның рухани, адамгершілікті, эстетикалық толығымен тығыз байланысты. Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда мақсатты тәрбиелеу - білімділік үрдісінің міндеттерін тиімді құралдарды таңдау өте маңызды.

Дегенмен оқытушының еңбегі - бұл педагогикалық міндеттердің қолайлы шешімі үшін үнемі ізденушілік, эксперименттік лаборатория, педагогикалық қарым-қатынастағы мәдениеттілік және қабілеттілік пен шеберлік. “Педагогикалық қарым-қатынас біріккен диалогтық іс-әрекеті арқылы жүзеге асырыла отырып, студенттің жаңа білімді меңгеруі мен оның жетістікке жетуі оқыту процесінде толығымен қаралады. Адамның бүкіл өмірі айналасымен қарым-қатынаста өтеді. Қарым-қатынастың барлық жақтары: қарым-қатынастық тұлғалар арасындағы пікір алмасу, интерактивтік (бір-біріне әсер ету ұжымы) және перцептивтік (бірін-бірі қарым-қатынас арқылы қабылдау және тікелей осы арқылы түсінушілікті қалыптастыру) белгілі бір жүйеліліктің бар болуын талап етеді. Осындай қарым-қатынас ретінде оптика-кинетикалық белгілер жүйесі (бет қимылы, дене қимылы, жылжымалық), паралингвистикалық (дауыс сапасы, оның көлем мөлшері, үні) және экстралингвистикалық (сөзге үзілістің, жөтел, күлкінің т.б. қосылуы) белгілер жүйесі мен ұжымның қатынас процесі кезіндегісімен уақыты (проксемика) “көздердің түйісуі визуалды қатынас кезіндегі өзінді-өзін көрсету ұжымдық іс-әрекет кезіндегі т.б. қатынас, социгендік қажеттіліктерді қанағаттандыратын операциялар (еңбектегі, білімдегі лидерлікті, аффилиациядағы т.б), қарым-қатынас техникасы деп атауға болады” – деген [3]. Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың негізгі мақсатын біз студенттің жан-дүниесінің күшін ашу деп білеміз. Сондықтан да біздің жұмыс мынандай мәселелерге бағытталған:

- студенттердің жан дүниесінің тазалығын сақтау, оның ішкі еркіндігін қалыптастыру;

- студенттің тұлғасында негізгі қайырымдылықтың түрлерін яғни кішіпейілділік, махаббат, сүйіспеншілік, достық, қоршаған орта әлеміне әдептілік, ізеттілік, әділеттілікті ояту;

- қарым-қатынас мәдениетінің негізінде студенттің бойында рухани-адамгершілікті құндылықтарды бағалау және дүниені қабылдау тәрізді қасиеттерді тәрбиелеу.

Студенттерде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үрдісінде біз төмендегілерді негізге алған жөн деп есептейміз:

- ойын осы жастағы іс-әрекеттің жетекші түрі ретінде;

- экспериментальді, зерттеушілік іс-әрекет танымының белсенді қайнар көзі;

- этномәдени көзқарас қазақ халқының шығармашылығы мен мәдениетімен таныстыру арқылы (мақал-мәтелдер, мейрамдар, қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары);

Көптеген педагогикалық әдебиеттерге сүйене отырып, біз студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың тиімді құралдары деп келесілерді бөлдік:

- эксперимент формасындағы тақырыптық сабақтар;

- әр түрлі жағдаяттар;

- тренинг формасында практикалық сабақты бірігіп өткізу;

- көркемдік құралдар (аңыздар, шешендік сөздер, әңгімелер, мысалдар т.б.);

- қазақ халық мейрамдары (әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер);

Дәл осы бағытта тәрбие жұмысының мазмұнын дұрыс таңдалуы мен оны құрудың әдісі студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мен оны тиімді дамытуға ықпал етеді.

Елімізді Азия барысына айналдырып, әлемнің бәсекеге қабілетті 30 елінің қатарына енгізетін ұлы күш – бұл бүгінгі ұрпағымыз. Сондықтан олардың мойнына үлкендердің үкілі үміті жүктеліп, Отанымыздың зор сенімі артылады. Бүгінгі жастар – бүкіл ел сенімі екенін санамыздан шығармауымыз қажет. Себебі, білім мен ғылымды ұштастырған терең ойлы, тәрбиелі, мәдениетті, білікті ұрпақ тәуелсіз еліміздің болашағына жол ашпақ.

### ӘДЕБИЕТ

1. ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – №39. – 19 ақпан. – 2005. –
2. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі // Педагогика және психология. – А.: Мектеп, 2002. –
3. Қазақстандық өркениет: Адамның әлеуметтенуі мен бейімделуі мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 297 б. –

## ТЫҢДАУШЫЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

**Тилеужанова Г.Т.**  
аға оқытушы,  
**Тастемирова Г.А.**  
аға оқытушы,  
**Сапаева Г.Е.**  
аға оқытушы

### *Аннотация*

*Статья посвящена вопросам обучения казахскому языку как иностранному. Рассматриваются пути и способы повышения мотивации иностранных слушателей на занятиях казахского языка.*

*Ключевые слова: текст, метод, слушатель, коммуникация, заинтересовать.*

### *Summary*

*The article is sanctified to the questions of educating to Kazakh as foreign. Ways and methods of increase of motivation of foreign listeners are examined on employments of Kazakh.*

*Keywords: text, method, listener, communication, to interest.*

Білімнің әрбір бөлігі тыңдаушының ғаламдық ойлауға септігін тигізіп, олардың әлем туралы ой жүйесін дамытуға негіз салуы тиіс. Білім берудің мақсаты, оның ұйымдастырушылық құрылымы, технологиялық жағынан жабдықталуын, оқыту әдістемесі қоғамның әлеуметтік сұранысынан туындайды. Сабақтарды жаңадан ұйымдастыру қажет деп ойлаймын. Біздің мақсатымыз қалай да тыңдаушылардың пәнге деген, қазақ тіліне деген қызығушылығын, ынтасын арттыру.

Сабақ-оқытушының ізденісінің нәтижесі. Күнделікті сабақты бір сарынмен өткізу-тыңдаушылардың пәнге деген қызығушылығын жоғалтады. Сондықтан сабақ ыңғайына қарай түрленіп өткізілсе, сабақтың мазмұнын ашыла түседі. Тыңдаушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттырудың бір жолы сабақты жаңа тәсілмен өткізу болып есептеледі. Сонымен қатар, әр оқытушы өзі мен тыңдаушының терең дәрежеде екенін естен шығармай, оны жеке тұлға ретінде қабылдаса және оған беретін сабақтың оқыту әдістерін түрлендіріп, жетілдіріп отырса, нәтижелі болары сөзсіз. Үйреншікті, дайын әдіс-тәсілдер бүгінгі тіл үйренушіні қызықтырмайды. Заманның талабы және сұранысы басқа.

Сондықтан қайткенде тыңдаушының ойына, сезіміне серпіліс ендіруді мақсат етіп қою керек. Сабақтың сәтті өтуі біріншіден, оқытшының біліміне, іскерлігіне, тәжірибесіне, сабақ материалына, сабақта қолданылатын көрнекілікке, оқытушы мен тыңдаушының көңіл – күйіне де байланысты. Оқытушы оқытудың нәтижесін арттыруда оқыту әдістеріне қатысты амал-тәсілдерімен қатар оның құралдарын да пайдаланады.

Оқытушының сөзі анық, әсерлі, түсінікті, тартымды, сенімді, дауыс ырғағы болғаны қажет. Сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді. Инновациялық үрдістің негізі - жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Жаңа педагогикалық технологиялар тыңдаушының шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады.

Дәрісханада ұстаз тыңдаушыны қызықтыру мақсатында оқытудың қай түрі болмасын қолданады, бірақ кейде белсенділік тыңдаушыға жүктеледі.

Оқу үдерісінде әрбір тыңдаушының қызығушылығын іске асыруға кейде мүмкіндік бола бермейді. Қызықтыру үшін жекелеген тапсырмалар, шығармашылық тапсырмалар қолдану керек. Көлемі аз қазақ тілінде мәтіндерді оқуға беруге болады. Кейбір тыңдаушылар

мадақтағанды ұнатады. Оқытушы мен тыңдаушының өзара қарым-қатынасында сыйластық, сенімділік үйлесімділіксіз мүмкін емес. Қарым-қатынастың сенімді болуы, ұжымдағы психологиялық климаттың жақсы болуының - құралы. Кейбір оқытушылар бұйыру арқылы жұмыстарын іске асырады. Мұндай қарым-қатынас тыңдаушы мен оқытушының арасында негативті әсерін береді. Қарым-қатынастың әрбір мүшесі өзінің тілегі, талабы бар. Оқытушы мен тыңдаушының қызығушылығын бірлестіру оңай емес. Алдымен, екі жақтың талабын анықтап алған дұрыс. Сенімділіктің жоқ болуы - бұл әрбір адам өмірінің болашағын, даму кезеңін көрмейді, ұғынбайды. Оқытушының сенімділігі әрбір тыңдаушыға осындай кедергілерден шығуға көмектесу. Тыңдаушыға жақын, сенімді оқытушы ауадай керек. Сенімділік мен қайырымдылық - ең қажетті нәрсе. Басқа ұлт өкілдерінің тілін дамыту, ойлау қабілетін жан – жақты дамытып кеңейту – оқытуда басты нысана. Ауған аудиториясында мәтінмен жұмыс істеу тыңдаушылардың тілін дамытуда ерекше орын алады. Мәтін тыңдаушыларға білім береді, олардың ойлау қабілетін, тілін дамытады, қазақша жүйелі сөйлеуге үйретеді. Біздің негізгі мақсатымыз, сапалы білім беру. Жаңа технологияны енгізуде алдымызға қойылған мақсаттың орындалуы оқытушының ісі нәтижелі болуы. Мақсат пен нәтиже тоғысса жаңалықтың күнделікті әдіске айналғаны. Күнделікті сабаққа тыңдаушының білімін жетілдіру, ойлау қабілетін дамыту, мәтіннің тәрбиелік мәні болуы, берілген тапсырманы тыңдаушының орындап келуі және берілетін тақырыптың күнделікті бағдарламаға сай болуы. Тыңдаушы осы шарттарды түгел орындаса, сабақтың нәтижелі болғаны. Кредиттік технология алдымен тыңдаушының күнделікті даярлығын талап етеді.

Тіл – адамдардың ойлары мен сезімдерін жеткізетін және жаңалықтар мен білімді игеретін қатынас құралы. Тілдің дұрыс қатынасқа түсуі үйренуші мен үйретушіге тікелей байланысты. Тыңдаушы тілді үйренем деп талпынғанда, оқытушы сол зеректілікті дәл баса білсе тіл дамиды. Әр ұлттың салт – санасы, түсінігі, танымы, сөйлеу мәдениеті, дәстүрі әртүрлі. Жаңа технологияны қолдану, тыңдаушылардың шығармашылық қабілеттерін арттырады. Ол үшін енгізілген жаңалықты тыңдаушылардың деңгейіне сәйкестендіре қолдану қажет, себебі бір топта қабілеті әртүрлі тыңдаушы отырады. Берілген мәтінді оқыта отырып, тыңдаушылардан мәтіннің мазмұнын қалай түсінгенін сұраймыз. Одан кейін оқиғаның не жайында баяндалып тұрғанын (іс-әрекет адамның қатысуымен бе, әлде жан-жануар, құбылыс па) ұқтырамыз.

Тыңдаушының танымдылығы оқиғаның неге байланыстығын дұрыс түсінгенде ғана сөйлемнің мағынасы нені сұрап тұрғандығын біледі. Тілді меңгеру және меңгерту оңай жұмыс емес. Ең алдымен тілді тұтыну қажеттілігіне тіл үйренушінің ынтасы болу шарт. Оқыту әдісінде дәстүрлі әдіспен қатар этно, ойын, қайталау әдістерін жаңа технологияға үндестіре қолданған жөн. Ықылас пен ынта, тілді үйренем деген талап белгілі бір қажеттілікте ғана туындайды. Басқа да кез – келген іс-әрекеттер сияқты ойын әрекеті де сабақ кезінде ынталандыруды қажет етеді, ең бастысы тыңдаушылар ойынның қажеттілігін сезіну керек. Ойын кезіндегі көңіл – күй, өзара түсіністік, достық қарым – қатынасты қалыптастыру үшін оқытушы әр ойынға қатысушының мінез – құлқын, жинақылығын, ұстамдылығын ескеруі керек. Ойын тыңдаушының бойындағы жақсы қасиеттерді қалыптастыруға, адамдармен қарым- қатынас жасауға тәрбиелейді, зейіні арта түседі, есте сақтау қабілеті дамиды. Әрбір ұстаздың мақсаты – сабақ сапасын көтеру, түрлерін жетілдіру, сабаққа тыңдаушының қызығушылығын арттыру. Сондай – ақ бүгінгі таңда елімізде оқыту мазмұны жаңартылып, сабақтарда озық технологияларды қолдануымыз керек. Ойында тыңдаушы қандай белсенді болса, жұмыста да, көбінесе, сондай болады. Тиімді қолданылған ойын оқытушының түсіндіріп отырған материалын тыңдаушылардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Ойынмен ұйымдастырылған сабақ көңілді, жеңіл келеді.

Пәнге қызығушылығын арттыратын әдістің бір-грамматикалық ойынның түрлері. Грамматикалық ойындар-арқылы сабақтарда тыңдаушылар әртүрлі жағдайды түсінеді.



Олардың ойлауын, сөйлеуін дамыту үшін түрлі ережелер мен ойнайтын ойындардың да үлкен дидактикалық мәні бар. Ойын элементтері кез – келген тыңдаушының қызығушылығын тудырады. Тіпті нашар қабылдайтын тыңдаушының өзі ойын арқылы берілген тапсырмаларды асқан қызығушылықпен, белсенділікпен орындайды. Ойындар тыңдаушылардың сөздік қорларын да молайтып, сауатты жазуға да баулиды. Білімді ұрпақ – ел болашағы.

## ӨЗГЕ ТІЛДІ ДӘРІСХАНАДА МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

*Турсунова Г.Т.*

*п.ғ.к. асс. профессор,*

*Айтжанова С.С.*

*ф.ғ.к., сениор-лектор*

### *Аннотация*

*В статье рассматривается роль использование пословицы-поговорок в казахском языке воспитательных целях.*

### *Summary*

*In the article considering the role of using the proverb-sayings in Kazakh language of train purposes.*

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» деген сөзі, тіліміздің тәуелсіз мемлекет болып қалыптасып, дүниежүзілік қарым-қатынаста өз орнын табуындағы рөлін айқындап отыр. Тәуелсіз Қазақстанға тек білімді мамандар ғана емес, елі мен жері үшін тәуекелге бел байлаған имандылық, адамгершілік, парасаттылық жанына ұялаған нағыз патриот ұрпақ керек.

Әр ұлттың өзіне тән ғасырлар бойы қалыптасқан салты мен ғұрпы, тәлімі мен тәрбиесі, әлеуметтік өмірдің әр түрлі салаларына байланысты жинақталған ырымы мен тыйымы болады.

Еліміздің ежелден дәріптеп, қастерлеп келген ұлттық тәрбие құралдарының тегін тектеп, болмысын тану, оның асылын тарихтың рухани көш керуеніне ілестіріп отыру арқылы бүгінгі және болашақ ұрпақ қамын ойлау, елімізде өмір сүріп отырған басқа ұлт өкілдеріне осы асыл маржандарымызды көрсетіп, таныта білу, осы арқылы олардың санасында қазақ халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ қазақтың тарихын өнерін қастерлеп, халықтық салт-дәстүрлерді аялай, ардақтай білуге тәрбиелеу алдында тұрған басты міндеттердің бірі.

Ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағылымдарын оқып-үйреніп, өнеге тұтпай тұрып, жастарды ізгілік пен парасаттылыққа баулу мүмкін емес.

Қазақ тілін өзіндік дәрежеде игерген басқа ұлт өкілдерін қазақтың мақал-мәтелдеріне, бата-тілектеріне деген қызығушылығының оянуы – заңды құбылыс.

Қазақ ауыз әдебиетінің басқа түрлері сияқты мақал-мәтелдер де ауызша шығып, ауызша таралып отырған.

Аз сөзбен көп мағына беретін мақал-мәтелдерді дұрыс қолдана білу адамның шешендік қасиетін арттырып қана қоймайды, кез-келген жағдайдан шыға білуіне жол ашады.

Мақал-мәтелдердің көп қолданылатын жері – көркем әдебиет болса, сол әдебиетіміз арқылы халқымызды дүние жүзіне танытқан, ана тіліміздің асылын жиған таусылмас қазынамыз М.Әуезовтың «Абай жолын» мақтанышпен атағымыз келеді.

Есімдері әлемге әйгілі қоғам қайраткерлеріміз өз даңқтарын күдіретті сөздің қасиетімен шығарған.

Халқымыздың сөз зергерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің шешендік өнерінің қазақ мемлекетінің нығаюына, шарықтап түлеуіне ерекше еңбек сіңіргені ұрпаққа мәлім.

Мақал-мәтелдер – халық даналығының, көрегендігінің айнасы, тіл байлығының асыл қазынасы. Олардың көбі өмір шындығының қорытындысы. Халықтың кейінгі ұрпаққа қалдырған өсиеті, өмір сүру әрекетінің ережесі, сенімді асыл мұрасы.

Орыс топтарында оқытылатын мақал-мәтелдерді мазмұндарына қарай бірнеше бөлімге бөлуге болады. Мақал-мәтелдердің аз сөзбен берілген, тілге жатық, жаттауға жеңіл түрлерін сұрыптап алып, әр мақал-мәтелдің жанына орыс тіліндегі аудармасын қоса беріп отырған дұрыс. Мысалы: Отан, халық туралы: «Отан – елдің анасы, ел – ердің анасы» (Родина - мать народу, народ – мать жигиту). Оқу, білім туралы: «Өмір – үлкен мектеп» (Жизнь – самая большая школа). Тіл, сөз туралы: «Сөздің көркі – мақал, жүздің көркі – сақал» (Краса лиса – борода, краса речи – пословица).

Ғасырлар бойы ізін жоғалтпай тарихымызды танытып, рухымызды көтеріп, ұрпақтық намысымызды оятып жүрген мақал-мәтелдердің мәні өте зор. Сондықтан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан осынау асыл мұраны барынша бағалап, ізгі дәстүрдің, үлгі-өнеге мен тәрбиенің көзі ретінде бүгінгі өмірімізге орнықтыра білу парыз.

Сан ғасыр бойы халықтың өмірімен бірге жасасып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан ауыз әдебиетінің бай саласының бірі – қазақ халқының мақал-мәтелдері.

Дастан, қиссаларға қарағанда, мақал-мәтелдердің ерекше қасиеті – көлемінің шағындығы, мазмұнның кеңдігі, тілінің өткірлігі, мағынасының тереңдігі.

Тегінде мақал-мәтелдер қай халықтың да жан дүниесінің, мінез-бітімінің, тыныс-тіршілігінің айнасы, ол сол халықтың сөздік қорының байлығын танытып қана қоймайды, оның уақыт озған сайын құны арта түседі. Өйткені мақал-мәтелдердің айтары - өсиет, ұлағат, тәлім-тәрбие, парасат, ізгілік.

Республикамыздың тәуелсіздік алып, тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болуына сөз мәйегін тербетуге құлшыныс арта түсуде. Ойды ұштап, қиялды қанаттандыратын мақал-мәтелдер де қайтадан рухани серігімізге айнала бастады.

Логикалық жүйемен дұрыс ойлай білу жүйелі сөйлеу білу мәдениетін қалыптастырады. «Аңдамай сөйлеген, ауырмай өледі», «Жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар», т.б.

Қазіргі таңда соңғы бағыттардың, өзекті тақырыптардың бірі - өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету методикасын жетілдіру керек, қазақ мақал-мәтелдерін сөйлеу тілін дамытудың құралы ретінде алып қарастыру да тіл мамандары назарынан тыс қалмағандығы байқалады. Мәселен, Г. Қалиева орыс топтарындағы студенттердің сөйлеу тілін дамытуда мақал-мәтелдерді пікірлесімде, мәтінде, жазба жұмыстарында қолданудың ұтымдылығын ғылыми негізде дәйектейді [1].

Билікке даналықтың даналыққа шешендердің ұштасуы «Елінің береке бітімін, құдіреті мен қасиетін асқар етсем деп» армандаған саяси қайраткерлеріміздің сөз өнері халық санасында өшпес өнеге болып қалды.

О молодом, неопытном можно услышать 입에서 젖내난다 – Губы молоком пахнут. *Если нет губ, зубы замерзнут* – 입술이 없으면 이가 시리다, этот фразеологизм выражает отношения взаимопомощи, а также тесную связь, которую нельзя разорвать.

В случае, если вы с кем-то сошлись во мнении, значит *целуетесь* – 입(을) 맞추다, а если говорите в один голос, то *собрали рты* – 입(을) 모으다. Однако следует помнить о том, что 한 입 가지고 두 말한다 – *Одни и те же уста изрекают разное*, но говорить всегда следует правду: 입은 가로 찢어져도 말을 바른 대로 하라 – *Хоть рот лежит поперек лица, но говорит прямо* или *입은 비뚤어져도 말은 바로 하랬다* – *И с кривым ртом говори правду*.

Таким образом, при сопоставлении фразеологизмов двух языков, можно выделить несколько групп, различающихся разной степенью сходства: от полного совпадения семантики, стилистической окраски и исходного образа до абсолютной безэквивалентности фразеологических единиц. Для изучающих русский язык корейцев такое сопоставление имеет практическое значение, как в лингвистическом, так и в страноведческом аспекте. Поскольку расширяет фоновые знания учащих и активно способствует формированию лингвострановедческой компетенции.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Розенталь Д.Е., Теленкова М.А. Словарь – справочник лингвистических терминов: Пособие для учителя. – 3-е изд., испр. и доп. – М.: Просвещение, 1985. – 399 с.
2. Лобач В.В. Национальная специфика фразеологизмов корейского языка, содержащих номинации, обозначающие части тела // Современные корееведческие исследования в Дальневосточном государственном университете. Вып. 3 / отв. ред. И.А. Толстокулаков.

Владивосток: Изд-во Даль-невост. ун-та, 2004. № 2 (7). С. 94-103.

3. Sang-Hun Choe, Torchia Ch. How Koreans talk // A collection of expressions. Seoul: Publ. by Unheng Namu, 2002. 307 p.
4. n'세대도 궁금한 우리 속담 풀이. 원 영 섭 엮음. 서울: 세창미디어 = [Толкование интересных пословиц] / сост. Вон Ень Соп. Сеул: Сэчханъ мидио, 2000. 449 с.

## ТЕСТОВЫЕ ЗАДАНИЯ ДЛЯ ПРОВЕРКИ НАВЫКОВ АУДИРОВАНИЯ НА НАЧАЛЬНОМ ЭТАПЕ ОБУЧЕНИЯ

**Якубаева К.С.**

*к.ф.н. доцент*

**Айтпаева А.С.**

*ст. преподаватель*

### *Түйіндеме*

*Мақалада сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді және сөйлеу механизмін тыңдап қабылдау дағдыларының қалыптасқанын тексеретін тесттік тапсырмалар сипатталады.*

### *Аннотация*

*В статье описываются тестовые задания, проверяющие сформированность навыков слухового восприятия слов, словосочетаний, предложений и механизмов речи.*

### *Summary*

*The article describes a test task, checking Maturity skills of auditory perception of words, combinations, sentences and mechanisms of speech.*

Аудирование, т.е. восприятие и понимание звучащей речи, представляет собой активный творческий процесс и состоит из многих компонентов или уровней. Основные уровни аудирования – это различение фонем, узнавание слов, различение интонаций, понимание содержания высказывания. От того, как будут узнаны элементы, составляющие поток речи, зависит правильность и точность понимания.

На начальном этапе обучения РКИ основной задачей аудирования является развитие навыков интонационного и фонетического слуха, слуховой памяти, прогнозирования. Учащиеся должны научиться распознавать и воспринимать языковые формы, извлекать содержание из звучащего текста, перекодировать полученное.

Для проверки степени сформированности навыков аудирования кроме традиционных форм проверки, т.е. контрольных работ различной степени сложности, используются тестовые задания. Под тестированием понимается «способ проверки (контроля), позволяющий количественно и качественно оценить уровень владения учащимися родным или иностранным языком (дифференцирование по отдельным компонентам этого владения – умениям, навыкам и т.д.) и возможности учащегося к овладению речью на иностранном языке (также дифференцирование по различным ее аспектам)» [1:56]. Кроме своей основной функции контроля, тесты могут служить средством диагностики трудностей языкового материала для учащихся, мерой определения эффективности обучения и способом прогнозирования успешности или не успешности обучения.

*1. Тесты по определению способности к слуховому восприятию, по диагностике звукового анализа и синтеза слов и ритмико-интонационного оформления речи.*

Диагностика способности к слуховому восприятию предполагает:

а) определение количества звуков в слове; выделение звуков в слове; называние звуков в слове, стоящих до или после определенного звука; выделение последнего (или любого другого) звука в анализируемом слове; называние слов, состоящих из трех, четырех и т.д. звуков;

б) выделение определенных слов в ряду других (сходных по звуковому составу, различных по звуковому составу);

в) узнавание, различение и сравнение простых фраз; восприятие ритмических структур и особенностей интонационного оформления высказываний. Например, это задания типа:

Тест 1. Прослушать следующие слова. Написать, какой звук слышится в начале (в конце) каждого слова.

Тест 2. Прочитать пары слов, написанные на карточке:

зовут – завод, посол – пошёл, нож – нос, сто – что, вес – весь, двенадцать – девятнадцать, тебя – тебе, слышать – слушать, пара – фара, флаг – враг, мыл – мил, пить – бить, время – бремя.

Подчеркнуть то слово, которое произнесет преподаватель.

Тест 3. Прочитать на карточке слова, близкие по звучанию (карточка выдается каждому студенту):

суп – зуб, сок – шок, тот – тут, цвет – свет, были – били, говорит – говорить, тень – день, масса – Маша, машина – мужчина, девушка – дедушка, рысь – рис, каша – касса.

Прослушать предложения, в которых встречается одно из этих слов. Определить, какое слово употреблено в предложении, и подчеркнуть его:

1. В столовой я ел суп.
2. Я люблю апельсиновый сок.
3. Сейчас я работаю тут.
4. Ты любишь белый цвет?
5. Вчера мы были в театре.
6. Мой друг хорошо говорит по-русски.
7. Сегодня хороший день.
8. Её зовут Маша.
9. У него хорошая машина.
10. Это мой дедушка.
11. Рис стоит 200 тенге.
12. Скажите, пожалуйста, где находится касса?

Тест 4. Слушайте слоги парами, если они произносятся одинаково, ставьте знак «+», если нет - «-»:

па-ба, за-са, ца-са, ро-ло; та-та, да-да и т.п.

Слушайте слова, если они произносятся одинаково, ставьте знак «+», если нет - «-»:

клуб - глуп, живот - живёт, завод - завод, работает - работает, брат - брат, считает - читает и т.п.

Слушайте слова и словосочетания, если вы считаете, что их лексическое и грамматическое значение одинаковое, то ставьте знак «+», если нет - «-»:

в лес - в лесу; дом - дома; в руках - в руках; в шкаф - в шкафу; школьник - школьный; в гостях - в гости; хорошо - хороший и т.п.

Тест 5. Прослушать вопросы. В зависимости от центра интонационной конструкции ответить на каждый вопрос одним словом.

Тест 6. Прослушать диалог. Поставить знаки препинания:

- Лия это ваш брат
- Да брат
- Как его зовут
- Дуон

- Он учится или работает
- Работает
- А где он работает
- В компании «Самсунг» Он экономист Раньше он учился в Казахстане
- В Казахстане А где он учился
- В Алматы в КазНУ.

2. Тесты по определению способности к вероятностному прогнозированию высказывания, степени сообразительности, языковой догадки.

Тест 1. «Исключение лишнего». Студенты слушают несколько наборов по 5 слов, записать то слово, которое не относится к данной теме:

- 1) химия, история, музыка, русский язык, математика;
- 2) теннис, хоккей, кино, футбол, баскетбол;
- 3) колледж, магазин, школа, университет, институт;
- 4) мать, отец, друг, сын, дочь.

Тест 2. Вы услышите 4 вопроса и 4 ответа, если ответ правильный, ставьте знак «+», если нет - «-».

- А. - Где вы живете сейчас?  
- В Казахском национальном университете.
- Б. - Этот автобус идет в центр?  
- Да, идет. (Да, в центр).
- В. - Что вы изучаете сейчас?  
- Тексты и диалоги.
- Г. - Что вы любите делать в свободное время?  
- Играть в футбол, смотреть фильмы.

Тест 3. «Обобщение». Прослушать ряд слов (5) и записать слово, общее для всех слов ряда. Например:

- Антон, Анна, Мухтар, имя, Алия.
- Алматы, Астана, Москва, город, Бишкек.
- стол, стул, диван, мебель, шкаф.
- автобус, метро, транспорт, троллейбус, трамвай.
- мясо, рыба, продукты, молоко, сахар.
- экономист, юрист, учитель, профессия, переводчик.

3. Тесты, определяющие объем оперативной памяти и долговременной памяти, запоминание логических связей.

Тест 1. «Аудиопамять». Данный тест определяет объем оперативной памяти, сколько слов может запомнить и воспроизвести учащийся. Преподаватель предъявляет (на слух) три набора по десять слов. Слова известны учащимся, предъявление каждого набора отдельное и однократное. Затем студенты в течение одной минуты должны воспроизвести письменно эти слова в произвольной последовательности:

I	II	III
брат	балет	билет
газета	фильм	адрес
инженер	библиотека	язык
университет	музыка	рассказ
книга	письмо	телефон
магазин	театр	сообщение
музей	семья	проспект
журнал	словарь	автобус
тетрадь	цирк	завтра
дом	стихи	остановка

Тест 2. Прослушать несколько наборов по восемь слов и записать те, которые относятся к одной теме. Преподаватель читает один раз один набор слов. Например: книга, стол, стакан, доска, мел, хлеб, карандаш, ручка. Затем студенты должны написать в контрольном листе: книга, стол, доска, мел, карандаш, ручка. Слова:

- город, киоск, комната, проспект, здание, словарь, гулять, улица;
- пальто, сумка, шапка, стул, куртка, рубашка, урок, шкаф;
- аудитория, стол, молоко, преподаватель, ручка, парк, студент, мел;
- поликлиника, библиотека, медицина, медсестра, биология, водитель, стихи, врач.

Тест 3 «Смысловая память». Проверяется, как обучаемые запоминают логические связи. Преподаватель дает прослушать десять пар слов для запоминания (интервал 2 секунды). Через 10 секунд преподаватель читает только первые слова пар, студенты пишут вторые. Например:

I	II
год - месяц	класс – урок
семь – число	стол – обед
библиотека – книга	театр – артист
врач – поликлиника	час – время
картина – художник	студент – университет
конверт – письмо	ручка – тетрадь
молоко – масло	карта – страна
музыка – концерт	стадион – спорт
грамматика – падеж	улица – дом
страна – город	предложение – слово

Данные, полученные преподавателем в результате тестового контроля, содержат информацию о качестве усвоения учащимися учебного материала и о соответствии методики его работы конкретным потребностям обучения. Анализ полученных результатов тестов позволит корректировать учебную работу, совершенствовать преподавательскую деятельность и методическое мастерство.

### ЛИТЕРАТУРА

1. Леонтьев А.А. Использование тестов при обучении русскому языку иностранцев (психологические основы и некоторые выводы) // Психолингвистика и обучение русскому языку нерусских: Сб. статей / Под ред. А.А.Леонтьева и Н.Д.Зарубиной. – М.: Русский язык, 1977.
2. Лаврова Н.В. Тестирование как средство измерения сформированности коммуникативной компетенции в русском языке как иностранном в сфере профессионального общения: Автореф. дис. ... канд. пед. наук. – М., 1999. – 20 с.
3. Кисиева В.Н. Применение тестовой методики при контроле аудиоумений иностранных студентов на начальном и среднем этапах обучения. – [www.translate-pro.ru](http://www.translate-pro.ru).



## РАЗДЕЛ 2

### ☞ ЛУЧШИЕ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ


#### КОНКУРС ПРОДОЛЖАЕТСЯ ...

*Нуршаихова Ж.А.*

*д.ф.н. профессор,*

*Мусаева Г.А.*

*к.ф.н. доцент*



15 декабря 2016 года ветерану ВОВ, лауреату Государственной премии им. Абая, лауреату Международной премии им. А.А. Фадеева Народному писателю Казахстана Азил'хану Нуршаихову исполнилось бы 94 года. Его не стало 12 февраля 2011 года.

В 2012 году в честь 90-летия писателя его семья решила провести конкурс памяти среди молодежи города на лучшее эссе по произведениям А. Нуршаихова. В первом конкурсе приняло участие около 70 человек. Это были магистранты, студенты и школьники из разных вузов и школ Алматы. Победители конкурса получили дипломы и дорогие призы, участники – книги и сертификаты.

В 2013 году семья А. Нуршаихова предложила учредить ежегодную стипендию имени Народного писателя Азил'хана Нуршаихова, которая должна вручаться победителям творческого конкурса. Решением Ученого совета факультета довузовского образования КазНУ им. аль-Фараби стипендия была учреждена. Конкурс получил свое продолжение в более официальном формате. Этот конкурс

ежегодно проводит кафедра языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев факультета довузовского образования КазНУ им. аль-Фараби.

В декабре 2016 года был проведен 5-ый юбилейный конкурс.

В первые два года конкурс был посвящен жизни и творчеству писателя. В последние годы учредители конкурса решили не замыкать творческие искания молодежи на определенной тематике и расширить тематический диапазон работ. В это же время участники конкурса собирались в аудиториях КазНУ, чтобы писать свои сочинения. Это было похоже на экзамен, а не на творческий процесс. А учредителям хотелось, чтобы молодежь свободно делилась с читателями своими мыслями, своими поэтическими и прозаическими возможностями. Поэтому формат конкурса был изменен: расширен тематический диапазон, работы стали приниматься по электронной почте. Конкурс получил название «Мир и человек».

Благодаря возможностям Интернета, география конкурса расширилась. В юбилейном конкурсе приняли участие не только творческая молодежь города Алматы, но и студенты и школьники со всей республики.

Радует, что в конкурсе приняли участие юноши и девушки не только из городов, но и из далеких аулов. Также как в начале прошлого века в столичные молодежные газеты отправлял свои первые стихи мальчик Азил'хан, так и нынешняя молодежь, пользуясь Интернетом, с надеждой посылает на конкурс свои первые творческие пробы пера.

В Конкурсе-2016 приняли участие 76 претендентов на призовое место с 209 произведениями на казахском и русском языках. В этом конкурсе участвовала молодежь из 5 областей Казахстана. Это представители 18 учебных заведений страны: 52 студента вузов, 7 студентов колледжей, 17 учеников из 11 средних школ Казахстана.

Призовые и наиболее интересные работы опубликованы на сайте <http://nurshaihov.kz/ru>, а также по старой традиции они включены в 5-ый номер ежегодного журнала «Дайджест педагогических новаций». Экспертизу работ проводило жюри Конкурса-2016. В его состав вошли ведущие профессора и преподаватели КазНУ им. аль-Фараби. Они определяли победителей по жанрам ПРОЗА и ПОЭЗИЯ на казахском и русском языках. Выбрать победителей было нелегко – настолько высок уровень представленных работ.

В 2016-м году администрация Национальной библиотеки РК, в которой в ноябре 2016 был открыт мемориальный кабинет Народного писателя Азильхана Нуршаихова, предложила свою территорию для проведения заключительного мероприятия Конкурса-2016. Подведение итогов конкурса и вручение стипендий имени А. Нуршаихова прошло в конференц-зале обновленной современной Национальной библиотеки РК.



Имена победителей Конкурса «Мир и человек» – 2016 на стипендию имени Народного писателя РК Азильхана Нуршаихова за лучшее творческое произведение:

*Прозалық шығармалар бойынша жүлделі орындар:*  
1-орын. **Бақыткелді Думан** – диплом және 50 000 теңге ақшалай сыйлық. Л. Гумилев атындағы ЕҰУ

2-орын. **Әжіғалиева Анар** – диплом және 40 000 теңге ақшалай сыйлық. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

3-орын. **Айдархан Еңлік Оралғалықызы** – диплом және 30 000 теңге ақшалай сыйлық. Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернаты

*Поэзиялық шығармалар бойынша жүлделі орындар:*

1-орын. **Әлия Іңкәрбек** – диплом және 50 000 т. ақшалай сыйлық. Сулейман Демирель атындағы Қазақ-түрік университеті, 2-курс студенті

2-орын. **Асыр Данагүл Бақытқызы** – диплом және 40 000 т. ақшалай сыйлық. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті Экономика және бизнес жоғары мектебі.

3-орын. **Нұрбол Мұратбек** – диплом және 30 000 т. ақшалай сыйлық. Абай атындағы ҚазҰПУ.

*Орыс тіліндегі шығармалар бойынша жүлдегерлер:*

1-орын. **Қайырлы Данагүл Қайырлықызы** – диплом және 50 000 теңге ақшалай сыйлық. Атырау облысы Исатай ауданы Исатай атындағы орта мектеп.

2-орын. **Байбосынов Арман Абиљеитович** – диплом және 50 000 теңге ақшалай сыйлық. Астана НУО "Экономический лицей"

*«Жас қаламгер» номинациясының жеңімпаздары:*

1. **Сәкен Сматұлы** – Қарағанды мемлекеттік медицина университеті

2. **Әлхан Света Төлендіқызы** - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік

университеті

3. **Есімбай Әділхан** - Алматы Технологиялық университеті
4. **Атабай Қуанышұлы** - Гумилев атындағы Еуразия университеті
5. **Жалел Бауыржан** - Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ
6. **Қабдрашитов Ерден Темірбек** - Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

*«Жас ақын» номинациясына ие болған қаламгерлер:*

1. **Досмұхаммедова Амангүл** - Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлі мемлекеттік университеті
2. **Салтанат Жарас** – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЖОО дейінгі білім беру факультеті
3. **Құрбанәлі Амангелді** - М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті
4. **Тұрсынәлі Серікбол** - Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЖОО дейінгі білім беру факультеті
5. **Макешова Адель Қанатқызы** - Павлодар облысы Ж.Аймауытов атындағы мектеп
6. **Қасымбекова Нәзира** - Халықаралық Ақпараттық Технологиялар Университеті
7. **Әзілбек Гүлден** - Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
8. **Нұрлан Абдиқаримов** - Дулати атындағы Тараз мемлекеттік Университеті
9. **Уәлибекова Ділдә** - Гумилев атындағы Еуразия университеті
10. **Сауытбек Расул** - Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ колледж
11. **Ақбота Тілеужан** - Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Бейіндік лицейі.

## БАЙҚАУ ШЫҒАРМАЛАРЫ

### ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАР БОЙЫНША І ОРЫН ИЕГЕРІ

**Бақыткелді Думан**

*Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия Ұлттық  
Университеті  
4-курс студенті,  
[enduke@ya.ru](mailto:enduke@ya.ru)*

#### АНА ЖҮРЕГІ

Ғалия түсінен шошып оянды. Түсінде кешегі Жәкен әкелген бөрінің азу тісі мен бөлтіріктің асығын қаншық қасқыр сұрап жатыр. «Ырр-рр-р екі аяқты хайуандар, бөлтіріктеріміздің тірсегін қиып асығын, арланымыздың азуын алдыңдар. Жасаған жақсылығымызды табиғи міндетімізді сендерге жамандық етіп танытқан, жансыз сүйек асық пен азу тістерімізді айбар қылып көрсеткен, шексіз жатқан ақ қарды емес, киелі көк бізді көретін көздерінді қылғытам а-у-ууу, - деп ұлығанда қаны қашып шошып оянды. Есіне күйеуінің ырымдап асықты жіпке өткізіп Қайрақтың мойнына тағып жатқаны түсті. Сосын күйеуі Жәкеннің базарға тері өткізуге кеткені де ойына оралды. Кенет жалғыздықтың қорқынышы жүрегін дір еткізді.

Таң рауандап келеді, терезеден жарық түсіп тұр. Кең көрпенің астында қатар-қатар жатқан балаларына қарады. Қайрақ шетінде. Көрпесін сырғытып, бажайлап қарады, мойнында тағылған асық бар. Шік жағында шикі болғандықтан ба сіңіріне аралас қан қатыпты. Ерсі көрінсе де елемеді.

Бүгін түнде кешегі түсін тағы көрді. Қайталап көргенінен әлдененің тегін емесін сезсе керек көңілі тіптен құлазыды. Күні бойы ой құрсауында жүрді. Ақыры кішкене саң түбінен келіге түспеген бидайдан уыстап ақ шытқа түйді де дән шашып ырымдауға бел буды. Кешқұрым балаларының тамағын дайындап жатқан. Қазан астына отты үдете жағып, үйді

суытпай кешкі тамағын күндегіден ертерек беріп, ойына алған дән шашу ырымын жасап, кекілік шілдер үрікпей қонатын молаға барып келмек. Қабірдің үстіне көктемде шөп шықса, не құстар дән теріп жесе жатқан аруақтың сауабы артып риза болады екен.

Арша түбірімен бықсыған қиды көсеп маздатқалы жатыр еді, кенет шошынып оянған Қамардың дауысы бейқам ойға шомып отырған оны селк еткізді. Қолындағы аршасы шокқа түсіп, өзі пеш ернеуіне қолын қарып алды. Қолының күйігін бауыр еті баласын ойлағанда байқамай да қалды. Ана үшін тән жарасы - баласының бір іңгәсінен садаға. Ханталапай ойнап отырған Қайрақ пен Санат та қорқып кетті. Көздері атыздай боп, аузынан шыққан үздіксіз «бісімлә, сақта Алласын» айтып, қайта-қайта шырылдаған қарындастарын бауырына қысып сүйіп жатқан аналарына қараған қалпы. Түсінен шошып оянғанын түсініп, қаңтарулы бесіктің басынан бұзаудың томпайындай қорғасынды әкеп қалаққа салып, ендігі маздап жанған отқа тосты. Баласының неден шошығанын «қорықтық» құйып білмек. Жаулығын шешіп көзінен жас парлап жатқан қызының бетіне жапты. Жаулықта ана иісі. Ана иісі кез келген баланың мауқын басады. Жаннат әтірімен пара парғой. Шырылдап жылаған бөбек сәл саябырсыды. Тағатсыздықпен Қайраққа темір табақты алдырып Қамардың жанына қойып құманнан аз су құйғызды. Қорғасын әбден ерігесін білетін дұғасын оқып, баласының басынан үш мәрте айналдырып табаққа құйды. Бу бұрқ етіп быжылдап шыққанда өксіп жатқан бала шорт басылды. Қорытылған қорғасын жалпақ табаққа лезде жайылып, су түбінде сәл көлкілдеп тұрып қатты. Ғалия салынған бейнені көріп сең соққандай есеңгіреп, тізесінен әл кетіп, бетін басып отырып қалды. Тағы да қасқыр. Бұжыр-бұжыр бөрінің бейнесі. Аһ ұрып қарғыс айта жаздап, балаларының зәресін одан бетер алғысы келмей, ернін қыршып өзін әрең басты.

Қанша отырғаны белгісіз, Санат келіп иығынан ырғағанда ғана ой шырмауынан құтылып өзіне келді. Жанындағы қызы бетіне жапқан жаулықты бір қалыпты деммен жеңіл бүлкілдетіп ұйықтап қалыпты. Көже иісі танауын қыдықтады. Суық сумен бетін жуып сергіді де, бейуақта шаршап ұйықтаған қызын оятты. Дастархан жайып асқа бас қойды. Дала әлі жарық болғанымен бөлме іші жаңадан күңгірттене бастаған. Кеш түспей дән шашып үлгерсе жақсы. Соны ойлап, орталанған ыдысын үрлеп суытса керек қызының алдына қойып, ұлдарына қарындастарын тойғызуды тапсырып, өзгеде ескертулер жасады. Қазан түбіндегі бір керден көжені сарқа құйып, Жәкен келер деген үмітпен асадалдағы балалардың бойы жетпейтін ыдыстар арасына қойды. Дән түйілген шытты қолына қысып, - Қайрақтай, әкең келіп мені сұраса тау жақты нұсқа, жарай ма құлыным? Есікті іліп ала ғой, шамаң жетпесе сыртынан өзім бастырып кетем, – деп шығып кетті. Қайрат жүгіріп барып тақа жабылған есіктің ілгегін тұтқасын тартып тұрып, ілгекті төмен басып еді, әдеттегідей емес тез ілінді. Алайда анасына ілгекті оңай ілгенін қалай жеткізерін білмей, «сыртынан бастырма» деп те айта алмай, ештеңеден бейхабар бауырларына қарады. Әлдене айтпақ боп аузын ашқанда мұң ұялаған көзінен жас тамды. Анасының тау жақты «нұсқа» дегені мен оның үнсіз қалып жанарынан жас тамған себебі - Қайрақ мылқау еді.

Жеті жасар Қайрақтың тілі күрмеулі болса, одан екі-үш жас кіші Санат жарытып не сөйлесін. Ал Қамар әлі сәби ғой.

\*\*\*

Бүгін түнде тағы түсіне кіріп мазамды алмасын деп отырғанда, Қамарды шошытып түсіне енген қасқырларды аластау үшін дән шашу ырымын тезірек жасауға асықты. Шығарын шықса да балаларын, әсіресе қорқыныштары әлі арылмаған күйде тастап кеткеніне өкініп келеді. Орта жолдан қайтайын десе түн құрсауынан тағы қорқады. Шешінген судан тайынбас, аталарының моласына дән шашса, ол кісілердің қабірінен құстар ризықтанса, одан Құдай разы болса, жаман түстер көрмейтін болады. Әжелерінен естіген ғұрып. Қандай болсын ем-дом, ырым-ғұрыптардың қасиетті болып, шипасын беретіні оған деген адамдардың сеніміне байланысты.



Екі өкпесін қолына алып, көйлегінің етегі омбылап келе жатқан қардың бетін сызып келеді. Таудың күнге етегіндегі төмпешіктердің басына орнатылған тастар жалғыз басты әйелге сүркейлі көрінді. «Құдайым кешіре гөр, бәле жаладан аулақ, аруақтар разы болсын, бісміллә Алла», - деп түйіншектегі дәндерді қабірлер үстіне шашып бітірді. Үйден шыққандағы жарық сейіліп, күн еңкейіп барады. Жел шығып, құрғақ қасаттың бетіндегі қарларды ұшырып жүр. Шытын қағып қалтасына салды. Тұрған жерінде жүгініп, ернін жыбырлатып пәтихасын бағыштап сауабы тисін деп, бетін сипады. Осы кезде зарлана шыққан қасқырдың ұлығаны естілді. Құлағынан кіріп бойын шымырлатып қанында жүгіріп өткендей болды. Бетін сипаған қолы дір-дір етеді. Орнынан тұруға күш жоқ.

Бейуақта, моланың басында, жалғыз, қарусыз, қауқарсыз әйел қасқыр үнін тағы да естіді. О тәңірім-ай, мынау дауыс тура түсіндегі қасқырдікінен бір аусашы. Жазбай таныды. Ауық-ауық естіген сайын құлақ еті үйренгендіктен болар, ұлыған қасқыр екендігі болмаса дауыста үрей жоқ, есесіне зарлылық пен жалыныш бар. Құдды сөйлесіп тұрғанындай. Ғалия қасқырдың қақпанға түскенін білді.

Екі күннен бергі дауысы үйіне жетпесе де түсінде жетіпті-ау. Бөрінің киесі. Кеудесін белгісіз батылдық билеп орнынан көтеріліп дауыс шыққан жаққа бет алды. Дөңге шыққанда көрді. Келесі сай табанында үлкен тастың қуысы апаны болса керек, алдында басын көтеріп бұған қарап жатыр. Енді ұлымайды. Қасында өзге қасқырлар болса талап тастар деген күдігі сейілсе де, сақтық үшін маңайынан көз жетер жерге дейін шолып еді көлденең ағаш жоқ. Бөлтірігінен айырылған аналық қасқырды балаларынан айырылудың алдында тұрған ана жан дүниесімен түсінді. Сол үшін де оны құтқармақ болып жақындай берді. Таяқ тастам жерге келді. Ызалы, аш қаншық. Тірсектері қиылған төрт бөлтіріктің өлексесі. Үшеуі апанның аузында, терілері сыпырылған асығы алыныпты. Біреуі қасқырдың жанында жатыр. Жәкен әдейі біреуін қалдырған. Кекті қасқыр өздеріне шаппас үшін, біреуі аман қалса соны бағу үшін алысқа әкетеді. Қыңсылаған бөлтіріктің дауысынан қаншықтың міндетті түрде келетінін, келсе қақпанға түсерін білген. Сірә бөлтірігіне жаңа апанға ауыстыру үшін, желкесінен тістеп көтеріп бара жатқанда абайсызда қақпанды басқан. Алдыңғы сол аяғының жілігін сындырып жіберіпті. Ауыр қақпанды үш аяқтап болса да сүйреп кетпек екен. Екі-үш адым жердің қары тапталған. Қан ізі қатыпты. Көз алдында дәрменсіз күйде, бөлтіріктерінің қыңсылап жатып азаппен өлгенін көру қандай қиын.

Ғалияның тізесі қарға кірді. Басынан жаулығын сыдырып алды. Аштық пен тән жарасы қажытып әлін кетіріпті. Алайда қасқыр көмекке мұқтаж емес. Тектілігін тән жарасының ауырғанына айырбастамайды. Сынған сирағын шайнап тастап кете берер, бөлтіріктерін қимаған. Жақын келіп қолын созып еді, арс етті. Ауа қапты. Қақпанды алып аяғын таңып көмектескісі келген Ғалия қалай жақындарын білмей біраз тұрды. Тағдырлас аналар игі ниетте арбасып көрді. Түз тағысының ақылды болатынын ойлап, анда санда сынған сирағын жалап алдына салып жатқанында қарусыз жалаң қолымен өзінен келер қауіп жоқ екенін білдіру үшін қақпанға қол тигізді. Ырылдап жатып ұмтыла бергенде қолын тартып алады. Ызасын келтірсе де үйретті. Кезекті созғанында қақпанды ұстап еді, қасқырда ұмтыла береген де тартып қалған қолының бағанағы пешке қарып алған жері жырылып кетті. Қан шықты. Қанды көрген қасқыр құтырынып кетті. Айбатын шегіп жатыр. Сонда да ол ессіз батылдықпен қолын қайтадан созды. Екпінімен арс етіп қолынан тістеді. Қомағайлана қапқан екен сол қолы қасқырдың көмейіне кіріп кетті. Құдай сақтап оңынан бергенде Ғалияның білезігі қасқырдың жағын қарыстырып тұрып қалды. Алдыңғы оң аяғымен осып қалғанда Ғалияның бетін тұяғы жырып кетті. Ащы дауысы шықты. Алақанына тиген ұзын тілін ерекше батылдықпен қысып ұстады. Қақалып жұтқына алмай амалсыз берілді. Ептілігіне өзі таңданып, жамбастап отырып аяғымен астыңғы таңдайын басып қақпанды ашты. Сынған аяғын жаулығымен қысып орап, шашындағы ағаш екі түйреуішін тірек етті. Жалғыз қолымен бешпентінің омырау түймесін ағытты. Суық қолы аш етіне тигенде бойы дір етті. Мойнындағы маржан көз тағылған алқаны жұлқып алып, анасынан қалған жалғыз асыл сиымен қасқырдың аяғын орады. Бұл кезде қасқырдың да демі бітіп



қырылдап қар тарпуын үдете түсті. Енді жарып кетсең де жазығым жоқ, борышымды өтедім, дегендей қасқырдың аузынан қолын сілкіп шығармақ болды. Арандай ашылған ауызға емін еркін кірген білезік қарысып жабыла бергенде алдыңғы ұзын тістеріне ілініп қалды. Ауа жұтып жан шақырғасын аяқтарын тіреп артына тартты. Оң қолымен құлағынан басып қасқырдан «шәпалақ» жемеуге тырысты. Енді тисе анық көзін ағызады. Қасқырдың аузындағы қолын көмейлетіп барып қайта сілкіді. Қарысқан жақ ашылып, арс етті. Баж еткен әйел үні қатты шықты. Білезік шыққанымен қас қағым сәтте суырылып болмай тістің арасында қалған саусақтарының көбелі буыны шайналып кетіпті. Серіппемен аралары алшақ кетті. Қасқыр қайта тұрып атылмақ еді, алдыңғы аяғына салмақ түскенде ауырсынып кідірді. Әрі ауыр қақпаннан құтылғанын сезді білем артына шегінді. Әйел де жанарын қадап мізбақпай тұр. Кері бұрылып бөлтірігін тістеп сылтып басып бара жатыр. Беті жырылып, саусағынан айрылып тек ет қызуымен азапты ауырсынғанын әлі аса қатты сезінбеді. Әбігерленіп жүріп байқамапты кеш батуға таянған. Батыр әйелден қорқыныш атаулының өзі үрейленетіндей.

Жүріп келеді, жүріп келеді. Саусақ орнынан аққан қан тоқтар емес. Суық та сорып барады. Бойынан әлі кетіп көзінің алды қарауыта бастады. Кең даланы қараңғылық тарылтып көз байланған шақ. Бақытсыз бейшара, бағытсыз басы ауған жаққа сіңіп бара жатты.

## ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАР БОЙЫНША ІІ ОРЫН ИЕГЕРІ

**Әжіғалиева Анар**

Абай атындағы ҚазҰПУ  
филология факультетінің  
3-курс студенті  
[anar\\_96ark@mail.ru](mailto:anar_96ark@mail.ru)

### ЖАНЫМ – ЖАРЫМ

Дарын мектептен шыға салысымен жүгіріп үйге келді. Есік жабылмапты. Үй іші қараңғы. Жарық өшіп қалған сияқты. Төр үй жақтан жылаған дауыс естіледі. Ақырын басып, мойнын созып қана қарады. Жерде киімі алба-жұлба, шашы ұйқа-тұйқа болған анасы отыр. Бір қолымен аяғын ұстап, бір қолымен аузын басып жылап жатыр. Қатты дауыстап та жыламайды. Ішін күйдіріп бара жатқан өкініші бардай анда-санда басын шайқап қояды. Кейде тәні ауырғансынып, қыңсылап жылайды. Осы көріністі Дарын ұзақ бақылады. Анасының бұл қылықтарын түсіне алмады. Біраз уақытқа дейін мелшиіп қарап тұрып қалды. Сәлден соң жан-жағына назар аудара бастады. Көзі үстелдің үстіндегі шөлмекке түсті. Әлі кішкентай болса да оның жақсы нәрсе емес екенін сезген болар, түсі сұрланып, сұп-суық болып кетті. Анасының қасына келіп, қолын ұстап еді, оның аяғынан аққан қанды көрді.

- Анашым, неге қан, неге? – деп жаны шығып айқайлай бастады. Анасы баласын енді байқады. Жалт бұрылып:

- Бар, кет, әрі ойна, менде шаруаң болмасын, - деп зекіріп тастады.

- Ана, сізге не болды? Аяғыңыз ауырып тұр ма? Әкем қайда? – деп жалынышты халде жыламысырап сұраған Дарынды анасы:

- Мазамды алмашы, - деді де, итеріп жіберді. Өзі орнынан тұрып, ирелеңдеп келесі бөлмеге кіріп кетті. Осы кезде әкесі де келді. Анасының жағдайын баяндамақ болып жүгіріп барған бала әкесінен «Оған аз әлі» деген жауап алды. Тілі күрмеліп әрең жауап қатқан әкенің де жағдайы қуантарлық емес. Күртесінің түймелері тағылмаған, үсті-басы шаң-шаң. Қолындағы шөлмегін алып анасы жатқан бөлмеге қарай кетті. Дарын осы түні ұйықтай алмады. Анасының шыңғырған дауысы, әкесінің айқайы оған тыныштық бермеді. Жанары жасқа толып тұрса да, сыртқа шығармайды. Бір нүктеге қадалып, қасқайып отыра берді. Болған оқиғаның бәрі батқан түнмен бірге кетеді деп сенді. Бірақ атқан таңның шуағы бұл

үйге нұрын сеппеді. Осындай оқиға тағы болды. Келесі күні де, арғы күні де, одан арғы күні де...

Диванда қолын басына қойып, төбеге қарап Дарын жатыр. Баяғы Дарын емес, ержетіп, күш жинаған Дарын. Бала Дарынмен ұқсастығы: қабағында мұң бар. Ал үй ішінде өзгеріс жоқ. Сол қараңғылық, сол үстел, сол шөлмек пен стақан.

\*\*\*

Дарынның анасы мен әкесінен айырылғалы талай жаз, талай күз, талай қыс, талай көктем өтті. Қатал өмірдің сынақтарынан жалғыз өтіп келеді. Мойымауға, жеңілмеуге бекінген. Алайда сол оқиға жадынан кетпейді. Қазір де соны ойлап жатыр. Ата-анасын кінәламайды, бірақ өкпесі бар. Өмір сыйлағандары үшін сыйлайды, үлкен жара қалдырғандары үшін жек көреді. Қателіктерін кешіруге дайын, бірақ олардан жиіркенеді. Күн сайын осылайша ойы сан-саққа кетеді. Мүлде ойламауға, ұмытуға тырысады. Дегенмен, үйге келгенде бәрі кеше ғана болғандай қайтадан есіне түседі. Әрі дәл бүгін ол жайды еске түсірмеу мүмкін емес еді. Өйткені бүгін – анасының туған күні.

Дарын орнынан тұрып, үстелге келіп отырды. Қабырғада ілініп тұрған ата-анасының суретіне қарап:

- Сіздер бұл күнді дәл осылай атап өтер едіңіздер, мен де солай істеймін. Сіздердің іздеріңізді қуайын. Мүмкін сонда маған риза боларсыздар, - деді де, шөлмекке қарай қолын соза берді. Осы кезде:

- Дарын, - деген дауыс естілді. Жұбайы Шырын екен.

- Дарын, өтінемін, - деп оның қолынан шөлмекті баяу тартып алды. Нәзік саусақтарын Дарынның иығына қойып, «болмайды» дегендей басын шайқады. Дарын көздерімен Шырынға қарап:

- Кешіріші, - деді. Шырын үндеген жоқ. Ақырын ғана жымыды да, басын изеді. Шырын үш күн бұрын Дарынның қылықтарынан әбден шаршап, ренжіп үйден кетіп қалған болатын. Дарынды барынша ащы судан алшақ ұстауға тырысқанымен, ол ырқына көнбей, шарасыздықтан кеткен еді. Ақылға келіп, өз қателігін түсінер деп үміттенген-ді. Алайда Дарынға деген сезімі үш күннен артық шыдай алмады. Үйден кетіп қалса да, алып-ұшқан көңілі сабасына түспей, бүгінгі болар оқиғаны сезгендей үйіне жүгіріп келді. Есік ашық тұр екен. Дарынның соңғы сөздерін құлағы шалып, төр үйге кіріп келген бойы осы. Дарынның есімін атағандағы нәзік үнінен аздап діріл байқалады. Бұл үн Дарынды үш күн бұрын жалғыз тастап кеткені үшін өкінгендіктің белгісін танытты. Десе де, еш сыр білдірмей, оның қасына келіп, аса бір байыптылықпен шөлмекті тартып алды.

Шырын шам әкеліп жақты. Дарын әйелінің жүзін енді анық көрді. Ақ көйлегінің иық жағынан бастап беліне дейін төгілген қою қара шашы өзіне жарасымды-ақ. Томпиған жүзі, көкшіл көздері үй ішін нұрға бөлейді. Үш күн бойы көрмегендіктен бе, әлде бұрын мән бермеген бе, әйтеуір, оған жары сұлуланып кеткендей көрінді. Одан көзін бір алар емес. Бір жағынан, сонша өкпелеп кеткен әйелінің ашуы үш күнде тарқап кеткеніне сене алмай отыр. Тіпті, түк болмағандай, жүзінен бір реніш байқалмайды, бұрынғыша жымыып жүр. Ол Дарынның қасына келіп отырып:

- Бәрі жақсы болады. Әлі-ақ бәрін ұмытып кетесің, - деп күйеуінің қолдарын ұстады. Бұл «бәрін бірге жеңеміз» деген нышаны еді. Бойындағы жақсылықтың жалынымен Дарынның кеудесіндегі үміт отын тұтандырды. Бір-бірінен көз алмай, сүйіспеншілікпен қараған екі жас қиындықтардан бөгелмей өтегіндеріне сенімді. Ал, шөлмек пен стақан сенімдері мол жас жұбайлардың шамның жарығымен еденге түскен көлеңкесінде қалды. Махаббат күші жүректегі ауыр дертті емдеп жазуға жол тапқандай...

\*\*\*

Адамдар толып жүр. Бірі кішкентай баласын жұбата алмай әлек. Бірі тісін басып жылап отыр. Дәліз бойымен дәрігерлер ерсілі-қарсылы жүруде. Бірақ Шырын мұның біріне де мән берер емес. Оның екі көзі тура алдында тұрған есікте. Бүгін Дарын екеуі дәрігерге келді. Соңғы оқиғалардан кейін Шырын Дарынды көндіріп, алып келген болатын. Енді қазір

өзі тағатсыздана Дарынның шыққанын күтіп отыр. Сөмкесін екі қолымен қысып ұстап алған. «Не болып жатыр?» деген сұрақ мазалап барады. Дәрігер ауыр сөз айтып қалып, Дарын ашуланып, райынан қайтып қалмаса екен деп қорқады. Бір кезде көптен күткен есік те ашылды. Шырын орнынан атып тұрып, күйеуінің қасына жүгіріп барды. Дәрігердің көңіл-күйі жақсы. Дарынды арқасынан қағып, жылы сөздерді жаудырып жатыр. Дарын үнсіз. Екі беті қызарып кетіпті. Күйеуінің қабағын баққан әйеліне тура қарай алмай, көзін төмен салған күйі дәрігермен қоштасып, екеуі үйге қарай беттеді. Екеуінде де үн жоқ. Шырын бір нәрсе сұраса, ашуланып қала ма деп жасқанады. Дарын осыншама уақыт оның бүкіл қылығына шыдап келген әйелінен ұялады. Ойлары сан-саққа шашырап, екеуі көше бойымен жүріп келеді. Қаншама уақыт Шырынды қинағаны үшін Дарын өз-өзіне өкпелі. Дәрігердің «өзін үшін өмір сүргің келмесе де, өзінді сүйетін жандардың сезімін сыйла» деген сөздері жанына батқан-ды. Осы кезде Дарынның ойын орта жастағы әйелдің зор дауысы үзді:

- Гүлсіз болса қыз мұңды, жігіттер, сүйгендеріңе гүл сыйлап, қуантыңдар!

Дарын басын төмен салбыратып келе жатқан Шырынға бір қарады да, жүгіріп барып сатушыдан бір шоқ гүлді сатып алды. Шырын аң-таң болып қарап тұр. Дарын ақырын басып, Шырынға қолындағы гүлді ұсынды. Шырын жұбайлық өмірінде күйеуінен туған күніне де сыйлық алып көрмеген болатын. Қыз-жігіт боп қол ұстасып жүрген күндерінде де мұндай жағдай болмаған еді. Сондықтан оның көздерінен бір тамшы жас үзіліп барып жерге түсті. Бұл, әрине, қуаныштың жасы. Дарынның жүрегінде қалған мұздың жібігенінің белгісі. Айналасына қаталдықпен, өмірге ренішпен қарайтын, сұлулықты, әдемілікті көрмейтін Дарынның бұл әрекеті оның жаңа өмірге басқан алғашқы қадамы болатын. Дарын бәрін енді түсінді. Алдында не жыларын, не қуанарын білмей тұрған кішкентай ғана әйелдің өмірінің мәні екенін түсінді. Осы әйелдің сезімі, сенімі өзін құтқарғанын түсінді. Шырынды құшағына алып, бір ауызды қайталай берді:

- Сен – менің жанымсың...

## ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАР БОЙЫНША ІІІ ОРЫН ИЕГЕРІ

**Айдархан Еңлік**

*Абай атындағы Республикалық  
мамандандырылған  
дарынды балаларға арналған  
қазақ тілі мен әдебиетін  
тереңдете оқытатын  
орта мектеп-интернаты  
ІІ сынып оқушысы  
[enlik.aydarhan.00@mail.ru](mailto:enlik.aydarhan.00@mail.ru)*

### КВАРТИРАНТ

әңгіме

"Біздің ел қандай ғажап, керемет ел! Сонау ертеден өзінің дархандығын жоймаған, ерекшелігі баршаны танырқатары сөзсіз. Біздің елде бәрі бар! Ия, барлығы рас. Оған ешқандай дау жоқ. Жеріміздің асты, үсті толған байлық. Ал елімнің үлкен бастан кешкен тарихы барын ешкім жоққа шығара алмайды. Ал өздері неге? Неге кедей тұрады? Осының себебі неде?" деген сөздерді бастырмалатып, екі қолын жайып салып, көсіліп отырған, ақ жейде, қызыл галстук таққан кісіні көріп отырған Сабыр теледидарды өшіре салды.

- Жыным келеді осыларға,- деп келіншегіне қарап: - Танисың ба, мына кісіні -деді. Сен білмесең мен қайдан білемін. Сен ғой бізде оқыған - деп дауысын көтеріп, ашулы екенін білдірді.

- Сен ылғи теледидар көрсең неге жынданасың осы? - деп келіншегі үстел үстіндегі заттарды реттеп жатты.

- Үнемі көрем осы кісіні, өзі ақын ба, әлде жазушы ма екен? Кекілін бір жағына қайырып алып, қызара бөртіп, қызыл кеңірдек болып, айғайлап жатқаны. Сөз көп, бірақ істері көрінбейді, өкінішке орай, - деп Сабыр реніш түрмен сөйлей жөнелді.

- Оның ақын-жазушы екенін қайдан білдің? - деді жұлып алғандай әйелі, шай құйып жатып.

- Ой, мұндай сөздерді тек ақын-жазушылар ғана айта алады - деген күйеуінің сөзін тыңдамастан: - Қой енді, көп сөзді қайтесің, шайыңды іш. Ертерек бар ана жұмысқа - деп Сабырға тағы да күйбең тірліктерді есіне түсірді.

Сабыр былтырғы жылы күзінде осы Алматыға көшіп келген еді. Тұрған жері де жаман емес еді, бірақ қолайсыз жағдайлар көп еді. Араласатын ортасы, тұрмысы, ауа райы демекші... Ия, бәрінен бұрын ауа-райын айтсаңшы... Жарты ғасырдан бері істеп келе жатқан зауыт оның түтіні, одан шығатын газ тағы басқа улы заттардың әсері болса керек. Әйелі аурушаң, балалары да жөтелден көз ашпады дейді. Әрі ойланып, бері ойланып, ақыры, көшуге бел буған.

Сабыр өзі көзі ашық, көкірегі ояу жігіт. Аздап оқығаны, көрген-білгені бар, мінезі тұйық, сырт бейнесі қарапайым. Отыздың ортасынан асқан жігіттің бір ұл, бір қызы бар. Жасынан жетімдіктің зардабын сезініп өскендіктен бе, мінезі ауыр. Қабағы бір ашылмайды. Сыртынан көрген адам, оның бұл келбетін ренжулі деп ойлайды. Енді қайтсын әке-шешеден жастай айырылған Сабырдың бойында қатыгездіктен гөрі, мейірімділік көбірек ұялағанға ұқсайды. Үнемі қайырым жасап, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп жүргені. Ол үлкен көрсе болғаны, әсіресе шал-кемпірге үйірлеу келеді. Бұл қасиеттерінен көп нәрсені ұғатының белгілі. Олардың сөздерін ұйып тыңдап, әңгімелері жарасып, әйтеуір жылдам тіл табысады ғой. Оның бәрі әкенің сөзі, мейірімі, ананың аялы алақанын енді ғана біліп, сезініп жатқанға ұқсайды кейде маған. Қазір соны толықтырып жатқандай.

Мен Сабырмен құлын-тайдай бір ауылда ойнап өстім демеймін. Бірақ, оның өмірін басынан өткен қиыншылықтарды бір кісідей білетінім рас. Бізді таныстырған Алматы, айырып, қайта табыстырған да, осы Алматы.

Біз КазГУ-де бірге оқыдық. Студенттік кезіміз бір бөлмеде өтті. Осыдан он бес жыл бұрын тура осы қалпында келген. Ол әлі өзгермеген. Өзі бір оң бермейтін, қараймаса, ағармайтын қазақтың "капченный" еді. Өзі қарапайым болса да, өз ісіне келгенде пысық болып келеді ғой. Өте тиянақты, ұқыпты, таза жүретін. Сабағын да жақсы оқуға тырысты. Оқуды ойдағыдай бітірді.

Міне, содан ұшты-күйлі жоқ болды. Өлі- тірісі белгісіз. Хабар-ошар да жоқ. Байланыс үзілді. Сөйтіп жүріп, арадан он жылдан астам уақыт та өтіп кеткенін байқамаппыз.

Үлкен қаланың тірлігі кішкене болмайтыны сияқты, таусылмас қимылы біте ме? Жұмысбасты болып, күндегі әдетіңмен жүгіріп жүрген кезім. Ұялы телефоным шырылдап қоя бергені. Бөтен нөмір. Өзімнің әдетім болатын бөтен нөмірге жауап бермейтін. Тағы да қоңырау. Одан соң тағы да. Телефоным қояр емес. Көтермесімді білді ме: "Орбит! Неге көтермейсің? - деп жазғанын қайтесің. Енді менде маза жоқ. Бұл кім болды екен? Студенттік кезде, қазірде, анда-санда аузыма бір нәрсе салып алғандай, екі езуімді шайнаумен болатынмын. Сол әдетімді байқаған айналамдағылар, достар бәрі мені осылай атап кеткен. Бұлай атамағалы мені он жылдан асып кетті емес пе? Бұлай тек бірге оқыған курстастардың бірі айтуы мүмкін деген оймен бірден қоңырау шалдым. Сөйтсем, өзім көптен көрмей, көз жазып қалған досым Сабыр екен.

Содан, міне, Сабыр досым өзінің бала-шағасымен Алматыда тұрып жатыр. Өзі қызық, Алматыға жасынан, студент кезінен ғашық.

- "Менің өмірге деген құлшынысымды ұштаған, бала сезімімді нығайтқан, көкірегімдегі арманымды оятқан осы қала"- деп жүретін сол кезде. Қазір сол Алматы өзін әбден жанын жүдетіп, жүйкесін күйзелтіп, әбігерге түсіргенін өзі біле ме екен? Сол Алматы үйден-үйге көшіртіп, "квартирант" атандырғанын өзі сезіне ме десеңші? Осы Алматы таңның атысы, кештің батысына дейін катализаторда мал сойып, елдің бірде алғысына, бірде

карғысына ұшыратып жүргенін үш ұйықтаса түсіне кіре ме? Е, қайдам...

- Неге хабарласпайсың? Үйге келсеңші!? - деп бүгін қоңырау шалған еді. Бір аптада екі-үш рет қоңырау шалатыны бар. Сөзін екі етпей барайын дейсің ғой. Бір шаруалар шығып қалады да, кейінге қалады. Бірақ ұяласың кейде. Өздері жалдап, аядай бөлмеде екі баласымен сығылысып тұрып жатқанда... Тыныштықтарын бұзатын сияқтысың. Қоймайды бірақ, өзі. Үнемі шақырумен әуре. Міне, енді, бүгін жолға шықтым, бара жатырмын.

Қаланың шетіндегі развилка маңында тұратын досыма әдеттегі жолмен келемін. "Түскен соң, маяк таста"- деген соң, телефонмен әуре болып жатыр едім: - Ой, Орбит! Келіп қойдың ба? Қалайсың? - деп, көтеріңкі көңілмен құшақ жая қарсы алды. Құшақтасып, арқа қағысып, аяңдай жөнелдік.

- Қыстағы өзің келген үйден кетіп қалғанбыз. Қазір басқа квартираға шыққанбыз ғой - деді. - Е, дұрыс, өздеріңе жайлы болса болғаны, - деймін мен досымның көңіліне қарап. Оның айтары көп екенін байқап келемін. Менің сөзімнен соң лезде іліп әкетіп, өзінікін айта бастайды. Аялдамадан үйі біраз жер болса да әңгімемен қалай жеткенімізді аңғармай қалдық. Қакпадан кіре берісте, "арс" еткен иттен секем алған маған: - Қорықпа! Байлаулы. Жат ей, жат! - деп айғайлап қойды. Сыртынан қарағанда өзі иелік ететін үйге кіріп келе жатқандай сезіндім.

Әйелі Үміт те өте жақсы келіншек. Алматыға келгенде таныстым. Көпшіл, қонақжай, жайдарлы, ашық мінезді әйел. Мені келген бетте төрге шығарып, жаны калмай амандық-саулық сұрап жатқаны. Үйлері бұрынғы квартирадан тарлау, бірақ тарлау болса да "уютный" екен. Бәрі өз орнында, әдемі, таза.

Сөйтіп, досымның үйінде болып, тағы да оның өмірінің куәсі болдым. Бұрын бір мекемеде істепті. Жалақысы аз болған ба, әлде уақытында алмаған ба, тұрақты айлық болмаса квартираға да төлей алмайды ғой. Қайталана берген соң шығып тыныпты.

- Қазір катализаторда мал базарында қасапшы болып жүрмін. Кешке дейін екі-үш мың табамын. Оның үстіне бас, ішек-қарын, кәкүр-шүкірлерін үйге алып келемін, - деп әңгімесін айта бастады. Мен де досымның сөздерін мұқият тыңдаумен болдым. Сөзі қарапайым, жалаң болғанымен, астарында үлкен мәні бар сөздер еді. Оның үстіне газет-журнал, теледидардан көргені бар. Бәрі қосылып келіп, бір арнаға құйылатын.

- Орбит, қарашы, байқадың ба? Осы ауданда тұратын көпшілік тұрғындарға қарағанда, студенттер көп емес пе? Неге дейсің ғой? Осының жауабын ойланып көрдің бе? Жок, әрине. - Біздің кезімізде оқу, жақсы еді ғой. Ә... Оқуымыз тегін. Тоғыз қабатты жатахана. - Ия, дұрыс айтасың,- деп қоям мен арасында досымның сөзін жалғағандай болып. Ол да бұл сөзден ләззат алғандай, шабыттанып, қанаттанып, бүкіл ғаламды шарлап кеткендей күйге енеді. Ондай кезде бәрі айтылады. Өмір. Қоғам. Саясат. Келешек тағы басқа... Ондайда екеумізде ашыламыз. Біріміздің сөзімізді біріміз қоштап, түйіп-пішіп, қорытынды шығарамыз. Сырт адам бізді түсінбейді. Сондықтан бір тілде сөйлесе алмайды.

Сабыр досымның әңгімесінің негізгі арқауы үй болатын. - Алматыда баспаналы болу үлкен бақыт қой. Ол бақыттың ауылы сендерге алыс емес,- деп олардың жабырқау көңілдерін көтеріп қоямын. - Негізі Астанаға көшпекші болғанбыз,- деп келіншегі сөзге араласып. - Е, ол жаққа барғанда таза тақырға отырар едік қой. Дұрыс болған ағайдың тілін алғанымыз,- деп қабағын түйіп, досым әңгімесін жалғай түсті. - Біз, көшеміз дегенде көп ойландық. Астанада бір ағай тұратын еді. Соған звандап, ақылдастым. Астана қалай деп баяғы. Ол кісі сөзін салмақтап: - Астанаға келуші болма. Бұл жақта күн көріс өте ауыр, қиын. Қиналып қаласындар, балаларды жүдетіп аласындар,- деп. Содан, құрысыншы бәрі деп, Алматыдан бірақ шықтық. "Жеміс жесем де, Алматыда өлмеспін" депті ғой бір кісі. Сол сияқты мен де Алматының "ащы" жемісін татып жатқан жайым бар. - Әсіресе,- деп ренішін білдіріп: - Балаларыма қиын болды. Мектепте балалар да бөлінеді екен. "Квартиранттар" деп мазақтайды екен үйі бар балалар. Мына аулада ойнап жүріп, балалармен келіспей қалса болды үй иесінің баласы, жұлып алғандай өзінің мақамына көшеді. - Сендер "квартирантсындар", бұл біздің үй,- деп. Осыған шыдамаған қызым бір күні жылап келді де:



- Папа, үй алыңдаршы! Мыналар мазактай береді,- деп ренішін білдірді. Не дейсің балаға. Сәл шыда балам. Бізде бәрі болады деймін сабыр сақтап. Бірақ... баланы алдап тоқтатқанмен, өзіңді, іштегі дәрменсіздігіңнен туындаған намыс отын қалай тоқтатасың?- деп достым бір күрсініп алады.

- Сабыр бол! Бір жөні болар. Бәріне уақыт қажет! -деп досымның көңілін жұбатумен болдым. Сөйтіп, досымның: - Қонып, бірақ қайт! - деген сөзіне көнбей, қонақ болып, кеңінен, әріден әңгімелесіп, аз уақыт болса да досыма рухани медеу болып қайтқаным қуандым.

Автобустың ішінде келе жатып, Сабырдың күні бойы айтқан әңгімесін қорытындылағандай көп нәрсеге көзім жетті. Шынында, өмір қызық. Қызығынан, шыжығы көп!

Терезе жаққа отырғаннан ба, көзім көшеге түсе береді. Іші толған автобус, жолдың ойқыш-ойқыш жолдарынан теңселіп, ырғалып әзер қозғалады. Ырғалған сайын қысылған адамдар, өз орнын тапқандай жайғаса түседі. Ауданның ұзын, кең көшесімен келе жатып, үйлердің тұсында жазылған хабарландыруларға көзім түсе береді. "Квартирант аламыз", "Квартира беріледі", "1 бөлмелі квартира", "Квартира - 15000 тг.", "Квартира арзан" тағы басқа маңайында ұсақ жазулар бар. Ол жазуларды оқымаса да түсінікті. Осының бәрін көріп келе жатып, Сабырдың назы еріксіз есіме түседі.

- "Е, Алматы, кімдердің ғана тағдырымен ойнамадың сен?! Адам тағдырын, тұрмысын саудаға айналдырдың ғой сен?! Бейнетінді жеңген адам үйлі, жеңе алмағаны құмды болары анық!" - деген ойда келемін. Мына үйдегі жазулар өз алдына жарнама ғой. Оны қойшы... Оның ішіндегі тұрып жатқан, өсіп келе жатқан "к в а р т и р а н т т а р д ы ң " келешегі не болмақ десеңші?!

Сарғайған күздің өтімді желі тондырды ма, көпшілікпен бірге менің де кірпігім айқасып кетіпті. Түс көрсем керек. Сабырдың үйіндемін деймін. Іші кең. Бала-шаға жүгіріп жүр. Әйелінің қуанышында шек жоқ. Сабыр досым көңілді. "Кел, отыр Орбит!" деген досымның шақырған дауысы. Кенеттен оянып кеттім. Көзімді ашсам, автобуста ешкім қалмапты. Түсе сала, келесі автобуста жүгірдім. Автобус толған адамдардың арасында кетіп бара жатып, "Үйлі болса екен Сабыр" деген тілеу ғана болды менде...

### СИБЫРЛАР СОҚПАҒЫ

әңгіме

- Әй, қажытты - ау, осы күйбең тіршілік, - деп іштей ғана айтатын әдеттегі сөзімен ақсақал сиыр соңына ілесті. Қолындағы таяғы алыстан қарағанда жер өлшеп жүрген адамға ұқсайды. Әр тастамы түзу, мығым болып көрінеді.

- Бұл қарасан келгір, мәліктер! Барарда әурелетпейді, қайтарда баспай қоятыны, - деп қадамы көбейген сайын ұзап кеткенін сезіп, артында қалып бара жатқан кішігірім ауылына бұрылып бір қарады. Бұл да күнделікті әдеті. Бұл ақсақалды сыртынан бақылаған адам болса, көп әрекеттерін көрер еді. Олардың бәрі өзгермейтін әдеттер. Соның ішінде күнде өзгеріп тұратын бірі - ой. Күнде әр алуан ойларға шомып тұрады. Ойлары ақсақалдың көкірегіне бірде үміт отын жақса, бірде қабағына қаяу түсіріп, ренжітеді. Кейде сол ойлардан ыстығы көтеріліп, ауылына әзер жететін күндері болатын. Балаша қуанып, көтеріңкі көңілмен қайтқан күндері де аз емес.

Ой адамды семіртеді де, арытады да. Үлкен адамдардың ойы өте ауыр болады ғой. Көреген, әріден ойлайтын, кемел сөйлеп, дұрыс жолды көрсететіндігі, оның үстіне өмір тәжірибесі қалыптасқан Нұргелді ақсақал секілді бүкіл болмысы адамдық табиғатына сіңіскен дүниелер.

Бүгінгі күн де, одан әріден де еш айырмашылығы жоқ еді.

Таң. Ауылдың желі тұрса абалай жөнелетін "бөрі алар" иттері. Адамның дыбысынан гөрі сауын бедіренің сықыры көбірек естіледі. Сиыр желінінен суылдап құйылып жатқан

сүттің сылдыры. Аяғыңды басардай, аузы ақ көбікке малынған, енесіне ұмтылған бұзаулардың еміренген бұлқынысы.

- Ой, қарасан келгір, тұзу тұр! - деп айғайлап жатқан ауыл әйелдерінің ащы дауысы. Бәрі ... күнделікті тіршілік, бәрі ... әншейін әдет.

Әр үйден бір-екілеп жиналған сиырлар қасынып, жаласып, үйреншікті көшелеріне шыға бастайды. "Біздің шал қайда?" дегендей жан-жаққа қараумен тұрғаны. Шарбақта сауындыдан қалғанды еміп, жарымай қалған бұзаулар. Олардың мөңірегені. "Сені шығарып салайық, шал" дегендей, әр тұстан бір нәрседен құрғалғандай, сіңірлері ырсиған, бұралаң - бұралаң еткен иттер шығады. Олар орта жолға дейін еріп, содан кейін кері қайтады.

Иығында асқан добасы бар жаяулаған Нұргелді ақсақал бүгінде кезекті қызметіне кірісті. Оны шығарып салған бір адам жоқ. Бәрі тірі мақұлықтар маңайы. Енді кіммен тілдеспек. Әрине, өзімен-өзі.

"Нұргелді Назаров" дейді өзінше іштей. Мұны кім біледі. Әрине, ешкім. Өмірінің куәсі өзі ғана. Өз ойын өзі ғана талқылайды. Ол өз ойының қожайыны. Бары да, нәрі де, өмірінің мәні де сол. Бұрындары бір көпті көрген қариядан: - Адамдар неге ерлі - зайыпты, жалпы тіршілік жұпталып өмір сүреді, - деп сұрапты. Сонда әлгі қария сәл ойланып: - "Бір-бірінің өміріне куә болу үшін" деп жауап берген деседі. Сол айтпақшы, құдай қосқан қосағы, өмірінің куәсі кара кемпірін он жылдан асты, кара жерге тапсырғалы. Міне, жалғыздықпен алысып, жетпістің желкесіне жеткенін де байқамапты да.

Сонау қырықыншы жылдары өмірге келген. Балалығы "соғыс" деген шекпеннің астында тұншыққан. Әкесіз баланың тауқыметі, күйеуін күткен әйел мұны, жалғыз ұлынан айырылған ана зары, кара қағазды көріп жоқтаған халық... Осының бәрін бала күнінен сезініп өскен кара бала еңбекке өте ерте араласты. Оның ойынша кеңес заманы тұсында өмір сүру анағұрлым жеңіл болғанға ұқсайды. Ол кезде бәрі басқаша еді ғой. Үкімет оқытады, киіндіреді, ішіндіреді, қызмет істетеді. Тек еңбек етсең болғаны. Ия, еңбек етсең болғаны. Басқаның бәрі өзінен-өзі бола береді. Басшы емес, жұмысшы бірінші орында тұратын еді ғой, шіркін, ол уақытта. Газет-журнал, радио, теледидар бәрі де еңбек арқылы ер атанған жұмысшылар туралы сөз болатын. Ал, қазір таң атқаннан, кеш батқанға дейін еңбек етсең де түк өзгермейтіні несі? Әлде адам еңбегі құнсызданып кетті ме? А... Бұл қалай? Бұл ойларынан соң "Е, қайран, жарқын өмір-ай, сені тосып жүріп, өткізіп алыппыз ғой" деп бар демін сыртқа шығарумен тынады. Одан кейін көп үнсіз қалады. Одан соң бір ой тереңіне тағы сүңгіп кеткенін байқамайды.

... Бүгінде, міне, сиыр соңындамын. Бұл қарасандарды баққаныма жиырма жылдай болып қалыпты. Бәрі көз алдымда. Әрқайсысының қанша рет бұзаулағанын, қай өгіз неше жаста, қай айда туғанын, бәрін-бәрін білемін. Осының бәрі елдікі. Соңында арық кара қасқа сиыр мен мұрындық тағылған былтырғы көтерем бұзау ғана маған тиесілі.

- Ей, өк! өк! - деп айғайлап қояды ақсақал анда-санда. Жолдың бойы қауіпті. Зуылдаған машиналар. Ондайды көрмеген шал өткен машинаның соңынан көз алмай ұзақ қарап тұрады кейде. Түр-түсін де көріп үлгермейді.

- Жылдамын-ай, не деген керемет! Бізден шыға ма екен осы зуылдақтар? Уақыт бір орында тұрмайды деген осы да. Заман көшкенге ұқсайды ғой. Е, бір Алла біледі. Тыныштық болсын! деп тоқталды.

Біздің Домбыралы менімен қатарлас өмір сүріп жатқан ауыл. Өзі аты дардай Астана қаласынан алыста емес. Екі жүз шақырымның әрі не бері жағы. Бірақ осы ауылдан ұзап шыққан емеспін. Бір балам бар, Кәрім. Өзі жасына зерек еді. Сонысына қарап, оқысын, адам болсын деп қалаға оқуға берген едім. Сол қала дегенге бір кірсе, шықпайды ғой деймін адамдар. Соның бірі менің ұлым. Қазақтан табылмағандай, орыс ұлтынан келін бар. Мен қарсы болып ем, марқұм кемпір алғызды. Оның өзі бір-екі мәрте көрдім. Өмірі жоламайды. Ол қайтсын, тегі, заты басқа неме. Ұлым да орыстан қатын алғаннан ба, орыс болып кеткен ғой. Әйелі тілі келмей ме, әлде еркелете ме, Кирил дейді. Жетіскен екенсің деймін ішімнен. Екі немерем бар. Бір ұл, бір қыз бала. Олар енді әкесі қазақ дегені болмаса, нағыз орыс.

Өздері үй жалдап тұрады екен. Ол жақта солай дейді. Басқа ел зәулім, керемет үлкен үйлерде тұрса, біздің қара домалақтар пәтерде үй жалдайды екен. Ол бәленбай мың ақша. Сұмдық. Масқара. Ұят-ай! Өз тілін жетістіргендей, кәпірдің ба, басқаның ба тілінде шүңгірлейді ғой құрғырлар. Біреуі менің ұлым.

Бұрын осы біздің ауыл сияқты ауылдар үлкен қаланы асыраушы еді, ал қазір... Е, ауылдың сиқы мынау... Жастар жоқтың қасы. Олар тапқан- таянғанын пәтерге төлеп, күндерін көріп жүр. Бәрі орта жастан асқандар. Оның өзі бес-алты малын бағып, жан сақтап отырғаны. Мектеп, аурухана, клуб сияқтылар тек ауданда. Бізде күн көріс тек мал...

- Е, айтпақшы былтыр папуктамен бір-екі шал Астанадағы Қарабайдың қырқына барғанбыз. Ия, дұрыс былтыр... Сонда көрдім Астананы. Бұрынғы біз білетін қала емес. Әлемнің бар жарығын тұла бойына жинағандай жарқырайдай ей! -Шіркін-ай! Қазағымның бар қаласы осындай болса екен,- деп армандап еді құрдасым Әбекең.

Қарабай бізбен қатарлас, бірге оқыды. Ия, солай. Көрші ауылдан келіп оқитын. Екі аяғы салақтап, кішкентай тайынан бір түспейтін. Жастығымыз бірге өтті. Кейін іріленді, қызметке араласты. Еңгезердей, ірі еді. Кең маңдайлы, үнемі жарқын жүзін жоғалтпайтын. Жастайынан айлакер, қулау еді. Заманы мінезіне майдай жақты ғой дейін... Қызметтен бір түспеді ғой, әйтеуір!

-Е, қазір оқығанның емес, танысы көптің асығы алшысынан түсіп тұр. "Танысы бар есік іздейді, танысы жоқ несін іздейді" дегеннің кері келіп тұр.

Ақсақал жолдан сиырларды өткізгенде осындай ойларға батады. Жолдан өткен сиырлар Сарыарқаның даласына түстім ба дегендей көсіле түседі. Қалың көгерішті, сулы жайылымға түскен сиырлар ұзай береді, ұзай береді.

Ал жол бойында ойға шомған шал қимылсыз қалады. Қозғалса болды, жан серігі болған ойынан айырылып қалатындай. Бұл да күндегі әдеті.

Шал қозғалды. Қимылға келді. Терең тыныс алды. Жан-жағына көз жіберіп, мұқият қарап шықты. Тыныштық. Тек сиырлардың анда-санда мөңірегені, ұсақ құстардың шикылдағаны, бақа ма, шеңіртке ме, зор дыбыс білдіреді. Басқа тірі нәрсе көрінбейді. Алдында жауынның суы шайып өткендей, тарам- тарам болып жатқан ұсақ-ұсақ соқпақ жолдар. Тармақталған бұл жолдарда үлкен мән бар. Сиыр табанынан әбден пісіп, тапталған бұл жолдар енді өзгермейтініне көзі әбден жетеді. Шөп өспейді. Жауын жауса- арық, сиыр жүрсе, жол болып қала бермек. Нұргелді ақсақал бұл жолмен жиырма жылдан астам уақыт жүріп жүр. Бір өзгермейді. Керісінше, ол жолдардан басқа жаңа жолдар пайда бола бастайды. Үлкен сиырлар үлкен жолмен, кішілері, майда-шүйделері жаңа жол жасап алатынын қайтесің.

Қызық өмір, ә... Ақсақал сиырларға қарай аяндап бара жатып, тағы ойға кетті. Бұл ойы енді бұрынғы ойлардан басқаша екенін шал жақсы біледі. Бәлкім, бұл соқпақтың құпия сырын өзінен басқа ешкім білмейтін де шығар...

... Сиырлар. Соқпақ жол... Осыларда бір жақындық бар. Қазақтың төрт-түлік малында осы Зеңгі баба малының соқпақ жолмен, бірінен соң бірі жүретіні несі. Осы кәсіппен біраз жыл әуреленсем де осыған неге көңіл бөлмегенмін ә... Өмірдің заңдылығы шығар бұл деген. Бала әкеге, қыз бала шешеге, соңғы арба, алдыңғының ізін басады емес пе? Сиырлар жарықтық, төрт аяқты ақымақтың ақылдысы ғой нағыз. Ең үлкені, ортаншысы, кішісі тағы-тағы солай бірінен соң бірі тізбектеліп, күйістерін қайтарып, жолдан шықпай жүретінін қайтесің. Қауып төніп, ит-құсқа тап болғанда да сиыр малы ақылдылық танытады екен. Кішілерін ортаға алып, үлкендері дөңгеленіп, мүйіздерін кезеп тұра қалатын болған. Сонда ешқандай жау олардың бірлігін бұза алмағанға ұқсайды. Сол соқпақтан бір жастауы суырылып, алдыға шығайын десе, алдыңғы сиыр оны қарағайдай мүйізімен қағып жібереді. Сол реттілікпен өріске барады, сонымен ауылға қайтады. Неткен, ғажап! Өмірдің өзі солай шығар. Кім білсін! Адамдар... Қоғам... Заң... Билік... тағы басқа сияқты, кім біледі?

- Әй, мәлік келгір! Өк, өк, өк деймін, - деп ақсақалдың бар дауысы шығып, жүгіре баса жөнелді. Сиырлар жатқан жаққа бұзаулар да жақындап қалған екен. Бұл жаққа жібергендері

қалай деп ақсақал ішкі досымен қоштасқандай, сиырлар салған үлкен соқпақ жолға қалай түскенін өзі де аңғармаған еді.

## «ЖАС ҚАЛАМҒЕР» НОМИНАЦИЯСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ:

**Әлхан Света**

*Қожа Ахмет*

*Яссауи атындағы*

*Халықаралық қазақ-түрік*

*университеті*

[Svetagov@inbox.ru](mailto:Svetagov@inbox.ru)

### ӨМІР - ЦИРК АЛАҢЫ

Таң атты ... Бұл таңның басқа таңдардан ерекшелігі жоқ. Баяғыша Мақпалды ұйқысынан мейірбикенің «обход» деген сөзі оятты. Бүгін де көзі ісіңкі, түнімен жылап шықты. Тек дәрімен ғана көз ілді. Осылай төсекке таңылып жатып қалғаны небәрі он тоғыздағы қыз үшін ауыр жағдай болса, оның болашағы одан да бұлыңғыр. Ауруханаға түскелі үшінші күн болса да үш жылға бергісіз ғұмырын өткізгендей көзі жастан құрғамады. Жыламай қайтсін, оқуына бара жатқан жолда аялдамада бір, оқу орнында барғанда екінші рет есінен танып, ауруханадан бір-ақ шықты. Бұрын бұндай жағдайды бастан өткермеген Мақпалдың өзі де бұл жағдайдан сескеніп қалды. Дәрігерлердің тоқтаусыз тексерулерінің нәтижесі де бүгін белгілі болды. Талма кесел. Сұмдық-ай, мұндайға қалай ұшырадым? Неге? неге, мен? Енді өмір бойы қай жерде есімнен танып қалам деп, үйден шықпай, төсекке таңылып өтемінбе?.. Бір-біріне жалғасқан түпсіз ойлар таусылар емес. Жауабы жоқ ойлар қажытқан сайын ұйқы да сенен алыстайды екен. Мақпал өзінің тағдырын кінәларын білмей, я бүгінгі дәрігерлер анықтаған ауруының атын естіп пе екен ұзақ жылады. Бұл өмір Мақпалға азап сыйлау үшін ғана жаратылғандай, өте ауыр көрінді.

«Жаныңдағының жағдайын көріп, өзіңдікіне шүкірлік етесің» деген сөздің жаны бар-ау шамасы. Үш күн бойы өз ойымен алысқан Мақпал үшін дүниедегі ең ауыр дерт өзінікіндей болып еді. Енді ғана байқады, жанындағы науқастар тек төсекке таңылғанымен қоймай, аяқ-қолынан жан кеткендері де бар екен. Кеше ғана тамырын таппай жанына батырып салынған екпелер емес, «сені жаза алмауымыз мүмкін» - деген дәрігердің сөзі ғұмырын тас-талқан еткендей еді. Жанындағы палаталастарын көріп бойы үйренейін деді ме, әлде түске таман мейірбике берген дәрінің күшімен ұйықтап тұрғандікі ме, ояна сала бетінен көрпені жұлып ала салмай, жан-жағына көрпенің шетінен барлап қарап шықты. Бірінші күнгі бойды билеген үрей жүрегін ұрғылап, бұрынғыдай шошыта түскен жоқ. Төрт қабырғадан тұратын тек ауру туралы әңгіме айтылатын палатада Мақпалдан өзге екі науқас бар. Біреуі бір жылдан бері аурухананы үйіне айналдырған мінезі ашық-жарқын Катя апай. Бұрын ауруханадағылар күлмейтін шығар деуші едім, Катя апайға қарасам, қорқыныштан да қуаныш тауып, жымиюға болады екен. Екіншісі мен ұйықтап жатқанда түскен болу керек, жасы сексенді алқымдап қалған қарт әже. Оның да жағдайы ауыр халде. Есін білмейді. Жан-жағында бала-шағасы, немерелері жылап шулап жүр. Мейірбике оларды «Бәрі жақсы болады, уайымдамаңыздар, мұнда басқа науқастар жатыр, мазасын алмаңыздар», - деп әрең шығарды. Сол кез тыныштық орнады, алайда керісінше, Мақпалдың жүрегін әлде бір шырмаулы мұң-қайғы басты. Қарт әженің жағдайы қиын болғандықтан оның жанына түнде қонуға кіші келіні қалды. Ол кісі де түнімен ұйықтамай енесіне қараумен отырды. Мақпалдың көзіне еріксіз жас келе бастады, жанындағылар байқап қоймасын деп ол көрпесіне тығылды. Түнгі сағат екілер шамасы, ол әлі көз ілмеген еді, кенет есік ашылып, ішке қарт әженің Мақпал қатарлы немересі кіріп келді. Ол да түнімен әжесінің жанында отырды. Бұл жағдай отқа май құйғандай Мақпалға одан ауыр тиді. Іштей күйінді:

- Менімен қатар қыз, әжесіне қарауға келді, ал мен төсек тартып жатырмын, ол қыз әжесіне рухани көмек беруде, сүйікті немересі-ау деймін. Оның қолдарын уқалап барынша қолдан келгенін жасауда. Ал мен не істеп жатырмын? Ар жақта анам әлі сенбей не істерін білмей жылап жүр, себебі осы уақытқа дейін мен бұл дертім туралы ешкімге айтқан емеспін. Анам бұл дертіме өзін кінәлап жүр! Жаз айында Алматы қаласында үш ай демалыс кезінде үйдегілерге көмектесемін деп жылдағыдай жұмыс жасаған болатынмын. Мен аспазшы болдым, кейде түнгі ауысымда да жасаған едім. Оны анамнан қанша жасырсам да түбінде біліп қойды. Дәрігерім бір сөзінде түнгі ұйқы ұзақ уақытқа бұзылса осы дертке түрткі болуы мүмкін деген. Соны анам миына құйып алған. «Сені бекер жұмыс істеттім, істетпеуім керек еді, үйде ініңе қарап, сонымен ойнап отыра берсең-ді» деп, тек өзін жазғырады. Ал, әкем «қызым, көп нәрсе ойлай берме» дейді. Мені көрсе есі кеткен адамдай тек осы сөзді қайталайды. Ағам «Сені ең үздік деген дәрігерлерге көрсетемін, мен бір мықты дәрігердің номерін алдым, ол кісіге хабарласып, міндетті түрде барамыз»деп әр хабарласқанында айтады. Ініме үйдегілер ештеңе айтпаған маған қоңырау шалып «Әпке қашан келесің? Менің телефоным бұзылып қалды, келгенде жөндеп берші я?», - деп сол баяғы еркелігін қоймаған.

Әлгі әжейдің отбасы мүшелері менің отбасымды есіме түсіріп жіберді. Ата-анам, бауырларым үшін ештеңе жасай алмай әттең тонның келтесі-ай, деп төсек тартып жатқаным мені жегідей жеп барады...- деп жастығын құшақтап өз-өзімен сөйлесіп түнін көзінен жас, жүрегінен қан тамызумен өткізді. Көзінің ілініп кеткенін байқамады.

Міне түні осылай өткен,ол таңертең көзін әрең ашты,түнімен аққан жасы оның бұзаудың көзіндей үлкен көзін кішірейтіп жіберді. Катя апай:

- Жылағансың ба? - деді, әрқашан 32 тісі ақсып күліп жүрген қызды көріп үйреніп қалған ол таңырқаған дауыспен.

- Жоға, тас жыласа да Мақпал жыламайды, - деп жалған күлкісін киіп алып қолын жұдырықтап көрсетті, батыр әрі батыл қыз болып көрінгісі келіп.

Түскі ас уақыты жақындап қалған еді. Оның жүзіне қуаныш үйрілді. Ас ішемін деп емес! Сағат он екі мен бір арасы науқастарға жақындарының кіруіне рұқсат берілген уақыт еді. Ол ата-анасын достарын күтті, көзін қадала есік жақа бұрып отырды. Әкесіне хабарласты анасы бүгін оның сүйіп жейтін әсібін беріп жіберемін деген еді,ол оны асыға күтті. Қоңырау кетті...

- Алло, әкешім.

- Мен Әлиханмын ғой, қалайсың?

- Жақсы шүкір Аллаға, әкем қайда? Телефон неге сенде?

- Әкем ұйықтап жатыр.

- Осындай уақытта ма? Әкемнің ондай әдегі жоқ еді ғой. Маған әсіп әкеп беремін деп уәде берген еді, саған ештеңе айтпады ма?

- Жоқ, саған барайыншы, қай жердесің?

- Жоқ ,не істейсің мұнда, таппайсың бәрібір ертең әкеммен келесің, - деп телефонды орнына қойды. Ол інісінің телефонды алғанынан-ақ әкесінің мас болып, ұйықтап қалғанын түсінді. Осыған өзін тағы кінәләй бастады. Әкесі жаман әдеттерден тиылып мешітке аяқ басып жүргеніне біраз болған еді, енді қызы үшін күйініп тағы да бір сәт нәпсіге беріліп қойғанын ол іштей сезіп көзіне жас алды. Бірден баяғы әдетінше көрпесіне жасырынды. Сол кезде тағы да шудың дауысы естілді, олардың палатасына тағы бір науқас әкелді.Ол науқасты бәрі таниды екен. Бәрі «Бота, Бота келген ба?» деп шулап жүр. Мақпал құдды бір қылмыскердей жәй көрпеден басын шығарды. Қараса 25-30 шамасындағы келіншек, оны науқас арбасымен алып келді, өз аяғымен жүріп тұра алмайды. Мақпал Ботаға: «мен сені түсінемін» дегендей үңіле қарап тұрды.Оның жанында анасы бар еді, жасы келіп қалған кісі. Қызына қандай қамқор болып жүргенін,анасының қызының жүріп кетуі үшін бастан не кешпегінін көзіне елестетіп ұзақ қарады. Анасы заттарын орналастырып үйіне қайтты.Бота жалғыз қалды.Өзі күліп қалған,жүзіне қарасаң: «Әй қиындық, мен сенен қорықпаймын, мен сені күліп жеңемін. Сенен мүлдем қорықпаймын» деген сөзді оқи аласыз. Бірде Бота сөйлей



бастады. Мақпал және жанындағы әже бәрі Ботада тек аяқ-қолы емес сөйлеу және психологиялық дамуы да төмен екенін байқады. Мақпал осы кезде көз жасына мүлдем жауап бере алмады:

- Мен әзірге ең болмаса өз аяғыммен жүріп, өз қолыммен тамақ жеп жүрмін ғой, күндердің күнінде осылай жүре алмай қалсам ата-анам мені тастап кетер ме екен? Ешкімге керек болмай қалсам қайтем? Қашанғы дәрінің күшімен жүрмекпін? Мен неге өз қатарластарымнан қалмай солар сияқты бақытты өмір сүре алмаймын? Мен неге бұндай жағдайға тап болдым? Бота...мен ол үшін уайымдаймын... Бота мен оның болашағын ойлаймын...Бота неге өзі қатарлас әйелдер секілді әйел бақытын, ана болу бақытын көре алмайды? - деп іштей өз-өзіне сұрақ қоюмен жылап жатып, жастығын өзінің басынан үлкен етіп көл-дария қылғанын байқамай қалды...

- Мақпал саған қыздар келіп тұр, шығасың ба? Мына жерде науқас көп, шуламай сыртта сөйлесе аласың ба? - деген дауысты естіп барынша мына қорқынышты жерден қашайын деп, өзіне жүруге тиым салғанын ұмытып, орнынан атып тұрып кетті. Сыртқа шықты, көзінің іскенін білдіртпеу үшін аузына маскасын киіп алып. Қыздарымен енді қызық әңгіме басталғаны сол еді, қыздарының арасында Мақпалдың баяғыдан келе жатқан оны бес саусағындай танитын Маржан бар еді:

- Саған не болған, жылағансың ба?

- Жоға қайдағы, тас жыласа да, - деп баяғы мақалын бастағаны сол еді:

- Қойшы Мақпал, сені білмейді дейсің бе? Айт бәрін, жағдайың жасалмай жатыр ма? Дәрігерлер дұрыс қарамай, - деп сөзін аяқтап үлгермегені сол еді Мақпал есінен танып қалды. Есін жинағанда өзінің сол баяғы төсегінде жатқанын көріп қайта мұңайып қалды.

- Қара пальтодағы шалың келіп кетті, оны Бота кіргізбей қойды, сосын біз оған ұрыстық, - деп Катя апай оны баяғыша мазақ етті. Жымиып қойды. Сосын қолына телефонын алып Катя апайдың шалың деп мазақ қылған досына хабарлама жазды. Ол кейірек келетінін ескертті.

- Ой менің келінім жалқау, мені сыйламайды, - деп Катя апай әңгімесін бастады. Мақпал әжелердің әңгімесін тыңдап отырып ұйықыға кетті. Кеш болды оны телефонына келген хабарлама оятты: «Кірейім бе? Әлде шығасыз ба?» Бұл Мақпалдың «маймыл» деп мазақ ететін қара пальтодағы досы. Катя апайдың мазағына қалмайын деп ол сыртқа шықты. Екеуі науқасқа келушілерге арналған орындыққа жайғасып сөйлесе кетті. Мақпал бұл жолы да көз жасын жасырмақ болып маскасын тағып шықты. Алайда бұл жолы да жасыра алмады. Әлгі қара пальтодағы досы оның жылағанын бірден байқап қойды. Ішке кіретін уақыт таяды. Екеуі палата есігіне қарай жақындады. Есік алдында қоштасып қолын бұлғаған Мақпал тағы да есінен танып қалды. Ол есін жиғанда қатты ыңғайсызданды, себебі Катя апайдан оны әлгі досы көтеріп кіргізгенін білді. Ол өзінің біреуге бұлай масыл болғанын қаламайтын. Әрқашан бәрімен ойнап, тіпті кейде төбелесіп шауып жүрген Мақпалға бұлай бірден төсек тартып жатып қалу ол үшін ауыр еді... Сол түні тағы да жылаумен өтті...

Арайлап таң да атты, «Шүкір, Аллаға сансыз шүкір» деп бұл жолы мейірбикелер келместен бұрын күліп оянды. Жанына профессор Қайырла ағай және де жас дәрігерлер қаулай жиналды:

- Қалайсың қызым? Тәуір болайын дедің бе? - деді тамырын ұстап.

- Иә, жақсымын ағай, - деді баяғыша көзін төмен салмай, бұл жолы күлімсі жүзбен.

Ағай басқа науқастарды қарап палатадан шығып кетті. Мақпал көзін алып терезеге қарағаны сол еді өзінің дәрігері кіріп келді.

- Қалайсың Мақпал? Жақсы болып қалдың ба? Кеше не болды саған? Қайта-қайта құлапсың, саған жүруге болмайды деп ескертілген еді ғой! Неге өзінді ойламайсың?

- Білмеймін апай, өзім де түсінбедім не болғанын, - деді тілін шығарып еркелеп.

- Жарайды, үйде үлкендерден кім бар? Шақырт, сен қалайда бүгін МРТ-ға түсуің керек! Бірақ оған шыдай аласың ба?!

- Жарайды, апай! Үйде әкем бар, мен ол кісіні шақыртайын.

- Я, келгенде маған жібер, мен өзім ол кісіге бәрін түсіндіремін.

Әкесі іштей жылап тұрса да қызының мұңаюға болмайтынын біліп, көңіліне қаяу түсірмейін деп палатаға ыржиып кірді. Қызына кейде өтірік күлу осы әкесінен келген-ау.

- Қалайсың? Саған не әкелгенімді қара! Өзің жақсы көретін әсіп, анаң дайындап берді. Өзі жұмыста, саған жұмыстан соң соғамын деді. Сен жей бер, мен кәзір дәрігеріңе барып келейін. Қасыңдағы апаларға да бер.

- Иә, әрине, - деп күлімдеп әкесін есікке дейін көзбен шығарып салды.

- Апа жеңіз, Катя әпше жейсіз ба? Динара әпше апаға беріп жіберіңізші, - деді.

Бүкіл аурухана бойынша ең жасы, тіпті ерке қызы десем де болады, Мақпал еді. Жас дәрігерлер:

- Қарындас апай тоқсан алтыншы жылғысыз ба? Тоқсан алты жастасыз ба? - деп ойнайтын еді, Мақпалдың сәл нәрсеге тез жымыя күлетінін біліп!

- Қызым жинал, екі күн үйге барып келуге рұқсат берді, - деген жайдарлы дауыспен әкесі кіріп келді. Мақпал қатты қуанды, әй шәй демей заттарын жинай бастады, екпенің уақыты келіп қалғанын ұмыта кетіп. Кенет Мақпалдың сүйікті мейірбикесі кіріп қалды. Оның жадыраған жүзіне аң-таң:

- Әй, көжек қайда жиналдың? - деді, бетін шымшып.

- Ой, апай ұмытып кетіппін. Екпем барын мүлде естен шығарып алыпмын. Мен үйге кетіп бара жатырмын. Тез-тез салып беріңізші, үйге кетейін, - деп күлімдеп заттарын жинай берді. Әкесі жанына жақындап:

- Қызым-ау, біз, достарың, құрбыларың, туыстар алып келген тамақты да, жеміс жидекті де, еш бір затты жемепсің ғой! Бұл қалай қызым? Неге өзіңді ойламайсың? Біз саған осы азықты бір шкаф қылып жинап қойсын деп әкелдік пе? Мұнда бір ай бір отбасыны асырайтын тамақ бар ғой.

- Үйге апарам, Әлиханмен жим, міне қараңыз 5 кг алма жинадым, - деп танауын көтеріп мақтана күлімсіреді.

- Әй, сен қыз да, - деп басын қасып қойды. Артынша мейірбике келіп әкесін дәрігер тез шақыртып жатыр деп алып кетті. Мақпал қатты қорықты, таң ертең тағы да тексеруден өткен болатын. Қатерлі дертке шалдықтым ба деп іштей қорқып тұрды. Әкесі кірді, өңі қашып кеткен:

- Қызым жүр үйге қайтамыз. Сені ауруханадан шығарды. Әкесіне олар барынша емдегенін басқа қолдарынан ештеңе келмейтінін, тек қана дәрі жазып беретінін, оны үзбей ішіп жүру керектігін ескерткен. Ал оның жазылып басқа адамдар сияқты өмір сүріп кететініне кепілдік бере алмаған. Бірақ оны қызына айтпады. Мақпал бірақ оны жақсы білетін, ол бас миірбикеден бәрін біліп алған болатын. Тексерілуден өтіп үйіне барды. Ескі әдетінше жалған маскасын киіп ыржиып жүрді, ата-анасы да! Кешкісін ғұсыл алып намазын оқыды, ұзағынан оқыды. Он бірлер шамасында дәрісін ішіп жатып қалды. Үйіндегілер оны ұйықтап қалды деп мазаламады. Ол ойланып тұңғиыққа кеткен болатын. Бәрін ой елегінен өткізді: Әлгі әжейдің туыстары, Ботаның өмірге деген талпынысы, өзінің сонша ауруға беріліп әлсіздік танытқаны, намаздағы жеңілдігі, ата-анасының оған деген махаббаты, бауырларының, достарының сүйіспеншілігі оны соңғы рет қатты жылатты... Соңғы рет... Ол өз-өзіне:

- Мақпал неткен әлсіз едің? Неткен қорқақ, безбүйрек едің? Сен ата-ананың бауырларыңның достарыңның осы махаббатына тұрасың ба? Олар үшін не істедің?...

...Арада үш жыл өтті. Күрең күз... Мақпалдың көзінен үзілген жас пен қоса үміті секілді ағаштардан да жапырақтар үзіліп түсіп жатты.

- Ай, қызым ай! - деп көрпесін тартып, - Тұрсайшы сары қыз, - деген анасының сөзімен оянды.

Ол сол үйіне барған күнінен бастап өзін өзгерткен болатын. Осы уақытқа дейін қалай ауруға беріліп жақындарын ұмытып кеткенін түсініп жаңа өмір бастаған еді. Баяғыдай тек күліп жүретін қалпына келді. Дәрігердің айтқанын екі етпей орындап, уақытылы қаралып

жүрді. Оқуыңды тастайсың, саған ауырлық қылады деген сөздерді құлағына ілмей оқуын басқа группаластары сияқты оқып, тіпті қызыл дипломға бітіріп алды. Оқу кезінде өзі жақсы көретін шығармашылық жарыстарына қатысты. Одан мемлекеттік шәкірт ақы жеңіп алып ата-анасын қатты қуантты. Оқуын бітіре сала өз мамандығы бойынша Кентау қаласына жұмысқа кірді. Сен мына дертіңмен өз мамандығыңда жұмыс жасай алмайсың деген дәрігердің сөзін біле тұра сол үшін үш жыл күресті. Бүгін тағы да баяғы дәрігеріне барады, ол және оның жақындары қатты қобалжулы, бұл соңғы баруы екенін ешкім болжамаған еді... Ешкім дәрігерден мұндай жауап күтпеді...

-Енді маған келмеңіз Мақпал, қатты айтсам кешіріңіз. Бірақ мен шындықты айтуым керек. Біз сізге енді көмектесе алмаймыз, ренжімеңіз, бізге келмегеніңіз дұрыс. Біз де сіз де үш жыл бойы аянып қалған жоқпыз, барынша қолдан келгенін жасап бақтық. Сіз сап-саусыз құлан аяқ жазылдыңыз! Сізді жеңісіңізбен құттықтаймыз! Енді ауырмаңыз. Мүлдем келмеңіз мұнда! Бәрі еріксіз жылап жіберді.... Қорықпай сүйген адамыңызға тұрмысқа шыға беріңіз!!! - деп дәрігері, - Сен тұрмысқа шықсаң қиналасың, - деген өз сөзіне қарсы шығып күлімдеді. Мақпал үш жыл бойына үлкен отпен арпалысты, алайда еш қиындыққа қарамастан ол жеңіске жетті. Ол бұл күресте жалғыз болмады. Оған ата-анасы, бауырлары, туыстары, достары, тіпті бірге жатқан Бота да көмектесті. Мақпал мен Бота жас ерекшелігіне қарамастан жақын құрбы болып кетті. Олар бір-біріне рухани көмек беріп отырды. Олар күреспесе ештеңені жеңе алмайтынын түсінді. Бота жазылған соң тұрмысқа шығып, жар болу ,ана болу бақытына ие болды. Олар Мақпалдың отбасымен туыстан артық жақын араласып тұрды. Катя апайдың үлкен келіні босанғанда екеуі барып қайтты. Катя апай келінін ұнатпайтын,алайда ауруханада жатқан кезінде келінінің күнде келіп оған жасаған қамқорлығы оның ойын өзгертті ме екен аралары жақсы болып кетіпті.Өз қызындай қуанып жүр. Бұл жағдай Мақпал мен Ботаны қатты қуантты. Сол жағдайлардан кейін Ботаның да Мақпалдың да жүзінен күлкі кетпеді. Кез-келген жағдайда... Себебі Аллах адамдарға қиындықсыз өмір болады деп уәде бермеді. Тек әр қиындықтан соң жеңілдік барына,екі есе қуаныш боларына уәде берген. Олар алда талай қиындық боларын білді, бірақ онымен мойымады. Тек алға ұмтылды.... Оқиға желісі мұнымен аяқталмады!

Катя апайдың үйінен Мақпал көңілді күйде келе жатты,алдынан тағы да үлкен сый күтіп тұрғанын ол білмеді. Есігінің алдында өзінің бойынан үлкен жұмсақ маймыл ойыншық тұрды,оның үлкендігі соншалық артындағы адам көрінбейді. Мақпал сол үш жылдан кейін алғаш рет қуаныштан жылап жіберді, себебі көрмесе де артындағы адамның кім екенін іштей сезді... Я, я ол әлгі қара пальтодағы Мақпалдың маймылы еді...

Өмір цирк алаңы. Біреулер сайқы мазақ болады, біреулер торда отырған арыстандай қолынан ештеңе келмей қауқарсыз болады, ал біреулер акрабаттар секілді жоғарыда жүреді жерге қарағысы келмей, енді біреулер оттан секіретін барыс секілді, алда оттың күтіп тұрғанын біле тұра тек алға қарай жүгіреді, себебі ол оттан өтетініне сенімді. Ең алғаш үйренген кезінде талай рет күйген болатын, алайда өзіне деген сенім оны алға жетеледі. Кез-келген қиындықты да ауру кеселді де жеңуге болады... Себебі барыс оттан қорқып жүгірмей қалмайды.Тек сене білу керек... жеңе білу керек...

Цирк алаңындағы өз әртісіңізді дұрыс таңдай біліңіз!!!

**Есімбай Әділхан**

Алматы Технологиялық

университеті,

1 курс студенті

[adilhan.yesimbay@mail.ru](mailto:adilhan.yesimbay@mail.ru)

### МИЛЛИОН АРАСЫНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗ

Аспан түбі тесіліп кетті ме, жаңбыр шелектеп төгілді. Жер - жер емес, ми батпақ. Көне шатырдан сорғалаған су терезеге тырс-тырс тиіп жатыр. Тұлдыр күзді ұнатады. Күз ғана Тұлдырды түсінеді. Одан басқа ешкім емес.

Терезе түбінде тұр. Екі көзі сыртта. Нөсер тамшыларында. Жаны әлденені аңсады. Ол мына жерден кеткісі келеді. Себебі, мұнда суық. Бірақ, кете алмайды. Кеткенде қайда барады? Барар жері жоқ. Жіпсіз байлану деген осы шығар. Мұнда әзер жүр. Тірі өлік секілді. Өзін адаммын дей алмайды. Егер ол расында адам болса онда күлмей ме? Әрбір атқан таңға қуанбай ма? Жоқ, ол өйте алмайды. Түн баласы көз жасы құрғамай жылайды. Есін білгелі өмірден баз кешті. Әрбір атқан таңға лағнет айтады.

Жаңбыр тамшылары терезені тырс-тырс қағуда. «Тұлдыр, біз жыласақ та, тек, сен жылама» дейтіндей. «Қайтып жыламаймын мен, айналайындар-ау?!» дейді Тұлдыр жыламсырай. «Сендер көпсіңдер. Мың, жоқ, миллионсыңдар. Мүмкін миллионнан да көп шығарсыңдар. мен жалғызбын. Тек, сендер ғана жарымжан көңілімді аулайсыңдар. Бірақ, мен сендермен көп сырласа алмаймын. Тек, күзде. Және көктемде ғана. Қалған мезгілдерде сендер сирек келесіңдер. Тереземді сирек тоқылдатасыңдар. Мен тек жаңбыр жауғанда ғана қуанамын. Шын қуанамын. Өйткені, сендер мені уатуға тырысасыңдар. Мен тек сендерге ғана ішімдегіні ақтара аламын».

Жаңбыр үдей түсті. Бар жапырағынан айрылған тал байғұстар мына нөсерден зәрезап болғаны сонша, «көмектесіңдер! Ойбай-ай, көмектессеңдерші, соншалықты зұлым болып кеткенсіңдер ме» деп ары-бері шайқала берді. Сынып кетердей.

«Бұл - балалар үйі. Бірақ, жұрт көбінесе бұл жерді – жетімдер үйі дейді. Жетімдер деген шындыққа жанасымды. Әйтпесе, мұнда ешқандай бала жоқ. Менің түсінігімде бала деген бұл дүниедегі ең бақытты жан емес пе? Менің ешкімім жоқ. Ал, ешкімі жоқ адамды - бала емес, жетім дейді...»

Тұлдыр тұратын қосқабатты балалар үйі сонау Кеңес Одағы тұсында салынған дейді. Қазір өте ескі. Тоз-тозы шыққан десе болады. Жөндеу көрмегелі қай заман. Ол үңірейген сынық терезеден сыртқа жиі қарайды. Жан-жағы қоршаулы болса да, қала көшелері көзге анық көрінеді. Көшеден ары-бері өтетін өзі секілді қыздарды көреді. Тұлдырдан жалғыз ғана айырмашылығы - ата-аналары бар.

"Тамшылар, айтыңдаршы, неге бұлай болды? Неге менің әке-шешем жоқ? Неге басқаларда бар, тек, менде, мына үйде тұратын бізде жоқ? Мен неге осы жерде туылдым? Енді өмір бақи осы жерде, балалар үйінде жүремін бе? Абақты ғой. Мен тұтқынмын. Жоқ, мен еркіндікке шыққым келеді. Құс секілді самғап ұшқым келеді. Бізді тәрбиелейтін апайлар айтады: «Әкем жоқ, анам жоқ деп қамықпаңдар. Оларың бекер. Білесіңдер ме, сендер кішкентай кездерінде бұзық болдыңдар. Сол себепті, ата-аналарың сендерді осы жерге әкеліп тастады. Егер, жақсы болып жүрсеңдер, бізді тыңдасандар ата-аналарың сендерді қайтадан өздерімен бірге алып кетеді».

Бірақ, Тұлдыр қанша әдепті, тәртіпті болып жүрсе де анасы, я әкесі іздеп келмеді. Өзімен бірге әкетпеді. Шаршады. Күтуден. Қашан келеді?

\* \* \*

Түні бойы қара жел шыны терезені соға берді. Қиыршық тастар терезеге тарс-тарс тиіп жатты. «Тұлдыр, аш. Ішке кірейік». Бірақ, Тұлдыр ештеңе естімеді. Ол қалың ұйқы құшағында жатыр. Бүгінге дейін дәл бұлай ұйықтамап еді...

... Көшеде жапалақтап қар жауып тұр. Сұр қала аппақ болып кеткен. Аппақ қар арасында қап-қара киінген бір келіншек ебіл-дебіл болып бара жатыр. Жоқ, келіншек емес, жап-жас қыз. Неге жылап барады? Қызық. Көшедегі адамдардан ұялды ма, бір қалтарыс бұрышқа жалт бұрылды. Оңашада дұрыстап жылап алғысы келген шығар Жоқ, ол тоқтамады. Бір жерге асығып бара жатқан секілді. Ымырт қараңғылығы қоюланып барады. Мұндай уақытта қыз деген үйінде отырмай ма? Жоқ. Қыз ешкімнен қорқар емес. Құдды жаяу емес, аяқтары жерге тимей ұшып бара жатқан секілді. Қолында жүк бар. Оны қос қолымен құшақтап алыпты. Қыз қос қабатты үй алдына келіп тоқтады. Өзінің үйі ме? Жоқ, бұл үй емес, мекеме екен. Қыз жақындап келді. Мекеме маңдайшасында "Балалар үйі" деп жазылып тұр. Қыз қолындағы жүкті жерге қойды. Енді көрінді, бұл жүк емес, көрпемен қымталған,

құндақтаулы сәби. Тып-тыныш ұйықтап жатыр. Қыз сәбиге қарап жылай берді. Жылай берді. "Кешір, кешір" деді. Сәбиді бетінен сүйіп орнынан тұрды да, қараңғылыққа сіңіп жоқ болды. Анасының қасынан кетіп қалғанын сезді ме, сәби шарылдап жылай бастады.

... Оянып кетті. Түсі екен. Үсті-басын тер жуып кетіпті. Денесі зіл батпан. Енді қайта ұйықтай алмасын білген қыз терезе алдына келді. Бұл жер оның сүйікті орны. Сыртқы әлемді терезеден бақылағанды ұнатады... Дала қап-қараңғы. Жылт еткен сәуле жоқ. Айнала жым-жырт. Жұлдыздар айсыз аспанды жаудай басыпты. Бірақ, олар қанша көп болса да, айды алмастыра алмайды екен. Ата-анаң болмаса осы. Айналаңда миллион, миллиард адам жүрсе де, әке-шешесіз өмір – өмір емес. Қараңғы бір көр. Бала үшін. Ана сүті аузынан кеппеген бала үшін. Жетім қашанда шерменде күй кешеді. Іштері шерге толады. Шер деген адамды іштен шірететін тажал. Құрт секілді ішінен аямай кеміреді. Бала – бала болып ойнай алмайды. Бала болып ойлай алмайды. Олар тым ерте есейеді. Өмірге деген көзқарастары күрт өзгереді. Мейірімге мұқтаж болып өскен олар өзгелерге қатігездік танытқысы келіп тұрады. Өмір заңы солай. Олар жалған сөздерге сенбейді. Тек, бір-ақ жалғанға сенеді. «Аналарың келеді» дегенге.

\* \* \*

Әлгінде у-шу болған балалар үйі комиссия кеткен соң тынышталды. Балалар дастарқанда үн-түнсіз кешкі астарын ішіп отыр. Тек салдыраған қасық дауыстары ғана естіледі. Бәрі көңілсіз. Түсте сәл де болса көтерілген көңілдері қазір су сепкендей басылған. Ылғи осындай. «Таз ашуын тырнадан алады» дегендей, комиссия келіп кеткен сайын жетімхана басшылары: «Неге бағана сұр жылан секілді жүрдіндер?» деп бұларды бір сілкіп алады. Сондайда бұлар ойлайды. «Бүкіл Жетімдер үйінде осындай ма? Әлде тек бізде ғана ма? Бізде ғана болса, жақсы. Тым құрығанда басқалар біз кешкен күйді білмей өседі.»

Бүгін қарны әбден тойды. Көбіне ашқұрсақ жүруші еді. Балалар үйі бұларды күнде жарылқай бермейді. Тек, комиссия келерде ғана. Сол күні олар таңертең бір стақан шырын, қып-қызыл алма, дәмі тіл үйіретін ботқа жейді. Ал, түсте және кешке табақ-табақ қуырдаққа сықия тояды. Әйтпесе, күн сайын бір ожау дәмсіз жүгері сорпа іше-іше бірішек болып қалған еді. Бұларға жаны ашитын кейбір мейірімді апайлар: "Қайтесіндер енді, шыдаңдар. Қазір заман қиын. Нарық бізді қыспаққа алды. Уақыт өте бәрі қалпына келеді" дейді. Тұлдырлар түсінбейді. "Заман қиыны несі?" деп ойлайды түтесі шыққан жұқа күртеше ішінде бүрісе. Терең ойлауға өрістері жетпейді. Бала ғой, әлі. Әрі сыртқа қадам аттап шықпайды, шығармайды. "Үй ішіндегі үй" дегендей, Балалар үйі - қоғам ішіндегі қоғам. Бақытсыз қоғам.

Түнде терезе шынысы шашылып түсті. Сөйтсе, сыртта дауыл басталыпты. Дауыл екпіні қатты. Бір соқса, бір апта соғады. Жылда төңіректі астаң-кестең етіп жатады. Бірақ, соған қарамай, балалар үйіндегі балалар дауыл соққанда ерекше қуанады. Өйткені, дауылдан соң, үзіліп бара жатқан үміттері қайта жалғанғандай күй кешеді.

*Іздедім сені, қарамай дауылдарға,*

*Іздедім сені, қарамай жауындарға.*

*Табармын сені, әйтеуір, бір күні*

*Әзірге, жаным, сен мені, сағынба...*

Осы бір шумақ өлеңнен нәр алады. Осы өлеңге олар сенеді. Әр сөзі жандарына ыстық. Жауын жауған, дауыл соққан сайын олар терезе алдына үймелейді. Нөсер жаңбыр астында үсті-басы су-су боп аналары келе жатқандай болады.

1998 жылы күз жылап тұрды...

\* \* \*

... Арада бірталай жыл өтті. Бұл аралықта бір-біріне мүлдем ұқсамайтын талай жаңбыр құйды, талай дауыл соқты. Жыл деген жылғадай зымырады. Балалар үйін Тұлдыр әлдеқашан тастап кетті. Бұл күнде Тұлдыр қайда жүр екен?



Сонау бір жылдары күзде жетімхана алдында нөсерге ұрынған ағаш бүгін бүршік атыпты. Бұтасында Отанына қайтып келген шымшық шықылықтап отыр. Қыстыгүні жылы жаққа ұшып кетіп еді...

**Кабдрашидов Ерден**

*Жүргенов атындағы*

*Қазақ ұлттық өнер*

*академиясы*

[Kaznai9600@gmail.com](mailto:Kaznai9600@gmail.com)

### АРУАНА

Бошалап ұзап кеткен Аруананың соңынан еріп он бір түйе келе жатыр. Айнала шекарасына жете алмастай көрінетін құм дала. Төбеге шыққанда құмға тік қадалып, одан қайта шағылатын күннің ыстығында алдыларынан соққан самалға мойындарын созып, желдеп келеді. Араларындағы ең кәрісі, жайылымда, көші-қонда алға түсіп алып көш бастайтын жалғыз өркешті ұрғашының артынан ерген он бірі матау ережесін сақтағаны болмаса, қайда баратындары жайынан бейхабар. Қажетінде, тескен танаудан тартып айдасаң да бақырып аяқ баспайтын қу шелектердің аналықтың артынан қарсылықсыз еріп келе жатқанын қарасаңызшы. Қанында бар ғой, қанша тырыссақ та жеңе алмаймыз. Тек олардың орнын алмастыратын, қарсылық көрсетпейтін нәрселерді ойлап таптық.

Бұлардың ізін шала, манағы самалдың лебіне мінген, сенімсіз, әлсін-әлсін мұрынға келетін түйенің иісін алған үш аш қасқыр тұмсықтарын жерге сала жортып келеді. Бархан құмдардың арақидік салған әндерін құлақтары шалып, бастарын жерден жұлып алады. Бұлар қашанғы өздері қаламаса да біздің қиялымызда орман тазалықшысы болып жүре береді? Көктемде бір тойдым, Көбік қарда бір тойдым дейтін тоқтының әңгімесі осылар хақында айтылған-ау. Тоқты өтірік айтады. Қарынның қамы қайда жетелемейді. Бұлар алған иіс айқындала бастады. Жақын жерде. Кінәлі болмаса да, таяқ жеп жылаған бала, тамағына тығылған шерді жұтып жіберейін десе, өтпей қоятынындай, бұлардың да жұтынуы қиын болып келе жатыр. Түйенің бір майлы жері болса, сұлу қыз сипағандай тамақтарынан жұмсақ жүгіріп кетер еді. Ыстықта құмнан көтерілген сағымның құрсағында қарайған өркештілерді көріп, тік құлақтылар қарқын қоса бастады. Алаңсыз маң басып келе жатқан он екі түйенің артынан үшеуі қуып жетті. Дала сахнасында бұлардың қатысуымен болып жатқан қойылым басталды. Көрермені жоқ. Бұлар біреу үшін ойнап жатқан жоқ, әркімнің өз қызығушылығы бар. Әрқайсы өз басының саулығын ойлап жан- жаққа, алып денелері ұзын мойындарын бағындыра алмай қашып жүр. Бағанағы бірліктің, бағыныштылықтың көрінісі өзінің шынайы бейнесін ашты. Біздің үш ойраншы мұнша олжаға кенелгендеріне іштей сенбей, көздері жайнап, кезек-кезек түйелерді қуып береді. Мұндайда таңдау жасау қиын ғой. Қарға қарқ етті, ірімшік жерге салп етіні болдырмастың амалын жасап жатыр. Бөрілерге қарағанда әлдеқайда пысықтау қаншық, жанай барып теңселе жорғалап бара жатқан Аруананың тамағына жабысты. Матау ережесін ұмытқан қалған түйелер бөрілердің Аруанамен алданғанын пайдаланып бытырап қаша жөнелді. Бұлардікі қулық емес, сатқындық. Әлі де болса қайраты бар Аруана қаншықты ары-бері шайқап ұшырып жіберді. Бошалап жүрген түйенің алысқа қаша алмауының себебі-буаздығы. Қасқырлар орындарында ентігіп қарап тұр. Біраз жер жүріп барып Аруана теңселе жерге құлады. Мойнынан сорғалаған қан, жерге тамар-тамбастан бұлт көлеңкесін күткен, шөл қарсақ болған құмның шөлін қандыра сіңіп, құрғап кетті. Қаншық қайтадан манағы тістеген жерінен жабысып алды. Жауырындап құлаған түйе шартпаған бүйірінен соққы алды. Бір жағынан соққы, бір жағынан іште жатқан төлінің болашағын ойлаған Аруананың боталайтын сәті келіп жетті. Үйірбасы бөрі Аруананың дәл алдына келіп, маңайға алақ-жұлақ көз тастап отыр. Олжасын қорғайды, онымен қоса, аналық хақындағы басымдық. Екінші бөрі Аруананы айналып келіп, артына

жақындап келе бергенде басын бірден жерден жұлып алып Аруана сол аяғымен тұмсықтан көсіле тепті. Шалқая ұшып құлаған бөрі, қайта тұрып ырылдай жүгіргенде Аруананың алдында отырған Үйірбасы арс ете қалды. Айбаттанған ырылмен, азуын ақсита тік қарап, тырнағымен жерді өзіне қарай сызды. Манағы бөрі кілт тоқтап, қыңсылай түсіп басын салбыратып жерге жата қалды. Қаншық та Аруананың мойнын босатып, арыға барып шоқшиып отыр. Боталап жатқан түйеде мүлдем әл қалмады. Қаншықтың тісі батқанымен бірге, жарыққа дәл қазір шығам деген ботасы бұның бойындағы соңғы күшті алуда. Үшеуі күтуде. Аруана мөлдіреген жанарымен үйірбасына қарап жатыр. Ана ғой.

Дүниеден бейхабар, жаңа көзін ашқанымен, ештеңені көрмейтін бота бауырлап, басын әрең көтеріп жаратылысымен желін іздеп жатыр. Төлін иіскеуге де қауқары жоқ Аруананың көзінен жас тамды. Өкінішке тұншығып, танаудан шыққан ыстық дем құмды шұқырайтып шаң көтеруде. Ботасын аяғымен сырғытып, желініне ауыз салдырды. Төлі енесінің сүтін еме бастағанда, еміреніп, елжіреген Аруана соңғы күшімен құмды ауаны толтыра жұтып күрсінді де, көзі ашық күйінде қимылсыз, дәрменсіз бейнемен қатып қалды.

Мұны көріп отырған үшеуі енді иіскелеп келіп Аруананы маңайлай бастады. Енді оларға кедергі ештеңе жоқ. Манадан бері ауызашарды күткендей болған үшеуі, сәресіден кейінгі аштықтарын басудың қамына кірісті. Бота бұлардың қатарында емес. Табиғатынан да мақсатынан да бұлардан бөлек. Бірақ, ол да Аруананың сүтін ішіп жатыр. Құқығы бар.

Түйенің қарнын жарып тастап, қаншық пен үйірбасы қолдарын жалап шеткеріде жатыр. Екінші бөрі болса ашкөзденіп, түйенің ішіне кіріп тұрып, қарны қампайса да жеуін тоқтатар емес. Бұл үйір есебінен тірі қалудың амалын жасап жүр. Қамсыз ұйықтап жатқан қаншықтың мұрнына манағы самалмен жеткен, жұтылып шыққан жылқының кісінегені мен иттің иісі келді. Тегі бір болғанымен тіршілігі басқа итті сезген қаншық жалт бере орнынан тұрып, келген ізін бір айнала иіскеп тауып, сол жаққа қарай кетіп барады. Қаншықтың тыпырын сезіп жатқан Үйірбасы да, өзіне тән мінезбен, керіліп, құйрығын қайырып алып Қаншықтың соңынан бір жағына қисая жортып кетті.

Қасына итін ерткен, мылтық асынған атты адам, бытыраған түйені жинап болып Аруананы іздеуге шыққан. Аңғал бөрі бұлардың қалай жеткенін байқамай да сезбей де қалды. Алыстан иіс алып келе жатқан ит жақындай бере иесіне бір қарап қойып бұлғаңдап жатқан құйрықтыға қарай лап қойды. Келе сала сыртынан тап берген ит пен қасқыр біраз алысты. Бұл қақтығыстың кезінде астында қалған бөріні шірене кеп ұрған иттің тырнағы бота еміп жатқан желінін іліп, жарып кетті. Аруананың сүті жерге тамшылап жатыр. Өлі денеден шыққан суық сүт шөлді тез басатынына қарамастан құм да төгілген ақты ішкісі келмейді. Сүт сіңбей, беймәлім бағытта жол салып, ағып барады. Тойып алған бөрі тым болмаса қорқаудай қауқар көрсете алмады. Денесіне иттің тісі әбден батқан қасқыр, қансырап сүйретіле жорғалап барады. Алыстан атылған мылтықтың оғына, жалт бұрылған бөрі, сырт етіп қосөкпеге тиген дыбысты ғана естіп үлгерді.

Атты адам итін ертіп кетіп барады. Қанжығада бөктерілген қасқырдың терісі мен, алдында өңгерген ботасы бар. Бота енесінің сүтін ішіп, біршама әл жинаған. Ұзын мойнын көтеріп, тағы да желін іздеп адамның аяғынан асыра тіміскілеп жатыр. Бөктерілген теріге жолықты, көзі әлі көрмегендіктен оның дүниені танып-білу тәсілі иіс қана. Басын шұлғи жұлып алып, ытқып-ытқып, тыпыршып қалды. Бұлар ұзап кетті. Бірақ алыстан әлі де тыным таппаған ботаның аяқтары адамның сұлбасынан бөлектеніп қозғалып жатыр.

### ҮМІТ АРЕНАСЫ

Ауылдағы жалғыз құдық. Су толтырып алуға келген сансыз ауыл тұрғындары. Жастары басым, кәрісі де жоқ емес. Құдық басында орта жастағы әйел. Бар күшімен совет салған темір құдықтың тұтқасын басып тұр. Оның шелегіне жарты литрдей ғана су

құйылып, тоқтап қалды. Тұтқаны қайтадан басты, қорылдаған ауаның дыбысы ғана. Кезектегілер гүрілдей жөнелді. Кәрілері советті жақтаса, жастары даттап дүрбелең басталды. Манағы әйелдің алған суы соңғы су дегенге ешкімнің сентісі келмейді. Арам ойдың жетегіне барлығы еріп барады. Шелектегі суға жапатармағай жармаса кетті. Күнде көрші болған, араларынан қыл өтпестей тату дос болғандар ендігі адамгершілік дегенді бір жаққа ысырып қойып, соңғы суға таласып, бет жыртысып жатыр. Ала қашқандарын алысқа ұзатпай ұстап алады. Қажыры мен қайраты жоқтары жығылып жатыр, бұған қарсы, қабілеттілерінің құлап жатқандарда шаруасы жоқ. Бұларды итермелеген не, үміттің болмауы ма? Жылпыңдау жастар бірінші болып суға жетпекші, ал қарттары қайтпек, олардың амалы қандай? Кәрі деп шетке ысырып қоямыз ба, өмірдің алмакезек екенін ескеретін сәт осы. Ендігі оқиға соңғы үміттің, халықпен бірге шөлдеген кара топыраққа төгіліп, сіңіп кеткен кезі. Ендігі істер амалдары қалмады. Бұларға үміт пен сенім патшалығынан телегей теңіз суды төгіп келіп жіберер ме еді. Ондай құдірет адамзатқа бұйырмаған. Сөнген үміт, таңырқап, орындалмағанына өкінген әрқайсының арманы, үйіңе қайт, енді әркім өзімен өзі болады деп жетелеп кетіп барады. Бұлар бұл істегендеріне іштей өкіне ме? Сол суға біреуі ие болып жатса қайтер еді? Бар болғаны жарты литр. Қанша уақытқа жетеді? Ол біткен соң өмір не болады? Жарты литр жарты абыройдан айырмай ма! Бұл сұрақтар мен ішкі толғаныс ендігі әрқайсының көкейінде жанайқай салып жатыр.

Бұлардың суы болмағанмен, бірлік атты құламайтын туы болған. Оның құлауына кешегі болған оқиға себеп болды. Енді ауылдың қызу тіршілігі құрғап қалған. Арланғандары көрші қолаңнан ұялып көшеге шықпай, үйінде отыр. Олар арланғандар емес, амалы қалмағандар. Ыстық пен құрғақтан құтылудың жалғыз жолы осы. Бүкіл ауыл бір-бірімізден ұялып жүрміз деген қате пікірдің жамылғысын жапқан. Бұл күндіздің амалы ғана. Кеш батысымен салқын түседі. Жұрттың құрғақтан қорғануының жалғыз амалы малының сүті болмақ. Мал басы көптерінің үміт жібі біршама ұзындау. Малы аздардың, қай тұстан қарасақ та қолы да қысқа, амалы да аз болмақ. Ол әрқашанда солай. Адамның күні де енді малдың күнімен теңесті. Біле білсеңіз малға да су қажет болады. Келесі күні малдың іштері кепкендері біртіндеп теңкие бастады. Ендігі малдың саны маңызды емес, сапасы алдыңғы орында. Күйлілері біразға шыдауы мүмкін. Бірақ ол да дәлелденбеген. Үміт тағы да су сепкендей басылды. Бірақ судың жоқтығы қынжылтады.

Бұл ауылда бір шал бар еді. Алдында болған ұятты жағдайда кезектің соңында тұрып қалған. Аздаған мал басы бар. Менің көршім. Бірақ жалғыз. Советтің тікелей өкілі. Шал болғанымен бір бәйге алатын қайраты бар. Осыдан екі күн бұрын неге шаппады екен? Бәлкім бәйге алар ма еді. Сабырлы ғой. Сондықтан болар, тысқары қалған. Сол кезде шалда үміт болмады ма? Қартайғанда қайтемін дегені болар. Бұл күнде үйінде болмайды, таң ата кетіп келесі таңда оралады. Жаспын ғой, қызықтым. Қартайғанында қаңғыйтындай бұның маңызды несі бар? Қатардағы қарт арғыны ойлап жүр. Мұның әрекетінің мен үшін сұрағы көп. Ауылдың алыс маңда шұңқырлау жер бар. Бұл да сонда барғанды ұнатады екен. Қызығушылығым жетелеп келеді. Мен еріксізбін. Көргенім таң қалдырды. Қасына топырағы үйілген шұңқырға шал түсіп кетті. Енді бастағаны айдан анық. Сол сәттегі менің ойым сіздердікімен бірдей болуы мүмкін. Жалғыз ғой. Арғының қамы деп ойлағанмын. Менің келгенім оны таң қалдырғанымен қоймай, үміт пен шаттық сыйлаған секілді. Үміті- бастағанын аяқтайтын болар дегені шығар. Ол елден тысқары, шұңқырдан құдық қазып жатыр. Ешкім білмейді. Оны сұрап жатқан да ешкім жоқ. Себебі жалғыз. Бірақ, жалғызбын демейді. Шұңқырдан қазғаны, суға жақын болайын дегені. Мен оның жанынан қалмайтын болдым. Құдық тереңдеген сайын біздің үміт құсымыз қанатын тағы бір қағып қояды. Мен алғашқыда бақылаушы болатынмын, төбеден қарап тұратынмын. Өмір алмакезек. Енді оған көмектесіп, топырақты тартып шығаратын болдым. Бұл күндері менің көкейімде, егер құдық тереңдесе ол топырағын өзі шығара ма деген сұрақ болды. Өзімнің керек екенімді сезінгенім, менің жаныма медет болған жалғыз

дүние. Күндер өтіп жатыр, біз де тереңге бойлап барамыз. Үміт бәйгесінің тұлпары арқасына қондырып, шаршау дегенді бізге сездірмей келе жатыр. Күн түнмен алмасады. Бірақ демалу дегенді білмейтін шал үшін, күн шуағы түспейтін терең құдықтағы қараңғылық мәңгілік түнмен тең. Тереңдеп барамыз. Екеумізді бұл күндерде шөлден құтқарған шалдың малының жиналған сүті болатын. Ол өзгелерден озды. Күнделікті қажеттілікпен өмір сүруді дұрыс деп есептейтіндерден.

Біраз күн өтті. Құдықтың түбі көрінуден қалды. Шал да көрінбейді. Ол арманының соңынан кетіп барады. Токтатудың қажеті жоқ. Пайдасы барлығына тиюі мүмкін. Бүгін таңертең үмітпен қайттық. Құдықтан шыққан тас дымқылдана бастаған. Үмітіміз тағы биікке қарай ұмтыла берді. Өзгелерге қарағанда бізде үзілмеген үміт бар екені қуантады.

Дәл бұрынғыдай басталатын кезекті күн. Асығып келдік. Шал арқанмен құдыққа түсіп кетті. Түбі көрінбейтін терең. Оның тасқа соғылған күрегінің дыбысы әлсін-әлсін жоғары көтеріліп келіп сыртқа шықпай, жұтылып қалып жатыр. Мен сыртта отырмын. Көкейімді сансыз арман билеп алған. Су шығып, жұрттың бәрі маған алғыс білдірсе деген бала арман ол. Орындалмасын кім білген? Үйреншікті әдетпен, болды ма деп арқанды сілкіп қоямын. Жауап жоқ. Әдетте ол да сілкіп жауап қататын. Төменге қарай басымды сұғып айқайлап та көрдім. Ешқандай белгі жоқ. Менің үмітім мені алдағаны ма? Бағанағы армандар қайда? Олардан бұрын мені шалдың халі толғандыруы керек емес пе? Ол неге үнсіз? Әлде менсіз қуанып отыр ма? Екеуміздікі бір арман мен бір үміт еді ғой? Менің үмітім үзілді.

Сол уақытта мені толғандырғаны менің емес, менен гөрі арман асуы біршама жоғары болған шалдың үміті еді. Ол өз ғұмырында кім болды? Жалғыз қалатындай тағдырға деген жазғаны не? Өмірінің осымен бітерін сезгендей, артынан із қалдырғысы келгені ме? Бірақ, ол үміттің құсын аш қасқырдай болған аңшының біреуі атып алды. Үміт елі ол үшін темір қақпасын тарс жауып құлыптап қойды. Қараңғыға мойынұсынбаған қос сәуленің біреуі сөніп барады. Кетуім керек. Мен шаршадым. Алдамшы үміттен шаршадым. Сәулесін төгіп, өзіне баурап жетелеп шыңға шығарып, төмен қарай лақтырып жіберетін алдамшы үміт ол. Қартайғанында су іздеймін деп ауаның жоқтығын байқамаған шалдың жанайқайы осы болмақ.

Шалды тосып таң атқанша отырдым. Мен шаршадым. Алдамшы үміттен шаршадым. Ол шықпады. Біздің үміт үзілді. Енді қайтуым керек. Үмітінің шыңынан тұңғығына бірақ құлаған шалдың үстіне бір уыс күрек топырақ шаштым. Оның армандары мен үміті сол құдықтың ішінде өзімен бірге қалды. Осы уақыт ішінде маған үміт сыйлаған адам өзінің үміт аренасында жеңіліс тапты.

## ПОЭЗИЯ БОЙЫНША ЖҮЛДЕЛІ І ОРЫН ИЕГЕРІ

*Әлия Іңкәрбек*

*Сулейман Демирель*

*Университетінің*

*2 курс студенті*

*[aliya\\_inkarbek@mail.ru](mailto:aliya_inkarbek@mail.ru)*

### МОЙЫНДАУ

#### 1

Асаулау шығар тағдырым,  
Өзім де момын емеспін.  
Айтар ем бүкпей барлығын,  
Түсінбейді, әттең, мені ешкім.

Ақылы жетпей Айдың да,  
Жүр ұқпай әлі жұлдыздар.  
Шұғыла сынды қайғым да,  
Шаттығым шалыс түнгі ызғар.

Жазмыш жолына көніп құр,  
Беттеп барамын елсізге.  
Жүрегің сенің соғып тұр,  
Өмірің ғажап менсіз де.

Сырқатым-өлең, түсі аппақ,  
Сен білсең, қане, айт емін.  
Қасіретімді құшақтап,  
Кете берем бе қайтемін?!

## 2

Қайда, қайда,  
Алаңсыз ерке күндер?  
Ерке күндер, жанымды өртедіңдер.  
Күйге толы өмірдің сырын енді,  
Шанағымен жүректің шертемін, кел...

Аққу ұшып үлгерді, қазың қайтып,  
Ал мен жүрмін мезгілге назымды айтып.  
Сағынып кел, аңсап кел тұрағыңды,  
Жәудір жырым қалмасын жазылмай түк.

Сенсіз нені ұмыттым, нені ескердім,  
Ертеңімнің ызғарлы желі ескен мың.  
Саған барар жолдардан өзіңді емес,  
Естелікпен жұптасқан елес көрдім.

Көңіліме өзіңді көмдім, көндім,  
Қимастықтың шырағын сөндірген мұң.  
Бір мен емес үмітін үзбей жүрген,  
Оралмасын білсе де сол күндердің..!

## 3

..маған оңай деймісің?  
Күн батарда түсірем көңілімнің пердесін,  
Қайта келмес сәттерді көкжиектен көремін.  
Мына жалған сиқырлы күлкісімен жеңбесін,  
Саған ғана мен бүгін шынымды айтсам деп едім-  
Сыздағанын жүрегім,  
Мұздағанын жырымның.  
Түзу жолмен жүр едім,  
Суық сөзден сүріндім.  
Құламадым, алайда,  
Құлатқан жоқ, Тәңірім.  
Күнмен келген арайдан,  
Болмысымды таныдым.



Тапаншасын бұл Тағдыр тақағанда тосыннан,  
Ұрланып кеп артымнан дыбысын еш шығармай..  
Мен де сендей тосылғам-  
Жылай да алмай, күле алмай!  
Жалғасады дүрмек бұл,  
Қонар басқа тағы бақ.  
Маған өмір сүр деп жүр,  
Өлеңдерім жамырап!  
Өкінішке жолдаспын, құрбысымын Үміттің,  
(Сәттік көңіл-күйіме сеніп қалдың сен несін?!)  
...Маған оңай деймісің шыққан кезде күліп күн,  
Түк болмаған секілді ашу көңіл пердесін??!

4

Мені көрдің бе әлемнен,  
Мені көрдің бе аспаннан?  
Жауындай жұмбақ жан ем мен,  
Жанынан мөлдір жас тамған.

Жасымды көргін теңізден,  
Жасымды көргін бұлттардан.  
Мұңым мен сырым егіз боп,  
Қуанышымнан «құтқарған».

Жанартау көрсең сөнбеген,  
Дертті жүрегім - мазасыз.  
Ешкім жоқ оған дем берген,  
Сіз бәлкім емдеп жазарсыз?!

Болмысым осы - драма,  
Көремін десең, ал билет.  
Жазмышым үшін жылама,  
...Әлем түр мені әлдилеп.

5

Тәттісіне тағдырдың таласамын,  
Қарайламай кеткесін бала шағым.  
Жезтырнақ-жылдар мені бүреді кеп,  
Ғұмырыма болады араша кім?!

Күпірімен жаратқан пендені егіз,  
(Құдай-еке, бар еді менде неңіз!)  
Өмірді ойыншық деп ойлайды әлі  
Қуыршаққа қызығып көрмеген қыз.

Адастырды арманым ақкөңіл боп,  
Дей алмаймын сонда да әттеңім көп.  
Оралғанмен сезім де, өкініш те,  
Оралмайды мөп-мөлдір сәттерім тек.

Мейірімінді аяма, сараң Әлем,  
Аярлықтан аршыдым сананы әрең.  
Сатқындығы уақыттың ерте есейтіп,  
Ақын етіп жіберді, шарабы – Өлең!

**6**

Ағаттығыңды кешкенмен,  
Кімге өмір оңай дес берген?  
Менен де өтіп барады,  
Он сегіз дейтін көш-керуен.

Бақытты қайтем кеш келген,  
(Тағдыры неге өш дер ме ең?)  
Айыбым шығар Өлең деп,  
Адасып кетсем есті елден.

Болмасам –дағы баққа құл,  
Сүріппін өмір тәп-тәуір.  
Адамның бәрі – жанашыр,  
Адамның бәрі – жатбауыр.

Тірліктің білем, түбі мұң,  
Жану мен сөну бір ұғым.  
Ащы болсаң да сүйер ем,  
Тәп-тәтті менің ғұмырым!

**ТІЛЕК**

*(Қастерлі Тәуелсіздікке арнаймын)*

Бақыт құсы едің сен,  
Қайта қонған қазаққа.  
Қалай төздік, құдай-ау,  
Біз осынша азапқа?!

«Ерегіскен дұшпанның» ниетінен түршігіп,  
Еркіндікке құштар мың көңілдерден күн шығып...-  
Шуақ шашты. Тұрды мың  
ғажап күндер қарсы алып...  
Ұл мен қызың жүр бүгін,  
Тарихына тамсанып.

Суарылған алдаспан, тек намыстың қанымен,  
(Жең ұшынан жалғассаң, тектіліктің мәні не?)

Сара жолын бабамның,  
Сақтау парыз көнерген.  
Қазақ болып жаралдым,  
Қазақ болып өлем мен!

Сен де ес жи, бауырым, Тәуелсіздік – аппақ қар,  
Ерітпей де, таптатпай болашаққа сақтап қал!

Тәуелсіздік, бақыт ең  
Қайта қонған қазаққа.  
Тағдыр, енді жұртымды  
Айналдырма мазаққа!!!

### АСПАНТАУҒА АРНАУ

Өлең атты өр өлкеге ендім кең,  
Маған осы асқақтықты бердің сен.  
Бір көргенге қыран болып көрінер,  
Құшағыңда балапаның мен білсем.

Уысымнан бақыт сырғып, қалды мұң,  
Жылуыңмен өлшенеді бар құным.  
Тырысқанмен өзгертуге өмірін,  
Адам сірә, таңдаған ба тағдырын?

Жараланған күйін кештім киіктің,  
Тағдырым да дәл өзіңдей биік тым.  
Тарам-тарам көздің жасы секілді  
Жолмен жүріп бір ұлыңды сүйіпмін.

Сандығыма сырым сақтап келдім шын,  
Өзің тыңда, мейлі сосын ел білсін.  
Жүрегімді әкеп тұрмын кірлетпей,  
Себебі сен – мөлдірсің!

Маңдайдағы бұлтыңа өскен гүл едім,  
Баурайдағы тасың сынды ірі едім.  
Арманынан аласа емес қызыңның,  
Тыңдашы бір тілегін!

### КЕЗДЕСУ

#### 1

Өмір-ойын...  
тағы да мен ұтылдым,  
Сен кеткелі үйірсек боп бүкіл мұң.  
Жастығымды айырбастап алдым мен  
Қанатына ұйқысы жоқ үкімнің.

Таппағасын дауа болар емге түк-  
Қара түннің қасіретін тең бөліп,  
Ұрттап алып, өлең жазып отырмын,  
Сен болып...

Қабағына қарамадым жалғанның,  
Осы сәтте өз-өзіме таң қалдым.  
Сезім тіккен көңілімнің кестесін,  
Сен кеткелі сетінетіп алғанмын.

Жаратқанның жазуына көнген ек,  
Тағдырымыз бөлек деумен жол бөлек.  
Тілеуінді тілеп жүрмін түндерде,  
Таң алдында күбірледің сен не деп ?!

2

Сенен хабар жеткізді құстар бүгін,  
Ынтызармын, қаламас ұшқанды кім.  
Ұмытуға бекіндім..  
тағы міне,  
Күрмеуге келмей қойды қысқа жібім.

Ұмытуға ғажайып күйімді әлгі,  
Шимай көңіл аңсаумен шиырланды.  
Қолын бұлғап барады біз күткен бақ,  
Кетпейді дейді ғой жұрт бұйырғанды...

Мен есімнен адасып барам-ау шын,  
Тірімін ғой, өзің де бар адамсың.  
Ұмытамын!  
қайғы-мұң бәрі кетсін,  
Саған деген Сағыныш ғана қалсын.

Құс секілді ұшудан үмітті боп,  
Жерде соғу қиынын біліп Жүрек.  
Сезім жібін амалсыз үздім қазір,  
- Ұмыттым.. Ұмыттым, - деп.

3

Беймезгіл тарқатқасын бақ бұрымын,  
Күлі де көкке ұшты шаттығымның.  
Сен жайлы қаламымның ақиқаты,  
Жас болып жанарымнан ақты бүгін.

Екеуміз екі бөлек самғау үшін,  
Қош айтыстық тындамай жан дауысын.  
Осылай болғаны да дұрыс шығар,  
Өлеңді өкінішке малмау үшін.

Сыңары бар сырына сай бәрінің,  
Үзбей жүр ғой үміттің Ай да жібін.  
Әттең-ай, көрсең өзің сағыныштан,  
Әр күнімнің түнекке айналуын.

Қатар ұшу көгіне бұйырмаған,  
Сірә, мен көңілімнің күйін бағам.  
Менің жалғыз қанатым сынғандықтан,  
Енді сенсіз қалықтау қиын маған.

4

Қатал мезгіл өзгерткен ұстанымын,  
Күз-гүлінің ғұмыры қысқа, күнім.  
Қоштасқанда тек үнсіз кете бардым,  
Қажеті болмағасын тіс жарудың.

Қашықтадың...  
Сиқырың бар-ау сенің,  
Шарпыды кеп кеудемді алау-сезім.  
Ұмыттың ғой әйтпесе жанарыма,  
Ең соңғы рет, соңғы рет қараушы едің.

Кім ұмытса күнәсі басымырақ,  
Қимастықтың басыма тасы құлап,  
Өсегі көп, сөзі көп бұл ғаламнан,  
Жүрегімді мен жүрмін жасырып ап.

Жүрек-кеме, сезім-жел, сана-желкен,  
Іздеп сені шалғайға барам ертең.  
Өзіңді аңсап бұлқынған мына жүрек,  
Келсең егер кілт тоқтап қалар ма екен?!

## 5

Кездесейік екеуміз -  
Көшеге емес, көңілге күз келгенде,  
Еріген сәт сезімің мұз-кеуденде.  
Тұманына тірліктің сіңіп кетпей,  
Іздегенге не жетсін, Ізделгенге...

Жалғыздықтан.. (о, бәлкім, сорым қалың),  
Тамып кетті көз жасым тандайға ащы.  
Қандай жақсы Өмірде сенің барың,  
Менің барым өмірде қандай жақсы!

Айналаңа сен де бір қарадың ба?  
Күйбеңінен арылмас қала мына...  
Кездесейік екеуміз адамдардың  
Ізгі ойынан жасалған ғаламында!

## ТОПЫРАҚ

Білмеймін, бұл күндері білдім нені,  
Сан сұрақ санамда әлі дүрлігеді.  
Өмір атты бұрмасы көп соқпаққа,  
Қалай, қайтіп келгенін кім біледі?!

Білмеймін, келе сала жыладым ба,  
Арзу айтып Әлемнің шуағына.  
Ырымдап үш қайтара есімімді,  
Әлдекім айтқан шығар құлағыма.



Жөргектен-ақ бәрін де ұқпақ едім,  
Сүрлеусіз соқпағыңда күтті әлегің.  
Өмір сырын сол кезде білген болсам,  
Бесік жырын тыңдауды құптар едім.

Жазмышымның желіне лескеніммен,  
Тоғыспас тағдырлардың естелігі ем.  
Әр сәби гүл болса егер солмау үшін-  
Топырағына өзінің өскені жөн!

## ИЛЛЮЗИЯ

Түнегіне тәу еткізді Дүние,  
Сен - жарықсың, айнал менің Күніме.  
Өлең дейтін - ащы шарап секілді,  
Ешбір ақын жете алмайтын түбіне!

Қасіретін көп құштырды бұл ғалам,  
Сен - әуенсің, (періштелер тыңдаған)  
Сағым болып, аялдаған аз уақыт  
Бақыт емес, балалыққа бұлданам.

Ұшып келем, көңілімнің көгі мұң,  
Сүреңі жоқ өмірімнен жерідім.  
Шеруінде мағынасыз күндердің,  
Маған осы жолықтырды сені кім?

Гүлге ораса шаттығы мол нұрлы сәт,  
Қосылып біз бал ғұмырды жыр қылсақ.  
Өлең, шіркін, құдіретін қисапсыз,  
(Қиялыма сеніп қалдым шынға ұқсап)..

## АЛМАТЫ

Алматы, өзің айтшы жөн бе мұңым,  
(Өлеңнен озып кетсе пенделігім?)  
Жанымды жауын жуып жылайын бір,  
Қосылып аспаныңа мен де бүгін.

Даңғылыңдай тағдырдан бос өтер кім,  
Жалғыздықпен туғалы дос екенмін.  
Алматы, ию-қию көшелерің,  
Шимайы емес пе екен пешенемнің?!

Жаңбырыңды аяулы құрбым еттім,  
Күттік біз тағат таппай жырды көп күн.  
Лүпілінен қуат ап, тірі жүрмін,  
Алматы, сенде соққан мың жүректің.

Асқарыңнан өзімді таныдым мен,  
Жан дертіме бәрібір ауылым ем!!!  
Алматы, дәл осылай тұрсаң болды-  
Шығарып сап, қарсы алып жауыныңмен...

### **МЕНИҢ ЖЫРЫМ**

Иығына жыр қонды сезімімнің,  
Сәуле-сәлем жолдайды өзі Күннің.  
Қаламымды матырып қара түнге,  
Ақ қағазды мен талай мезі қылдым.

Жырым менің жаныммен егіз білем,  
Толқындары тулаған теңіз білем.  
Жаратушы жаратса сені қалай,  
Өлеңім де жаралған ең ізгіден.

Мейлі өмір өкінтсін, әурелесін,  
Асып келем сан қырын, сан белесін.  
Жүрекке сен, сүй соның нұсқағанын,  
Осы менің айтатын бар кеңесім.

Ойларымның отауы, үйі – күмән,  
Үміт күліп қояды миығынан.  
Сипап тұрмын шошытып алмайын деп,  
Сезімімнің жыр қонған иығынан.

### **ОНЫҢ МОНОЛОГЫ**

Мүмкін емес сағынбауың мені енді,  
Жанарыңда мұң малтыса, ой жүзіп.  
Өксігіңді, маған жазған өлеңді,  
Жүрегіңнің ошағына қой тізіп.

Өміріңді, сен іздеген Өзіңді,  
Бізге мәлім естеліктің барлығын,  
Мені.. сосын шат-шадыман кезінді,  
Сәл сараңдау сабырыңның жарлығын,

Бәрін-бәрін.. өзектегі өкпенді,  
Бізді қоспас бұл қатыгез ғасырды,  
Бір жүріп те үлгермеген көк белді,  
Өртеп жібер, тамызық қып жасыңды.

Солай ғана «бақыт» тауып бір уақ,  
Солай ғана қателігің түзелмек.  
Жалын құшқан жүрегіңді жұлып ап,  
Сағынышқа егілерсің тізерлеп.

### **АҚЫН**

Біз кездескен жерде мына –  
Ақын жүрген деседі,  
Сұлулыққа жастайынан жақын жүрген деседі,  
Мұңайыпты, белшесінен бақытқа,  
батып жүрген кешегі,  
күндер үшін оралмайтын, сағымды,  
Сөйтіп ол да уақытқа табынды.  
Кенет, кенет әлдекімді сағынды,  
Өлең жазды құлпытастың бетіне,  
Жүз қайталап оқи берді өкіне.  
Мезгілінде айтылмаған сөздері,  
Сезім гүлін солдырғанын сезді енді.  
Өмірі де өзгерді, -  
Жіберіпті жүрек сырын сүргінге,  
Жыр жазбайды ол бұл күнде!

Маңдайының бағы да жоқ бес елі,  
Біз кездескен жерде осы,  
Ақын жүрген деседі ...

## ПОЭЗИЯ БОЙЫНША ЖҮЛДЕЛІ Н ОРЫН ИЕГЕРІ

*Асыр Данагүл*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
Экономика және Бизнес  
Жоғарғы Мектебі (III курс)  
[assyр.danagul@mail.ru](mailto:assyр.danagul@mail.ru)*

### ЖЫР ЖАЗҒЫМ КЕЛІП ТҰР, ҚАЙДАСЫҢ, ҚАҒАЗ, ҚАЛАМЫМ?!

Жыр жазғым келіп тұр, қайдасың, қағаз, қаламым?  
Кеудеге сыймай барады шабыт, талабым.  
Тұншығып барам, жазбасам болмас, тулаумен  
Жүрегім ыршып, тұсаудан қашып барады.

Жыр жазғым келіп тұр, қайдасың, қағаз, қаламым?  
Ай жүзі болды қауышпағалы, қарағым!  
Қаншама ой жатыр түбінде мендік сананың,  
Өрімін жазып, тарқата алсам, жарадым.

Жыр жазғым келіп тұр, қайдасың, қағаз, қаламым?  
Мендегі сырға үңілгін, бері қарағын!  
Ай жүзі болды сарқыттай сақтап жүрмін ғой  
Ақтарамын деп өзіңе ғана қапа-мұң.

Жыр жазғым келіп тұр, қайдасың, қағаз, қаламым?  
Жырменен терем қызғалдақ гүлін даланың,  
Жырменен кезем кең көшелерін қаланың,  
Қаласам, жырмен ғарышқа аспандай аламын.

Айтатыным көп, жазғым келеді дара жыр,  
Тұтансам қаулап, лапылдап мен де жанармын.  
Қаламды емес, өткір ғып ойды ұштайын,  
Жыр жазғым келіп тұр, келсеңші, қағаз, қаламым!  
22.05.2016 ж.

### СӨЙЛЕЙДІ ЕКЕН БОЯУ ДА

Қаншама түрлі түстер бар, қанша бояу бар,  
Қызыл да жасыл, ақ пенен қара бояулар.  
Сөйлейді деуші ем тек тірілер мен ояулар,  
Сыр шертеді екен, тіл қатады екен бояу да.

Бір бояу сөйлер хор қызы болып үзіле,  
Басқасы тастар қаланың күңгірт күзіне.  
Өткеннің жырын жырлайды үздіксіз жарыса,  
Айбаты болып Амангелдінің жүзінде.

Тұңғыық мұң боп жанарындағы Шоқанның,  
Әжімі болып тауымның, үстірт, жотамның.  
Шежіресінен тарихтың сарнар күй қылып,  
Қобызы сынды көне көз Қорқыт атамның.

Бояу тұр, әне - Жамбылды қойған тыңдатып  
Қоңырлау күйге домбыра тиегіндегі.  
Бояу тұр, әне - оюы болып қазақтың  
Күләші киген камзолдың жиегіндегі.

Сөйлеп тұр бояу бірде боп Наурыз жаршысы,  
Бірде боп шапқан бәйгеде ұлдың қамшысы.  
Өзге бір тұста көш боп тұр атамекеннен  
Еріксіз ұзап, тамызған көздің тамшысын.

Сөйлейді бояу үні барлармен таласып,  
Үйлесе, әрі үндесе ән сап, жарасып.  
Сөз жетпес ойды бояумен айту - биіктік,  
Бояумен сөйлеу - тілсіз-ақ сөйлеу, шамасы.

07.11.2016

*Кеттің. Енді жанымна жанашыр кім?  
(Мен сорлы да өрліктен шарасызбын).  
Содан бері жанарым мұңға толы,  
Содан бері әйтеуір шарасызбын!  
Фарица Оңғарсынова*

### МЕН ҰНАТАТЫН ЖАҚСЫ АДАМ

Сәлем! Аман ба? Жағдайың қалай, жақсы адам?  
Құшағына алып, аймалап жүр ме Астана?!  
Алматы сені сағынып жатыр, ал өзім...  
Сағынғанымды айтуға ұялам, жасқанам.

Қыс ызғарымен жан жүрегінді мұздатып,  
Желдің өтіне тоңдырмады ма бас қала?  
Көктемі кештеу келеді деуші ед, жоқ әлде  
Жылытып жүр ме жалыныменен басқа жан?

Өзіме келсем, хал-күйім жақсы, амандық,  
Есендігімді білдіріп сәлем жолдасам.  
Өзіңді ойлатқан мазамды алып сәт сайын  
Асқынып кеткен ауруым ғана болмаса.

Уайым жемегін, қолыма қалам алғалы  
Ол дертімнен де сәлдеп айыға бастағам.  
Түсімнен сені аластаттым ғой, алайда  
Дұғаларымнан есіміңді еш тастаман.

Болса да қайда тұрағың, үйің, баспанаң,  
Аман-сау жүрші, мен ұнататын жақсы адам.  
Күлімдеп жүрші, шаттыққа бөлеп тербесін  
Мен емес, мейлі, менен де жақсы басқа адам.  
Бақытты болшы!  
Бақытты болшы, мен ұнататын жақсы адам!  
19.04.2016

### ҮНСІЗДІК

Сөз қатпайсың, жауабың да, үнің жоқ,  
Неткен қатал, неткен мылқау тілсіздік.  
Мен өзіңе жыр арнап ем, сен маған  
Қалдырғансың үрей сыйлар үнсіздік.

Ағаттығым үшін берген жазаң ба,  
Сонша қатал болар ма еді үкімің.  
Қандай айып тақсаң-дағы көнермін,  
Тек алып кет үнсіздіктің күдігін.

Айыпташы, кінәлашы, ұрса бер  
Ренішінді, өкпеңді айт, қымбаттым.  
Тек үн-түнсіз кете берме, өзіңнің  
Үнсіздігің маған ауыр, тым қатты.

Сұрамаймын жылы сөз, жан азығын,  
Демей-ақ қой мені сәулем, нәзігім.  
Тек тіл қатпай отырмашы, мен сенің  
Айқайыңа, табаңа да разымын.

Үнсіздіктің жібін үзші, қыйсаңшы,  
Үнсіздігің - маған дұшпан, жау сынды,  
Сөксең-дағы, бір ауыз сөз сыйлашы,  
Тым болмаса солай естірт даусыңды.  
18.10.2016



## ҚАСҚЫР БОЛЫП БАРАМЫЗ БА?

Қай халықты, қайбір жұртты қараңыздар,  
Жердегі бар ұлт, ұлысты санаңыздар.  
Ұқсатады тегін балап аң мен құсқа,  
Аң-құс - мықты, біздер содан қаламыз ба?

Аңға балап өзін қазақ атамыз да  
Бөрі рухын сіңірген өр санамызға.  
Көк бөріден тараған әз бабамыз да  
Деп сыр шерткен ұрпақтарға бар аңыз да.

Қасқыр рухпен жарты әлемді қаратуға  
Жеткен екен ертеректе шамамыз да.  
Өзге түгіл бүгінгінің айдаһары  
Басын иіп, бағынған ғұн бабамызға.

Қанша ғасыр жатса-дағы арамызда,  
Бұл ерлікті, сірә, ұмыта аламыз ба?!  
Қасқыр мінез, қасқыр тұрпат, қасқыр қылық  
Бүгінде де көрінеді балаңыздан.

Көрінеді жыртқыш аңның түр-сипаты,  
Бабамызға бірақ ұқсай аламыз ба?  
Қасқырлықтан қайсарлықты алған олар,  
Біз еншіге қатігездікті аламыз ба?!

Бір сұраққа жауап беріп көріңізші,  
Назар салып айналаға қараңыз да.  
Жыртқыш аңға еліктеумен адасып біз,  
Шынымен-ақ, қасқыр болып барамыз ба?

Ойланбастан ырылдасып, ұрсысамыз  
Болмашыға сөзге келіп қаламыз да.  
Адам басын сыйламастан қол көтеріп,  
Өзді-өзді жармасамыз жағамызға.

Тілді еркіне жібереміз ғайбат пенен  
Өсек деген "әдемі" әнге саламыз да.  
Ғайбат - пенде етін жеумен бірдей деуші ед,  
Сонда қалай адам болып қаламыз, ә?!

Қасқырдың өр тұлғасынан барлық хайуан  
Сипаттарын бойға жинап аламыз ба?  
Ғибрат алмай терең тарих тағылымынан  
Лайықсыздау ұрпақ болдық бабамызға.  
Адамдықтан қасқырлықты биік қойып,  
Шынымен-ақ, қасқыр болып барамыз ба?

05.03.2016

## БҮЛДІРШІН

Бұ қаланың "11" деген көк піліне  
Жолаушы боп мінер қалың жұрт білінер.  
Барар жерім біраз алыс болғаннан соң  
Еніп кеттім троллейбустың түкпіріне.

Жол жүріске көңіл тұр ед бүлінгелі,  
Әдеттегі кептеліске түңілгелі,  
Назар ауып кетті алайда басқа арнаға,  
Мен түгілі басқа жұрт та күлімдеді.

Күлімдеді, сөйлеген соң бір-ақ кісі,  
Күлдірсе егер бізді біреу - сол күлдірсін!  
Әкесімен бірге бала бақшасынан  
Қайтып келе жатқан тәтті бал бүлдіршін.

Баурап алды ол көңілдерді, құлақтарды,  
Даусы жарқын-жарқын шығып сыр ақтарды.  
Бірақ артқы орындыққа жайғасқан бір  
Егде әйел бұл қылықты ұнатпады.

"Басы ауырып" тұрғанменен балаға айтқан  
Сөзі оның қатал, ауыр, біртүрлі еді.  
"Үніңді өшір! Сен -қоғамдық көліктесің!", -  
Деді-дағы ол бүлдіршінге зіркілдеді.

Мүмкін, рас, қашырды елдің мазасын да,  
Бірақ қатал болып кетті-ау жазасы да.  
Айтып жатқан еді бала барша сөздің  
Риясызын, кіршіксізін, тазасын да.

Айтып жатқан жоқ еді ғой бір өсекті,  
Балағаттап жатпаған ед ересекті.  
Тіл қатқан ед кірленбеген қардай аппақ  
Көңілінен ағылтып бір сыр-кесекті.

Бүлдіршінге араша боп жанталасар  
Әкесінен өзге бір жан байқалмайды.  
Дәл осылай қоғам "үнін өшірсе" егер,  
Ертең бала ҰЛТТЫҢ "әнін" айта алмайды.

Бала болып сөйлей берсін, бала деген,  
Бал тіліне бүлдіршіннің жұрт шөлдеген.  
Бабалары 300 жылдай үндемеп ед,  
Тәуелсіз боп бұл сөйлемей, кім сөйлеген?!

Сөйлесінші, қазағымның домалағы,  
Жұрты да оған назар салып бұрылсыншы.  
Тыңдайықшы, еркін өскен бала үнін,  
Басқа әуен, басқа әндер құрысыншы! 2016

### БІР-АҚ РЕТ

Қатар құрбы әңгімесін тыңдап едім,  
Күліп тұрсам-дағы іштей жылағым кеп.  
Деген еді сонда: "пара беріп көрдім  
Өмірімде бір-ақ рет, бір-ақ рет".

Таңданбадым оның пара бергеніне,  
Күнделікті жайт болды ғой бұл бір індет.  
Зығырданды қайнатқаны бір ауыз сөз -  
Ақталам деп айтқан сол бір - "бір-ақ рет".

Бір-ақ рет!  
Бір-ақ рет айтамыз біз өтірікті,  
Көршімізді жамандаймыз бір-ақ рет.  
Бір-ақ рет анамызды ренжітеміз,  
Бауырменен ұрсысамыз бір-ақ рет.

Мың мәрте біз қайталаудан жалықпаймыз  
Жасаған соң қателікті бір-ақ рет.  
Қайбір ұры бір-ақ рет ұрлық жасап,  
Кейін қылмыс атаулыдан сақ жүріп ед?!

Бір-ақ рет!  
Бір-ақ рет адам келер дүниеге,  
Өмірменен қоштасады бір-ақ рет!  
Бір деген ол аз да емес, көп те емес,  
Бір деген ол өлшем емес, бір құдірет!

Қателіксіз жан болмайды дүниеде!  
Жаңылысу - әбден қанға сіңген әдет.  
Бірақ қылған әрбір ағат қадам үшін  
Жауап беру - заңды парыз, заңды міндет!  
Бір-ақ рет жасаған әр қылмыс үшін  
Күн туады жауап берер бір-ақ рет!

2016

### КІТАБЫ ЖЕРДЕ ЖАТПАСЫН...

Сенбілік бесін күлім көз  
Айқара ашты қақпасын.  
Келемін таныс көшемен,  
Үйренген, болған жаттасын.

Тоқтадым көз сап жан-жаққа  
Жарымын жолдың асқасын.  
Көз түсті жайма базарға -  
Кете алман бұрмай ат басын.

Кете алман төбе-төбе боп,

Том-том боп жайма базарда  
Қаз-қатар тізіп кітабын  
Қазақтың игі жақсысы,  
Данасы әрі бастысы,  
Қабірде жатқан өліктей  
Қара жер құшып жатқасын.

Кейідім, көңіл пәс болды,  
Не сұмдық, Құдай сақтасын!  
Қадірін ұлы бабаның  
Ұрпағы білмей жатқасын.  
Өлшемге құны сыймайтын  
Мұрасын, бата-жазбасын  
Төрт күндік нанға бағалап  
Саудаға салып сатқасын.

Таядым, жұқа қалтадан  
Аз-маз пұл, тиын тапқасын.  
Құшаққа қысып қос томды,  
Қолға алдым тағы басқасын.

Әкеттім үйге, қазақтың  
Жыр-бұлақ, өзен, ақпасын  
Соңымнан ерген қос қара,  
Қос қара - бауыр қос бала  
Сүредей сүйіп жаттасын!  
Төріне қойсын сөренің,  
Көзіндей көріп сақтасын!  
Қазақтың сөзі осы деп  
Мақтансын, әрі мақтасын!

Ақынның аты ұмытылып,  
Кәрі шаң бетін жаппасын!  
Жатса да көрде сүйегі,  
Кітабы жерде жатпасын!  
23.10.2016

### АЗАН

Тап-таныс әуен тарады таныс маңайға,  
Намаздың уағын ескертіп жатыр талайға.  
Дабыстап жатыр маған да, қане, жүр-жүрлеп,  
Бара алмай жүрмін, жете алмай жүрмін алайда.

Тап-таныс әуен тарады таныс өлкеге,  
Жатысым мынау – оранып алып көрпеге.  
Шырылдап дауыс қамы үшін шыбын жандардың  
Өзіңді оттан құтқар деп жатыр, өртеме!

Тап-таныс әуен тарады таныс мекенге,  
«Уақытты, - дейді, - өткізіп жүрме бекерге!

Ғұмырды қызыл-жасылға, босқа сарп етіп,  
Өкініп жүрме, өкпелеп жүрме кетерде!»

Тап-таныс әуен тарады таныс аймаққа,  
Намазға келгін жүрсең де мейлі қай жақта.  
Раббыңмен тілдес, табаның жерде тұрғанда!  
Іздеме кейін – көпірде, тап боп тайғаққа.

Тап-таныс әуен кернеді жақын-қашықты,  
Естілер жаппай жайнамазына асықты.  
Шарасыз, үнсіз мен тұрмын, Раббым, кешірші!  
Шақырған жерге бармайтын мендей пасықты.

03.05.2016

### РАМАЗАН

Қауышқан ек кеше ғана сағынысып,  
Қуаныштан жан жүрегім алып-ұшып.  
Бітпейтіндей көрініп ең Рамазаным,  
Қап, әттеген, қалғанымды-ай жаңылысып.

Аламанда жарысқан топ арғымақтай  
Отыз күнің өтті-ау зулап, сабылысып.  
Қоштасамыз енді өзіңмен он бір айға  
Уақыт деген әміршіге бағынысып.

Соншалықты қымбатты ма ең, ардақты ма ең,  
Қимай барам, аялдашы тағы да аз күн,  
Айтылған жоқ әлі талай дұғаларым  
Тазарған жоқ жүрек, тіл, ой, әлі пәс тым.

Үлгермедім әлі қанып шырыныңа,  
Өкініштен күйіп барам жанып-ысып.  
Біле алдым ба әр күніңнің қадірін деп  
Күмән, күдік мазалайды жабылысып.

Сүйіктісің, қадірлісің, Рамазаным,  
Сен - Раббымның мейірімінің ағынысың.  
Сендегі әр ізгі амалдың сауабы - көл,  
Раббым берген нығметтердің алыбысың.

Қауышқан ек кеше ғана сағынысып,  
Қуаныштан жан жүрегім алып-ұшып.  
Сапарлатып сені алысқа күтем енді,  
Күтуге әбден лайықтысың, сағынышым...

05.07.2016

### ӨЗІММЕН КҮРЕС

Мазасыз күн, мазасыз түн, шала түс,  
Ойды торлап қанатымен қара құс.



Күмән, күдік ұялайды кеудеге,  
Сана - сарсаң, аяғы жоқ, жалаң - іс.

Ықылас пен ниет - шикі, піспеген,  
Мазмұны пәс әрекеттің істеген.  
Жүрегімде жалын аздау, жылу жоқ,  
Күз бітуде, жақындауда қыс деген.

Орындалмай қалған арман, мұраттар,  
Жете алмаған асу, белес, қырат бар.  
Жылжып жатыр минуттар мен сағаттар,  
Алда жатыр соқпақ жолдар, тараптар.

Қол байлаған бір қорқыныш, бір үрей -  
Қайратыма бөгет жасар күш дүлей.  
Белді бекем буып, қылып тәуекел,  
Жайратамын бәріңді де бір күні, ей!

17.10.2016

## ПОЭЗИЯ БОЙЫНША ЖҮЛДЕЛІ ІІІ ОРЫН ИЕГЕРІ

***Нұрбол Мұратбекұлы***

*Абай атындағы ҚазҰПУ*

[nurbol.muratbek@mail.ru](mailto:nurbol.muratbek@mail.ru)

### АТА ЖҰРТТАҒЫ ОЙ

Көк белесте құт іздеген арланмын,  
Жүрегінде тулап аққан арман – мұң.  
Қадам бастым қаламшасы болмаққа,  
Ата қоныс бақ дарыған ордамның.

Ата қоныс бізге мақтан бақ қоныс.  
Жер шарыннан іздемеймін басқа өріс.  
Ата жұртта ұлтан болып кетсемде,  
Соның өзі дәл мен үшін мақтаныш.

Ата жұртқа жол тартқанда кімде-кім,  
Еске алар нақ тарих іздерін.  
Қанды тарих тасқа жазған тізбегін,  
Кешегі өткен «қайың сауған, алқа көл».  
Көргендеймін сол сұлама сүрдегін.  
Өзегіме тамылы өксік орынап,  
О, ата жұрт, белдеріңнен іздедім,

Келіп кеше қан көшеден өткенде,  
Бір сырлы ой туылған еді көп менде.  
Өз елім деп өріс іздеп келгемін,  
Бұдан басқа еш бір талап жоқ менде.

О, ата жұрт ойға түстім мен талай,

Сәбилігім содан артқан марқалай,  
Құт мекенді құлай сүйген үшінде,  
Келдім міне ұлы арман арқалай.

Сәби кезім батысқа сан қараймын,  
Күйін естіп күй таспадан адайдың.  
Жидебайда жүргендей боп қалуым,  
Романын оқығанда Абайдың.

Сол сарынды ойлай-ойлай мұң кешем,  
Дәм тарттыда мұнда келді пешенем.  
Ұлы Абайды көргендей боп марқайдым,  
Жүргенімде Абай атты көшемен.

Сүрдек тарих, шұбап ойда із қалың,  
Топырағыңда ойға батып мызғадым.  
Сезінгендей болдым содан кешегі,  
Жүрек – қанжар желтоқсанның ызғарын.

Ата жұртым азаматпын от кеуде,  
Ант ішейін құшағыңнан кетпеуге.  
Мейлі қандай күй кешседе өмірден,  
Ата жұртын ұмыта алмас еш пенде.

Күн кешсемде ел ішінде иірім,  
Ата жұрт деп бұрылушы еді бүйірім.  
Адасқан бір құлын келіп қосылды,  
Қайта тауып мекені мен үйірін.

Осы ойымды құт мекенге беттетіп,  
Алмасамда жер шарыннан еш несіп.  
Ата жұртым, елім үшін, ұлт үшін,  
Берсемде кем өз денемнен ет кесіп.

Арман көшім бұлдырайды алда сан,  
Отан сені жүрегіме орнатам.  
Атым өшсін уәдем сол ата жұрт,  
Көк туыңа тамшыдай тер қоспасам.

**Салтанат Жарас**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
ЖОО дейінгі білім беру  
факультеті*

## **ТУҒАН ЖЕРГЕ**

Сұрғылт аспан, сары дала, түн суық,  
Тұман бұлтқа тауларың тұр тұншығып.  
Бір шетінен ысырып сан сұр бұлтты  
Келе жатыр көкжиектен күн шығып.

Ояна алмай тәтті ұйқыдан мүлгіген,  
Алып таулар қалғып-шұлғып тұр білем.

Ну орманың жатыр мынау жазықта,  
Сүт бетінің қаймағындай кілкіген.

Сенің мынау сырға тұнған далаңнан,  
Таңғажайып тұңғиықтар таралған.  
Ақша бұлттар ақ арманнан жаралған,  
Асау өзен асқар шыңнан нәр алған.

Жасырайын сағыныштың несін мен,  
Жан емеспін санамнан сын өшірген.  
Туған жер-ау, сенің ыстық топырағыңды,  
Шығармаспын өлсем дағы есімнен.

### **ЖЕТІҚАРАҚШЫ**

Аспанымнан ай қарайды, жымыңдайды жұлдыздар,  
Сол жұлдыздар арасында көңілімде бір қыз бар,  
Жүрегімді жаулап алған қарақшыдай тасада  
Тұңғиықта жасырынған бір қарақшы жұлдыз бар.

Ол аспанда, мен жердемін, созсам қолым жетер ме?  
Ол асқарда, мен көлдемін, сарыламын бекерге.  
Таң атқанда сені қимай сенделеді бұл сана  
Жерін қимас жыл құсындай оңтүстікке кетерде.

Тың тіршілік, асқақ арман, қиялдарды басқанда,  
Жібітемін жүрегімді мұз оранып, тас болған.  
Бар ма екен деп қарай берем жеті жұлдыз аспанда,  
Аспанымда көріне ме көздерімді ашқанда.

Көк аспанда көп жұлдыздар әсем еді, ой, қандай,  
Махаббаттың бал шарабын қанып жұтып тойғандай.  
Қарақшыны аспандағы сонау тәңір жетеу қып,  
Біздер үшін көк аспанға куә етіп қойғандай.

### **ЕЙ, ЖІГІТІМ**

Ей, жігітім, көтер басты, түрегел,  
Не күн туды тығырыққа тірелер?  
Қабат-қабат қан қайғыны қайырып,  
Сақ-сақ күліп жүру - бір өнер.

Ей, жігітім, күлімдегін, түңілме  
Болашақта яки ертең, бүгін де.  
Тұрмыс деген зілдей батпан жүгіңнен  
Арыларсың ақыреттің күнінде.

Ей, жігітім, кішірмегін, түсірмеген еңсенді,  
Қуанайық, күлейікші, жадырайық, күлші енді.  
Түнермеші, түңілмеші, томсыраймай, досым-ау,  
Көңіліңнің қос тізгінін мына маған берші енді.

Ей, жігітім, айтшы маған, мұңаясың несіне  
Жолың - мынау, атың - анау, шаппайсың ба көсіле.  
Қайрат жиып, қаһар төгіп, күңіренгіп көк жүзін  
Салмайсың ба бұл халықтың бабаларын есіне.

Ей, жігітім, үрле отты, алауласын, маздасын,  
Көн бәріне көн тірлікті маңдайына жазғасын.  
Қу тірліктің қоңыр үнін құлағыңа құясың,  
Көнеді де, көтереді соның бәрін әз басың.

#### «ЖАС АҚЫН» НОМИНАЦИЯСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ:

*Макешова Адель*  
Павлодар облысы,  
Баянауыл ауданы,  
Ж.Аймауытов атындағы  
жалпы орта білім беру  
мектебінің  
11-сынып оқушысы  
[adel\\_makeshova@mail.ru](mailto:adel_makeshova@mail.ru)

#### ТӘУЕЛСІЗДІК ТӘҢІРДЕН!

Тарихтың тарам болған парақтары,  
Далаларды кезіп жүр сыр ақтарып.  
Етек жайған осынау байтақ дала,  
Ата-баба қонысы қазақтардың!  
Сыр шертейін тарихтан мен де бүгін,  
Баяндап қазағымның өткен күнін.  
Алланың берген сыйы – тәуелсіздік,  
Қазағымға қастерлі жақын ұғым.  
Ол уақыт далам нұрға бөленген кез.  
Дүбірлеп ат тұяғы тебінген кез.  
Хандар менен билерім билік құрып,  
Бейбітшілік халқымнан көрінген кез.  
Кенеттен жауларымыз көзін тігіп,  
Анталап, аш қасқырша түршіктіріп,  
Қол сұқты азаттыққа, еркіндікке,  
Отарлап, бейбіт елді дүрліктіріп.  
Алғанда жау жағадан, бөрі етектен,  
Ел үмітін үзбеген келешектен,  
Әз халқым жұдырықтай жұмылғанда,  
Тәңірдің нұры жауды зеңгір көктен.  
Азаттық келді бізге ұзақ таңда,  
Тілегімен елімнің жаратқанға,  
Осы жолда ерлерім қаза тапты,  
Аналардың көзінен жас аққанда.  
Қазағым еркін ұшқан текті қыран,  
Ұмтылған азаттыққа бұрынғыдан,  
Тәңірдің сыйы болған туған елге,  
Тәуелсіздік - ол менің асыл мұрам!

## БАЯНАУЫЛ

Баянауыл...

Мен өскен жер, қасиетті ол мекен,  
Көк тәңірі тауларыңа нұр еккен.  
Әлемдегі әсемдікті жинап ап,  
Таратқандай шашу қылып жер көктен.

Баянауыл...

Табиғаты тым ерекше көрінген,  
Ақбет тауы бұлтты аспанға тірелген.  
Жасыбайы жерде жатқан айнадай,  
Сабындыкөл көмкерілген көбікпен.  
(Айналдым мен қасиетті жеріңнен)

Баянауыл...

Талай дүл-дүл түлеп ұшты өзіңнен,  
Жырға түскен тарихыңнан сыр шертем.  
Ақындардан Сұлтанмахмұт, Жүсіпбек,  
Мәшһүр атам қасиетіңді сезінген.  
Мұса атам жаяу кезіп далаңды,  
Сәтбаев пен Марғұландар зерттеген.  
Бекмаханов, Бектұров, Шөкиндерді,  
Өшпейтұғын жұлдыздарға теңесем,  
Өркендеткен киноны асыл ерді,  
Елімнің біртуары Шәкен дер ем.  
Сондай-ақ Шашкин, Шанин, Кенжетаев,  
Талантты тұлғаларым дес бермеген.  
Оза шапқан жүйріктер бәйгедегі,  
Артқа тастап ешкімді жеткізбеген.  
Жазушыларым тағы бар еңбегі ерен,  
Баянауыл тумасы дарындарым,  
Қос қаламгер Дихан атам Зейтінменен.  
Әрқайсысы бір-бір арыс, бекпен тең.  
Менің өлкем ұлыларды өсірген,  
Ұлылармен мақтанамын, үлгі етем,  
Ұлылардың ізіменен мен келем!

***Касымбекова Назира***

*Халықаралық Ақпараттық  
Технологиялар Университеті,  
электрондық журналистика  
мамандығы  
2-курс студенті  
[kasimbekova97@mail.ru](mailto:kasimbekova97@mail.ru)*

## ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ӘДЕМІ БІЗДІҢ ТУ

Күлтегін мен Бумындардан басталған,  
Тусыз қазақ тарихта еш болмаған.  
Бейнеленген әрбір сызық, өрнекті  
Жатқа білу керек екен бар адам!  
Бейбішілік нышаны – аспан түсі,  
Біледі оны жердегі барлық кісі.



Көк аспанды қара бұлт торламасын  
Оңғарылып бәрінің жарқын ісі.  
Жарқын өмір белгісі алтын күнім,  
Нәр алатын өзіңнен барлық гүлім.  
Алтын күн жарқырасын тек мәңгілік,  
Басталатын өзіңнен бар тіршілік.  
Көк аспанда самғасын алып қыран,  
Мықтылық пен еркіндік біздің ұран.  
Тағдыры қазақпенен ұқсас туған  
Алашқа ұқсап бостандықты сүйед қыран.  
Ою-өрнек орын алған бір бұрыштан,  
Бұл өрнекте бабамың ізі қалған.  
Қошқар мүйіз салынған әр ошақта сырмақ бар  
Әжеміздің өз қолыменен тоқылған.  
Көтерілсін әрқашан да биікке,  
Желбіресін әркез ұлы биікте.  
Танытатын қазағымды әлемге  
Ең әдемі біздің ту бұл әлемде!

### АППАҚ ҚЫС

Аппақ ұлпа ақша қар,  
Төніп жатыр төбеме.  
Қараш(ы) қандай ғажайып  
Әдемілік орнапты мына  
біздің әлемде.  
Бәрі де аппақ,  
Үй де, шатыр дала да.  
Қыс кеп жетті,  
Менің ару қалама!  
О, құдірет!  
Неткен пәктік қарашы,  
Бәрі таза, адал, аппақ  
Дархан қазақ даласы.  
Махаббат та қысқа ұқсап,  
Жүректерде ұзағынан орнасын.  
Тек ешқашан қыс секілді  
Суық, аяз, ызғар шашып тұрамасын!

*Түрсінәлі Серікбол*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*ЖОО дейінгі білім беру факультеті*

### КҮЗ-ҒҰМЫР

Жаз өтіп жасыл желек, гүл бедерлі,  
Көңілге – қыс, көзге, міне, күз де келді.  
Мынау күз ғұмырым болса егер,  
Мен жоғалтқан көктемді кім береді?

Арманындай жас жүректің күдер үзген,  
Күдер үзген сияқты күзде өмірден...

Жап-жасыл шыршалары Алматының,  
Ғұмыры ғой сар жапырақтың іздеп жүрген.

Бұрыннан уайымшыл, көңілсіз күз келді,  
Бар нәрсе сезінер іштей мұңлы енді.  
Жирма жыл ғұмыр кештім дегеніммен,  
Күз маған жүз кетіп сірә, жүз келді...

Булықтырып бір сағыныш қысқанда,  
Күзді іздеуші ем көкткем, жаз, қыстан да.  
Күзге айналған ғұмырымды қайтейін,  
Қосылып, әттең, жыл құсына ұшсам ба?

Жаңбырлы жазда сонау қалтырап тәні,  
Жапырақ жылап жатушы еді жасыл бақтағы.  
Ғұмырымның көз жасып сарқып-ап,  
Жауып жатыр күздің жапырақтары.

### **КЕЙДЕ...**

Біле бермей көсілме бірақ кейде,  
Танып жетпей белгілі шамаңды анық.  
Ұнатасың өмірді жылап кейде,  
Сараңдыққа жете алмай аман қалып.  
Күрсінесің қолыңды қоя беріп,  
Ойың болмай өмірдің тиянағы.  
Жасым ағып бетіме оянды үміт  
Ол өзінше біреуден ұялады.

Мүмкін бе екен тағдырдан бас тартуға,  
Мылқау батыр қарақшы тас қалпында.  
Бірақ оған көнбейді нөкерлерім,  
Жаратылыс тәртібі аш жатуға.

Қимыл қажет терлетер буындарды,  
Заңдылыққа жанасып ұғымдағы .  
Жатыр әне, көрдің бе, бар сәтсіздік,  
Қайта артына сеніммен бұрылғалы.

Бедеріне бетінің түгі шығып,  
Жеңілдете бастады тынысымды.  
Көктен түскен найзағай нұры сынып,  
Жарқылдаса көрінер шығысымды.

Өмір менен өлімнің бар арасы,  
Тіркеледі көңілге зарядталып.  
Бар еркіндік сен оны аралашы  
Жағдай жаса өзіңе қайраттанып.

**Әзілбек Гүлден**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*ЖОО дейінгі білім беру факультеті*

Жантайып жатқан аппақ дүние бөктерде,  
Сағым самал ұл етіп бетін өпкенде.  
Қимастықпен қош айтысып қалдық-ау  
Күміс қарлар қымсына еріп кеткенде.

Хат жазып жібергендей кептерге,  
Табыс ет деп барлығына көктемге.  
Тез асығып қытымыр қыс барады,  
Өкінбестен өр көңілі өткенге.

Япырымау, мынау келген көктем бе?  
Шыныменен, ерте келіп жеткен бе?  
Жеті дәмі қайнап қара қазанда,  
Жатыр елім қош айтысып өткенге.

Жыр тербедім көңілді мынау көктемге,  
Көз салумен мұрты Өскен көктерге.  
Үзіп алып бәйшешекті теретін,  
Балалықта қош деп бізге кеткенбе?

Қаз бауыр бұлыт аспанға шөккенде,  
Мөлдір моншақ төгілды-ау кеткенде.  
Бүкіл әлем жасыл желек оранса,  
Қуаныштан басқа не бар тек менде?

Өткір жауын өрекіп өткенде,  
Құстар үні құлаққа тиіп жеткенде,  
Біз қалдық-ау алақайлап ән салып,  
Қалам басып алтын арай көктемге.

**Досмұхаммедова Амангүл**

*Қ. Жұбанов атындағы*

*Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті*

*1-курс, [tiko\\_sweet@mail.ru](mailto:tiko_sweet@mail.ru)*

### **БАБАМНАН ҚАЛҒАН МОЛ МҰРА...**

Шырылдап жаным, тулап бір қаным,  
Шабытпен қанат қаққанда...  
Биіктей самғап, өткенді талдап,  
Оралып өткен шақтарға...  
Жүректің нұрын сезіммен баурап,  
Әр сырын сырлы ететін...  
Өмірде жалған қара-ала мынау,  
Ақындар баспас бақ бар ма?!

Бақтар да жатыр сарғайған сары,

Сан түрлі алтын жапырақ...  
Қарасаң бәрін, тербелер жаның,  
Тарихқа сырлы шақырат...  
Біреуін алдым қолыма менде,  
Үңіле тұрып қалғаным...  
Жартылай бүтін, жартылай жамау,  
Тіл екен тұрсам бақылап...

Ойландым кенет бұл тілім неге,  
Қырық-жамау болды екен...  
Жақсы емес-ау,  
Кетеді жаман ой бөтен...  
Жамауға келмес, тігуге келмес,  
Қастерлі мұра бірақта...  
Демесім бар ма,  
Бірдеңе қылып жөндетем...

Сол тілім менің кешегі тарих емес пе,  
Қанымен жазған ақындар қайда,  
Түсірші бәрін сен де еске...  
Кешегің-тарих, бүгінің-тарих ертеңге,  
Тілсіз өткен әр күнің тозақ емес пе...

Бұл тілім менің кешегі Ахмет сөйлеген,  
Тіл болған тіпті Абайға сонау,  
Дегенді «ойды түй менен»...  
Білмесең егер, қорлама тілді,  
Одан дағы үндемең!!!  
Бұл тілім менің кешегі Мұхтар жырлаған,  
Жігерлеп жасты, өз жолын тапты түрлі адам,  
Бұл тілім менің Кремілде сөз сөйлеп,  
Шындықты бәрі білсең сен, үнсіз тыңдаған.

Асыл тілім ақынға шабыт қақтырған,  
Сөзіме дәлел бүгінгі Ринат нар тұлғам,  
Өткен мен кеткен, бүгін мен ертең жыр болып,  
Көкейден орын, жырлайтын жүрек тапты ұлдан.

Тарихы сырлы қазақ тілі бай мұрат,  
Ұқтырған оны халыққа аға Бекболат,  
Егерде қазақ өзінің тілін білмесе,  
Қанымен жазған тарихын көзсіз жоқ қылат.

Дегендей сөзі, сүйекке таңба салғандай,  
Қалары анық саңырау болса аңғармай,  
Тілінді сүйгің, қастерлеп қадір тұтқайсың,  
Достасып жүргін, жаныңа қымбат жандардай.

Түйгенім менің, сүйгенім қазақ тілімді,  
Көргенім болсын тіліммен нұрлы күнімді,  
Жаныма қымбат, жүрекке сақтап алғаным,

Бақыт жоқ сірә, қазақша жаздым жырымды.

Сыр шерткен мынау,  
Алтынға балар жапырақ...  
Ойланып ұзақ,  
Қалды рас көңіл жабырқап...  
Өзімнің тілім,  
Анамның тілі емес пе...  
Гүлдей боп бүршік атарма екен,  
Құшағын ашса топырақ.

Құдірет қандай,  
Сеніңіз мейлі сенбеңіз...  
Тіледім іштей,  
Қанеки қайта гүлдеңіз...  
Манағы жамау,  
Жапырақ қайта бүршік боп...  
Бір шыбық болып,  
Айналды кенет жер теңіз...

Бәйтерек болды,  
Төбесі көкпен таласқан...  
Бұл тілім менің,  
Мақтаныш маған, санаспаң...  
Тілімді асқар,  
Әрқашан мақтан етем мен...  
Төнсе де мейлі,  
Болса да кенет қара аспан...

Тіл жайлы аңыз,  
Құлақ сап бәрің тыңдаңыз...  
Тіл деп те сірә,  
Ақша да бөлген болармыз...  
Жүректе намыс,  
Жүрекпен «қазақ» болмасаң...  
Тіл жайлы заңды,  
Шығарармыз-ау жылда біз.

Түйгейсің ойды,  
Сан тарау тарих бетінен...  
Тіл болған бізге,  
Ананың аппақ сүтімен...  
Дегенде тілім,  
Болмайды-ау әттең соңы да...  
Артықтау кетсем,  
Кешірім сұрайм(ын), өтінем.



*Уәлибекова Ділда*

*Л.Н. Гумилев атындағы*

*Еуразия ұлттық университеті*

### **МАҒЖАННЫҢ СӨЗІ**

Ит үрер, керуен көшер, озар заман...  
Адамдар да жоғалар амалдаған.  
Мұхтар атам тап басқан тамыршыдай,  
Тарихқа қайта оралды Мағжан бабам.

Ұлылықты ұғынар ұлы ғана,  
Ұғынбайды заманның құлы ғана.  
Мағжанды халық жауы дегендердің,  
Есімі ел ойынан бүгін ада.

Сөзбен соғып ақ мәрмәр ұлы мүсін,  
Қалдырды өшпейтұғын жыр үлгісін  
Бүгінгісі – ақынның өлмес өлең,  
Бүгінгі ұрпақ қайтеді бұрынғысын?

Ер Түріктің есігін еркін ашып,  
«Алаш!» деп айқайлаған бөркін атып.  
Мағжанды оққа қиып жатса ұлықтар,  
Мағжан деп ат қойыпты халқы ғашық.

Бүгінде сол Мағжандар маңдай керіп,  
Мағжан десе береді тандайға ерік.  
Бұйра толқын, қара шаш, тұңғыық көз,  
Ақынға тең келеді қандай көрік?

Соны да көзі қиып атқан заман,  
Халықтың қарғысына батқан заман...  
Егемен ел-жұртына қайтып берді,  
Ерлерін есерсоқтар оққа айдаған.

Қайтқан ерлер қазақтың қуатындай,  
Уақыт балғасына уатылмай.  
Білімді, бақытты ұрпақ, халқы барда,  
Біз өлмейміз деп мәңгі тұратындай.

Тасты да тастамай ма су ағызып,  
Тарих бәрібір шындықты шығады үгіп,  
Мәңгі бақи өлмейтін Мағжан сөзін,  
Маңдайыма басамын дұға қылып!

### **КӨКТЕМ ЖЫРЫ**

Көктем келді көлкітіп сай-саланы,  
Өбдікейдің келгені байқалады.  
Қарын төге алмасын сезінген қыс,

Қарын төгіп қарымта қайтарады.  
Күйдірген күн көзінде бусанады,  
Жота-жол, қырат-қырдың арқалары.

Әр жерден қылтияды жасыл құрақ,  
Күндегіден күн нұры басымдырақ.  
Не жанын қойды дейсің мүйіз қардың,  
Самарқанның еріткен тасын шуақ.  
Түн ызғары түнеткен мұздың бетін,  
Жарамын деп тепкілеп жатыр бұлақ.

Түн қысқарып келеді, күн ұзарып,  
Көл бетінен көрінді тірі балық.  
Шалшық суды жалдайды жас балалар  
Жалаң аяқ балағын түріп алып.  
Алты ай қысты жеңген бір алыптардай,  
Аңқылдап қуанады сірі халық.

Сірі халық мақсаты беп-белгілі,  
Бір жылға азық бір сәткі көктем күні.  
Қаз-үйрек қаңқылынан оянады,  
Бетегесі көктеген беткей қыры.  
Қар суымен ағысын мықтап алған,  
Естіледі өзеннің өктем жыры.

**Шахабай Құрбанәлі**

*М.Х. Дулати атындағы*

*Тараз мемлекеттік университеті*

[kureke\\_95.15@list.ru](mailto:kureke_95.15@list.ru)

## **ЖЕТІМ МҰҢЫ**

(цикл)

### **1**

Жаныма бізін мұң сұққан кезде  
Жанарым жасқа тұншыққан кезде  
Асау тағдырдың берік тізгіні  
Ырқыма көнбей қырсыққан кезде  
**Еске алам әке мен сені**

Өзекке зарым тығылған кезде  
Тағдырым тасқа ұрылған кезде  
Жаныма жалау тірек табылмай  
Еңсемнің рухы жығылған кезде  
**Еске алам әке мен сені**

Мендегі үміт сорлаған кезде  
Кестесін қайғы торлаған кезде  
Шырмауық ғұмыр шимайға толы  
Санамды әбден арбаған кезде  
**Еске алам әке мен сені**

Жүрегім жылап, жабыққан кезде  
Даңғаза ойдан жалыққан кезде  
Тұңғиық тылсым өмірдің қатал  
Қатпарларынан зар ұққан кезде  
**Еске алам әке мен сені**

Құлазып көңіл, ойланған кезде  
Күдерім мұңға байланған кезде  
Бағымның жаурап жайқалған гүлі  
Солуға енді айналған кезде  
**Еске алам әке мен сені**

Беймаза тірлік жасытқан кезде  
Қуаныш тербеп тасытқан кезде  
Сағынышымның шипасын таппай  
Өзіңе қарай асыққан кезде  
**Еске алам әке мен сені**

2

Күлкімді мұңым ұрлаған кезде  
Көңілді қайғы шырмаған кезде  
Еш дауа таппай дертіме мына  
Жігерім жасып, құм бо(л)ған кезде  
**Еске алам ана мен сені**

Жанардың жасын көлдеткен кезде  
Бесігін қайғы тербеткен кезде  
Қабағын түйіп қатулы тағдыр  
Мейіріміне шөлдеткен кезде  
**Еске алам ана мен сені**

Сая табылмай сенделген кезде  
Бақытым мұңға жерленген кезде  
Жылуын бөлмей сүйкімсіз жалған  
Уланған улы шер бөлген кезде  
**Еске алам ана мен сені**

Арманым азып жоғалған кезде  
Шаттықтың бағы тоналған кезде  
Шүйлігіп алған шибөрі мұңға  
Шиедей болып таланған кезде  
**Еске алам ана мен сені**

Қуаныш сордан жеңілген кезде  
Іргесі бақтың сөгілген кезде  
Миымды жеген мазасыз ойлар  
Мезі етіп жанды кемірген кезде  
**Еске алам ана мен сені**

Үгіліп тауым шағылған кезде  
Жүрекке жара салынған кезде  
Аямай маған шуағын шашар  
Күн келбетінді сағынған кезде  
**Еске алам ана мен сені**

### **БАЛАЛЫҚ ШАҚ**

Жанарымда нұр ойнап шаттық күлген,  
Бойымнан арылмаған пәктік мүлдем.  
Қайран менің балалық,балдай кезім,  
Доп қуалап,шыбықты ат қып мінген.

Көңіліме алаң мен кірмей күдік,  
Жадырадым уайымсыз күндей күліп.  
Ғарышкер боламын деп армандадым,  
Ғарыштың не екенін білмей жүріп.

Сол арманмен кетемін айға да ұшып,  
Баламын ғой толмаған бойда күші.  
Үйге кеш оралғанда анам кейде,  
Қоятын қабақ шытып,жайлап ұрсып.

Алысқан соң ұлдармен жұлқып-жұлқып,  
Киімімде болатын жыртық-жыртық.  
Бұрымынан тартамын қыздардың кеп,  
Мұрынымды мен әрең сүртіп жүріп.

Достар жүрсе сабакпен басы қатып,  
Мен жүремін далада асық атып.  
Үйге жылап келгенде әкем маған.  
Деп айтатын «жігітсің,жасыма түк!»

Солай өтті қызықпен талай күндер,  
Сол сәтке қия алмай қараймын мен.  
Есейгім кеп жүргенде білмей қалдым,  
Есейіп кеткенімді қалай бірден.

Жанарымда нұр ойнап,шаттық күлген,  
Бойымнан арылмаған пәктік мүлдем.  
Қош бол енді балалық,балғын шағым,  
Доп қуалап,шыбықты ат қып мінген.

\*\*\*\*\*

Өкініштер өткелінде өткеннің,  
Арыла алмай алжастырған мың ойдан.  
Сенің жаның шұғыласы көктемнің,  
Менің жаным күз секілді мұңайған.

Жанарымнан бір мөлдір мұң тайғанап,

Жүрегімде сүттей сезім тұрды ұйып,  
Ақ жүзінді айдың ерні аймалап,  
Келбетіңе күн кеткендей нұр құйып.

Әр таңымды үмітпенен атырдым,  
Өміріме өлең болып сен ендің.  
Сенен өзге жанды көрмес соқырмын,  
Сенен өзге жанды естімес керемін.

Солай болып сендегі бар ұйғарым,  
Тұрақ таптың жүрегінен өзгенің.  
Бақыт деген сенің ғана дидарың,  
Бақыт деген сенің ғана көздерің.

Пейіштегі періштемен теңесер,  
Болмысыңа бас ұрады жер әлем.  
Сен естіген ең ұлы сөз не десе,  
Мына сенің атыңды айтып берер ем.

Көңілімді шырмағанда қаяу-мұң,  
Өксігімді өлеңіме жасырдым.  
Мен сен десе тозаққа да даярмын,  
Бар күнәсін арқалап ап ғасырдың.

Құштарлықтың әуелетіп мұңлы әнін,  
Түндерге арттым терең ойдың салмағын.  
Сенің кінәң-мені ғашық қылғаның,  
